

Қайрат Бегалин

Д А Л Т Ы Н
О Р Д А
Х А Н Д А Р Ы

Қайрат Бегалин

АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫ



«Адамар» ЖШС
Алматы, 2007

ББК 63.3 (5 қаз)

Б 34

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Бегалин Қайрат

Б 34 Алтын Орда хандары. – Алматы: «Адамар» ЖШС,
2007. – 272 бет («Отан тарихы» топтамасы).

ISBN 9965-884-03-X

«Отан тарихы» топтамасы бойынша Адамар баспасынан шығарылып отырған “Алтын Орда хандары” атты кітапта Алтын Ордада билік құрған бізге белгілі барлық хандардың өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар кітаптан Шыңғыс хан мен оның жорықтары, Алтын Орданың құрылуы, сондай-ақ, онда билік жүргізген әмірлер жайлы да көптеген қосымша мағлұматтар алуға болады. Балаларға және ересектерге арналған бұл кітап суреттермен безендірілген, қызғылықты, жеңіл тілмен баяндалған.

ББК 63.3 (5 қаз)

Б $\frac{0503020905}{00(05)-07}$

ISBN 9965-884-03-X

© «Адамар» ЖШС , 2007

АВТОРДАН

Бұл кітап Ұлы Дала тарихын мектеп немесе жоғары оқу орнының оқулықтарындағы мәліметтерден гөрі тереңірек білгісі келетін талапты оқырмандарға арналған. Бүгінгі күні, тіпті ең таңдаулы деген энциклопедияның өзі оқушы талабын қанағаттандыра бермейді. Мысал үшін, оқулықтардың ешқайсысынан Алтын Орда хандарының толық тізімін, олардың дәл қай жылдары билік құрғаны жайлы мәліметтерді кездестіре алмайсыз.

Мұның мәні – тарих ғылымында әлі ондай тізімнің жасалмағандығында. Дегенмен, екі жүз жылдан астам уақыттан бері зерттеушілер мұны жасауға күш салуда. Мұны кезінде француз ғалымы Жозеф Дегин бастаған еді. Ол 1798 жылы алғаш боп 28 алтынордалық ханның есімін атаған болатын.

Содан бері ғалымдар тізімді жаңа есімдермен толықтырып, реттік жүйелерін нақтылаумен келеді. 1950 жылы кеңес тарихшылары А.Ю. Якубовский мен Б.Д. Греков бірігіп дайындаған “Алтын Орда және оның құйреуі” деген кітап жарық көрді. Кітапта Алтын Ордада 50-ден астам хан болғаны айтылады. Алайда олардың толық тізімі және дәл билік құрған жылдары сөз болмайды, өйткені мәселенің бұл жағы күрделірек сонымен қатар, нақтылауды қажет етеді.

Тек 1960 жылы ғана тарихшы М.Г. Сафарғалиев жазба деректерге сүйене отырып, Алтын Орданың 38 ханының аты-жөнін, олардың билік құрған жылдарын нақтылауға қол жеткізді. Бұл тізімге содан бергі аралықта жарық көрген ең танымал еңбектердің авторлары да жүгінуден келеді.

Дегенмен, қолдарыңыздағы кітапта, өскелең ұрпақтың білуге деген құштарлығы ескеріліп, ескі сұрлеуден сәл ауытқу бар, мұнда алтынордалық әміршілердің толық нұсқадағы тізімі берілді.

Ал біздің оқырмандар арасынан неше буынның өкілі күш салып келе жатқан жұмысты одан әрі жалғастырушы табылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

АЛТЫН ОРДА ХАҢДАРЫ

Бату хан әйгілі батыс жорығынан 1243 жылы Жайық пен Еділ – қос өзеннің аралығына оралып, тарихқа Алтын Орда деген атпен енген өз империясының іргетасын қалады. Оның шаңырағы көтерілген жер Еуропа мен Азияның түйіскен жері-тұғын. Бұл жағдай мемлекеттің Еуразия құрлығындағы маңызы мен алар орнын анықтады.

Бату хан ортағасырлық ең қуатты дала империясының негізін салды. Оның қол астына шығысы Ертіс өзенінен бастап, батысы Дунай жағалауына дейінгі аралық қарады. Алып мемлекет түмен деп аталған 60 әкімшілік иелікке бөлінді. Бұлардың өзі ірі аймақтық құрылымдарға қаратылды да, ондағы билік пен, дәрежелері әр түрлі аймақ басшыларына тапсырылды.

Алтын Орда Ұлы Далада екі жарым ғасырдан астам билігін жүргізді. Осы уақыт ішінде таққа отырып, өз үстемдігін орнатқан елуге жуық хандар мен әміршілер өмірден өтті. Бүгінгі әңгіме сол билеушілер жайлы болмақ, алайда, мұны әріректен, Алтын Орда құрылмай тұрған кезден бастаған жөн. Өйткені, Алтын Орда әуелгіде Шыңғыс хан құрған Моңғол империясының бір бөлігі ғана еді, жеке мемлекет болып кейін бөлінді.

Басқаша айтқанда, Алтын Орда өзінің тарихи бастауын әріден алады. Ұлы істердің бастау көзі де, қитұрқы әрекеттер мен қанқұйлы қастандықтардың шығу тегі де сол әріде жатыр. Міне, бәрін солардан бастаған ләзім.

КӨКБӨРІЛЕР ӘУЛЕТІ

ТЕМУЧИН

Шығыс күнтізбесі бойынша доңыз, яғни 1155 жылы Ұлы Далада әлем тарихының бір бетбұрыс кезеңіне түрткі болған оқиға орын алды.

Сол жылы моңғол сардары Есугейдің шаңырағында дүниеге ұл келді. Оған Темучин деп ат қойды. Бала кішкене күнінен бастап жауынгерлік рухта тәрбиеленді. Жас балаға өмірлері ерлікке толы ата-бабаларының істері үлгі етілді. Әкесінің өзі де айбыны асқан, ержүрек, нағыз үлгі боларлық жан еді. Алып күш иесі Есугейді халық қатты құрметтеп, баһадүр деп атайтын.

Бір қызығы, Темучин ондай баһадүр болмаған. Оған аш құрсақ өткен бала күні, ауыр жастық шағы әсер етпей қоймады. «Әлем тітіркендірушісі» атанған оның өмірінің бұл кезеңі моңғолдың «Алтын шежіре» жылнамасында тәптіштей түсіндіріледі. Бұл тарихи деректің басқаша да аталатын кезі бар. Оқымыстылардың осы шежірені «Моңғолдың құпия шежіресі» деп атауы тегін емес. Өйткені, онда талай тарихи құпиялар мен тосын жаңалықтар қамтылған. Ал оларды түсіну үшін далалық көшпенділердің ғасырлар қойнауындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын білу керек.

Мысалы, Темучиннің анасы Оэлун екені мәлім. Бір қарағанда мұның ешқандай құпиясы жоқ секілді. Шындығына келгенде, мұның астарында бүркеулі жатқан бір жайдың бары рас. Мұның төркіні көшпенділерде тек әкенің ғана емес, ананың да шыққан тегі мен қоғамдағы орны үлкен мәнге ие болғанына байланысты.

Есугей Оэлунды меркіт сардары Челедуден күштеп тартып алған. Басқаша айтқанда, Оэлун күші асқан ердің олжа-



Есугей баһадүр

сына айналған. Мұндай жағдай тайпалар татулығы бұзылып, жауласқан кездерде болатын.

Олжаға айналған Оэлун қожайынының шаңырағында қандай орын алған еді? Оның артынан жасау, дүние-мүлік келген жоқ, төркін жағынан ешкім ешқашан іздеген де емес. Сондықтан да, ол, өзі олхунуд тайпасының белді әулетінен бола тұра, қожайынына бағынышты тұтқын іспетті болатын.

Оэлун Есугейден ұл тапқанға дейін Челеду оны талай құтқармақ та болған. Кейін бұл райынан қайтады. Жаттың баласын, жат болғанда да, дұшпанның баласын асырап, тәрбиелеу қолайына жақпаса керек.

Оэлун Темучин, Хасар, Кашигун, Темуге-Отчигин деген төрт ұл және Темулун есімді бір қызды дүниеге әкелді. Көп балалы әйелді далалықтар жақсы сыйлаған. Жаңа заман зерттеушілерінің Оэлунды Есугейдің әйелі деп жаңсақ пайымдайтындары осыған байланысты секілді.

Істің төркіні – оның Сочигел есімді әйелі туралы. Одан туған шын мәніндегі мұрагер, үлкен ұлдың аты – Бегтәр, кішісінің аты – Белтугей.

Сочигелдің отауы көрші ауылда болған да, ал Оэлун тайшуат тайпасы ауылында тұрған. Есугей екеуіне тең қараған, олардан туған балаларды да бөліп-жармаған.

Темучинді әкесі бала күнінде қоңырат тайпасының көсемі Дай шешеннің Бөрте есімді қызымен атастырады. Дәстүр бойынша, күйеу болашақ қайын жұртымен танысып, қалыңдығының туыстарымен белгілі бір уақытқа дейін бірге тұруға тиіс болатын. Есугей сол үшін Темучинді Дай шешеннің ауылына ертіп әкеп, өзі үйіне қайтады.

Жолда ол татар жауынгерлерімен жолығады. Олар Есугейді өздерімен бірге отырып, ас ішуге шақырады. Есугей астан бас тартпайды, азықтанады, артынша жағдайы нашарлап, ауыра бастайды. Бірақ үйіне дейін аман жетіп, болған жайды айтқан соң, көз жұмады. Осылайша, ашық майданда берілмеген есіл ерді қара ниет дұшпандары улап өлтіреді.

Темучин ол кезде бала ешқандай ай нұрынан жаралмай-тынын түсінетін жаста. Сондықтан, ол анасының айтқандарын өзінше пайымдап, өзіндік қорытынды шығаратын.

Оәлун Есугейдің ешбір бауырына әйел болғысы келмеді. Демек, оның Есугейдің үлкен әйелінен туған Бегтәрмен ғана көңілі жарасуы мүмкін. Егер Оәлун соның дегеніне көнсе, ата-баба жоралғысы бұзылмайды. Онда Есугей баһадүрдің жесірлері де, олардан туған балалар да тайшуаттар арасына қайта оралып, қатар тірлік кешеді. Алайда, мұндай жағдайда Оәлунның балалары Бегтәрдің малайына айналуға мәжбүр.

Бірде Темучиннің аңға шыққандағы атып алған құсын Бегтәр тартып алады. Бұған мән бермесе де болар еді. Бірақ осы оқиға неге «Алтын шежіреде» баяндалады? Және мұндай бір мәрте ғана болмаған. Тағы бірде Темучиннің аулаған балығын Бегтәр бермей қояды. Айтуға тұрмайтын-ақ жайт. Осындай болмашы нәрсеге жылнамашы неменеге сонша шұқшия қалды деп таңырқауға да болатындай.

Бүгін тап осындай бірдеңе болса, ешкім елең қылмас еді, ескеретіндей де нәрсе емес. Оны кейінгі ұрпаққа жететін үлкен тарихи еңбекке енеді деп ойлау тіпті ақылға сыйымсыз. Дей тұрғанмен, бұл біз ойлағандай қарапайым нәрсе емес екен. Өйткені, ол дәуірдің қағида, заңдары өзгеше болды.

Ортағасырлық шежіреші Бегтәрдің Темучинді інім деп есептемегенін нақты мысалдармен түсіндіреді. Ол Темучинге өзіне тәуелді малай ретінде қараған. Босағасындағы кіріптар біреудің, болмаса, ет жақынының, дәрежесі тең адамның олжасын тартып алуға оның қақысы жоқ еді. Өйтпесе, мұндай кезде бәрін жекпе-жек қана шешетін. Темучин Бегтәрден кіші әрі одан әлсіз болған. Ол анасына шағымданады, алайда қолдау таппайды. Бұл Оәлунның Бегтәрді Темучиннің қожайыны ретінде танығанын көрсетеді. Ал Темучин мұны өзіне қорлық санап келіспейді. Үйден ашуы бойына сыймай, жұлқына шығады. Артынан інісі Хасар ереді. Садақ, жебелерін алып, Бегтәр отырған төбеге қарай беттейді. Білдірмей келіп, екеуі екі жағынан шығады.

Бегтәр оларды көргенмен, айылын да жимайды. Сайысқа түсуден бас тартады. Өзінің оларды менсінбейтінін, бойына тең көрмейтінін байқатады. Садақ тартылғанда да малдас құрып отырған қалпынан қозғалмайды. Оның қанын мойнына жүктеген бұлар енді қайтып тайшуаттарға қосыла алмайтын еді.

МАСҚАРА БҰҒАУ

Темучин Бегтәрдің өліміне тек өзі ғана жауапты болғанды жөн көрген тәрізді. Ал тайпаластары, әрине, өз білгендерімен жүрді, өздерінше жазалады. Қылмыскерді олар қанға-қан деп тез өлтіре салмады. Текті жерден шыққан адамға жазаның сол түрі ғана лайық болатын, ал оған олай етпеді.

Асыранды иті қожайынын да қабуы мүмкін немесе сүйікті аты иесін теуіп өлтіруі де ғажап емес. Ол үшін хайуанды өлтіре салмайды ешкім. Есіктегі малайдың да солардан еш айырмашылығы жоқ, ол тек қатаң жазалануға ғана лайық.

Басқаларға сабақ болсын деп, Темучинге өлмешінің күнін кешсін деген үкім шығарылады. Ол мойнына ағаш бұғау салынып, кеше өмірден өткен әкесінің руластарының ауылын аралап ұзақ жүреді. Жұрт оны адамның қоры санап, қолына түскенді бетіне лақтыратын. Тек бір жалғыз басты кейуана ғана оған жанашырлық танытып, шашын тарайтын, ұйықтап жатқанда мойнын қажымауы үшін түнге қарай бұғауына шүберек орайтын.

Қытай жылнамасында Темучин бұғаумен он жыл жүрді деп жазылады. Толысып, бекіп, нағыз өсетін жастық шағы солай өтеді. Ол бір амалын тауып құлдықтан қашып, үйіне оралады. Отбасы түгелдей бой тасалауға көшеді. Темучин жау іздемеді, олар өздері қыр соңынан қалмады.

Тайшуаттар қашқынға тынымсыз іздеу салады. Қауіп бір оның ғана емес, кіммен байланысы бар, соның бәрінің басына төнді. Ат аяғы жетер жерді меркіттер де торып жүрді. Қай жерден тегін олжаға кенелеміз деп, жалақтай дала кезгендер көп еді ол кезде. Алмағайып сол заман моңғолдың «Алтын шежіресінде» былай суреттеледі: «Жұлдызды аспан бір орнында тұрмады, жауласпаған халық қалмады. Бірін-бірі андумен, шабумен елден ұйқы қашты». Мұндай кезде мықты одақтас немесе күшті демеушің болмаса, аман қалу неғайбыл еді. Темучин одақтас та, демеуші де таба білді.



«Моңғолдың құпия шежіресі» кітабының мұқабасы (1998 ж)

БӨРТЕ

Ерте дәуірлерде-ақ көшпенділер құдаласу, некелесу арқылы одақтас тауып отырған. Сондықтан да, Темучин Белтугейді ертіп, қалыңдығы Бөртенің әкесі Дай шешеннің ауылын іздеп жолға шығады. Арада қанша жыл өтсе де, қалыңдығының күткеніне сенімі болды ма, жоқ па, ол арасын дөп басып айту қиын.

Ал қоңырат тайпасының көсемі Дай шешен қағидаларды ешбір бұлжытпайтын. Ол Есугей баһадүрге берген сөзінде тұрды. Қызы Бөрте оң жақта күтіп отырды. Темучин мұны естіп қуанды. Қалыңдығын алып өз шаңырағына әкелді. Отбасылық өмірдің қызық-шыжығы басталды.

Шамасы, Темучин осы кезде өзінің бір әулет басшысы болып есейгенін, енді отбасы мүшелеріне қорған болуға тиіс екенін шындап түсіне бастағандай. Темучиннің өзімен бірге отбасында бес әйел заты бар еді: келіншегі Бөрте, шешесі Оэлун, қарындасы Темулун және әкесінің жесірі Сочигел мен оның егде тартқан қызметшісі. Еркектерден Темучиннің өзі, туған бауырлары – Хасар, Кашигун, Темуге-Отчигин және Сочигелден туған Белтугей тұратын.

Темучин келесі қадамын керейттердің құдіретті әміршісі Тоғырыл ханға қарай жасайды. Ол да Дай шешеннің қызын алған, Темучинге бажа болатын. Бірақ оған баруына түрткі болған жекжаттығы емес, басқа нәрсе еді.

Көзі тірісінде Есугей баһадүр Тоғырыл ханға таққа таласқан бақталастарын жеңуіне қол ұшын берген болатын. Сол кезде екеуі анда болып, басқаша айтқанда, өкіл бауыр болып ант етіскенді. Ғұрып бойынша, олардың бірі көз жұмса, марқұмның балашағасы екіншісінен толық қолдау табуға тиіс.

Темучин Тоғырыл ханға Хасар және Белтугеймен бірге барады. Керейттер әміршісі оларды жылы қарсы алады, тіпті Темучинге қарулы жасақ басқаруды ұсынады. Бұл, шамасы, өз әскерінің онбасылығы болса керек. Болашағы бұлдыр, ең төменгі шеннен Темучин бас тартады. Бәлкім, тыныш өмір сүріп өткен келеңсіздіктерді ұмытқысы келген де шығар. Қалай болғанда да, мықты әміршінің қолдау беретін уәдесін алып, ауылдарына қайтады.

МЕРКІТТЕР ТҮТҚЫНЫ

Тұрмыстары жөнделіп, тауқымет біткен артта қалғандай, тыныштық орнаған кезде Алайда, Бөрте тұңғышына аяғы ауыр кезде ауылды меркіттер шауып, оны тұтқындап әкетеді. Сөйтіп, Бөрте Чильчир-бохосардардың шаңырағынан бір-ақ шығады.

Тоғырыл хан араласпағанда, Бөртенің де тағдыры Оэлун тағдырын қайталап еді. Керейттер әміршісі ол кезеңде меркіт ханымен араз болмағандықтан, Темучиннің әйелін қайтаруын сұрап сәлем жолдайды. Бөртені босатып жібереді. Ол апайы мен жездесі Тоғырыл ханның ауылына жетеді. Темучин әйелінің бостандыққа шығып, керейттер ұлысында қонақтап жатқанын естіп, алып келуге Саба деген жолдасын жібереді. Олар қайтып келе жатқанда, жолай Бөрте босанып, ұл табады. Қыстың көзі қырауда баланы ауыртып алмауды ойлап, Саба қамыр илеп, шарананы соған орап қойнына тығып алып жүреді.

Темучин келіншегін төрт ай көрмей кездеседі және ұлды болады. Екі қуаныш бірге қабаттасып, шаттығы тасыған ол: «Бізге, міне, сәтін салып жаңа қонақ келді», – дейді. Осылайша, нәрестеге Жошы деген есім беріледі. Моңғол тілінде Жошы «жаңа қонақ» деген ұғымды білдіреді.

Кейбір тарихшылар Бөртенің тұтқында болған және одан босатылып шыққан кезін ортағасырлық мәліметтерге сүйеніп, басқаша баяндайды. Олардың пікірінше, Тоғырыл хан мен Жамұқа шешен Темучинге қолдау көрсетіп, түн қараңғысында меркіттерді шабады. Сөйтіп, Темучин Бөртені қайтарады, ал одақтастары қалған олжаны тең бөліседі.

Келісуге болатындай-ақ еді, алайда, Темучиннің ол кезде әскери ортада беделі болмағанын айтуға тиіспіз. Оның меркіттермен соғысатындай күш жиюға шамасы әлі келіңкіремейтін. Мұндай жетістікке Темучин кейінірек қол жеткізді.



Бөрте ханым

НӨКЕРЛЕР

Меркіттердің шапқыншылығынан кейін Темучин қолына қару алып, дұшпандарына қарсы тұруға мәжбүр болды. Әрине, онда тек дұшпан ғана емес, дос та бар-тын. Темучин олардың бәрін «нөкер» деп атады, өйткені, бұл дос деген сөз еді. Кейін моңғолдар үлкен күшке айналып, әйгілі жаулау жорықтарын бітірген кезеңде бұл сөз көшпенді ақсүйектердің оққағары деген мағынада қалыптасты.

Темучиннің ең сенімді нөкерлері – Желме мен Боуыршы. Олармен бозбала күнінде танысқан. Ухэ¹ деген лақап атқа ие Желме ұранхай тайпасының ата тегінен бері жауынгер әулетінде дүниеге келген. Әкесі – Есугей баһадүрдің үзеңгілес серігі Хабыл ноян.

Темучин өз әскерінде «қаһарлы сырттан» деген ең жоғарғы атақты алғаш Желмеге береді. Жалпы, Моңғол империясында бұл атақ бар болғаны төрт-ақ қолбасыға берілген. Олар: Желменің інісі Сүбедей баһадүр, Жебе атанған Жирго-адай және Темучиннің үшінші ұлы – Үгедей.

Боуыршы болса, далалық ақсүйек Наху-Баянның шаңырағында дүниеге келген, арулат тайпасынан. Әкесі оны жастайынан ілім-білімге, қолөнерге бейімдеп тәрбиелейді. Кейінірек Боуыршы Моңғол империясының бүкіл шаруашылығын қолында ұстайды және Ұлы ханның бас кеңесшісі болады.

Желме мен Боуыршы Темучиннің нағыз жанашыр серігіне айналады. Оның билік шыңына көтерілуіне де сол екеуі бастап жол салады, осы жолда тыным таппай қаншама жақтас табады. Темучин олардың сенімін ақтады. Ондай адам сирек кездеседі әрі оның жұртты өзіне қарай баурайтын қабілеті болды. Басқалар Темучиннің төңірегіне топтала берді, ақыры ол моңғол ру-тайпалар одағының басшысы болып тағайындалды. Ол қоғамның басқару жүйесі әскери демократия аталады, онда хан құрылтай аталған әскери кеңестің шешімімен таққа отыратын.

Тұтқыннан туған, басынан құлдықты кешкен Темучиннің халық құрметіне ие болып, сайдың тасындай сарбаздарға бас болатындай қандай қасиеті болды? Оның соғысты жеңіске же-

¹Ухэ – қарақшы.

ту жолындағы өнерге айналдырған ұлы стратег әрі тактик болғанын айту жеткіліксіз. Осыларға қоса, ол үнемі аз күшпен өзінен әлдеқайда көп дұшпандарын тізе бүктірген.


Темучин көзі тірісінде-ақ моңғолдың жауынгерлік рухының үлгісіне айналды. Аз уақыт ішінде ол көшпенді 12 тайпаны бағындырды және онымен тоқтап қалмады. 1206 жылы әлем тарихында маңызды оқиға болды.

Шығыс жыл санауы бойынша, барыс жылының қары кетіп, тоң жібісімен, Онон өзенінің жағасында ұлы құрылтай өтті. Құрылтай жаршысы көшпенділердің 88 белді кісісінің есімін жариялады. Олардың бәрі Моңғол империясының тұңғыш әміршісінің тірегі болу құрметін иеленеді. Алтын таққа моңғол тайпалар одағының көсемі Темучин «Шыңғыс хан» деген жаңа атпен отырды.

Бұл аттың мағынасы, қайдан шыққаны нақты анықталған емес. Дегенмен, моңғолдың «чино» сөзінің мағынасы қасқыр екені мәлім. Сондай-ақ, Моңғол империясының тұңғыш әміршісінің шын есімі де «Тукум-чино».

Сонымен қатар, Темучиннің жетінші атасы Бөрте-чино болғанын да ескерген жөн. Тәңіршілдік дінінің дүниетанымдық түсінігінде ата-баба рухы (әруақ) жеті атадан кейін бір ұрпағына қонатынына сенеді. Осыған орай, Бөрте-чино кім болды, қандай істерімен аты шыққан деген сұрақ өзінен-өзі туындайды.

Зерттеушілер Бөрте-чиноның VIII ғасырда, Түрік қағандығы ыдыраған тұста өмір сүргенін анықтауға қол жеткізді. Бұл алып империяның орнында Қимақ, Ұйғыр, Қарлұқ, Түркеш, Қарахан хандықтары және тағы бірқатар ұсақ мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Сондай-ақ, бұл кезеңде түрік тайпалары Ұлы даланың түкпір-түкпіріне бытырай жайылып, олардың кейбірі моңғол тайпаларымен сіңісіп те кеткені белгілі. Бөрте-чино есімінің өзі осы процестің бір айғағы іспетті. Түріктің «бөрі» дегені де, моңғолдың «чино» дегені де – «қасқыр» деген бір сөз. Мұнымен қатар, Бөрте-чино моңғолдың бөржіген (бөрі-тегін) тайпасының негізін салушы деп есептеледі.



Отқа табыну рәсімі

Бұған қоса, «бөрі» сөзі – Ұлы Даланы мекен еткен көшпенді тайпалардың қай-қайсысында болмасын, қасқырдың тотемдік атауы. Біқылым заманнан бері бұл сөз «жауынгер» деген ұғымды білдіреді. Орта ғасырларда мұны тек далалық көшпенділер ғана емес, Қытайдан Мысырға дейінгі аралықтағы бүкіл халық білген. Ол елдерде көшпенділерді керуендер мен қалаларды, тіпті мемлекетті қорғауға жалдаған, олар ұсақ әмірлерді де, ұлы көсемдерді де қорғаған. Далалық жауынгерлер жат жерде жіктерін ажыратпай, қауымдасып жүрген. Парақтары сарғыш тартқан талай томдардан олардың «фулдар», «гулямдар», «куламдар», «капукуларлар», «кулдар», «турушкалар», «кулемендер», «мәмлүктер», сол сияқты тағы басқа атауларын кездестіруге болады. Олардың тарихи отандары соғысты өнер тұтқан небір ежелгі әулеттердің қонысы Ұлы Дала болған.



Шыңғыс хан балаларымен бірге. Ортағасырлық миниатюра

Сондай бір әулет – моңғолдың бөржіген тайпасы. Темучин ата-баба дәстүрін жалғастырып, өзінің ұлдарын жауынгерлік рухта тәрбиеледі. Оның Бөрте хатуннан туған төрт ұлы болды. Үлкені – Жошы, екіншісі – Шағатай, үшіншісі – Үгедей, кішісі – Төле. Олар жастайынан әкелерінің жорықтарына қатысып, жауынгерлік кәсіптің қыр-сырын меңгерді. Кейін өздері де қолбасылық етіп, басқа тайпа, халықтарды бағындыруға ат салысты. Олардың бағындырған жерлері заңды түрде өздеріне тиесілі болды. Әкеден балаға немесе жақын туысына мұраға қалып отырды. Сондықтан, Жошының жаулау жорықтарын назардан тыс қалдырмау керек. Өйткені, Алтын Орданың негізін салған Бату хан – Жошының ұлы.

«ЖАҢА ҚОНАҚ»

Шыңғыс хан Моңғол империясының әміршісі болып тағайындалғаннан кейін, артынша Жошыны Сібірге аттандырады. Бұл жорықта Жошы қолбасшылық қабілетімен көрінбесе де, саясатқа икемділігін байқатып, Енисей қырғыздарына билігін мойындатып қайтады.

1209 жылдың көктем айларында Жошыны әкесі жаңа басталғалы тұрған жорықтарға қатысуға әдейілеп шақырады. Моңғолдар таңғұттардың Си Ся мемлекетін бастан-аяқ өздеріне бағындырады. Ал, 1211 жылы қытайдың Цзин империясының



Ырғыз шайқасы

тоқсан қаласын басып алады. Оңтүстік жорықтарынан қайтысымен, Шыңғыс хан Жошының қасына тәжірибелі қолбасшы Сүбедей баһадүрді қосып, меркіттерге қарсы жібереді. Жошы мен Сүбедей жорыққа 1216 жылы шығады. Алтай тауына жете бере, оларға Тугучар ноянның екі мың қол жасағы келіп қосылады. Осы біріккен беттерімен олар қыпшақ даласына басып кіреді. Олар жүріп өткен жерлердің бәрінде бейбіт халықты үрей биледі.

Меркіттер батысқа қарай қашты. Бірақ, оларды Ырғыз өзенінің бойында қуып жетті. Меркіттер тез арада арбаларына бекініс құрып, шайқасқа әзірленді. Таң атысымен, дабыл соғылып, моңғолдар лап қойды. Меркіттер күйрей жеңіліп, көбісі тұтқынға алынды. Жеңімпаздар майдан алаңынан жылжыған бойда, арттағы барлаушыларынан «қалың қол өкшелеп келеді» деген хабар жетеді. Сүбедей мен Жошы ат бастарын беймәлім қол келе жатқан жаққа бұрады. Адырлы даламен желе-жортып келе жатқан алты түмен атты әскерді көреді. Бұлардың сондарынан қуып келе жатқан түрлері бар.

Сүбедей жүк тиелген арбалар мен тұтқын меркіттерді тоқтатпай, алысырақ әкетуді бұйырады. Уақыт ұтып,

ҚАҚТЫҒЫС

Шыңғыс хан оңай жеңіске жетемін деп ойлаған жоқ. Оған жорыққа шығар алдындағы қабылдаған шешімі дәлел. Моңғол империясының әміршісі олай-бұлай болып кетуім мүмкін деген оймен алдын ала өзіне мұрагер қалдырмақ болады.

«Алтын шежіреде» Шыңғыс ханға бұл пікірді Есуй ханша айтты делінеді. Ол Шыңғыс ханға былай дейді:



Шыңғыс хан

Әмірші, қаған!

Ойлайтының – бір халқыңның қамы:

Биік-биік асулардан өтерсің,

Талай өткел бермес терең суды кешерсің,

Бірақ, мына дүниеде мәңгі ештеңе жоқ.

Осы халқың тарыдай бытырап кетер,

Дауыл жыққан алып бәйтеректей болып.

Ертеңгі күні жер құшсаң сен, әміршім.

Орныңа сонда кімді қалдырмақсың?

Алтын тірегі жығылса, үдере ұшқан

Құс тобындай болып, халқың кетер

Бас ауған жаққа сандалып.

Билігің мына сонда кімге қалмақ?

Шыңғыс хан бұған былай жауап береді: «Қалай сен әйел болып жаралғансың, сөзің мірдің оғындай. Мұндай сөзді маған ешкім – бауырларым да, ұлдарым да, Боуыршы мен Мұқылай, сендер де айтқан жоқсыңдар! Мен де мүлде ескермеппін, ата-

бабам кеткен жаққа бармайтындай-ақ. Қалай мені ұйқы басты, маған да ажал жететінін ойламадым?»

Шыңғыс хан заңды мұрагері кім болатынын хабарлау үшін әулетіне арнап құрылтай шақырады. Тарих үшін бұл құрылтайдың маңызы өте ерекше. Шыңғыс ханның көзі тірісінде-ақ Ұлы хан атағы оның ұрпақтарына беріліп отыратыны осы әулет құрылтайында анықталады. Ал бұрын көсемді қолбасылар мен беделді ақсүйектер бас қосатын жалпы құрылтайда сайлайтын.

Бұл құрылтайға Шыңғыс хан Бөртеден туған ұлдарымен қоса, сенімді достарын да шақырады. Олар Ұлы хан өлген соң, Моңғол империясының тағына оның қалдырған мұрагері отыратынына кепіл болуға тиіс еді.

Кеңес басталғанда, Жошы мен Шағатай алабұртып, бөйектеніп отырды. Үгедей өзінің сабырлы қалпынан айнымады, ал Төле әкесінің көзіне түспеуге тырысты. Шыңғыс хан отырғандарға әуелі оларды не үшін жиғанын түсіндірді. Содан кейін былай деді: «Егер ұлдарымның бәрі Ұлы хан болғысы келіп, бірін-бірі тыңдамаса, тура жалғыз басты жылан мен көп басты жылан жайлы аңыздағыдай болатыны анық».

Орта ғасырларда екі жылан жайлы нақыл әңгіме көпшілікке жақсы таныс еді. Ондағы астарлы ойды құрылтайға жиылғандар түгел білетін. Сондықтан, Шыңғыс хан оны қайтадан қайталап жатпады. Ал біз осы оқиғаны бір қайталап өтсек, артықтық етпес. Аңызда екі жылан болады, біреуінің жалғыз басы, көп құйрығы, ал екіншісінің, керісінше, көп басы, жалғыз құйрығы бар екен. Қыс түскенде, көп басты жыланның бастары суықтан қашып қай інге кіру керектігін таппай, бір-бірімен таласады. Ал, жалғыз басты жылан болса, ешкіммен таласып жатпайды, бірден інге тығылады да, сонда қыстап шығады. Көктем келісімен, ол інінен шықса, үсіп өлген көп басты серігін көреді.

Шыңғыс хан осылайша қойылып отырған мәселенің мәнін ашып, алғашқы сөзді Жошыға береді. Бәлкім, ол солай өзінің заңды мұрагері Жошы екенін білдіргісі келген де болар, кім білсін. Көшпенді халықтардың салтында күнделікті өмірдің өзінде үлкенге құрмет көрсетудің маңызы зор болды. Отағасынан кейін жүретін де, отыратын да, ас-су ұсынатын да, сондай-ақ, алғаш болып сөз алатын да үйдің үлкені. Үлкен жиындарда ақсүйек көшпенділер бұл салтқа аса қатты мән беретін.

Егер жасы кішілер үндемесе, келіскендіктің белгісі. Бұл құрылтайда да үндемей қалса, әкелерінің шешімімен келісіп, Жошының билігін мойындаған болады. Алайда, Жошы ауыз ашып үлгермеді, Шағатай араға килігіп кетті. Ол әкесіне қарап, сұрақты төтесінен қойды: «Жошыға бірінші сөз бергенің – мұрагер деп соны танығаның ба? Біз қалай меркіттерден өгей біреудің дегенімен жүрмекпіз?» Соңғы сөзін даусын көтере, ызалы үнмен айтты.

Шағатайдың мына сөзі жанына батқан Жошы оған дүрсе қоя береді. Шағатай оған сен Шыңғыс ханнан тумағансың деп жан төзбес айып тағып отыр. Ханзадаларды Ұлы ханның жанындағы серіктері дер кезінде ажыратып үлгереді. Боуыршы Жошыны, ал Шағатайды Мұқылай ұстап жібермейді. Жиналғандар екеуін арашалап өлек болып жатқанда, Жошы ойындағысын айттып та тастайды: «Хан әкем әлі саған сөз берген емес. Неменеге аузыңа келгенді айтасың? Қандай еңбегің сіңіп еді сенің? Басқа жұрттан артықшылығың дүлей мінезің ғана. Егер менен жай ғана садақ тартып оза алсаң, мен бас бармағымды шауып тастайын. Ал күресіп жығар болсаң, сол жыққан жеріңнен тұрмай-ақ кетер ем. Тек хан әкем рұқсат етсе болғаны!»

Ашуға әбден булыққан ханзадалар дала данагөйі Коко-Цос: «Егер сендер өздеріңді дүниеге әкелген аналарыңа тіл тигізіп, сендерге деген аналық сүйіспеншілігін аяққа таптар болсаңдар, кейін аяғына жығылып кешірім сұрасаңдар да, ештеңе өзгерте алмайсыңдар», – деген соң ғана сабаларына түседі.

Одан кейін ұлдарына Шыңғыс ханның өзі былай дейді: «Жошы туралы сендердің бұлай деуге қандай қақыларың бар?! Менен туған ұлдардың ішіндегі ең үлкені Жошы емес пе? Ендігәрі мұндай сөзді естімейтін болайын!»

Шағатай әкесінің мына сөздеріне күлімсіреп, былай дейді: «Жошының сіңірген еңбегі де, абырой, адамгершілігі де бір басына жетеді, оған дау жоқ. Ал ауызша «өлтiрем» дегенге ауыр жаза берiлмейдi. Менiң бiр ауыз сөзiмнен ештеңе бұлiне қоймаған шығар. Біз, Жошы екеуміз – ұлдардың үлкеніміз. Екеуміз де хан әкемізге адал қызмет етеміз. Кімде-кім өтірік маймөңкелер болса, соның қолы иығынан, ал кімде-кім ермей қалса, оның аяғы қара саннан шабылсын. Біздің арамыздағы ең кең пейіліміз – Үгедей, алтын таққа да сол лайық. Хан әкеміз Ұлы тақты Үгедейге табыстаса, игі болар еді!»

Шыңғыс хан үлкен ұлына қарап былай деп сұрайды: «Ал сен, Жошы, не айтасың бұған?» Жошының жауабы қысқа ғана болды: «Шағатай айтты ғой. Шағатай екеуіміз қатар жүріп қызмет етуге өзіміз. Екеуіміз де Үгедейді қолдаймыз».

«Қатар жүріп қызмет етулерің шарт емес», – дейді Шыңғыс хан. «Жер кең. Қаншама өзен мен көл бар. Одан да екеуіміздің екі бөлек кең-байтақ иелігіміз болады деңдер. Сондай-ақ, сен екеуің, Жошы мен Шағатай, жаңағы берген сөздеріңді ұмытпаңдар! Қол астыңдағыларға күлкі, құлдарыңа күмән тудырмаңдар».

Бұдан кейін Шыңғыс хан Үгедейге: «Ал, сен, Үгедей, не дейсің?» – дейді. Үгедей былай деп жауап береді: «Бұған менің шамам келмейді деп қалай айта аламын? Өз шама-шарқымша қолымнан келгеннен аянбаспын. Бірақ, менен кейін не болады? Кім біледі, бәлкім, менен ата жолын қуар ұл тумас, басқан жерлерінен шөп шықпас біреулер болса, не болмақ? «Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды ұрайын» дегеннің кері келіп жүрмесін. Басқа не айтайын. Менің бар айтарым осы еді». Шыңғыс хан оған қарап: «Сенің сөзіңнің жаны бар, Үгедей», – дейді. Сосын Төлеге бұрылады: «Ал, сен, Төле, не дейсің? Сөйле!»

Төле: «Мен хан әкем кімді алтын таққа лайық көрсе, соның қасында боламын. Ұмытқанын есіне саламын, ұйықтап қалса, оятамын. Сөйлесе, даусы боламын, соқса, қамшысы боламын. Бұйрығын екі етпеймін, тәртіпті бұлжытпаймын. Алыс жорыққа шықса да, көршімен қақтығысса да, тек соның жанынан табыламын!» деген өз жауабын айтады.

Шыңғыс хан оның сөздерін құп көреді. Содан кейін былай деп бұйырады: «Сендердің тек біреулерің ғана менің мұрагерім боласыңдар. Менің бұйрығым бұзылмайды. Егер ол бұйрықты өз беттеріңше өзгертпесеңдер, жаңсақ баспайсыңдар, бірдененен құр қалады екем деп те ойламаңдар. Ал, егер Үгедей айтқандай, өңкей жүрген жерінен шөп шықпас ұрпақтарым бола қалса, қалайша солардың арасынан бір жөні түзу табылмас дейсің? Біреу шығар олардың арасынан да».

Осылайша әулет құрылтайының соңында Шыңғыс хан тағының мұрагері болып Үгедей белгіленді. Алайда, мұнымен қатар, осы бас қосу Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы жан түршігерлік қастандықтар мен қитұрқы әрекеттердің басталуына жол салып кетті.

Жошы мен Шағатай арасындағы жанжалға ыждағатпен қараған дұрыс. Қанша дегенмен, сол жанжал Моңғол империясындағы құпия өлімдерге толы қанды оқиғаларға себеп болды.

Бөртенің меркіт сардары Чильчир-бохонның қолында тұтқында болғанын Шағатай ағасын көре алмаушылықтың кесірінен еске алғаны анық. Өзінің шыққан тегіне ерекше мән беретін көшпенділер үшін, оның үстіне қан тазалығын барынша сақтайтын хан әулеті үшін бұл намысқа ғана тиетін сөз емес, тура мағынасындағы кінәлау болатын. Бұл тек Жошыға арнап айтылған сөз емес-ті. Сонымен қатар, әкесі мен шешесінің де ар-намысына тию болатын.

Моңғол империясында кінәлі екені мәлім болса, әйел өлім жазасына кесілген. Егер Шыңғыс хан Бөртенің адалдығына күмәнданса, әдет-ғұрыпқа сай атқа теріс мінгізіп, төркініне қайтарған болар еді. Ал, ол жерде дала заңы сөзсіз орындалатын. Алайда Шыңғыс хан олай етпеді. Неге?

Мұның жауабы ең әуелі Шыңғыс ханның өзіне, сосын әйелі Бөртеге аян. Ал ортағасырлық жылнамашылар мен бүгінгі тарихшылар Жошының шыққан тегі жайлы неше түрлі аңызға бергісіз әңгімелер құрастырды. Енді өз кезегінде бұл мәселенің де түп-төркінін ашып кеткен жөн секілді.

Шынтуайтына келгенде, Жошының тегіне қатысты сұраққа XV ғасырда «Түркілер шежіресі» деген атпен ең алғашқы ғылыми зерттеу еңбек жарық көргенде берілген-ді. Кітап парсылар тарапынан жазылған, ал біздің заманға тек үзінділер күйінде ғана жеткен. Белгілі ғалым В.Г. Тизенгаузен ол үзінділерді жинақтап, аударып шығады.

Ортағасырлық ғалымдар былай деп баяндайды: «Шағатай мен Үгедей үнемі Жошының тегі жайлы Шыңғыс ханға өсек айтатын. Шағатайлық оқымыстылардың тарихында да солай



Жошы

баяндалады. Көре алмаушылықтың салдарынан туындаған бұл өсек ұлғая келе, жалпақ жұртқа мәлім болды. Бірақ сенімді, шындыққа сай дұрыс жазылған тарихи еңбектерде Бөртенің меркіттер мен керейттердің арасында тұтқында болған кезінен өз шаңырағына қайтқанға дейінгі аралықта бар-жоғы 4 ай уақыт өткенін айтудан танбайды. Сондай-ақ, Шыңғыс ханның Жошыны ерекше жақсы көргенінен де (мұны баяндау біраз уақытты қажет етеді) жоғарыдағылардың барып тұрған жала екенін аңғаруға болады. Әйтпесе, бала қандай жақсы болмасын, туған әке мен өгей әкенің сезімі жер мен көктей болатыны мәлім. Кісі біреудің баласын өзегін жарып шыққан өз балаларынан артық көреді десе, есі дұрыс адам илана ма бұған? Оның үстіне әңгіме тақ мұрагері жайлы болса, тіпті де мүмкін емес.



Үгедей



Шағатай

Шыңғыс хан Жошыны басқа ұл-қыздарының қай-қайсысынан да артық санаған, жақсы көрген. Оның көзінше Жошы ханның атына кінә тағып сөйлеуге ешкімнің батылы бармаған».

Бұл үзіндіден Шағатай мен Үгедейдің әкелерін Жошыға қарсы айдап салмақ болғандарын көреміз. Осы себепті, ортағасырлық автордың айтуынша, Жошы мен інілері арасында келісім болмаған. Мұндай қарым-қатынастың ақыры қанды қырғынға ұласады. Сәл кейінірек бұл да толығырақ сөз болады.

БАҒЫТ - КҮНБАҒЫС

Моңғол түмендері батысқа бет алып, Ертіс жағалауына жиылады. Бәрі түгел топталған соң, 1219 жылы қыркүйек айында Мұхаммед хорезмшахқа қарсы жорыққа аттанады. Кешікпей, Шыңғыс хан жасақтары Отырар бекінісінің іргесіне келіп тоқтайды.

Барлаушылар хорезмшахтың әскерін қалаларға бөліп-бөліп жіберіп, өзі Әмударияның арғы бетіне қашып кеткенінен хабар береді. Мұны естіген Шыңғыс хан: «Оған халық емес, бір қора қой басқарту керек», – дейді жиренішін жасырмай.

Моңғол әскері Отырар қаласының маңында бірнеше топқа бөлінді. Жошыға Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларды басып алу тапсырылды. Бұл аймақтағы ең бірінші құлаған қала – Сығанақ. Одан кейін Өзкент, Баршынкент, Ашнас, Шехркент (Йенгикент) және Жент қалалары беріледі. Жошы өз ордасын Жентке тігеді. 1220 жылы ол Хорезмнің солтүстік астанасы – Үргенішке бет алады. Үргеніш – үлкен әрі бекінісі мықты қала. Сондықтан, Шыңғыс хан үлкен ұлына көмекке Шағатай мен Үгедейді бас етіп, қосымша күш ретінде жібереді.

Қала оңайлықпен берілмейді. Осыған орай, Жошы мен Шағатай келіспей қалады. Шамасы, тағы ескі өкпе, реніштері қозып, кінәласқан болу керек. Мұны естіген Шыңғыс хан қаланы басып алуды Үгедейге тапсырады да, екі үлкен ұлын әскербасылықтан шеттетеді. Ақыры қала алынып, халқы зор шығынға ұшырайды.

Үргеніш алынған соң, Дешті Қыпшақ жерін одан әрі жаулау үшін Жошы өз әскерімен Арал маңында қалады. Ал Шағатай мен Үгедейдің түмендері күнгейге бағыт алған моңғол әскерінің негізгі күштеріне барып қосылады.

Шыңғыс хан батыс жорығын 1222 жылы бүгінгі Пәкстан жеріндегі Мультаң қаласында аяқтайды. Ол Орта Азияны



Моңғолдар. Қытай суреті



Сүбедей баһадүр.
Қытай миниатюрасы.
XII ғасыр

түгелдей, Таяу Шығыстың көп бөлігін басып алды. Сонымен қатар, Сүбедей мен Жебе бастаған түмендер Персияны, Кавказды, құман далаларын, орыс жері мен Еділ бұлғарларының иелігін басып өтеді.³ Олар жүріп өткен жерлерінің бәрінде жеңіске жетеді, тек бір ғана Кама бұлғарларынан жеңіледі. Сол шайқаста Жебе ноян қаза табады, ал Сүбедей баһадүр ауыр жарақаттанады. Содан ол бір көзінен айырылып, ақсақ болып қалады.

Ортағасырлық автор Ибн әл-Асир былай деп жазады: «Егер біреу мына дүниеде

құдіретті Аллаһ адам баласын жаратқан бүгінге дейін мұндай ештеңе болған жоқ десе, оның айтқаны дұрыс. Шынында да, ешбір жылнамада бұған тең келер нәрсе жазылмаған. Жылнамаларда жазылған ең жан түршігерлік оқиға – Навуходоносордың еврейлерді ұрып-соғып, Иерусалимді күйреткені. Моңғолдардың қиратқан қалаларының қасында Иерусалим не тұрады, ол қалалардың әрбірінің өзі Иерусалимнен үлкен. Олар қырып салған халықтардың жанында еврейлердің өлгені туралы айтуға да тұрмайды. Өйткені, моңғолдар жермен-жексен еткен бір қаланың тұрғындарының өзі әлгі еврейлерден әлдеқайда көп. Бәлкім, адамзат бұдан кейін ақырзаман болғанша, Гога мен Магоганы қоспағанда, мұндай сұмдықты көрмейтін де болар. Моңғолдар ешкімге аяушылық көрсеткен жоқ, еркектерді ғана емес, әйелдер мен жаңа туған балаларды да соққыға жықты, екіқабат әйелдердің ішін жарып, құрсағындағы шарананы найзаға шанышты».

Бұл жолдардың авторы, шамасы, соғыс қасіретін көп көрсеткен керек. Адам шығынын, көрсетілген жауыздықты сонша асыра жазуына белгілі бір себеп болған шығар. Шыңғыс ханның жорығын баяндайтын ортағасырлық авторлардың көбі осындай ағаттықтарға барады. Ал кейбір жазба деректерде адам шығыны, тіпті, миллиондар есебінде көрсетіледі.

³“Алтын шежіреде” былай делінген: “Ал Сүбедей баһадүрді ол теріскейдегі Канлин, Кибчаут, Бачжигит, Оросут, Мачжарат, Асут, Сасут, Серкесут, Кешимир, Болар, Рарал (Лалат) деп аталатын он бір елді басып алуға жұмсады. Суы мол Еділ, Аях өзендерінен өтіп, Кивамен-кермен қаласына дейін жетуді тапсырды Сүбедей баһадүрге”.

ШЫҢҒЫС ХАНЫҢ АЛТЫН ӘУЛЕТІ

Шыңғыс хан ат басын туған жерге қарай бұрмай тұрып, адамзат тарихындағы ең үлкен аңшылықты ұйымдастырады. Оған он мыңдаған сарбаз қатысады. Белгіленген уақытта олар қатар-қатар тізіліп, көрсетілген бағытта жылжиды. Аң біткен алдарына түсіп, қоршауға алынады.



Ауланған аңның көптігі сондай, бүкіл армия екі жыл бойы тек соның етімен қоректенсе жетерліктей болды.

Шыңғыс хан ұлдарының басын қосып, 1223 жылы Сайрам қаласының маңындағы Құланбасы деген ескі қаланың қираған орнында кездеседі. Жошы мен Шағатай арасындағы жанжал әкелерінің мазасын қашырған болу керек. Отбасындағы келеңсіздік ақырындап мемлекет басқару ісіне де кері әсерін тигізе бастады.

1223 жылдың жазын Шыңғыс хан ұлдарымен бірге өткізеді. Шамасы, оларды жарастырғысы келген сияқты. Одан бүкіл әскер Ертіс бойына қарай жылжиды, келесі жазды сонда өткізеді. Ұлы хан осы жерде жаулап алынған аймақтарды үлкен әйелі Бөрте хатуннан туған төрт ұлына бөліп, үлестіріп береді.

Кіші ұл Төле ата-баба жолымен, қара шаңыраққа ие болып, ішкі Моңғолияны алды. Үшінші ұл Үгедейдің иелігі Емел мен Кобак аймағын алып жатты. Екінші ұл Шағатай күнгеі Алтайдан Әмударияға дейінгі, «ұйғырлар жерінен Самарқанд пен Бұхараға дейінгі» жерді иеленді. Оның билігі Шығыс Түркістанға, Жетісу мен Мәуереннахрдың үлкен бөлігіне, сондай-ақ, Балх пен Хорасанға жүрді. Шағатайдың негізгі иелігі Ил-Аларгу деп аталды, ал астанасы Алмалық қаласы еді. Ол

Іле бойында көшіп-қонып жүрді, жайлауы Құяшта, қыстауы Меразук-Ил деген жерде болды.

Жошыға да өз үлесі тапсырылды. Араб жылнамашылары оның иелігіндегі жерді «Дешті Қыпшақ», яғни, «Қыпшақ жері» деп атады. Жуайнидің келтірген деректері бойынша, Жошы Ұлысы «Ертістің батыс жағалауынан Қаялыққа (Жетісуда) дейін және Хорезмнен Саксин мен Бұлғар жерлеріне дейін, одан әрі моңғол атының аяғы жетер шексіз аймақты» қамтыды.

Бұдан басқа, Шыңғыс ханның бар баласы әкелері бас болған «Алтынәулетке» біріктірілді. Бұләулетбіздің заманымызға «Шыңғыс ұрпақтары» деген атпен жетті. Олар ұзақ уақыт тек Моңғол империясының емес, бүкіл Еуразия құрлығының тарихында маңызды рөл ойнады.

ҚЫПШАҚТАР ЕЛІНІҢ ӘМІРШІСІ

Шыңғыс ханның басқа ұлдарына қарағанда, Жошы Ұлысы жер көлемі жағынан ең үлкені болатын. Оның үстіне, ортағасырлық автордың «моңғол атының тұяғы жетер жерге дейін» деген сөзі басқа да жылнамаларда қайталанатын. Бұл кездейсоқтық па? Шамасы, олай болмаса керек.

Осы сөздердің астарында алдағы жорықтардың қалай өтетіні жатқан болуы ықтимал. Олай болса, бұл Жошыға өз иелігін Киевке дейін жеткізуінің мүмкіндігі еді. Жебе ноян мен Сүбедей баһадүрдің түмендері 1223 жылы әйгілі жорықтары кезінде ол жаққа барып қайтқан-ды. Әйтсе де, бұл жай болжам ғана, дегенмен, жағдайдың әрі қарай өріс алуы осыған мегзейді.

Шыңғыс хан 1224 жылдың күзінде ордасынан шығып, шығысқа қарай бет алады. Үш ұлы әкесімен бірге еріп шығады да, бірбеткей тұңғыш ұлы Жошы Қыпшақ даласында қала береді. Әкесі онымен қоштасарда былай деді: «Сені бөлек

қалдырамын, менің шаңырағым мен мал-мүлкімнің жартысына қорған, бас-көз болуың үшін».

Әкесінің үмітін ақтау үшін Жошы бірден іске кіріседі. Қираған қалаларды қалпына келтіріп, онда халық орналаса бастайды. Ең алғашқылардың бірі болып Үргеніш тұрғызылады, онымен қатар бүкіл теріскей Хорезм жаңарады.

Шамасы, жаулап алынған жердегі қалаларды қалпына келтіру Шыңғыс ханның жоспарында болмаған. Сондықтан, ол үлкен ұлының ордасына «Сүбедей баһадүр мен Жебе ноян барған жерлерге бар, қыстауын да, жайлауын да басып ал. Бұлғарлар мен кумандарды жой!» деген хабармен жаушы жібереді.

Жошы бұған асыға қоймады. Бар болғаны төрт-ақ мың моңғол жауынгері бар. Әскердің оң қанатын Мұңғар, сол қанатын Байқу басқарды. Ал Хушитай мен Кигитай Кутан ноянның мыңдықтары ортаңғы бөлікті құрады. Жергілікті халықтан құралған қосындары да болған, бірақ олардың нақты саны белгісіз. Және оларға толық сеніммен қарауға бола ма?

Бір сөзбен айтқанда, Жошының әскери күші шығысы Ертіс, батысы Жайыққа дейінгі аралықты алып жатқан өз иелігін төртіппен қамтамасыз етуге әрең жететін. Бірақ әкесінің айтқанын тыңдамау, оның бұйрығын орындамау қолынан келмейтін. Не істерін білмей, сары уайымға салынған Жошы ақыры ауырып, төсек тартып жатып қалады. Дерее бұл жайында Шыңғыс ханға хабар келеді.

Бір күні бас ордаға моңғолдың маңғұт тайпасынан біреу келіп, Жошы ұлысының жерімен өткенде, аң аулап жүрген Жошыны көргенін жеткізеді. Моңғол империясының әмірі мына хабарға бұлқан-талқан ашуланып, бірден Жошыға қарсы Шағатай мен Үгедейдің түмендерін жібермек болады.

Алайда, бас ордаға жаманат хабар жетіп, бұл шайқас болмай қалады. Ұлы ханға тұңғышы Жошының қайтыс болғаны жайлы суық хабарды бас кеңесшісі Ұлұғ жыршы жеткізеді.

Шыңғыс хан істің мән-жайын анықтауды тапсырады. Бәрі дерее әлгі әкесін ұлына қарсы қойған белгісіз маңғытты іздеуге кіріседі. Бірақ ол осыдан кейін суға батқандай ізім-қайым таптырмайды.

Ұлы хан тек сол кезде ғана айналасын өрмекшінің торындай боп залымдық пен қитұрқы өсек-аяң қаптағанын түсінген секілді. Бірақ, жасы егде тартқан шағында өзі де сол торға

түсерін білмеді. Қайғы жұтқан азалы әке былай деп зар иледі: «Құлынынан айырылған құландай болдым, жаным жаралы. Балапанынан айырылған құладындай болдым, қайда менің баһадүр ұлым».

Мына сөзді естіген ордадағы бектер мен нояндар жабыла көңіл айтып, дауыс салуға бастады. Бірақ болар іс болған еді.

Жошы қасиетті Ұлытаудың⁴ етегіне жерленіп, басына үлкен мазар тұрғызылды.

XX ғасырдың ортасында мазарға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Одан бір қолы жоқ ер адамның қаңқасы табылды. Сондай-ақ, мүрде жанынан жабайы аң сүйектерінің қалдықтары да алынған.



Жошы хан кесенесі. XIII ғасыр.
Сарыарқа. Ұлытау

Бұл жаңалық көптеген жел сөздің өрбуіне түрткі болды, тіпті олардың кейбірі баспасөз беттерінде де жарияланды. Мақала авторлары Жошымен бірге оның бір әйелі де жерленген дегенді барынша дәлелдеуге тырысты. Керек десеңіз, аты кім екенін де білетін болып шықты. Алайда, бұл жорамалдар Шыңғыс ханның тұңғышының өлімінің себебін анықтауға негіз бола алмады.

Бүгінгі күні Жошы ханның 1227 жылы ақпан айында дүниеге келгені қалай жұмбақ болса, сондай жұмбақ жағдайда дүниеден өткені ғана мәлім.

АСЫЛ ТЕКТІ БАТУ ХАН

Жошының артында он төрт ұлы қалды. Олардың ішінен Орда Ежен⁵ мен Батудан⁶ басқасы жас күндерінде өмірден озған. Әкелерін жерлеген соң, Ұлы басшысы кім болады деген мәселеде үлкен ұлдарының арасында дау туындайды. Жошы ұлдарының ешқайсысы билікті қолдарына алғысы келмейді. Олар бір келісімге келе алмай, ақыры ақыл сұрауға Шыңғыс

ханға жол тартады.

Немерелерінің келгенін естіп, Ұлы хан аталары оларға арнап үш үй тіктіреді: алтын босағалы ақ ордаға Батуды, күміс босағалы көк ордаға Орда Еженді, темір босағалы сұр ордаға Шайбаниды⁷ түсіреді, ал Тоқа-Темірге жай күйме де қойдырмайды. Осылайша Шыңғыс хан немерелерін жайғастырады.

بیشم ویر ۲ و م سیرو سیرو
اسو رحمدو یخو بیخمنمن
هختم ویر ۲ و م سیرو سیرو
هختم رحمدو یخو مسخمنمن

بیشم ویر ۲ یخو بیخمنمن
اسو رحمدو یخو بیخمنمن
هختم ویر ۲ یخو مسخمنمن
هختم رحمدو یخو مسخمنمن

Шыңғыс ханның «Ұлы Жасақ» заңынан үзінді

Қазіргі заман зерттеушілері бұл әңгімеге әдемі аңыз ретінде ғана қарап, оған тарихи еңбектерде сілтеме жасауға болмайды деп есептейді. Алайда осы оқиғаны ортағасырлық автор Әбілғазы Баһадүр хан дәл осылай баяндайды және оны XVI ғасырдағы хиуалық тарихшы Өтеміс қажы да құптайды.

Шыңғыс хан немерелерінің дауын тыңдап, оның шешімін шығару үшін кеңес құрады. Бату Моңғол империясы әміршісінің алдына тізесін бүгіп, былай дейді: «Әкеміз өлген соң, мен Орда Еженге: «Енді сен әке орнына маған әке болдың. Хан да сен бол!» – дедім. Ол бас тартты, не себепті екені маған белгісіз. Ұлы хан, мен сізге осыны айтайын деп келдім».

Шыңғыс хан оның сөзін құптап, мұның «Ұлы Жасаққа»⁸ кереғар келер жері жоғын айтады. «Ал, сен неге келіспедің мұнымен?» – дейді ол Орда Еженге қарап.

⁵Орда Ежен – Жошының Сартақ хатуннан туған үлкен ұлы.

⁶Бату «күшті, мықты» дегенді білдіреді. Оның анасы – Кочу, Елші ноянның қызы.

⁷Қазіргі тарихшылардың кейбірі Шибан деп те атайды.

⁸Ұлы Жасақ (Яса) – Шыңғыс хан империясының әскери-құқықтық заңдар жинағы.

Үлкен немересі басын иіп, былай жауап қатады: «Иә, Ұлы хан, менің жасым үлкен екені рас. Бірақ, әкеміз Батуды ерекше жақсы көретін және еркелетіп, еркін ұстады. Кішкене күнінен ол тек әкемізді ғана тыңдайтын, маған құлақ аспайтын. Енді мен хан болсам, қалай ол маған бағынбақ? Ондай жағдайда екеуміз бір-бірімізге өшігіп, жауласып кетуіміз мүмкін. Одан да дұрысы – Бату басқарсын. Мен оған төземін де, көнемін де!»

Орда Еженнің сөзі Шыңғыс ханның көңілін босатып, көзіне жас алдырады. Оның есіне өзінің ұлы Жошы түседі, ол да інілерімен жауласпау үшін әкесінен кейін Ұлы хан атағын иеленуге таласпаған еді.

Шыңғыс ханға бірден шешім қабылдау оңайға түспейді, сондықтан ол немерелеріне: «Бара беріңдер, біз бектермен кеңесейік, шешімін ертең айтамыз», – дейді.

Ертеңіне таңертең Шыңғыс хан немерелеріне Жошы Ұлысының сол қанатын, яғни, Сырдария бойын Орда Еженге тапсыратынын, ал оң қанатқа жататын Жайық бойын Батуға беретінін хабарлайды. Әскер де екі үлкен немересіне теңдей бөлінеді. Бірақ, Батудың дәрежесі үлкен саналады. Мұны Рашид әд-Дин былай деп дәлелдей түседі: «Батудың билікті қолына алуына ағасы Орда Ежен келіседі, оны таққа өз қолымен отырғызады».

Жасы үлкен Орда Ежен бұғанасы қатпаған іні-қарындастарына марқұм әкесінің орнына әкедей болып, қамқорлығына алады. XVI ғасырдағы хиуалық тарихшы Өтеміс қажы осыған байланысты мынадай дәйек келтіреді. Тіпті Батудың өзі бірде Орда Еженге былай дейді: «Сен менің ағамсың, әке орнына әкедей болдың. Демек, сен менің әкемің».

Мұны дәлелдейтін тарихи деректер де бар. Расында, Орда Ежен марқұм Жошының Ертіс бойында Алакөл маңындағы бас ордасын иеленеді. Алайда, оның өзіне тәжірибелі ұстаз, ақылды кеңесші керек еді. Сол себепті, Шыңғыс хан оған әзінің кіші інісі Темуге-Отчигинді жібереді. Ол Ұлы хан шыққан өuletтің қара шаңырақ иесі болатын.



Бату.
Қытай суреті

Темуге-Отчигиннің келе жатқанын естіген Жошының барлық ұлдары мен немерелері құрметті қонақтың алдынан қарсы алуға шығады. Олар ашық далада кездесіп, көріседі. Жұрт көзінен таса жерде қайғыларын бөлісіп, көздеріне жас алады. Сосын Темуге-Отчигин Шыңғыс ханның «Сайын хан⁹ атанған Бату әкесінің тағына отырсын¹⁰» деген бұйрығын жария етеді.

Батудың күшеюіне атасының өзі ықылас танытқан сыйнағайлы. Сөйтіп, оған көмекке өзінің сенімді серігі әрі қолбасшысы Сүбедей баһадүрді жібереді. Тәжірибелі қолбасы Сүбедей Дешті Қыпшақтың жаңа билеушісінің ұстазы бола жүріп, оның билігін нығайта түсті.



Шыңғыс ханды жерлеу. Қытай миниатюрасы

Темуге-Отчигин мен Сүбедей бірден іске кіріседі. Олар келгеннен кейінгі үшінші күні Бату Жошы ұлысының тізгінін қолына алады. Осыған орай үлкен той басталады, алайда тойдың қызған шағында Ұлы ханның ордасынан қаралы хабар алып жаушы жетеді.

Жошы ғана емес, атақты Шыңғыс ханның өзі де аңшылық кезінде бейғамдық танытып, мерт болған көрінеді. Ұлы ханның қазасын естісімен, дүрілдеген мерекелі той қаралы жиынға айналады.

⁹Сайын хан – асыл текті хан дегенді білдіреді. Бату бұл лақапты жас күнінде иемденеді.

¹⁰Батудың таққа отыруына оның шыққан тегі де ықпал еткен болуы мүмкін. Анасы Уки (Кочу ханым) – Елші ноянның қызы. Елші ноян болса, қоңырат тайпасының көсемі Дай шешеннің ұлы, демек, Бөрте ханымның бауыры. Басқаша айтқанда, әке жағынан Бату Шыңғыс хан мен Бөрте ханымның немересі, ал шеше жағынан Бөрте ханымның өзіне жиен болып келеді. Демек, Бату Шыңғыс ханның “Алтын әулетіне” әкесі жағынан да, шешесі жағынан да туысады.

Шыңғыс ханның көзі тірісінде-ақ оның империясы үлкен әйелі Бертеден туған төрт ұлына бөлінген-ді. Төле Моңғолияның орталық және батыс бөлігін иеленді, Үгедей Жоңғарияны биледі, Шағатай Қара-Қидан патшалығын алды, Жошының ұлы Бату Дешті Қыпшақты жайлады. Алайда Моңғол империясы ыдырап кеткен жоқ, сол қалпы тұтастығын сақтады. Тақтың уақытша иегері болып Шыңғыс ханның кіші ұлы Төле тағайындалды. Ағалары жорықта жүргенде, мемлекетті сол басқарды. Бауырлары жорықтан оралысымен, Төле тақты босатып, құрылтай шақырды.

1229 жылы Онон өзенінің бойында бүкіл моңғол ақсүйектері бас қосқан жиында хатшы Шыңғыс ханның дүние салғанға дейінгі қалдырған өсиетін жария етті. Өсиет бұған дейін арнайы сандықшада қырағы кешектен-күзетшілердің бақылауында болды. Бұл құжатта Моңғол империясының тұңғыш билеушісі өзінің заңды мұрагері етіп үшінші ұлы Үгедейді атаған-ды.

Ұлы хан тағына Үгедей сайланған соң, Бату одан бұлғарлар мен кумандарға қарсы соғыс ашу үшін әскери күш сұрады. Өйткені, Жошы көзі тірісінде Шыңғыс ханның бір ғана бұйрығын орындай алмай кеткен-ді. Батысқа жорық басталмай қалды. Бату – Жошының заңды мұрагері, сондықтан әлі күшін жоймаған осы бұйрықты орындау Батудың мойнында, енді сол орындауға тиіс.

Ол кезде Үгедей қытайлармен, мұсылмандармен соғысып жатқан, сол себепті ол Батуға көп күш бере алмады. Дегенмен, «теріскей аймақтарды» жаулау жайлы шешім қабылданады. Бұған қоса, кезінде Жошы бағындырған Алтай және солтүстік-шығыс аймақтар Үгедейдің иелігіне өтеді. Оның орнына Бату Шағатай иелігінің жеріндегі Термез қаласын алады.

Осындай келісімдерден, шешімдерден кейін Бату өз ордасына қайтып оралады. Ол уақытта Бату ордасы Жайықтың табиғаты ең бір әсем жерінде орналасқан болатын. Кезінде Жошы хан осы жерге елде жоқ ғажайып сарай тұрғызуды



Үгедей хан

қарақшылардың қолынан мерт болады. Ортағасырлық автор осыған қатысты былай деп жазды: «Жүрек жұтқан нағыз арыстанды түлкілердің өлтіргенін тағдырдың жазуы дегеннен басқа амал жоқ».

Жәлел әд-Дин қайтыс болған соң, Жошы Ұлысының Үргеніш, Миздахкан, Земахшар, Хиуа, Янгикент, Жент секілді ірі-ірі қалалар орналасқан оңтүстік аймағында сауда-саттық қарқындай түсті. Ортағасырлық автор Жуайни тарихтың бұл кезеңін Бату арқылы былайша баян етеді: «Түркістан мұсылмандары оның қорғаныш қанатының астында еш қамсыз байлыққа кенелді».

Алайда, Бату хан үшін Византия империясы, Мысыр және Батыс Еуропа секілді ірі халықаралық сауда орталықтарына шығар жол әлі де жабық еді.

Ал бұл кезде Жәлел әд-Динге бағынған оғыз тайпалары жік-жік болып ыдырады. Кей бөліктері Сирия мен Кіші Азияға ауды, қалғандары Түркістан мен Дешті Қыпшаққа оралып, моңғол әмірлерінің билігін мойындады.

Бату хан босқындарды жылы қабылдап, оларға жер бөліп береді, тайпа көсемдерін бауырына тартады. Енді оның Ұлысына қауіп тек батысы мен теріскейінен ғана төнуі мүмкін. Олардың алдыңғы жеңілістерінің есесін қайтарғылары келетіні анық. Саксиндер, бұлғарлар және кумандар кез келген уақытта бірігіп, соғыс жариялауы ғажап емес-ті. Батудың әскері аз, ал Ұлы ханнан көмек неғайбыл. Сондықтан, ол әскер қатарын толықтыруға кіріседі.

Жауынгер оғыздар, түрікмендер және Хорезм қыпшақтары өз ықтиярларымен жасақ қатарына қосылды. Еріктілер күннен-күнге ағылып келіп, жасақ саны көбейе берді. 1232 жылы Бату әскері Еділ бұлғарларының шығыс шекарасына жетіп, дұшпандарына өз күштерін көрсетіп, кері қайтты.

Кешікпей, даланы Бату хан сансыз қол жиыпты, оны әйгілі Сүбедей баһадүр басқарады екен деген хабар жайлап кетті. Қыпшақ даласында Сүбедейді «ақсақ барыс» атайтын. Содан былай батыс пен солтүстіктегі дұшпандарының мұндай қаһарлы күшпен бетпе-бет кездесуге ықыластары бола қоймады. Сөйтіп, Жошы Ұлысы алаңсыз тірлік бастады. Алайда бұл бейбіт өмір ұзаққа созыла қоймады.

БАТЫСҚА ҰЛЫ ЖОРЫҚ

Онон өзені бойында 1235 жылы бүкіл моңғол ақсүйектері бірігіп, бас қосты. Бектер мен нояндар бір мезгілде төрт бағытта, бүлікшіл Кореяға, оңтүстік-қытай империясы Сунге, мұсылман Шығысқа және бұлғарлар мен кумандарға қарсы жорық жайын кеңінен талқылады.


Ұлы хан Үгедей содан кейін ғана батысқа жорық басталатынын жариялады. «Алтын шежіреде» бұл жағдай былай баяндалады: «Міне, осылай ол Бату, Бөрі, Мөңке, тағы басқа көптеген ханзадаларды Сүбедейге көмекке аттандырды. Өйткені, Сүбедей баһадүр кезінде Шыңғыс ханның бұйрығымен бағындырмақ болғанда, Канлин, Кибчаут, Бачжигит, Орусут, Асут, Сесут, Мачжар, Кешимир, Сергесут, Булар, Келет секілді елдер және суы мол Адил, Чжаях өзендерінің арғы бетіндегі Мекетмен, Кермен-кейбе, тағы басқа да қалалар үлкен қарсылық көрсеткен болатын».

Бөріге жорыққа шыққан ханзадаларға басшылық ету табысталады, ал Күйікке Орталық Ұлыстан шыққан әскери бөліктердің басшылығы беріледі. Жалпыға бірдей «Барлық аймақ басшылары ханзадалар өздерінің үлкен ұлдарын соғысқа жіберуге міндетті, сондай-ақ, ондай иеліктері жоқ нояндар, мыңбасылар, жүзбасылар мен онбасылар және қарапайым халық та өздерінің үлкен ұлдарын соғысқа аттандыруға тиісті. Дәл осылай ханшалар мен күйеулер де үлкен ұлдарын майданға жіберулері қажет» деген бұйрық шығарылады.

Бұған Үгедей хан қосымша: «Тап осылай отбасының тұңғыш ұлдарын соғысқа аттандыру туралы жарлыққа үлкен ағамыз Шағатайдың өзі бас болып отыр. Ағамыз Шағатай маған былай деді: Бөрі ханзада Сүбедейге көмекке жіберілген әр отбасының үлкен ұлдарынан құралған жасаққа басшылық етуге тиіс. Жорыққа үлкен ұлдар жіберілсе, үлкен қол жиылады. Әскер саны көп болса, бөрінің рухы көтеріңкі және өздеріне сенімді болады. Дұшпан елдер көп, әрі халқы да өжет. Олар өлімнен тайсалмайды, өз қылышына арандаса да, қасқая қарсы тұрады. Ал қылыштары болса, жалаңдаған өткір. Сол себепті де, мен, Үгедей хан, жалпыға бірдей ағамыз Шағатайдың сөзін

ықыласпен орындап, ұлдардың үлкенін майданға қалай да жіберу керек деп үндеу тастаймын».

1236 жылы моңғол түмендері Каспийдің солтүстігіне келіп жетті. Жайық бойында қырық күнге созылған ұлан-асыр мереке басталып кетті. Ал бұл кезде Жошы ұлысында әскер қатары әлі де толығып жатқан болатын. Ондағы жиылған жасақтың есебі жоқ. Жылнамада ол былайша баяндалады: «Бұлғария шекарасында ханзадалар бас қосты: әскердің көптігі соншалық, салмағынан қара жер қайысты, гүілдеген құлақ тұндырған дыбысынан жабайы жануарлар мен жыртқыш аңдар, түз тағыларының өзі безіп кетті».



Моңғол жалаулары мен тулары

Әскерлер, негізінен, батыс халықтары «татар» атаған түркі тілдес халықтардан жинақталды. Бұл сөздің түркі тілінде бірнеше мағынасы бар, соның бірі «жат жерлік» дегенді білдіреді. Бату ханның жасақтары жат жерлерді бағындырып, басып алуға аттанарда, шамасы, өз-өздерін осылай атаған болса керек. Дегенмен, бұл – «татар» сөзінің шығу тегі жайлы бүгінгі күні айтылып жүрген бір ғана болжам.

* * *

Бату ең бірінші Жайық пен Еділ аралығындағы теріскей аймақты түгел бағындырды. Бұлғарлар бір жыл бойы қарсыласты. Бірақ күшті соққыларға шыдамай, ақыры күлталқаны шыға жеңілді. Сөйтіп, 1237 жылы Бұлғарияның астанасы Бұлғар қаласы алынды. Босқындар екі бағытпен қашты: көшпенділер Құтан ханнан пана іздеп, куман даласына қарай безді, ал қалалықтар орыс жеріне барып тығылды.

Орыс жылнамаларында қашқан бұлғарлар Владимир князьдігінің шегіне келіп, қоныс тебуге жер сұрағандары айтылады. Бас князь Юрий Всеволодович оларды қалаларға бөліп-бөліп қоныстандыруды тапсырады. Бұл Бату ханның орыс жеріне басып кіруіне себеп болды. Бірақ екі бірдей бағытта қашқандардың соңына түсу де оңай емес еді. Дегенмен, кездейсоқ бір оқиға бәрін де шешіп берді.



Ақсар ханзада

Бір күні Батудың ордасына куман ханзадасы Ақсар жетті. Ақсар – Аққұбылдың інісі, ол көмек сұрай келіпті. Ол өз жерінде тоқсоба тайпасының ханы Аққұбыл мен дурут

тайпасының ханы Құтан арасында жаулық туындағанын айтады. Бату оған көмектесуге келісімін береді. 1237 жылы күзде Бату әскері Еділден өтіп, екі бағытпен жорыққа аттанды. Мөңкенің түмендері солтүстік Кавказға, ал Бату бастаған екінші жартысы бұлғарлардың ізімен орыс князьдіктеріне бет алады. Атты әскер жазда мұндай ұйық жерлермен жүре алмайтын, ал суық түсісімен, жолдары жеңілдейтін.

Бату әскері Пронскіге таяды. Шағын қаланың үйлері де, бекінісі де ағаштан тұрғызылған екен. Хан «өздері берілсін» деп елші жібереді, бірақ олар көнбейді. Қала шабуылына аз ғана жасақ қалдырып, қалған әскерімен Бату алға жылжи береді. Жауларының кері кетіп бара жатқанын көріп, қала халқы бекініс қабырғаларына шығып, арттарынан айғайлап, өздерінше сүс көрсетеді, бірақ бұл қуаныштары ұзаққа бармайды.

Шабарман Пронскінің алынғанын жеткізгенде, түмендер Рязаньге табан тигізеді. Кезек Рязаньге келді. Қала Ока өзенінің тік құлама жағалауында орналасқан болатын. Айнала үшкір, биік емен қадалармен қоршалып, төңірегіне су шашылып, тайғанақ көк мұз басып жатады.

Ол кезде қаланы князь Юрий Игоревич билейтін. Оған көмекке күйреген Пронскіден, Муромнан, Коломнадан өз жасақтарымен басқа князьдер де келіп қосылады. Бату ханның елшісі оларға «қолдарыңдағы бардың оннан бірін беріңдер» деп барады, алайда «бізді түгел қырып салмасаңдар, ештеңе де ала алмайсыңдар» деген өр жауап алады.

Бар болғаны бес күннің ішінде Рязань да құлайды. Осы ұрыста Юрий Игоревич мерт болады, көптеген орыс сарбаздары тұтқынға түседі. Соның бірі – лақап аты Красный князь – Олег. Ол Бату ханға қызмет етуге беріледі. Бату хан тәжірибелі сарбаздар мен «білімді орыстарды» әскер қатарына бірден қабылдайтын.

Енді олар Владимирге қарай бет алады. Жолда рязаньдік бояр Евпатий Коловраттың сайдың тасындай 17000 адамнан тұратын жасағы құрған торуылға байқаусызда тап келеді. Олар быт-шыт болып, көбісі ұсталады. Алайда, Бату оларды қоя бергізіп, Евпатий Коловратты ер жігітке сай жер қойнына беруді тапсырады.

Тұтқындарды жат жерлік әміршінің мына шешімі қатты таң қалдырады. Сондықтан, олар Батудың бұл әрекетін жоғары бағалап, жалпақ орыс даласына оның қайырымдылығын жария етеді. Содан былай жұрт Бату ханның майдандағы ерлік үшін дұшпанын да жазаға тартпайтынын білетін болды.

Қарсы алдарында – Коломна. Бас князь Юрий Всеволодович оған Рязань қорғанысына қатысқан әскербасы Еремей Глебовичті шағын жасақпен жібереді. Қаланың іргесіне Бату Шыңғыс ханның Құлна есімді ең кіші әйелінен туған кенже ұлы Құлна ханды қалдырады.

Негізгі күш Коломнадан әрі Мәскеуге қарай бағыт ұстайды, олар 1238 жылдың басында жетеді. XVI ғасырда Әбілғазы Баһадүр хан Бату ханның қосындарын біріккен құрама әскер қарсы алғанын хабарлайды. «Корелия әміршісінің, немістер мен орыстардың біріккен күші айналдыра ор қазып, бекінеді, үш айға жуық берілмейді». Бір күні түнде Шайдан ханзада айналалып өтіп, жау бекінісіне басып кіреді. «Жетпіс мың адам» қаза тапқан ұрыстың шешуші сәті сол болды. Орыс жылнамаларында бұл ерліктің үлгісі болған қорғанысқа әскербасы Филипп Нянка басшылық еткені жазылған.

Осы жеңістің артынша хан ордасына Коломнаның берілген және Құлна ханның қаза тапқан хабарын алып жаушы жетеді. Жаманат хабар бүкіл әскерге тарайды. Кешікпей Құлна ханның азасын өткізіп, Бату Владимирге бет алады.

Бас князь Владимир Всеволодович Новгородтан көмек сұраймын дегенді сылтауратып, қаладан қашып кетеді. Мына масқараны естіген Бату мыңбасы Бурундайға орыс князін соңынан қуып жетіп, жазасын беруді тапсырады. Бурундай 1238 жылдың наурыз айының төртінші күні Малога мен Сить әзендерінің қиылысқан жерінде Юрийді қуып жетіп, үш мыңдық қолдың күл-талқанын шығарады.

1238 жылы ақпан айының басында Бату Владимирге жақындайды. Қала қорғанысына жас князь Всеволод

Юрьевич басшылық етті. Хан келіссөзге уақыт жібермей, бірден шабуылға кіріседі. Тас атқыш құралдармен қала қабырғасын соққылайды, оның артынан ұшына от қойылған жебелер ұшады. Бірден үй шатырлары өртеніп, әп-сәтте қаланы қою қара түтін басады. Төртінші күн дегенде Владимир құлайды. Дәл осы уақытта Суздаль да беріледі.

Жаулаушы әскер Новгородқа бет түзеп, жолай Торжок қаласын тізе бүктіреді. Ол 1238 жылы наурыздың бесінде беріледі. Оның артынан Тверь қаласы мен ондаған шағын елді мекендер де берілді. Бұдан әрі әскердің жүрісі баяулады. Қыстан арыған аттары мен сарбаздардың денсаулығы сыр бере бастады.

Бату хан әскери кеңес шақырып, ат басын күнгеіге бұру керек деп шешеді. Новгородқа бар болғаны 200 шақырым қалғанда, әскері кері бұрылып, далаға бет алады. Заманымыздың зерттеушілері оған себеп болған ауа райы деп жазады. Расында, көктем келіп, қар еріп, өзен-сулардың мұзы жұқарады. Көктемгі лайсаң жолдарды шайып, жүрісті ауырлатады.

Алайда, мұнымен қатар, кері шегінуге себеп болған тағы екі жайды атап өткен дұрыс. Ылғалды ауада моңғолдың мәшһүр садағыөзініңсапасын жоғалтады. Сондай-ақ, орыскнязьдерінің бар байлығы, негізінен, жабайы шошқа үйірлерінен тұратын, ал көшпенділер ол хайуанның етін жемейтін. Шошқа еті Бату әскерлері үшін ауыр әрі жағымсыз еді, жесе сарбаздардың іші ауырды. Сөздің қысқасы, Новгородты алу кезінде әскердің аштыққа ұрынуы әбден мүмкін болды, сырттан азық-түлік тасуға жол қолайсыздық тудыратын.

Сөйтіп, Новгород шапқыннан аман қалды, бірақ оның орнына Козельск күйреді. Ол Бату әскерінің жолында болатын. Хан қалаға елші жібереді, қала қорғаушылары оларды өлтіреді де, денелерін бекініс сыртына лақтырып тастайды. Сарбаздар қаланың биік қорғанын тас атқыш құралдармен тынбай жеті апта бойына соққылайды. Ақыры, қала қорғанының бір шеті опырылып, сарбаздар ішке лап қояды. Елшілерді өлтіргені үшін Бату хан еркек атаулыны түгел қырып салады. Ал, әйел, бала-шағаны қоя береді. Бұл – қарусыз елшіге қол көтергендердің қандай күйге ұшырайтынын басқалар біліп жүрсін деп ескерткені.

Бату хан 1238 жылы Еділдің төменгі жағына келіп тоқтайды. Бүкіл жазды әскері сонда өткізеді. Бұған дейін Мөңке Солтүстік Кавказда кумандарды жеңді. Олар шегініп, екі бағытта, батысқа және оңтүстікке қашады. Бір бөлігі Дербентке жетеді. Бірақ қала халқы оларды өткізбейді. Шегінерге жері қалмаған кумандар Дербентті шабуылмен алады да, әрі асады. Мөңке қашқындарды қуып, 1239 жылы Грузияға кіреді. Жолда аландар мен шеркестерді бағындырады.

Құтан хан халқының екінші бөлігін ертіп, батысқа қарай ауады. Бату олардың соңынан ілесіп, Қырымға өтеді. Барар жері қалмаған Құтан хан Мажарстан королі IV Беламен келісімге келеді. Ол кумандарға Тисса мен Дунай өзендерінің арасынан қоныс береді. Сол жылы қырық мың куман мажар жеріне қоныс аударады. Олар барған жерлерінде жаман болған жоқ. Ел билігінде беделді қызметтерді иемденді. Кеңес, жиындарда төрге шықты, Құтан ханның қызы Эржебет (Елизавета) тақ мұрагерінің қалыңдығы болды.

Мұны естіген Бату корольге елші жібереді. Хан ашуынан асу бермес тау да, өткел бермес су да құтқармайтынын айтып сәлем жолдады. Мажар королі бұған көңіл бөлмеді, қоқан-лоқы деп қарады.


Құтан ханның соңына түскен Бату оңтүстік славян князьдіктеріне басып кірді. 1239 жылы наурызда Переяславльді бағындырды. Мұны көрген Углич халқы өз еріктерімен берілді, ал Чернигов тұрғындары қарсы шыққанды жөн көрді. Оны татарлар сол жылдың күзінде алды.

Бату Құтан ханды қуып жүргенде, Киевтен Владимир-Суздаль жеріне II Ярослав Всеволодович келді. Кеше ғана соғыс болып өткен князьдіктің билігін қолына алды. Осы кезде Литваның жоспарында Смоленскіні басып алу тұрды. Ярослав батыстағы көршісінен қаланы қорғауға мәжбүр болды.

1239 жылы қыста Бату Владимир-Суздаль князьдігінің жеріне қайта оралды. Бұған Ярослав қарсы шықпады, екеуі салық төлеп тұруға келісті. Енді Батуға бөгет болатын ештеңе



Рязаньді алу



Киев

қалмады. Ол қас жауы Құтан хан мен оған көмек қолын ұсынғандардың жазасын беруге шындап ден қойды.

Алдарында Киев бар. Ол — мықты қала. Жемтігіне атылар жолбарыстай Бату демін ішіне тартып бір тоқтады. Жаралылар емделіп, аттар оңалғанша күтті. Тек 1240 жылдың күзінде

татарлар «орыс қалаларының анасына» (ол қаланы киевтіктер солай атайды) бет қойды. Қалаға бірінші болып Мөңке жетті. Ол алдындағы сұлулыққа таң-тамаша қалды. Көкпеңбек суы күн сәулесімен шағылысып Днепр жатыр көсіліп. Екі бетін жапырағы жайқалып аспанмен таласқан алып теректер мен неше түрлі ағаштар көмкерген. Көз тартқан көк шалғыны қолмен қойғандай, құдды кілем дерсің.

Мөңке Киевке өз еріктерімен қақпаны ашсын деп елшілер жіберді, қала халқы олардың өлігін қайтарды. Енді бұл қаланың да Козельскінің кебін киері анық. Батудың негізгі күштері келіп жатқан кезде, бойын үрей билеген Киев әкімі князь Михаил Всеволодович бой тасалай тұрмақ болып, Мажарстанға қашты.

Князь Ростислав Мстиславович мына сәтті пайдаланып, билікті басып алмақ болды, алайда оған Даниил Галицкий мүмкіндік бермеді. Ол Ростиславты тұтқындап, қала қорғанысын әскербасы Дмитро Ейковичке тапсырды. Өзі иелігіне қарай асықты.

Киев бекінісінің іргесінде Бату әскери кеңес шақырды. Ертеңіне таң атысымен, жер-көкті басына көтере дабыл соғылып, шабуыл басталды. Қаптаған мың сан қол бекініс қабырғаға саты қойып жоғары өрмеледі, олардың төбесінен қайнаған қара май төгілді, тас, ағаш, жебе жауды. Бекініс іргесінде тау болып өлік қалды.

Үш айға шыдас берген қала бекінісі ақыры желтоқсан айында құлады. Әбден ызалы сарбаздар тұтқындарды қырып салды. Әскербасы Дмитроны «ерлігі үшін» тірі қалдырды (кейін ол Киевтің әкімі болып тағайындалады).



Алтын Орда әскерлері Шығыс Еуропада. Миниатюра

Оның қосшылары астар көсемі Качир-Укуле¹³ мен шеркес Туқар болды. Олардың бәрі 1241 жылы дүние салған.

Бату олардың жеңіліс тапқанын әскерімен Краков қаласының іргесіне келгенде естіді. Қала биік, қалың тас бекініспен қоршалған. Хан поляктарға елші жіберді, ал олар елшілерді өлтіріп тастады.

Содан татарлар қала қақпасына келді. Алдына қамал бұзғыш құралды құрып, жалпақ қалқандармен, жебе, найзадан қорған жасап,

соның астында тұрып алып қақпаны төмпештей берді. Неше күн тынбай соққылады. Ақыры ағаш қақпа шыдамай, күл-паршасы шықты. Жұрттың зәре-құтын қашырған жалаңдаған атты әскерлер қақпадан қалаға лап қойып, көшелерді қаптап кетті.

Оңбай жеңілген поляктар Силезия герцогынан көмек сұрады. Ол қолдау көрсетіп, Лигница қаласында жалпы әскери жиын шақырды. 1241 жылдың көктемінде Лигница қақпасы айқара ашылып, бір салт атты шықты. Кернейін соза тартып, ащы үнімен атырапты жаңғыртты.

Қақпадан алдымен ту ұстаушылар көрінді. Оның артынан ақбоз арғымағын ойнақтатып, поляктар мен немістердің біріккен армиясының бас қолбасшысы, Краковтың князі тақуа атанған Генрих жүрді. Генрихтың соңында бүкіл Силезия мен Моравиядан жиылған Тевтон орденінің рыцарьлары келеді. Оларды бастап келе жатқан – жеңілуді білмейтін Поппо фон Остерн. Ең соңында – жеңіл салт аттылар мен жаяу әскерлер.

Генрих тақуа Бату ханмен ашық майданға шықты. Оны Шағатайдың ұлы жас ханзада Бандар бастаған алғы шеп құрамасы қарсы алды. Майдан алаңына жазық жер таңдалды. Генрихтің соққы беруші күші – темір сауытты, ұзын найзалы рыцарьлар. Олардың аттарына да сауыт кигізілген. Жеңіл салт аттылар мен жаяу әскер соңында.

Татарлар түнде олардың алдарынан ұзына бойы шұңқыр қазып, ішін шөп-шаламға толтырып тастады. Шабуылға шыққан Тевтон рыцарьлары соған келіп опыр-топыр омақаса құлады. Көшпенділер икемсіз байғұстарға қарқылдай күліп, мазақ етті.

¹³Качир-Укуле – Качирук-улу немесе Качируко-Але деген аттармен де белгілі.

Мына сәтсіздікке әбден ыза болған поляктар мен немістер басаяқтарын жиып қайта шабуыл бастады. Бұлар шапқан қалыптары жебелерін жаудыра отырып кері шегінді, ойлары қуып келе жатқандарды ұйыққа әкеліп арандату болатын. Ойлағандарындай тевтондықтар батпаққа келіп кіргенде, ұйқы-тұйқысын шығарып, тез арада быт-шыт қылды. Жеңілген рыцарьлардың құлақтарын кесіп, он қанар қапты толтырды. Осылайша поляктар мен немістердің біріккен күші 1241 жылдың көкек айында бас көтере алмастай болып жеңіліс тапты. Бұдан кейін Бандар түмендері Чехия жеріне келіп кірді. Ал Батудың негізгі күші Мажарстанға таяй берді, ортада Карпат таулары ғана қалды.

* * *

Қыпшақтардың соңынан қуған Батудың жақындап қалғанын естіген мажар ақсүйектерінің мазасы қашты. Олар Құтан ханға жат жерліктермен байласқан сөзі бар деп кінә тақты. Кеңес шешімімен Құтан хан отбасымен түрмеге қамалды. Хан корольден мән-жайды түсіндіруін талап етті, бірақ ештеңеге үлгермеді. Қастасқан ақсүйектер бір түнде түрмеге кіріп, қыпшақ ханын үй ішімен қоса қырып салды.

Бұл оқиға 1241 жылы қыста болды. Дегенмен, мажарлар Бату ханның қаһарынан аман құтылмады. Наурыз айының оны күні IV Бела татарлардың корольдігінің жеріне басып кіргенін естіді, сәуір айында олар Будапештке келіп жетті.

Бату өзінің бұрынғы жасаған ескертуін ұмытпағанын айтып, қалаға елшілер жіберді. Мажарлар оларды 1241 жылы он бірінші сәуірде өлтіріп тастады. Бұдан кейін татарлар бар күшімен қалаға лап қойды. Тас атқыш құралдар күндіз-түні тынбады. Бату Будапештті екі ай бойы қоршауда ұстады. Қалада атқылаған тас, бұрқыраған шаң-тозаң мен түтіннен бас сауғалар жер қалмады.

Ақыры IV Белаға Хорватиядан ағасы Коломанның өз әскерімен көмекке келе жатқан хабары жетті. Олар бірігіп, татарларға жақсылап соққы бермек болатын.

Бату шегінген болып алдаусыратып, жауын ашық алаңға алып шықты. Онда негізгі күш күтіп тұрды. Татарлар сақадай сап түзеп қарсыластарын қарсы алды, ал мажарлар мен хорваттардың біріккен әскері өз саптарын ретке келтіріп те үлгермеді. Қарсыласының әскерін көрген Бату: «Мыналардың

топырлаған қойдан не айырмашылығы бар? Енді ешқайда құтыла алмассыңдар менен!» – деді менсінбеген үнмен.

Көшпенділер аз болатын, алайда бұған дейінгі талай жеңістері оларға сенім беріп, жігерлеріне жігер қосты. Жарақаты былай тұрсын, олар өлгендеріне де қарамай нағыз ерлерше шайқасты. Нәтижесінде, мажарлар мен хорваттардың алпыс бес мыңдық әскері ту-талақай жеңілді. Елу алты мың сарбаздың денесі, араларында Хорватияның билеушісі Коломан да бар, майдан даласында қалды. Ал мажар королі сытылып, аман құтылды.

Жеңіске жеткен Бату әскерін қайтадан Будапештке бастады. Жат жерліктерді қарулы күшпен тоқтату мүмкін еместігін түсінген діни қызметкерлер ғайыптың күшін пайдаланбақ болады. Сөйтіп, олар жеңімпаздарды қала қақпасының сыртына шығып, шіркеудегі киелі, қасиетті деген заттармен күтеді.

Көшпенділердің христиандар бас ұрып жатқан адам өлігінің қалдықтарын көріп, жандары түршігеді, олардың мына әрекеттерін адамдыққа жат санайды. Қасиетті деген заттарын күл-парша қылып, жасап жатқан істерінің ойранын шығарады. Архиепископ пен екі епископты бірден о дүниеге аттандырады. Олардың бұл істегендері бүкіл еуропалықтардың ашу-ызасын туғызады. Матвей Парижский былай деп жазады: «Адам шошитын сайтан нәсілді татарлар... Тартардан шыққан ібілістей болып кіріп келді. Оларды «тартар» деп сондықтан дұрыс атаған болу керек, өйткені мұндай іс-әрекетке тек Тартар тұрғындары ғана баруы мүмкін».

Жан беріп, жан алысқан соғыстан соң Бату басып алған қаласында тынығуды ұйғарды. Ал бұл кезде оның қосындары бөлік-бөлік болып, елді тайрандай кезіп, білгендерін істеп жүрді. Татар сарбаздары 1241 жылдың жазымен, күзімен Шығыс Мажарстан мен көрші жерлерді армансыз аралап, білгендерін істеді. Айтарлықтай қарсылыққа да кездеспеді. Тек Богемия королі Вацлав сол жылдың күзінде Кладно қаласынан бір бөлік әскердің бетін қайтарды. Бір рет Вена маңында Габсбург жасақтары татарлардың бір қолбасшысын қолға түсіреді. Бір таң қаларлығы – ол ағылшын әрі христиан болып шығады. Оны сатқын деп, өлім жазасына бұйырады (Бату ханға қызмет еткен бұл еуропалықтың тағдыры бүгінгі тарихшылар мен әдебиетшілерге белгісіз қалпында қалды).

Жат жерліктердің басқыншылығының шарықтау шегі 1241 жылы қазан айының алтысындағы күннің тұтылуы болды. Ол ақыр заманның белгісі ретінде қабылданады. Еуропа тұрғындары рухани әрі психологиялық күйзеліске ұшырайды.

Ал татарлардың әскерлері атызың тұяғы жетпеген жердегілердің қандай күй кешкендігін Винчестер епископының жазғандарынан байқауға болады. Ол былай деп жазды:

«Жер бетінде бар болғаны жеті-ақ аймақ бар, атап айтқанда, ол жерлерде индустар, эфиоптар немесе маврлар, мысырлықтар, иерусалимдіктер, гректер, римдіктер және француздар тұрады... Осы жексұрындар бірін-бірі жойсын, иттей талап бірін-бірі жесін, құртсын, сонда біз басқа дінсіздермен күресімізді жалғастырамыз, қырып-жойып жер жүзін тазалаймыз, әлем бір ғана католик шіркеуіне бағынсын, бақташы да, отар да біреу болсын».

Польша, Мажарстан, Богемия және тағы басқа Еуропа князьдіктері көмек іздеп шарқ ұрды. Олардың осындай шарасыз күйде екенін естіген француз королі ІХ Людовик Бланка Кастильскаяға: «Бізді тек зеңгір көк билесін, ал егер мына тартар деп жүрген халық бізге келе қалса, оларды өздері шыққан Тартар жаққа айдап саламыз, не болмаса, олар біздің бәрімізді көкке бір-ақ шығармақ», – деп жазды.

Рим папасы халықты жат жерліктерге қарсы соғысқа үндеді. II Фридрих болса, керісінше, бейбіт жол іздеді. Ол Бату ханмен астыртын хат жазысты. Бірақ, бұл мәлім боп қалып, II Фридрих католик шіркеуінің қара тізіміне ілінді.

IV Бела Загреб бекінісінде табандай жеті ай жасырынып жатты. Ол Бату ұмытқан болар деп ойлады. Алайда, король қателесті. 1242 жылдың қарашасында Қадан бастаған алғы шеп құрама Дунайдан өтеді. Аз уақыт ішінде Словения мен Хорватияны басып алып, татар ханзадасы Загребке жетеді. Тоқпақ жал, болат тұяқ дала жылқысын мінген қосындар көзді ашып-жұмғанша бекіністі қоршауға алады.



Бату әскерінің Еуропа аумағындағы шайқасы. Миниатюра. XIV ғасыр. Берлин, Мемлекеттік кітапхана



Желтоқсанда Бату әскерінің негізгі күштері де Дунайдың мұзымен өтіп, Загребке тартады. 1242 жылдың қысында татар қосындары IV Бела әскерлеріне күйрете соққы бергенімен, король тағы да қашып құтылады. Қадан ханзада оның соңынан қуады. Ал IV Бела ұстатпайды. Ол әуелі Адриат теңізіндегі Сплит айлағына барады, сосын қайықпен Кралевац аралына өтеді. Одан кейін Рабе аралына жетіп, сонда тығылады.

Қаданға Батудан қуғынды тоқтатып, Албания мен Сербияны бағындырсын және одан әрі ат бастарын Болгарияға бұрсын деген бұйрық түседі. Сол жерде негізгі күшке қосылуы керек.

Ал бұл уақытта Батудың өзі Острогон, Стольни, Белград,

Веспрем, Джур, Нейштад секілді қаларды басып алып, бүгінгі Австрия жеріне кіреді. Венаға, одан Словенияға өтіп, Адриат теңізіне дейін жетеді.

Бату әскерінің негізгі күштері 1242 жылдың көктемінде Сербия жерімен Болгарияға өтіп бара жатқан кезде, Батудың жорық шатырына Қарақорымнан Ұлы ханның қаралы хабарын алып жаушы келеді. Үгедей тақты немересі Ширамунға қалдырады. Азалы күндер өтісімен, Ширамун таққа отыруы керек, ал оған дейінгі билік Күйіктің анасы, жесір ханым Туракин хатунға беріледі.



Бату хан

Үгедейдің қазасына байланысты Бату хан жорықты тоқтатуға мәжбүр болды. Қонағасы беру үшін әскерлер жазықтың көз жетер жеріне дейін созыла орналасып, ортаға таудай қылып алау жағады. Шамандарот айнала, өз жоралғыларын жасайды. Күндіз қобыздарын зарлата жыр айтады, түнде тынығады. Бір күні таңертең Бату ханға Сүбедей баһадүрдің көз жұмғанын жеткізеді. Азалы күндер тағы жалғасты. Тәжірибелі қолбасшысынан әрі ақылгөй ұстазынан айырылған Бату жорықты тоқтатқанды жөн көреді. Ат басын Дешті Қыпшаққа бұрады. Әскерін Дунай өзені бойында тоқтатып, шеру өткізеді. Содан кейін Болгария мен Галицияны Татардың ұлы, Тевалдың немересі, Жошының шөбересі Ноғай ноянға тапсырады.

Әскер 1243 жылы Еділ бойына жетеді. Бату осы жерде Алтын Орда аталған өз империясының қазығын қақты.

АЛТЫН ОРДА

Алтын Орда деп о баста Батудың Жайық пен Еділдің аралығындағы ордасы аталған. Бұл атау қайдан шығып еді? Бүгінде бұл сұрақтың нақты жауабы жоқ деген пікір қалыптасқан. Дегенмен, жазба деректердегі жанама мәліметтерге сүйене отырып, болжам жасауға болатын секілді.

Рашид әд-Дин Шыңғыс ханның туған жерге оралуын баяндай келе, мынадай қызықты деректерді алға тартады. Шыңғыс хан Букаса-Жику деген жерге жеткенде, сол жерге «Орду-и-Бузург зарин», яғни, Үлкен Алтын Орда тігуді бұйырады.



Бұл – «Алтын Орда» тіркесі кездесетін ең ескі жазбалардың бірі болып табылады. Деректен Алтын Орда деп бастапқыда Шыңғыс ханның өз ордасы аталғанын көреміз. Шыңғыс хан өлген соң, осы атау Бату ханның ордасына көшкенді. Әрине, бірден емес, 1242 жылы Бату «Алтын әулет» Бөржігенге бас болғаннан кейін ғана. Тап сол кезде оған «қаған ақа» атағы беріледі, бұл «үлкен Ұлы хан» деген ұғымды аңғартады. Оның мұндай атағы парсы тілінде жазылған еңбектердің авторы әл-Жуайнидің деректерінде алғаш келтірілгенін айта кету керек.

Көптеген жылдардан кейін, Алтын Орда деп Бату ханның бас ордасы ғана емес, сонымен қатар, шығысындағы Ертіс пен батысындағы Дунай жағалауына дейінгі аралықтар да аталатын болды. Өйткені, бұл жерлердің барлығы Батудың қол астына қараған.

Оның империясы 10 миллион шаршы шақырымды қамтыды, әр түрлі шен, атағы бар адамдар басқарған көптеген ұлыстарға бөлінді. Олардың ең негізгісі – Жошы Ұлысы еді. Өйткені көзі тірісінде өзі жаулап алған жерлерді ол балаларына қалдырған болатын. Жошы дүниеден өткен соң ағасы Орда Ежен¹⁴ иеленген. Орда Еженнің ордасы Ертістің бойында, Алакөлге жақын маңда орналасты.

Әбілғазы Баһадүр хан өзінің «Түріктер шежіресі» деген еңбегінде Бату хан батыс жорығынан оралғаннан кейін Орда Еженге: «жорықтың өз ойлағанымдай сәтті аяқталуына үлкен үлес қосқаның үшін әкеміз қоныс еткен жерді он бес мың шаңырағымен сенің қарамағыңа табыс етемін», – дегенін хабарлайды. Ал жорыққа қатысқан кіші інісі Шайбаниға Корел аймағын, сондай-ақ, құши, найман, қарлұқ, бұйрақ тайпаларының мекенін де береді.

Ортағасырлық парсы тіліндегі қолжазба – «Ескендір анонимінде» Шайбани иелігіне нақты қай жерлер берілгені аталады. Олар: Ібір-Сібір, Русь, Укек, Маджар, Бұлғар және Сарай.

Бату ханның өзі әскердің ортаңғы бөлігін, Орда Ежен сол қанатты, ал Шайбани болса оң қанатты басқарды.

* * *

Бату хан империясында орта ғасырда бой көтерген көптеген бай шаһарлар болды. Хорезмде Үргеніш, Миздахкан, Земахшар, Хиуа; Қырымда Судақ, Керчь, Кафа (Феодосия); Азов теңізінде Азақ (Азов); Еділ бойында Бұлғар, Биляр, Сувар және Саксин; Кавказда Дербент; Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент пен Жент тағы басқа да қалалар қарады. Алтын Орда өз ықпалын Киев, Новгород, Владимир,

¹⁴XV ғасырдың белгісіз авторынан қалған “Муизз эл-ансаб” деген еңбекте былай делінеді: “Орда – Жошы ханның үлкен ұлы. Әкесі барда да, өлгеннен соң да ол беделді, сыйлы болды. Бірақ Жошы иелігі Батуға тиді.

Орда Батудың таққа отыруына ырзалығын берді. Үлкен ұлдардың арасындағы достық Батуға әкесінің орнын басуына жеңілдігін тигізді. Мәңке қаған шығарған жарлықтарда Орданың есімі Батудан бұрын аталады.

Чернигов және тағы басқа қалалар орын тепкен Русьтің дамыған жерлеріне де жүргізді.

Бату хан аталмыш қалалар арасында өзара байланыс орнатып, керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскери гарнизондар орналасқан тұстарға елді мекен, бекініс, қорғандар салуды жүзеге асырды. Олар Ұлы Жібек жолы аталған халықаралық сауда жолы өткен жерлердің бәрінде дерлік пайда бола бастады. Кешікпей бұл туралы итальян шежірешісі Франческо Пеготти өз еңбегінде былай деп жазды: «Таннан (Азов – авт.) Қытайға дейінгі жол, осы жолмен жүретін саудагерлердің айтуынша, күндіз-түні ешбір қауіпсіз».

Батудың келесі қадамы – Қырымда сауда жасайтын көпестермен келісім жасасу. Сөйтіп, Қаратеңіз жаға-



лауындағы венециялықтар және генуялықтармен ұзақ жылдарға созылған тиімді келісім жасалды.

Бір қызығы, Русьте тура Бату хан билігі жүріп тұрған кезде алғашқы нан сататын дүкендер пайда болған. Ал Ұлы Бұлғария «қайықшыларымен» танылды. «Қайықшылар» Еділ мен Жайықты бойлай қайықпен жүзіп жүріп, неше түрлі ұсақ-түйек сатумен айналысқандықтан солай аталып кеткен. Олардың тауарларына қарапайым халық тарапынан сұраныс күшті болатын.

Алтын Орда әміршісі пайдалырақ әрі табысты іспен айналысуды көздеп, үлкен ұлы Сартақ иелігіндегі жерден тұз өндіре бастайды. Гильом Рубрук қолжазбасында мынадай жолдар бар: «Бату мен Сартақ тұз өндіріп, үлкен кіріс көреді. Бүкіл Русьтен тұз алуға осында ағылып келеді, толған бір арбасына екі орам мақта-мата береді... Тұз алуға теңізбен келетін кемелер де баршылық, олар да өз жүктерінің көлеміне қарай ақысын төлейді».

Ярослав Всеволодовичтің Невский атанған кіші ұлы Александр литвалықтармен Торка мен Бежица маңында кездеседі. Орыс князінің жеңісі Ватиканға жақпады. 1246 жылы Балтықтың шығысына папаның жақын серігі Альберт Суербер келеді. Оны IV Иннокентий «жүрегімізге жақын ер» деп атаған. Дегенмен, бұл сапар да көршілер арасындағы тыныштық пен татулыққа кепіл бола алмады.

1246 жылдың көктемінде Алтын Орда ханына папаның адамы алпыс бес жастағы сопы Иоан жетеді. Папа IV Иннокентийдің оған «татар патшасы мен халқына» жолдаған хатын тапсырады. Ақ бас сопы хатты Батуға әкеледі. Иоан сөзінің соңында христиандар «бетімен кеткен құдайсыздарға» қарсы көптен соғыс жүргізіп келе жатқанын, мұсылмандар татарлардың да жауы екенін жеткізеді. Бату Иоанның қолына оның «Алтын өulet» қорғанындағы адам екенін білдіріп алтын найза ұстатады, оның жанына сарбаздар қосып, Қарақорымға жібереді.

Бұл кезде Туракин хатун Моңғол империясының алтын тағын өзінен туған Күйікке дайындайды. Осы жолда ол заңды мұрагер Ширамунды шеттетеді. Сондай-ақ, өзінің кешегі күйеуі, Ұлы хан Үгедейдің Елюй Чуцай, Чинкай және Махмұд Ялавач деген үш бірдей кеңесшісін орындарынан алып тастайды. Оның есесіне, Әбді әр-Рахим есімді өзіне ұнаған басқа біреуді жоғарылатып, ол ханымның бас кеңесшісі болады.

Жаңа Ұлы ханды сайлау тек алдағы уақыттың еншісінде қалды. Бату алтын таққа кім отыратынын да білді. Ежелгі өштесі Күйікке адал боламын деп ант бергісі келмеді. Сол себепті, Алтын Орда өміршісі Қарақорымнан құрылтайға шақырту келгенде, денсаулығының жоқтығын сылтауратып, онда бармай қалды.



Александр Невскийдің әскері

Орхон өзенінің бойында 1246 жылдың тамыз айында құрылтай шақырылып, Моңғол империясының әміршісі етіп Күйікті жариялады. Ұлы ханды сайлау салтанатына көптеген бағынышты елдер мен халықтардың басшылары жиналды. Олардың арасында Владимир мен Суздальдің Бас князі II Ярослав Всеволодович те болды. Қарақорымнан қайтар жолда ол күтпеген жерден көз жұмады. Ел арасында князьді Туракин хатун улап өлтірді деген қауесет тарайды. Артынша Туракин хатун өлген князьдің кіші ұлы Александр Ярославовичке «әкесінен қалған жерді сыйға бергісі келетінін» айтып, шабарман жөнелтеді. Ол үшін жас



Ярослав II Всеволодович

князь Ұлы ханның ордасына өзі келуі керек болатын. Александр мені де «өлтіретін шығар немесе қайта шықпастай етіп қапасақ қамар» деген қорқынышты оймен бармай қалады.

Шамасы, Ярослав Владимировичтің өлімі тегін еместігін Бату ханның іші сезген секілді. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, ол Күйікпен бір қақтығыста кездесетінін білді. Сөйтіп, Бату шешуші шайқасқа дайындала бастайды. Алайда күшті қарсыласты жеңу үшін әуелі ұсақ бақталастардан құтылу қажет еді.

1246 жылдың 20 қыркүйек айында хан ордасына Чернигов князі Михаил Всеволодович келіп түседі. Ол көптен бері Еуропа князьдіктерін Алтын Ордаға қарсы соғысқа үндеп жүрген болатын. Бұл қауесет Батудың да құлағына жеткенді.

Князь Михаил Алтын Орда әміршісінің ордасына келген соң да өзінің мінезін көрсетеді. Бату ханмен кездесерден бұрын екі оттың ортасынан өтіп, тазалану рәсімін жасағысы келмейді (бұл орындалуы міндетті рәсім болатын). Бір сарбаз оны көндіргісі келіп, князьді аяғымен теуіп қалғанда кеудесіне тиген тепкінің ауырлығынан князь тіл қатпай, бірден үзіліп кетеді.

Михаил князьдің өмірдерегінде оны татарлар емес, орыстардың өздері өлтірген деп баяндалады. Кейінірек хан ордасында тағы бір Чернигов князі Андрей Мстиславич өлтіріледі. Плато Карпинидің айтуына қарағанда, Андрейдің кінәсі «татар

жылқыларын өрістерінен ұрлап, басқа жерлерге апарып сатып жіберген». Моңғол империясында бұл үлкен қылмыс саналған. Сондықтан, ұрыны Ұлы Жасаққа сай өлімге кеседі.

Ал, князь Даниил Галицкий осылардан кейін қатты қорқады. Оның зәресі ұшқаны сонша, ажалға мойынсұнып та қояды. Ол иелігінде ешқашан болмаған Киев пен Болохов жерінен бас тартып, өз өмірін сақтап қалғысы келеді. Ал Бату хан болса оны өзінің «тілектесі» деп жариялайды.

Батудың қаһарынан ескі дұшпандарының бірі – Шағатай ханның ұлы, Бөрі ханзада да аман қашып, құтыла алмады. Бұрынырақ, 1240 жылы Күйікпен екеуі қосылып, Батуға қарсы шыққан, кейін екеуі де жорықтан шеттетіледі. Күйіктің таққа отырғаны Бөріге дем берсе керек, ол ортақ жауларымен алыса кетеді. Бөріні ұстап, Батуға алып келеді, ол сол жерде ажал күшады.

Арғы жақта Ұлы хан Күйік те қол қусырып, босқа қарап жатпады. Ол билігін күшейтуге кіріседі. Шешесімен бір келісімге келе алмай, қақтығысып қалады. Туракин хатунның билігі басым болды, кей жарлықтарға ол өзі қол қойып, кей жерлерде Күйіктікінен жоғары қойғысы келетін, Күйік бұған жол бермеді.

Бір өкініштісі, Моңғол империясының осы кезіне қатысты жазба деректерде ештеңе айтылмайды. Белгілісі, Күйік таққа отырысымен, Әбді әр-Рахимді қызметтен шеттетіп, артынша өлтірткен. Сүргіндегі Чинкай мен Махмұд Ялавачты кері қайтарады (Елой қуғында жүріп мерт болған).

Күйіктің адамдары Туракин хатунның қызметшісі Фатиманы қолға түсіреді, ал ханымның қалай мерт болғаны белгісіз қалпы қалады. Фатимаға шектен шыққан қатал жаза қолданады. Шешіндіріп, қол-аяғын байлайды. Күндіз-түні жұрт көзінше азаптайды. Сосын денесінің жыртылған, тілінген жерлерін жаны шығып кетпесін деп тігіп, киізге орап, өзенге батырады.

Бұл Күйік билігі жүріп тұрған кездің аты шулы жазасы болатын. Ол өзіне бақталас санаған адамдарды қолына түсірсе аяусыздық көрсететін. Қанды лаңда Шыңғыс ханның көзі



Плано Карпини

тірі жүрген жалғыз інісі Темуге-Отчигиннің өзі мерт болады. Билікті қарумен тартып алмақ болғаны үшін астыртын өкім шығарылып, өлімге кесіледі.



Күйік ханның сарайында.
Ортағасырлық миниатюра

Күйік кейін Шағатай иелігінің жеріне көз тігеді. 1242 жылы Шағатай хан дүние салғанда, тағына лайық ешкім шықпаған еді. Бұдан әрі Күйік Төле Ұлысын да билігіне қаратқысы келеді. Ұлыс тізгіні Төленің жесірі Суркуктени хатунның қолында болатын. Күйік оны уысына алдап түсіргісі келіп, әуелі үйленейік деген ұсынысын айтады. Бірақ, Суркуктениден келісімін ала алмайды. Содан ол хан жесірі мен оның ұлдарының қол астындағы бүкіл әскерге өзіне бағынуды бұйырады. Ұлы ханның бұйрығы орындалады.

Сөйтіп, Күйік бүкіл шығысына өз дегенін

жүргізді. Ендігі ойы мен ықыласы кетіп отырғаны – Алтын Орда жері.

Күйікке ежелгі жауы Бату ханға қарсы соғыс ашу үшін бір сылтау ғана жетпеді. Кешікпей мұның ыңғайы да келе кетті.

1246 жылы Бату хан Ярославтың інісі III Святослав Всеволодовичті орыс жерінің Бас князі деп жарлық шығарады. Бірақ оның билігі бір жылдан аспады. Ұлы хан Күйік Святославтың¹⁶ князь болуына келісімін бермейді. Оның орнына Михаил Ярославович Тверской келеді.

Билік қолында екенін көрсетіп, Күйік Батудан мұнан да зорын талап етеді. Ұлы хан оған дереу Қарақорымдағы бас ордаға жетсін деп жаушы жібереді. Бұл бұйрықтың астарында арам пиғыл жатты. Бату да Моңғол империясының әміршісіне баруға асыға қоймады. Оның есесіне, 1248 жылдың жазында Күйік қалың қолмен «аң аулаймыз» дегенді сылтау етіп, батысқа қарай бет алады.

Төле ханның жесірі, Мөңкенің шешесі Суркуктени хатун болмашыға күйреуік, осал жан емес, керісінше, жігерлі, ақылды әйел еді. Бату ханға төнген қауіптің алдын алып, ескертетін де сол болатын.

¹⁶Святослав әділдікке жете алмай, Бату ханның ордасында қайтыс болады.

Екі қол Жетісу өңірінде кездесетін болған, алайда тағдыр олай жазбапты. 1248 жылдың күзінде Ұлы хан Күйік аяқ астынан көз жұмды. Енді бір күндік жолды асқанда, Бату ханмен шайқасатын.

Ел ішінде Күйікті Суркуктени хатун улап өлтіріпті деген сөз тарап кетті. Халық оны ағайын арасындағы қантөгісті тоқтатқан әйел деп сыйлады. Ал, турасын айтқанда, Күйікке ажал тілеген адамдардың аз болмағаны анық.

Бастысы, алтынордалық сарбаздар соғыссыз, аман-сау ел-жұрттарына тыныш қайтты. Олар отбастарына оралып, отырған, жүрген жерлерінде жайбарақат әңгіме үстінде Бату хан қылышын қынынан да суырмай жеңіске жетті деп таратты. Ал, мұның жеңіс екеніне ешкім де күмән келтірмеді.

* * *

Алтын Ордада мамыражай, бейбіт тірлік өтіп жатты. Адамдар мал бақты, аң аулады, ау салды, балшық илеп, қыш құйды, ағаш кесіп, үй тұрғызды. Ал, даламен керуен жүріп жатты, көпестер көптеген елдерден түрлі тауарлар тасыды, солар арқылы басқа да халықтардың мәдениет үлгілері, салт-дәстүрлері де жетті. Діни ғұрыптар да келді. Алтын Ордада мешіт, шіркеу, синагога, будда храмы, пұтқа табынушылардың баспанасы – бәрі-бәрі қатар тұрды.

Осы кезде батыста Алтын Орданың басқа бір жауы – Рим папасы небір сұрқия әрекеттер жасап жатты. Иоан сопы оралған соң, IV Иннокентий Батуға доминикандық Асцелин бастаған екінші елші жібереді. Балтықтың шығысына, Альбертке (Ливонның болашақ епископы) көмекке арнайы өкіл Лютихтен шыққан архидиакон Яковты¹⁷ аттандырады.

Сонымен қатар, ол 1248 жылы орыс князьдеріне католик дінін қабылдауға шақырып, хат жолдайды. Қолтығының астына алып, «татарлардан қорғауға» сөз берді. Мұндай хатты Александр Невский мен Даниил Романович те алады. Екеуі де өз беттерінше шешім қабылдады.

Даниил олармен келісті, ал бірбеткей Александрға екі кардинал бірге келді. Александр олардың әңгімесінен IV Иннокентий орыстарды Алтын Ордаға қарсы айдап салғысы келетінін түсінді. Ол қонақтарын шығарып салған бойда, Бату

¹⁷Яков кейінірек IV Александр деген атпен Рим папасы болады.

ордасына тартты. Жолда Сартақ ханзадамен жолығысады. Екеуінің бұрыннан достығы бар еді, оның үстіне новгородтық князь бен алтынордалық ханзада анда болып, туысқандай бауырласқан. Қазір екеуі тіпті жақын.

Бату хан Александрдың адалдығына тиесілі бағасын берді. Ол Сартақтың андасын енді өзіне өкіл бала қылып алды. Бұл шешім Алтын Орда мен Русьтің ұзаққа созылған байланысының негізін салды. Алғашқы қадамды жасаған да Бату ханның өзі. Ол Қарақорымға Александрды ағасы Андреймен қосып бірге жібереді.

Күйіктің әйелі, жесір ханым Огул-Гаймиш Андрейге жері бай Владимир князьдігін беріп, Бас князь етіп тағайындайды. Ал Александрға «Киев пен бүкіл орыс жерін берді». Сөйтіп, ағайынды екі жігіт 1249 жылы ат басын кері бұрды.

Моңғол империясында әйел билігі ешқашан ұзаққа созылмаған. Күйік өлген соң, тақ иесіз қалған-ды. 1250 жылы Шағатай ұлысында Ыстықкөл маңында құрылтай өткізілді. Бектер мен нояндар Батуды Ұлы хан сайламақ болды, бірақ Бату бұдан бас тартып, орнына Мөңкені ұсынады.

Үгедей мен Шағатай ұрпақтары бұл мәселеге келіспейтіндіктерін айтып, Жошы мен Төле ұрпақтарына бірігіп қарсы шығады. Астыртын бүліктері ашылып, қатаң жазаға ұшырайды. Мұның бәрі тез орындалды. 1251 жылы шілде айында Қарақорымда қайта құрылтай шақырылады. Құрылтайды Батудың ұлы Сартақ пен інісі Берке ұйымдастырады. Олар Қарақорымға Суркуктени хатун мен балаларының амандығын қамтамасыз ету үшін отыз мың қол ертіп келеді.

Ұлы хан болып Мөңке сайланды. «Мен ата-баба заңын ұстанамын. Бөтен жұрттың ұстанған жолына еліктемеймін» деген сөзінен оның билігінің сипатын байқауға болады. Бір қызығы, Киракос Гандзакецидің «тарихында» осы кезде Бату «хан әкесі» аталады. Қанша дегенмен, Моңғол империясының тағына Мөңкені отырғызған Бату хан еді.

Жаңа Ұлы ханның билігін күшейту мақсатында Бату хан оған өзінің сенімді көмекшілері мен әскербасыларын жіберді. Олар Мөңкеге астыртын бүліктердің



Александр Невский

алдын алып, билік тізгінін мықтап ұстауына жәрдемдесті. Соған қарамай, Ұлы ханның ажалдан кездейсоқ аман қалған кезі де болған.

Бірде Ұлы ханның құсбегісі жоғалған түйесін іздеп жүріп, Моңғол империясы тағының заңды мұрагері, Үгедейдің немересі Ширамун қостарының үстінен түседі. Қару-жарақ тиелген арбаларды көреді, мұнда бір шикілік барын сезген құсбегі байқатпай қашып шығып, дереу көрген-білгенін Мөңкеге жеткізеді. Мөңке Ширамун қостарын қоршауға алып, адамдарын тұтқындайды.

Шағатай мен Үгедей ұлысының 77 сұлтан, мырзасы және есесір ханым Огул-Гаймишке өлім жазасы кесілген ауыр үкім шығарылады. Ұлы хан Мөңке бүкіл империя бойынша тексеру жүргізіп, жазалаушы қосындарын жібереді. Мұның кесірінен Шағатай мен Үгедей ұлыстарында кей жерлер тіпті иесіз қалады. Артынша ол жерлерге жаңа басшылар келе бастады.

Нәтижесінде, Үгедей Ұлысының шекарасы біршама тарытып, ал Шағатай Ұлысы тарап кетеді. Оның есесіне, Мөңке өзінің жерін оңтүстік-батыста Сырдарияға дейін кеңейтті. Бату хан империясының шегі Жетісудағы Шу өзеніне қарай жақындады. Ол сондай-ақ, Мәуереннахр мен Кавказ өңірін өз билігінде ұстады.

Алтын Орда ханы Кавказдың билігін кіші інісі Беркеге табыстады. Мәуереннахрдағы өкілі әйгілі саудагер Махмұд Ялавачтың ұлы Масудбек болады.

* * *

Алтын Орданың шығысында жағдай айтарлықтай жақсы болғанмен, батысында, керісінше, басқаша еді. Мазасыздық тұтыратыны жергілікті князьдер басқаратын Русь болатын. Бас князь Андрей Тверь мен Переяславль князі Ярославпен және Галич-Волын князі Даниилмен астыртын келісім жүргізеді. Олар өзара бірігіп, Алтын Орда ықпалынан құтылу үшін шведтермен, ливондықтармен және поляктармен одақтасады.

Александр Невский кідірместен Батуға жетіп, білгенінің бәрін жайып салады. Бұл үшін оған Бас князь атағы беріліп, марапатталады. Андрейге қарсы 1252 жылы Неврю бастаған қол аттанады. Осылайша орыс жерінде Александр Невскийдің бас князьдік билігі басталады.

Алтын Орда ханының батыл қимылдары Еуропа елдерінде мазасыздық тудырды. Рим папасы христиандарды дінсіздерге қарсы одақтасуға шақырды. Ал, ІХ Людовик болса мұсылман әлеміне қарсы соғыс ашу үшін, алдымен, татарлармен тіл табысуды жөн көрді.

1253 жылдың шілдесінде далада ұзын бойлы, мығым денелі біреу пайда болды. Жалаң аяқ, ұзын қара көйлегін белінен кендір жіппен буып алған. Егер қолындағы француз королінің хаты болмаса, оны кезбе біреу екен деп қалғандай.

Оның Виллем деген фламандтық есімін француздар өз тілдеріне икемдеп Гильом деп атайтын. Туған ауылының атымен Рубрук атандырған да сол француздар.

Рубруктың жасы ол кезде қырықта болатын. Қайыршылық бағыттағы францискандар орденінің қағидаларын ұстанды. Ас алысы, зор дауысы оның денсаулығының мықты екенін көрсететін. Ал, атқа отырысы, қару ұстасы жауынгер болғанын айғақтайтын.

Рубрук алтыншы крест жорығы кезінде ІХ Людовиктің жанында болған. Жорық кезінде ерлігімен, адалдығымен көзге түскен. Сол себепті де, король оны өзіне жақын ұстап, маңызды елшілік өкілдікті сеніп тапсырады.

Бату ІХ Людовиктің елшісін өзінің Еділдің Ақтұбаға құяра сағасындағы астанасы Бату Сарай қаласында қабылдады. Хан оның әңгімесінен елшілік мақсатын, яғни христиандардың мұсылман әлеміне қарсы соғыста көшпенділерден қолдау іздейтінін түсінді.

Рубрук Бату ханнан Моңғол империясының астанасы Қарақорым қаласына дейін кедергісіз жетуін қамтамасыз ететін жарлық алады. Монах онда Ұлы ханмен жүздеседі. Кездесу кезінде оған Мөңке «бүкіл әлем Бату мен оның билігіне қарыздар» дегенді айтады.

Бұл сөздерді Гильом Рубрук саяхат кезінде жазған өзінің атақты еңбегіне енгізіп, мәңгіге қалдырды. Ал, оның негізгі мақсаты көрген-білгенін Еуропа жұртшылығына жеткізу болатын. Алайда, Алтын Орда мен Моңғол империясында болғанмен, оның еңбегінде аталмай қалған маңызды кейбір оқиғалар да кездеседі. Сондықтан, оларға өзіміз тоқталып өтуге мәжбүрміз.

МҰРА ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛЕР

Бату ханнан кейін Алтын Орда екі жарым ғасырдай өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Халықаралық сауданың дамуында бұл мемлекеттің сіңірген қызметі шексіз болды. Бұған дейін ешқашан Еуропа мен Азия арасындағы сауда көлемі Алтын Орда кезіндегідей кең құлаш жайған емес.

Ортағасырлық алып мемлекет шығысы Ертіс өзенінен, батысы Дунайға дейінгі аралықты алып жатты. Бату ханның бар күш-жігерін жұмсауының арқасында хабар алысу ісі жақсы жолға қойылды. Ең шеткері орналасқан аймақтармен де байланыс күшейе түсті. Халық санағы жүргізіліп тұрды, салық жүйесі қалыптасты, кеден жұмыс істеді, жалпыға бірдей ортақ заң бекітілді. Сондай-ақ, әлем тарихында алғаш рет осыншама байтақ жерге ақша бірлігі жүрді.

Бату хан Қырым, Укек, Қазан, Қажы-Тархан (Астрахан), Сарайшық секілді тағы басқа ірі-ірі қалалардың негізін қалаған деп есептеледі. Алтын Орда дәуірінде жалпы саны 150-ге жуық жаңа қала, мыңдаған елді мекендер бой көтерді. Алтын Орда хандары қала мәдениетін көркейтуге, қолөнер мен сауда ісін жандандыруға тырысты. Сайын хан, яғни «текті әмірші» атанған Бату хан құрған алып мемлекеттің уақытындағы күш-қуаты, құдіреті осындай істерден көрінді.

Мұсылман тарихшылар Бату хан иелігін «Қыпшақ хандығы» немесе «қыпшақтар елі» (Дешті Қыпшақ) деп атайтын кездері аз емес. Араб тарихшысы әл-Омари мұны былай түсіндіреді: «Ертеде бұл қыпшақтар елі болатын, бірақ татарлар басып алған соң, қыпшақтар соларға бағынды. Кейін татарлар қыпшақтармен араласып, туыстасып кетті де, біртіндеп өз бітім-болмыстарын жоғалтты. Сосын олардың қыпшақтардан еш айырмашылықтары да қалмады, құдды бір әулеттен тарағандай. Қанша дегенмен, олар қыпшақ жерінде тұрды, солармен қандары араласты, сол жердің тұрғылықты адамдарына айналды».

Бату хан Алтын Орда халқының бекеті, ырзығы мол болуы үшін аз күш жұмсамады. Ең алғаш келген шет ел елшілері мен саяхатшылары мұны сөзсіз атап өтеді. Мәселен, Плано Карпини Ұлы Дала халқы жайлы былай деп жазды: «Олардың малдары – түйесі, сиыры, қой-ешкісі және жылқылары өте көп. Малдарының көптігі сондай, біздің ойымызша, бүкіл жер бетінде ондай сансыз болуы мүмкін емес».



Бату хан

Алтын Орда аумағының басым бөлігін ертеден мал шаруашылығымен айналысқан көшпенділер иемденеді. Сонымен қатар, олардың арасында егін шаруашылығы және қала мәдениеті өркендеген ірі орталықтар да болды. Ол қалалар Қырым, Солтүстік Кавказ, Бұлғар, Еділдің төменгі ағысы және Хорезм еді. Бату ханнан бастап кейінгі көптеген хандар қала мәдениетін дамытып, қолөнер кәсібін оң жолға қоюға және халықаралық сауданы өркендетуге барынша күш жұмсады.

Еуропадан Қытайға қатынайтын керуендердің қауіпсіздігі Алтын Орда хандары ерекше көңіл бөлген мәселелердің ең бастысы еді. Бұл керуен жолдарымен тек Еуропа мен Қытай саудагерлері ғана емес, орыс князьдіктерінен, Қырымнан, Кавказдан, Бұлғардан, Хорезмнен және Орта Азиядан, Алтайдан, Сібір мен Моңғолиядан да қатынады.

Алтын Орда ол кезде сол дәуірдің бүкіл саудагерлері бас қосатын жер секілді көрінетін. Мұсылман саяхатшылар әл-Омари мен ибн Баттута соған куә болған. Олар Алтын Орда астанасында дүниенің түкпір-түкпірінен келген сансыз саудагер тұратынын жазады. Аты мәшһүр қытай жібегін алу үшін Қытайға барудың қажеті жоғын, оны Алтын Орда базарларынан ақ алуға болатынын хабарлайды.

XIII ғасырда өмір сүрген мұсылман жылнамашысы әл-Жүзжани Алтын Орданың қалыптасу дәуірін көзімен көрген. Оның деректеріне ерекше назар аудару керек. Әл-Жүзжани былай деп жазады: «Бату барынша әділ әрі мұсылманның досы болды, оның қол астындағы мұсылмандар емін-еркін өмір сүрді. Қосындарда, тайпа

қоныстарында имамымен, азаншысымен көпшілік мінәжат ететін мешіттер ашылған.

Ол билік етіп тұрған және өмір сүрген жылдарда ислам елдеріне ешқандай қауіп төнген кез болмаған. Оның қол астындағы Түркістан қаласындағы мұсылмандары еркін жүріп-тұрған, қауіп-қатер жағын ойламаған да. Моңғолдар билігіндегі Иран жерлерінен белгілі алымдар алынып, ұлысқа кіретін аймақ билігіне де солардың адамдары отырғызылады».

Бұл сөздерді 1283 жылы дүниеден өткен басқа бір мұсылман жылнамашысы әл-Жуайни да растайды. Жылнамашының «Әлем жаулаушысының тарихы» атты еңбегі моңғол билігін ара-тұра мақтап, тек жақсы жақтарын ғана айтуға арналғандай. Бір белгілісі, әл-Жуайни өмірінің көп жылдарын моңғол әміршілерінің сарайларында өткізген, оның үстіне Моңғол империясын шығыстан батысқа қарай, сол кездегі Хулагу әулетінің иелігіндегі Бағдадқа дейін аралап шыққан.

Әл-Жуайниден Бату мен оның ұстанған саясаты жайлы пікірін білу сол себепті де қызықты. Ол былай деп жазады: «Бату өзінің Еділ бойындағы ордасы тұрған жердің бір тұсын белгілеп, сонда қала тұрғызды. Қала Сарай деп аталды. Оның билігі бүкіл патшалықтарға жүрді. Ешқандай діни бағытты ұстанбады, оның бөріне шексіз иені түсінудің бір жолы деп қарап, өзі ешбір діни ілімнің, бағыттың ізімен жүрмеген.

Батудың сыйлылығы мен мәрттігін түгендеп, жаны жайсаңдығы мен сақилығын айтып бітіру мүмкін емес. Көрші елдердің патшалары, әлемнің әр түкпіріндегі елдердің әміршілері, басқа да адамдар оның дәрегейіне келіп бас ұрып тұрған. Жиылуына қаншама уақыт кеткен небір сыйлықтарды қазынаға түспей тұрып, моңғолдарға, мұсылмандарға және басқа да жиылғандарға көп пе, аз ба, елең қылмай тарата салатын.

Саудагерлер қаншама алуан түрлі тауарлар әкелетін, ал ол осының бәрін алатын және өз бағасынан бірнеше есе асырақы төлейтін. Рум, Сирия, тағы сондай елдердің сұлтандарына жеңілдік берген, алдына келгендердің ешбірі өз орнына сай құрмет көрмей кетпеген».

Арақатынастары тек мұсылмандармен ғана жақсы болмаған. Мысалы, армянның XIII ғасырдағы тарихшысы Киракос Гандзакеци де көп оқиғаның куәсі болған. Естіген-білгендерін ол жылнамасына енгізе берген. Оның моңғолдар басып алмай тұрғанда, жергілікті ақсүйектер желігінде болған Кавказ аймақтарының қайта гүлдену дәуіріне қатысты деректері назар аударарлық. Ол осы оқиғаларды былай баяндайды: «Бүкіл патшалар мен ханзалалар, князьдер мен саудагерлер және есесі кеткендер, жерінен айырылғандар Батуға қарай ағыла бастады. Ол әділ шешімін айтып, әркімнің өз жерін, князьдігін қайтарып, грамоталар тапсырды, оның билігіне ешкім қарсы келе алмайды».

Бату хан жаулап алған жерлерінде әділдік қана орнатып қоймаған, ол жаңа қалалар мен елді мекендердің іргесін қалап, тұрғызған. Алтын Орданың астанасы болып Бату Сарай атанған үлкен қаланың қазығын өзі қаққан. Тарихи әдебиеттерде бұл қала Ескі Сарай деп те аталады. Өкініштісі, біздің заманымызға бұлардың қираған орны ғана жеткен. Дегенмен, археологтардың қазба жұмыстары барысында оның орта ғасырдағы ең ірі қалалардың бірі екендігі дәлелденді.

Алтын Орданың астанасы Еділ мен Жайықтың ортасында болған. Бұл аймақтың мемлекет орталығы болатындай көптеген артықшылықтары бар-тын. Олай дейтін себебі – егінге қолайлы бай аудандар мен ірі кенттердің болғаны көп ықпал еткен. Мұнымен қатар, Еділ мен Жайықтың төменгі сағалары мал шаруашылығының дамуына да жайлы. Сондықтан, ол жерлерде мал мен егін шаруашылықтары қатар дамыған. Жергілікті халықтың тіршілігінде бұлардың маңызы ерекше болатын.

Алтын Орда сол кезде-ақ бай әрі күшті мемлекетке айналған. Ондай елді басқару ісі мықты және ақылды адамның ғана қолынан келеді. Ал, жазба деректерде Бату хан дүниеден озған соң, Алтын Ордада не болғаны онша айтыла бермейді. Сол там-тұм деректердің өзі оның өлімі Моңғол империясында қатар-қатар құпия қазалардың болғанын жеткізеді. Алтын Орданың ішінде болса, тікелей билікке талас басталады.

Мәселен, Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркілер шежіресі» атты еңбегінде Бату хан қайтыс болған соң, Мөңке қаған Сартақты қыпшақтарға хан қойғаны айтылады. Бірақ ол қаза табады. Одан кейін таққа Ұлақшы келеді, ол да көп тұрақтап үлгермей қайтыс болады. Мөңке қаған бұдан соң таққа Жошының үшінші ұлы Беркені отырғызады.

Ол заманда Алтын Орданың әміршілерін Ұлы ханның өзі сайлайтын, оның билігі тұтас Моңғол империясының құрамына кіретін Бату хан иелігіне де жүретін. Ал Берке хан билікке ресми түрде 1258 жылы Ұлы хан Мөңке бекіткеннен кейін келді.


Дегенмен, бүгінде кейбір тарихшылар Берке Бату хан көз жұмған бойда, яғни, 1256 жылы билікке келді деп есептейді. Расымен солай ма еді?

Бұған түпкілікті жауап беру қиын, өйткені, ортағасырлық бізге жеткен деректердің өзінде мәліметтер ала-құла. Тіпті, кейбір еңбектерде аз уақыт билік құрған Алтын Орда хандары ауызға алынбайды да, жазылмайды да.

Дей тұрғанмен, жазба ескерткіштер мен бүгінгі зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, біз Алтын Орда билеушілерінің реттік жүйесін келтіруге тырысамыз. 1255 жылы Бату хан дүниеден озған соң, кіші інісі Берке 1258 жылы таққа отырғанға дейін қандай оқиғалар болғаны баян етіледі.

САРТАҚ ХАН

Жазба деректер бойынша, Сартақ әкесінің өлімін Қарақорымға кетіп бара жатқан жолда естігені белгілі. Онда ол көп болмайды, асығыс ордаға кері қайтады. Әл-Жүзжани Сартақ әкесінің інісі Беркенің иелігінің тұсынан өтіп бара жатып, оған бұрылмағанын, көңіл айтпағанын атап көрсетеді. Ат басын арнап бұруды қажет деп санамай, әрі қарай жүре береді.



Қарақорым қаласы

Мұны естіген Берке артынша оған сәлем айтып, шабарман жібереді: «Мен енді сенің әкеңдеймін, сен неге ат басын бұрмадың, жат біреудей неге өтіп кеттің?» Оған Сартақ былай деп жауап қайырады: «Сен мұсылмансың, мен христиан дінін ұстанамын. Мен үшін мұсылманның жүзін көру — бақытсыздық».

Сартақтың қолайсыз жауабы жеткен соң Берке қатты қамығады. Үйіне кіріп, бар ықыласымен бас ұра тізерлей жылап отырып, жан дүниесімен күңірене: «Жасаған Ием, Мұхаммедтің жолы ақ, мұсылманның заңы хақ болса, Сартаққа менің ақтығымды, адалдығымды білдіре гөр» деп жалбарынды. Осылайша Берке үш күн, үш түн аһ ұрып, аңырап, дұға кылып, құлшылық етеді.

Сартақ бұл кезде әкесінің ордасына келіп, іске кіріскен болатын. Батудың өлімі өкіл ұлы Бас князь Александр Невскийдің де Ордаға келуіне себепші болды. Қанша дегенмен, оның орыс жерінде ұстанған саясаты енді Сартақ ханның шешіміне байланысты болмақ.

Шамасы, олардың арасында салық көлемін белгілеу үшін, орыс жерінде халық санағын жүргізу туралы келісім болған сыңайлы. Алайда, Бас князь татар елшілерімен бірге Новгородқа келгенде, «ұсақ» адамдар бүлік шығарады. Бұл бүлікке Бас князьдің үлкен ұлы Василий басшылық етеді.

Александр жеке күзетінің күшімен татар елшілерін қаладан шығарады. Сосын Новгородта қатаң тексеру жүргізеді. Бүлік шығарып жүрген басшыларын жазалайды: олардың «мұрындарын кесіп, көздерін ояды». Жан түршігерлік осы жаза бүкіл орыс жерін есеңгіретіп жіберді. Бұл туралы Никонов жылнамасында «Бүкіл қалаларда Бату мен оның ұлы Сартақ басшыларды қамауға алды» деген жолдар жазылды.

Бату хан көз жұмғаннан кейін Моңғол империясында қаралы күндер жарияланды, бірақ бәрібір құрылтай тоқтатылмады. Құрылтайда моңғол ақсүйектері мұсылман елдеріне жорық ашу жайлы шешім қабылдады. Қаралы күндер өткен соң, Құлағу түмендері атқа қонды. 1255 жылы қыркүйекте олар Самарқандқа жетті. Ол жерде Құлағуды



Бату ханның өмірінің соңғы сәті

Алтын Орда әміршісінің өкілі Масудбек пен жергілікті әмірлер қуана қарсы алды. Құрметті кісіге арнап Кан-и-гиль деген жерде алтынмен зерленген шатыр тігіліп, қырық күн ойын-сауық өткізілді.

Құлағу түмендері жорықтарын 1255 жылы күз мезгілінің ортасында ғана бастады. Олар Кеш (Шахрисабз) қаласы арқылы Иранға бет түзеді. Қаңтарда моңғол әскерлері Әмудариядан өтіп, сол жерде Құлағу әскері Алтын Ордан

келген қосындармен кездесіп, толықты. Жауланған жердің бір бөлігін иелену шартымен Алтын Орда да соғысқа араласқан болатын.

Құлағудың басты мақсаты «жарты әлемнің астанасы» – Бағдадты бағындыру еді. Бірақ оның жолын ассасиндер (гашишиндер) иелігі кесіп жатты. Олар шииттердің беделді бір тармағына кіретін. Жүзге тарта таулы бекіністері Ауғанстаннан Сирияға дейін созылып жатты. Бұл бекіністердің ең үлкені солтүстік Персияда орналасқан Алмут болатын. 1256 жылы қараша айының он тоғызында Құлағу жаңағы діни тармақтың басшысын тұтқынға түсіреді. Келесі жылдың көктемінде оған тәуелді бар бекініс моңғолдардың иеліктеріне кіреді.

Содан кейін Құлағу түмендері бүгінгі Ауғанстан, Иран, Ирак жерлерін бірінен кейін бірін жеделдете басып алды. Сондай-ақ, Кіші Азия мен Кавказдың шығыс бөлігі де кірді. Жауланған жерде Құлағу өзіне бағынатын бесінші моңғол ұлысын құрды. Бұл тарихқа Құлағу мемлекеті деген атпен енді.

Алтын Ордамен арадағы келісім бойынша оған Арран (солтүстік Әзербайжан) қаласы берілуі керек еді. Алайда Құлағу сөзінде тұрмады. Оның сөзінен бұлай тайқуына Алтын Ордадағы биліктің өзгергені себеп болуы да ықтимал.

Бір өкініштісі, жазба ескерткіштерде Сартақ ханның қайтыс болған кезі анық сақталмаған. Дегенмен, оның аяқ асты өліміне себеп болған жай аталады. Мысалы, әл-Жүзжани Беркенің үш күн, үш түн аһ ұрып, аңырап, дұға қылғанын, Аллаһқа жалбарынып, Сартаққа өзінің ақтығын дәлелдеуін тілегенін жазады. Төртінші күні ойламаған жерден Сартаққа, әл-Жүзжанидің айтуынша, «Жасаған Ие іш ауруын жіберіп, жаны жаһаннамнан бір-ақ шыққан».

Алайда, ортағасырлық автор бұдан кейін өз сөзін түзегендей болып, қосымша дерек ұсынады. «Білетін кісілерден» Мөңке қаған Сартақпен кездескенде, оның бет-әлпетінен ызаланғанын байқап, сенімді адамдарына тапсырма бергенін, олар улап «жексұрын Сартақты тозаққа жібергенін» естігенін жазады.

Моңғол империясында әйелдің әлеуметтік сатысы биік болғанын XV ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы әл-Макризидің еңбегінен, бүгінге жеткен Жасақ үзіндісінен де көреміз: «Шыңғыс хан соғысқа жарамды әйелдер, еркектер жорыққа кеткенде, солардың міндетін атқаруға тиіс деп бұйырды».



Буракчин хатун

Қоғамның ең биік сатысында да әйелдің алар орны олқы болмады. Алтын Орда жайлы әл-Омари былай дейді: «Бұл мемлекеттің халқы халиф белгілеген заңдармен жүрмейді, әйелдері билікке еркектерінен кем араласпайды. Осы елдің әміршілерінің қолынан шыққан талай қағазды көрдім. «Хатундар мен әмірлердің пікірлері осыған саяды» деген секілді сөздер бәрінде кездеседі».

Сөздің қысқасы, Буракчин хатун немересі Ұлақшы қайтыс болғанына көп болмаса да, Алтын Орда билігін ұстады. Бірақ, Жошының үшінші ұлы, Бату ханның інісі Берке бастаған үлкен қарсылыққа ұшырайды. Беркенің көрсеткен қысымынан қорқып, ол елден қашпақ болады. Сөйтіп, Құлағудан көмек сұрайды. Құлағу қол ұшын созып, пана болуға келісімін береді. Алайда Берке Буракчин хатунды ұстап алып, өлтіруді бұйырады. Билік басына да содан соң келеді.

БЕРКЕ ХАН

Берке өте белгілі тарихи тұлға болған. Ол туралы мәліметтер тек орыс, араб жылнамаларында ғана емес, сондай-ақ, қытай деректерінде де ұшырасады. Дегенмен, ортағасырлық жылнамашылардың арасындағы Беркеге ең көп көңіл бөлгені әл-Жүзжани. Оның «Насири тобы» («Табакат и-Насири») аталатын еңбегі Насир әд-Дин I Махмұд-шах сұлтанның (1246 – 1265) құрметіне арналып, 1259 – 60 жылдары құрастырылған. Туындының бір бөлігі Берке ханға арналады. Оның өмірі әсіре құбылтылып, шығыстық үлгіде өңгімеленеді.

Әл-Жүзжани Алтын Орда әміршісінің өмірін дүниеге келген кезінен бастап баяндайды. Өзінің ерекше ықылас бөлуін ортағасырлық автор «Жошы ұлдарынан қалғаны – жалғыз осы мұсылман әмірші» деп түсіндіреді. Шындығында, Берке – Алтын Орданың исламды қабылдаған алғашқы ханы. Әл-Жүзжани осылай болуының себебін өзінше түсіндіруге тырысып, былай деп жазады: «Берке ханды анасы босанғанда, оның әкесі: «Мына ұлымды мен мұсылман қыламын, мұсылманнан сүт шеше табыңдар, кіндігін де мұсылмандарша кессін, емген сүті де мұсылмандікі болсын, өйткені, менің осы ұлым мұсылман болады, – деген екен». Жошы хан бұйрығы орындалып, Беркенің кіндігі мұсылман дәстүрімен кесілді, мұсылман әйелдің омырауын емді. Ал, оқу, білім алар жасына жетісімен, бірнеше имам жиналып, солардың арасынан біреуін Беркеге Құран үйретуші етіп таңдайды. Кейбір сенімді кісілердің айтуына қарағанда, ол Құранды Ходжентте, сол қаладағы бір дінтанушы ғұламадан үйренген. Жасы келгенде Беркені сүндетке отырғызады. Енді ол балиғатқа толысымен, Жошы ұлысындағы бүкіл мұсылман сарбаздары Беркенің қол астына беріледі».

Ортағасырлық автордың соңғы деректері, жанама түрде болса да, Жошы көзі тірісінде Беркеге моңғолдар басып алмай тұрғанда мұсылмандар билік еткен Дешті Қыпшақтың күнгей аймағы мен батыс Түркістан жерін билеуге берге-

нін көрсетеді. Берке әскері де, шамасы, солардан біртіндеп құрылған болса керек.

Бұдан әрі әл-Жүзжани Жошы өлген соң, «Бату Беркеге құрметпен қарап, оның қарамағына әскерді, нөкерлерді және бірнеше аймақтарды берді» деп хабарлайды. Расында, Беркенің аймақтарға төтенше билігі жүргені, тіпті өз атынан көрші елдерге елші жіберіп отырғаны, олармен одақ құрғаны күмән туғызбайды. Бұл жағдайды да XIII ғасырда өмір сүрген жылнамашы әл-Жүзжани өз еңбегінде былай деп айтып өтеді: «хижра жыл санауы бойынша 631 жылы (X.1233 – IX.1234) Беркенің бірнеше елшісі мәртебелі Шәмс-әд-дуния-уә-д-Дин¹⁸ сарайына жетті және мол тарту әкелді. Өйткені, бұл әмірші моңғол хандарына ешқашан қақпасын ашпайтын, олармен таныспайтын, ретін тауып, неше түрлі сылтаумен елшілерін де қабылдамайтын, ал Беркенің елшілерін қасиетті қала Каливарға жібереді. Елшілер мұсылман еді, жұма сайын Каливардағы бас мешітте Минхадж-и-Сираджамен бірге жұма намаздарын өтеп жүрді. Ақырында, Разия сұлтан билік басына келгенде, Минхадж-и-Сираджа алты жылдық мерзімі бітіп, қасиетті Каливардан асқақ астана Делиге аттанды, ол жерде әйел патшаның назарына ілігеді, ал Беркенің елшілерін қасиетті Каливардан Каннуджға жіберіп, енді қайтып шығармауға бұйырады, елшілер сонда дүние салады».

Аталмыш еңбекте Беркенің «жарты әлем астанасы» – Бағдад қаласына елші жібергені мәлімделеді. Өзі де аймағынан сыртқа шығып тұрған. Мұны мына сөздерден байқауымызға болады: «Берке мұсылман әулиелері мен ғұламалардың өлгендерінің басына барып, тірілерімен жүздесуді ойлайды. Қыпшақ даласынан Бұхараға келеді, ол жерлерді аралайды, қайтып келген бойда әзінің сенімді адамдарын халифқа аттандырады. Сенімді кісілерден оған бір емес, екі рет халифтың сый-құрмет көрсетіп, шапан жібергенін естідім. Ол кезде ағасы Бату хан да тірі болған».

Еуропалық авторлардың деректерінен бізге белгілісі – Бату хан әйгілі батыс жорығынан кейін Берке иелігіне Солтүстік Кавказды берген. Осыған орай, Гильом Рубрук Берке жайлауы «Темір қақпаға қарай, бүкіл Персия мен Түркиядан шыққандар келетін жолдың үстінде орналасқан. Батуға бет алған олар Берке иелігінің үстімен өтетін» деп жазады. Берке

¹⁸ Шәмс-әд-дуния-уә-д-Дин – Әбу-л-Мұзаффар Илтұтмыш (1210 – 1236 жылдар).



Берке Сарай қаласының жалпы көрінісі

саудагерлерден өз жерінен өткендері үшін мол ақы алып тұрған тәрізді. Сондықтан, «Бату оған ол жерден шығысқа қарай жылжып, Еділдің арғы бетіне қоныс аударуын тапсырады. Саудагерлердің оның жерінен үздіксіз өткендерін қаламайды. Бату мұны өзі үшін тиімсіз көреді».

Бату хан тірі кезінде де Берке Моңғол империясында беделді саясаткерлердің бірі болды. Мәңкенің Ұлы хан сайлануындағы қақтығыстың бел ортасында жүрді, белсене қимыл көрсетті. Сол кездің өзінде Беркенің отыз мыңдық әскері бар болуы ғажап емес, Бату хан Қарақорымға Мәңке билігін нығайту үшін оны сол әскерімен жіберуі мүмкін. Бірақ мұны кесіп айту қиын.

Берке Алтын Орда ханы болып тағайындалғанда, оның Моңғол империясының әміршісіне көрсеткен көмегі ескерілген де шығар, бұлай ойлауға негіз бар. Өйткені ол бұл кезде билікке араласқан, тәжірибелі саясатшы әрі мықты қолбасы болып қалыптасты. Ол Алтын Орданың билік тетіктерін, қырсырын жақсы меңгерді. Бұлардан басқа, оның жеке басының ақылдылығы мен қаталдығы да әміршіге керек қасиеттер еді.

Араб тарихшысы әл-Муфаддәлдің бізге жеткен жазбаларынан бүгінде Беркенің бет-әлпетінің қандай болғанын да біле аламыз. Селдір сақалды, жалпақ бет, сары кісі болған. Берке шашын құлағының артына қайыра тарап жүрген, бір құлағына асыл тасты алтын сырға таққан. Үстіне жібек шапан, басына қалпақ, аяғына қызыл шегірен етік киген. Бұлғардың көк былғарысынан алтынмен апталып жасалған, асыл тастармен әшекейленген жалпақ белбеумен буынған. Кісесінде алтынмен апталған иір мүйіз ілулі тұрған.

Берке қатал әмірші болды, бақталастарына да жылы карамағаны белгілі. Ол Буракчин хатунның көзін жойғасын, Бату ханның 26 жесірінің біріне үйленіп, бұдан әрі не істейтінінің басын ашып алды. Хиуа әміршісі Әбілғазы Баһадүр хан өзінің «Түркілер шежіресі» атты еңбегінде «Берке Ұлы хан Мөңкеге мол тарту жіберді» деп жазады. Мөңке сыйлықтарын қабыл алып, Жошының үшінші ұлын Алтын Орда ханы етіп тағайындайды.

Мұсылман әлемі бұл тағайындауды өте жылы қабылдайды. Әл-Жүзжани өз еңбегіне мынадай жолдарды жазды: «Мұсылмандардың бақытына орай, Беркенің билігіне қыпшақ, саксин, бұлғар, саклаб және орыс жерлері, Румның солтүстік-шығыс шекарасына дейінгі және Жент пен Хорезмге дейінгі аралықтар өтті».

«Насири тобының» авторы бұдан әрі былай деп жалғастырады: «Беркенің бас әскері 30 000 мұсылманнан тұрады. Сондықтан, олар үшін жұма намазы ұйымдастырылады. Білетін кісілердің айтуынша, оның бүкіл әскерінде бір тәртіп болған: әрбір сарбаз уақытылы намаз оқитындай болу үшін жайнамаз алып жүрулері тиіс. Әскер қатарында ешкім шарап ішпейді, ал Беркенің жанында үнемі ең күшті деген Құран білгірлері, хадис түсіндірушілер, шарифатшылар болатын. Оның діни кітаптары өте көп, жиындары мен сұхбаттары көбіне дін ғұламаларымен бірге өтеді. Сарайында әрдайым шарифатқа қатысты пікірталас әрбір, оқымыстылар бас қосады. Берке ислам іліміне шын берілген, иманы кәміл жан».

Беркені Ұлы хан Мөңке Алтын Орда ханы етіп тағайындағаннан кейін исламды қабылдады деп жаңсақ тұжырымдайтын зерттеушілер де кездеседі. Ал, мұсылман авторларының пікірлері бұған кереғар келеді. Әл-Омари мен Элькалька-шанди жазбаларында Беркенің хан тағына отырмай тұрып-ақ ислам дінін қабылдағаны айтылады. Араб тарихшылары ибн Халдун, әл-Айни және тағы басқалар бұл дерекке Беркені исламға кіргізген Кубрави сопылар ұйымының басшысы, белгілі бұхаралық шейх әл-Бахреси еді дегенді қосады. Кездесуге келген Беркені ол үш күн есігінің аузында күттіріп қойып, содан соң ғана қабылдайды. Берке мұны өз бойына қорлық санамай, бүкіл мұсылман әлеміне өзінің ислам ғұламасына деген үлкен құрметін көрсетеді.

Бұл кездесуді XIV ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы ибн Халдун былай баяндайды: «Беркені исламға Нежмеддин Кубраның ізбасар шәкірттерінің бірі Шәмс әд-Дин әл-Бахрези тәрбиеледі. Әл-Бахрези Бұхарада өмір сүрген, Беркеге ислам дінін қабылдасын деп елші жібереді. Берке мұсылман болып, әл-Бахрезиге өзінің ұлысында емін-еркін жүріп-тұрып, қалағанын істеуге рұқсат ететін грамота жібереді. Бірақ әл-Бахрези бұдан бас тартады. Әл-Бахрезидің грамотаны қабылдамағанын естіген Берке онымен кездесу үшін өзі жолға шығады, ал әл-Бахрези алдына өз адамдары келіп өтініп сұрағанша оны кіргізбейді. Беркенің кіруіне олар әрең дегенде рұқсат алады. Берке кіріп, тағы ислам жоралғысын жасайды, шейх оның ашық түрде ислам жолын ұстануына пәрмен береді».

Ислам ілімінің Алтын Ордаға сол дәуірде таралуына Өтеміс қажы да өзінше тоқталып өтеді. Ол Хорезм әміршісі Илбарыс ханның хатшысы болған. Демек, ол Алтын Орда тарихының кей тұстарын жақсы білген десек қателеспейміз. Өтеміс қажының «Шыңғыснама» аталатын еңбегінде былай деп жазды: «Берке хан бұхаралық шейхтің ақ батасын алып, ордасына қарай бет алғанда, Үргеніш қаласынан Сарайшыққа дейін оның маңында рухани қолдаушылары ретінде 500 адам жиналды, ал Сарайшықтан өткен соң ондай адамдардың саны 1500-ге жетті, олардың бәрі елге танымал, беделді кісілер еді».

Таратып айтқанда, Сарайшықта Берке жанына бүкіл жол бойындағылардан екі есе көп мұсылман қауымы топталған. Бұл сол кездің өзінде қалада үлкен ықпалды орталық болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, жазбадағы «беделді кісілер» дегенге баса назар аудару керек. Демек, Сарайшық қаласының бүкіл ақсүйек қауымы Берке ханға қолдау көрсеткен деуге әбден болады.

Алтын Орда астанасы Батуда Сарайда, сонымен қатар, Бұлғар қаласында, Солтүстік Кавказда ірі мұсылман қоғамдары жұмыс істеген. Берке билігінің тікелей қолдаушылары да солар. Ол таққа Құлағу түмендері мұсылман Шығысын жаулап жатқан кезде отырды.

1257 жылдың қараша айында моңғолдар Бағдад қаласына қарай бет алды. Тәуелді князьдіктер Армения мен Грузиядан, түркі қосындарынан көмек те сұрады. Құлағудың әскери қимылдарының Шыңғыс хан дәуіріндегі жорықтардан онша айырмашылығы жоқ болды.

Құлағу әскері теріскейден жөне шығыстан доғадай иілген бапшы жылжыды. Жергілікті халық босып, Бағдад қаласы бекінісінің ішіне барып тығылды. Келесі жылы қаңтар айында моңғолдар қаланы жан-жақтан мықтап қоршауға алды, ал қала бекінісінің іші халыққа лық толып, сыймай жатты. Бір ай өтпей жатып-ақ «жарты әлем астанасы» құлады, әйтіп, жеңімпаз сарбаздардың талан-таражына түсті. Сонау Тоби шөлінен келген көшпенділер бес күн бойына мұсылман әлемінің қақ төрінде білгендерін істеп, әбден ойран салды. Аббас әулетінің соңғы халифы қолға түсіп, өлім жазасына кесілді.

Армян тарихшысы Григор мұсылмандардың жоғарғы басшысын үш күн тамақсыз, сусыз ұстап, сосын үйілген бағалы қазынаға алып келіп, соларды жеуді бұйырады. Халиф оны жеп жатқан кезде, Құлағу халифты осыншама мол



Құлағу ханның Бағдадты бағындыруы. XIII ғасырдағы парсы қолжазбасынан алынған сурет


незінен пайдаланып, қала мен халыққа қорған болар әскер баптамағансың деп, оның сараңдығы үшін сөгуге болады.

Бағдадтың құлауын баяндайтын тағы бір жылнамашы Кириакос былай деп қосады: «...өзінің ұлына Құлағу халифтың бір ұлын өлтіруді тапсырады, екінші ұлын Тигр өзеніне арнайы құрбан етеді: оның ойынша, өзен бұлардың ниетіне қарсы болмаған, қайта арсыздарды жазалау ісіне өзіндік үлесін берген».

Әл-Жүзжанидің де бұған тоқталып өтетін кезі бар: «Құлағу Бағдадтағы санап ұшығына шығу мүмкін емес қисапсыз незінен алып кетеді. Ақшасын да, асыл тастарын да, сирек кездесетін қымбат әшекейлерді де қалдырмай әкетті. Тарту-таралғы түрінде, үлесі ретінде мұсылман Беркеге аздап болса да жіберді, енді бір бөлігін тығып тастады. Сенімді кісілер

ден мынадай әңгіме естідім: Бағдад қазынасынан жіберілген заттарды Берке қабылдамайды, сөйтіп, Құлағудың елшілерін өлтіріп тастайды. Сол себепті, Берке мен Құлағу арасында жауласу басталады».

Берке мен Құлағу екеуінің арасындағы дұшпандық сөз болатын ортағасырлық басқа деректер де бар. Ол жазбаларда, тіпті осы қақтығысқа бас болған тұлғалардың да ауыздарына сөз



Самарқандтағы Гур-Әмір кесенесінің күмбезі

салады. Мысалы, Құлағу былай дейді: «Берке хан қанша үлкен болса да, арұяттан жұрдай. Менімен өте дәрекі сөйлеседі, менсінбейді. Енді мен оны ешқашан қолдамаймын». Берке хан да ұрысады: «Ол мұсылмандардың бүкіл қаласын қиратты, жауы қайсы, жағы қайсы, қарамады, мұсылман әмірлердің бала-шағасын түгел қырды. Жаратқанның жәрдемімен жазықсыз төккен қаны үшін жауап бергіземін оған».

Қаһарына мінген Берке хан әуелі Самарқанд қаласындағы христиандар қоғамына ойран салудан бастады. «Насири тобының» авторы бұл қанды оқиғаны жан-жақты баяндайды. Берген тақырыпшасы бір түрлі қызық. Ол «Мұсылман Беркенің тақуалығы» деп аталады. Әр оқырман өз ойын қорытсын, мәтінді толық келтірген жөн болар.

Әлгі Самарқандқа келген атақты моңғол монахы мұсылман болған жігітті алдырады. Жас жігітті алдап, арбап, сыпайы түрде сый беріп, құрмет көрсетіп, оны ислам дінінен айнытпақ ниетте болады. Бірақ жаңадан мұсылман болған жігітті қанша алдаса да, ол ниетінен ешбір таймайды, жан-тәнімен ислам дініне берілген жанның жүрегін басқа арнаға бұра алмай, олардың мазалары қашып әбігерге түседі.

Бұдан басқа істейтін амалдары қалмаған соң, әлгі моңғол монахы енді жігітті қорқытуға кіріседі. Қолында билігі, күші бар ол, жігітті аямайды, жазаға тартады, қинап, әбден азаптайды. Алайда, иманы берік жас жігіт дінсіздердің соққан дүресіне де, көрсеткен қорлығына да шыдап бағады, айтқандарына көнбей қояды. Дініне деген сенімі нық ол адасып жүрген қандастарының уәделеріне де, дүние-малына да қызықпайды, содан оны сұмырай моңғол өлтіруге бұйырады. Ол өзінің иманының беріктігін сақтаған қалпында о дүниеге аттанды. Аллаһ оған разы болып, жанын жаннатқа бұйыртсын!

Самарқандтың бар мұсылманы төбелерінен жай түскендей болды. Самарқандта тұратын дін ақсақалдары мен басқа да сенімді қалалықтар куәландырған арнайы акт (махзар) толтырып, соны алып, Берке ханға келіп, болған жайды баяндайды. Бірден актілерін көрсетіп, самарқандтық христиандардың санын ханға жеткізеді.

Ханның исламға деген сенімі артып, ақиқаттың жоғын жоқтауға ниеті бұрады. Бірнеше күннен кейін Берке хан Ашраф әд-Динге құрметін көрсетіп, Самарқандқа түріктерден жасақталған қосын мен ислам дінінің сенімді өкілдерін жібереді. Сосын шектен шыққан заңсыздыққа мұрындық болған христиан тобырындағылардың жандарын жаһаннамға жіберуді әмір етеді.

Мұндай бұйрықты алған олар арамза христиандардың шіркеулеріне кірер уақыттарын күтіп тұрады. Сөйтіп, бәрін бір-ақ ұстап алып, тобырымен тозаққа аттандырады. Ал шіркеулерін жермен-жексенетіп бұзыптастайды. Мұны Мұхаммедтің (с.а.у.) үмбеті, ханифа тармағының ұстанушысы Берке хан дінге деген сенімінен жасады, Аллаһ тағала оның мәртебесін жоғары қылғай!

ҚАТЫГЕЗ БЕРКЕ ХАН НЕМЕСЕ ЖАМАЛ ӘД-ДИН ИБРАГИМ

Самарқандтағы қанды оқиғадан кейін Берке хан орыс князьдіктерінде жаңа халық санағын жүргізбек болады. Бас князь Александр Невскийге арнайы кісілер жібереді. Орыс жылнамашылары оларды «санақшылар» және «жазғыштар» деп атаған. Санақшылар жайлы былай дейді: «Ант ұрғандар көшелерді көп аралайды, христиан үйлерін санайды». Лаврентий жылнамасында «санақшылар онбасы, жүзбасы, мыңбасы және түменбасыларын тағайындайтынын» жазады.

1259 жылы новгородтықтар Берке хан ұйымдастырған халық санағын көтеріліспен қарсы алады. Сол жылы түменбасы Бурундай орыс жеріне жорыққа шығып, одан Польшаға қарай өтеді. Жазалау жорығынан кейін орыс жылнамашылары Берке ханды қол астындағылардан қапысыз бағынуды талап ететін, өте қатыгез әмірші ретінде бейнелейді.

Бұл кезде шығыста Ұлы хан Мөңке қытайдың Сун империясына үлкен майдан ашып жатқан. Ұлы ханның өзі бастаған моңғолдар қарқынмен жеңістен жеңіске жетті. Сун империясын толық тізе бүгуден Мөңкенің аяқ асты өлімі құтқарып қалды. Хан 1259 жылдың тамыз айында дүние салды. Оның өліміне Сычуань провинциясында тұтанған жұқпалы дерт себеп болған.

Суық хабар көп кешікпей-ақ жылнамашы әл-Жүзжаниге де жетеді. Ол өз еңбегінде бұл оқиғаға арнайы тоқталады: «хижра жыл санауы бойынша 658 жылы (18.XII.1259 – 5.XII.1260), осы жұмысты жазып бітіретін кезде, Хорасан жақтан келген кейбір кісілер Мөңкенің ажал тапқанын баяндап береді. Иранда, Мәуереннахрда, Хорасанда Құтпан намазы оқылғанда жаппай Берке ханның аты аталып, оған Жамал әд-Дин Ибрагим деген лақап ат берілді, істің мәні бір Аллаға ғана аян».



Сун императоры

Мөңкенің ажалы Сирияны басқыншылардан құтқарды. Құлағу түмендері атқа қонуға өзір тұрған, алайда ол Ұлы хан сайлайтын құрылтайға қатысу үшін Қарақорымға жүруге мәжбүр болды. Құлағу әскер басшылығын Кетбұға ноянға тапсырады. Ол 1260 жылы Алеппо мен Шам (Дамаск) шаһарларына басып кіреді.

* * *

Құлағу сарбаздары мұсылмандық Шығыс қалаларын қиратып, бейбіт отырған халықты талан-таражға салып тонап жатқанда, Алтын Ордада жаңа бір қаланың іргесі қалана бастады. Кейін бұл қала ортағасырлық ірі орталыққа айналып, Алтын Орданың екінші астанасы атанды. Ол тарихта Берке Сарай (Сарай-Берке) деген атпен белгілі. Оның қираған орны бүгінгі Волгоград қаласының маңында.

Жазба деректерде осы бір ғажап қала жайлы деректер аз кездеспейді. «Мұны ардақты Шуджаэддин Әбдірахман әл-Хорезми тілмаш айтып берді, – деп жазады әл-Омари. – Сарай қаласын Еділ бойына Берке хан тұрғызған. Сортаңдау жерге салынған, айнала қорғаны жоқ. Орталығында зәулім сарай бой көтерген, оның төбесінде сом алтыннан құйылған айшық жарқырап тұр. Сарай дуалдармен, мұнара және үйлермен қоршалған, ол үйлерде әмірлер тұрады және қыс айларын осы сарайларда өткізеді. Мынау Еділ өзені Нілден үш есе үлкен көрінеді. Онда үлкен кемелер жүреді, орыстарға, славяндарға қатынайды. Сарай – керемет зор қала, базарлары, мешіттері, моншалары, тауарлар жөнелтілетін жүк қоймалары өте көп. Қаланың ортасында өзеннен тартқан су бөгені бар. Оның суын ішпейді, басқа керегіне жұмсайды. Ал ауыз суларын өзеннен тасып алады, қыш құмыра, күбілермен қалаға әкеліп сатады».

Әл-Омари Сарай Беркеге өзі ешқашан бармаған, көрмеген тек естігенін ғана жазған. Ал арабтың басқа бір жылнамашысы ибн Баттута сол қалада тұрған. Сондықтан, өз көзімен көрген оның жазбасы өте құнды болып есептеледі. Ол былай дейді: «Сарай шаһары – әдемі қала, тұрған жері жазық, мұндай үлкен қала сирек кездеседі, топырлаған ығы-жығы халық, базарлары әдемі, көшелері кең жасалған. Бірде қаланың бір үлкен кісісімен шаһардың көлемін өлшемек болдық. Таңертең атқа мініп шықтық, қаланы айналып келгенше күн ауып кетті.

Сонда бірде-бір бос тұрған жер немесе бау-бақшаны кездестіргеніміз жоқ, тек иін тірескен үйлерді көрдік. Қалада 13 үлкен көпшілік мешіттері бар, оның бірі шафийлік. Басқа мешіттер де толып жатыр. Қалада неше түрлі халық тұрады: моңғолдар – билік солардың қолында, олар көп; кейбіреулері мұсылман; астар – түгел мұсылман; қыпшақтар, шеркестер, орыстар мен византиялықтар – христиандар. Әр халық қаланың өздеріне арналған бөліктерінде тұрады, әрқайсысының өз базарлары жұмыс істейді. Саудагерлер мен шетелдіктерге арналған бөлек ауданы тағы бар. Ирактан, Мысырдан, Сириядан, тағы басқа да жерлерден келгендер сонда аялдайды. Сонымен қатар саудагерлер тауарларына алаңдамаулары үшін салынған қоршаулары да бар». Әл-Омари мен ибн Баттута жазбаларынан қаланың саудасы, қолөнері дамыған, қайнаған тірлік ортасы болғаны байқалады. Археологтардың қазба жұмыстары ортағасырлық авторлардың деректерін растап қана қоймады, оларға жаңа, тың мәліметтер де қосты. Қазба деректерге қарағанда, Берке



Сарай өз дамуының жоғары сатысына жеткенде, халқының саны жүз мыңға толған.

Араб тарихшысы ибн Халдуннан да қалған жазба бар: «Берке исламды өз халқының арасына түгелдей таратты, иелігіндегі жерлерге мешіттер салдырды, медреселер тұрғызды, оқымыстыларды, шарифат білгірлерін шақыртты, достық қатынас орнатты». Расында да, Берке – ақсүйек көшпенділерді исламға тартқан тұңғыш Алтын Орда ханы. Оның кезінде Алтын Орданың мұсылман Шығыстың бай сауда орталықтарымен байланысы күшейді, ол жақтан қолөнер шеберлері, саудагерлер, сәулетшілер, әдебиетшілер, ғалымдар ағылып келіп жатты.

Берке хан Моңғол империясында болып жатқан оқиғаларды жіті назарында ұстап отырды. 1260 жылдың мамырында Ұлы хан болып, Мөңке қағанның інісі Құбылай сайланды. Моңғол империясының жаңа әміршісі бас орданы Ханбалыққа (Пекин) ауыстырды және сол жерде чжунтун («ортаңғы әмірші») шенін қабылдады. Шындығына, бұл қадамы оны моңғол ханынан қытай императорына айналдырды.



Құбылай хан.
Қытай суреті

Осыны негіз етіп Берке хан Құбылай билігін заңсыз деп таныды, оған бағынудан бас тартты. Моңғол ақсүйектері де Құбылайға қарсы жаппай көтерілді. Олардың Құбылайды қытайларға еліктеп, соларша өмір сүреді деп кінәлаулары себепсіз емес болатын.

1260 жылдың маусымында Құбылайдың қарсыластары оның інісі Арық Бұғыны Ұлы хан деп жариялайды. Бұл тәртіпсіздікке жол ашып, Моңғол империясында жік пайда болды. Мөңкенің екі інісі Құбылай мен Арық Бұғы арасында билікке талас басталды. Екеуі де қаған деп жарияланды. Біреуі Қарақорымда, ал екіншісі Ханбалықта билік құрды. Сөйтіп, өзара болған соғыс Моңғол империясын әлсіретіп жіберді.

Берке хан Арық Бұғыны жақтады және Алтын Орданы Моңғол империясының құрамынан бөліп алуға күш салды. Дәл осы уақытта мүлде ұмытылуға айналған Шағатай мен Үгедейдің ұрпақтары тарих сахнасына шықты, олар Мөңке қаған кезінде тасада қалып келген еді. Елдегі ішкі тартысты пайдаланып, өздерінің бұрынғы ұлыстарын қайтарып алды. Нәтижесінде, Жошы ұрпақтары Мәуереннахрдағы ықпалдарынан айырылып, ол жерлерді тастап шықты, бүкіл әскери қосындары мен әкімдерін ала кетті.

1260 жыл – Моңғол империясы ыдырай бастаған жыл саналады. Ол кезде империя бес ұлыстан тұратын, әрқайсысы Шыңғыс хан ұрпақтарының есімімен аталды:

- 1) Төле Ұлысы (*Юань империясы деген атпен жақсы таныс*);
- 2) Үгедей Ұлысы;

3) Шағатай Ұлысы;

4) Жошы Ұлысы (Қыпшақ хандығы деген атпен де белгілі);

5) Құлағу Ұлысы (кейінірек Құлағулықтар мемлекеті аталады).

Моңғол империясында өзара ішкі тартыс басталғанда, әр ұлыс өз саясатын ұстанып, жеке билікке ұмтылған-ды. Бір айта кетерлік нәрсе, кейбір араб авторлары ол кезеңдегі Алтын Орданы өз еңбектерінде «Дешт-и Берке», яғни сөзбе-сөз «Берке өлкесі» деп атайды.

Крестшілер жорығы мен шығыстан келген Құлағу әскерлері ислам дініне нағыз жойылып кету қаупін туғызған-ды. Ал Берке хан сол дәуірдегі ислам дінін берік ұстанған ең күшті әмірші болатын.

Алайда ислам дініне қорған Алтын Ордадан емес, Ніл бойынан келді. Тарих сахнасына түркілердің әскери ұйымы шығады. Ол адамдардың ішкі күштері, ойранға әкеп соқтыратын сыртқы күштерге қарағанда, мықтырақ болатын. Айюбидтер әулетінің қолынан қисайып түскелі тұрған «қасиетті соғыс» байрағын іліп әкетіп, тіктейді, сөйтіп, ислам әлеміне бас болды. Осылайша жаңа билік орнады, бұл тарихқа «мәмлүктер» деген атпен енді. Олар құрған империя «Дулат әл-Аттүрк», яғни «Түркілер империясы» аталды.

Билік басына жаңа адамдардың келуі «Аллаһ тағаланың қайырымы еді, өйткені ислам әлемі сергелдеңге түсіп, зор қатер төнген кезде тың күш қосты, ерліктің басқа үлгісін көрсетті», – деп атап өтеді араб тарихшысы ибн Халдун.

Мәмлүктердің билік басына келуі әлем тарихында маңызды рөл ойнады. Сонымен қатар, бұл оқиға мұсылман Шығысы мен Алтын Орда арасындағы байланыстың орнауына оң ықпалын да тигізді. Соның арқасында олар күшейе түсті.

МӘМЛҮКТЕР

Моңғол түмендері сол аласапыран кезеңде сансыз мұсылманға соңғы пана болған Мысыр шекарасына ешбір кедергісіз таяп келді. Құлағу хан Каирге елшілерін жібереді. Олар Құтұз сұлтанға хат әкелді, онда былай делінген: «Көк пен Жерді жаратқан Иенің елшісі, Шығыс пен Батысты бағындырған патшалардың патшасы – Ұлы ханның атынан! Малик Құтұз және елдегі басқа әмірлер және Мысыр мен оның маңындағы халық, біліңдер, біз – құдіретімен мына жерді жасаған Жаратқанның әлемдегі сарбаздарымыз! Біз Ұлы ханға бас игендерге ғана еркіндік береміз. Біздің қаһарымызға ұшырамау үшін, сендер басқалар жіберген қателіктерді ескерулерің керек. Бар құпияларың ашылмай тұрғанда, бас иіп, бізге бағыныңдар!»

Көзіне қан тола қатты ашуланған Құтұз мына хатты оқып берген елшіні сол жерде шауып өлтіреді. Одан басқа он бес елші де мерт болды. Тек біреуін ғана Құлағу ханға көзімен көргендерін айтып барсын деп, әдейі аман қалдырады.

Елшілер өлтірілген соң, енді соғыстың болатыны анық еді. Моңғолдардан төнген қауіп мәмлүктердің дұрдараз екі үлкен тобын біріктірді. Оның бірін Құтұз сұлтан, екіншісін өте беделді әмір Бейбарыс басқаратын. Олар екеуі өзара келісімге келеді. Келісім бойынша, жеңіске жеткен жағдайда, Бейбарыс Алеппо қаласының билігін иеленуі керек болатын. Мәмлүктер осыған келісіп, бірігеді де, майданға шығады.

Екі жақтың әскері палестиналық Назарет қаласының маңында орналасқан Айн-Джалут деген жерде кездесіп, қақтығысады. Әмір Бейбарыс мәмлүктер әскерінің сол қанатын, Баһадүр әмір оң қанатын басқарды, ал Құтұз сұлтан ортасында тұрды.

Бұл кезде Құлағу хан Ұлы хан Мөңкенің өліміне байланысты Қарақорымға жүріп кеткен еді. Сол үшін әскерді тәжірибелі қолбасы Кетбұға ноян басқарды. Персия мен Иракты жаулаған Кетбұға – моңғол сардарларының арасында өте беделді, ерлігі ел аузында аңызға айналған баһадүр.

Кетбұға әскерін бір түмен салт атты моңғол және Киликий патшасы Хетума мен оның күйеу баласы Антохи Боэмун

бастаған төрт мың армян мен грузиндер құрады. Олардың қосындары Құлағудың тұрақты әскерлерінің бір бөлігі болатын.

1260 жылдың қыркүйек айының үшінде таң шапағымен бірге дабылдар соғылып, екі әскер бір-біріне қарсы жүрді. Күн батар шақта моңғолдар быт-шыт болып, күйрей жеңілді. Кетбұға соғыстың ақырына дейін арпалысты. Атынан жығылып қалып, тұтқындалады. Қолға тірідей түскен Кетбұғаның басын шауып, найзаға шаншып, Каир көшелерімен алып жүрді. Артынан қала қақпасына жұрт көретін жерге іліп қойды. Мысыр мәмлүктерінің сәтті жеңісі моңғолдардың мұсылман әлемін жаулауын тоқтатты. Мұнымен қатар, Галилейдегі крестшілердің ұсақ иеліктерінің Еуропамен байланысын да біржола үзді, олар жойылып кетті.



Кетбұға

Айн-Джалуттегі ұрыстан кейін Құтұз «исламның ер жүрек қорғаны» деген атақты иемденді. Моңғолдарды жеңіп белелі одан әрі арта түскен Құтұз атақ-даңқты Бейбарыс әмірмен бөліскісі келмей қалды. Келісімдегі Алеппо қаласын оған бермей қойды.


Бейбарыс енді басқаша әрекетке кірісті. Оны Илмуддин Анас, Илмуддин Саңғлы және Сейфуддин Балапан деген мәмлүк әмірлері қолдады. Қазан айының жиырма екісінде Құтұз Қызыл теңіздің Сирия мен Мысыр аралығы жағалауында Кусаир деген жерде аялдайды. Нөкерлерін Каирге жіберіп, сұлтанның өзі шағын жасақпен саят құрады. Олармен аңға астыртын сөз байласқан адамдар да шығады.

1260 жылғы қазанның жиырма төртінде аңшылықта жүргенде, құмның арасында Бейбарыс Құтұздан тұтқындағы бір әйелді беруін сұрайды. Сұлтан бұған сараңдық көрсетпейді. Ырзалығын білдіріп, қолын сүймекке Бейбарыс еңкейе береді, бұл басқаларға берілген белгі болатын.

Бейбарыс Құтұздың қолын ұстасымен, Анас әмір қылышын жарқ еткізіп, сұлтанның басын шауып түсіреді. Адалдықтарының белгісі ретінде астыртын іске қатысушылар түгел Құтұздың өлі денесіне жебелерін қадады. Түн жамылып олар өз әскерлерімен бірге сұлтан сарайына келіп кірді.

Ал Бейбарыс болса, Мысырдың, Сирияның, Хиджаздың және Йеменнің, сонымен қатар, «бұдан кейінгі жорықтарда басып алынатын жерлердің» сұлтаны жарияланды. Осылайша жауланатын жерлер билігі сұлтанға берілетіні ресми түрде мақұлданып қана қойған жоқ, алдағы болатын іс-қимылдардың бағдарламасы да белгіленді.

Жаңаланған құжатта сұлтанның міндеттері қатарында дінсіздермен соғыс, бекініс салу, флот құру істері аталып өтілді. Ал, ең негізгісі, Бейбарысты бүкіл ислам әлемінің басшысы деп жариялады. Оның абыройы асқаны соншалық, кейінірек тарихшылардың сұлтан Бейбарысты «ислам қорғаны» атандыруына негіз болды. Мұның құрметіне мереке ұйымдастырылып, халық сауық-думан құрды.



Бейбарыс пен Кетбұға шайқасы.
Парсы суреті

ОДАҚТАСТАР

1261 жыл тек мұсылман жұртшылығына ғана емес, басқаларға да мерекелі жыл болды. Моңғол империясының Ұлы ханы Құбылай Құлағу жаулаған жерлерді соның иелігіне берді, өзі илхан (тайпалар ханы) атағын иемденді. Оның иелігіне Персиядан басқа, Кавказ аймағы да кірді.

Византия империясында билік өзгерді. 1261 жылғы шілде айының 25-інде никейлік әскерилер крестшілердің негізгі күштерінің жорықта жүргенін пайдаланып, Константинопольді басып алады. Бір ай өткен соң қалаға салтанатпен Михаил Палеолог келіп, тақты иеленді. Сөйтіп, бұл мемлекеттің жаңа дәуірі басталды.

Сол жылы Алтын Орда астанасы – Бату Сарайда православ епархиясы құрылады. Орыс митрополиті III Кирилл бекіткен епископ Митрофан Сарай мен Переяславль епископы болып тағайындалды. Алайда бір жыл өтпей жатып-ақ тыныштық қайтадан бұзыла бастады. Русьте «татар алымшыларын» Ростовтан, Владимирден, Суздальдан, Ярославтан тағы бірқатар қалалардан қуып шықты.

Бас князь Александр өз жерлерін аралап, халық толқуларын басып жүргенде, Берке хан Византия императоры Михаил Палеологтың Балқандағы ісіне барып араласты. Болгар ханы Константин Тихтің өтініші бойынша, Алтын Орда әскері Құлағудың жақтасы Византияға жорық ұйымдастырды.

Содан кейін Берке хан өріске бай Әзербайжан жерін өз иелігіне қосып алуды ойлады. Өйткені, Кура өзенінің төменгі ағысындағы Мунган жазығы қыстауға, ал Қарабақ етегі жайлауға таптырмас қоныс еді. Бұлардан басқа да, Әзербайжан

қолөнерімен, әсіресе, тоқыма ісімен белгілі болатын. Берке осы жерлерді Құлағудан әскерінің Бағдад халифына қарсы жорыққа қатысқаны үшін талап етті. Екеуара жүргізілген келіссөздерден түк шықпады. Ақырында соғыс өрті тұтанып кетті.

Берке мен Құлағу иеліктері Дербентке жақын Кавказ жоталарында шектеседі, алғашқы қақтығыстар да сол жерлерде өтті. Алтынордалықтар қарсыластарын күнгейге қарай ығыстырды. Содан Алтын Орда мен Құлағу

мемлекеті арасындағы соғыс тұтас бір ғасырға созылды, әрине, арада үзілістер болып тұрды. Үлкен ұрыстардың бәрі араб, парсы жазбаларында егжей-тегжейлі баяндалады, армян деректерінде де аталатын кездері аз емес.

Ол кезде Құлағу әскерінің қатарында Беркенің адамдары да болды, олар мұсылман Шығысқа ұйымдастырылған жорыққа қатысқандар еді. Солтүстік Кавказда Құлағу дәп солардың кесірінен ұтылған-ды. Алтынордалық жауынгерлер Сараған ноянның бастауымен Бейбарыс сұлтанға қарай қашып кетеді.



Құлағу ханның Бағдадты алуы. Парсы қолжазбасынан алынған сурет

Олар қашқан беттері жорық жалауларын желбіретіп, Каир тұрғындарын таңырқата мәмлүктер әміршісінің сарайына бет алды. Сұлтан Бейбарыс оларды құшағын жая қарсы алды. Осылайша, Мәмлүк сұлтандығы мен Алтын Орда арасындағы достық байланыс басталды.

* * *

1262 жылы Бейбарыс сұлтан Берке ханға жіберуге елшілік дайындайды. Мәмлүктер әміршісінің Берке ханға жолдаған хатын ибн Абеззахр жазады. Ол туралы Мәмлүктер сұлтандығының құжатында жылнамашы қалдырған жазбалар бар. Ол жазбаларда Бейбарыс сұлтанның: «Беркені Құлағуға қарсы қойып, екеуінің арасына от тастап, өшіктірді. Ислам дінін қабылдағасын Берке ханға дінсіздермен, олар туысқандары болса да, соғысу парыз. Өйткені, пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың нұры жаусын) өзінің тайпалас туыстарымен ұрысты. Ал құрайыштармен соғысарда, Аллаһтың өзі оған жауларына қарсы олар «Аллаһтан басқа тәңір жоқ» деп мойындағанша ұрысуды бұйырған. Ислам тек сөзден ғана тұрмайды, қасиетті соғыс оның негізгі тіректерінің бірі», – дегені айтылады.

Қысқа қайырып айтқанда, Бейбарыс Беркеге Құлағуды исламның жауы санайтынын, күш біріктіріп, оның көзін құртуға өзінің дайын екенін жеткізеді. Хат Кушербек әмір бастаған елшілікпен бірге жөнелтіледі. Ол туралы дін ғұламасы Маджуддин «халықтарды, олардың тілдерін жақсы біледі» деп жазады. Бұл әмір кезінде Мұхаммед хорезмшахтың нөкері болған, орта ғасыр дипломатиясының бүге-шігесін жақсы меңгерген. Елшіліктің құрамында Сараған ноян да болады.

XIV ғасырда әмір сүрген мысырлық тарихшы Рукн әд-Диннің сөзіне қарағанда, сұлтан Бейбарыс «Беркеге неше түрлі ел көрмеген заттардан тарту-таралғы дайындайды: қасиетті Құран, оны уақытында Аффанның ұлы Осман халиф өз қолымен жазған көрінеді, мың сан жайнамаз, венециан матасы мен левант жейдесі, түкті былғары, тері кілемдер, алтын түйреуіштер, франк дулығасы мен алтын жалатқан сауыты, шамдалдар, шамдар, шыңылтырланған қос тағанды шырағандар, хорезмдік ер-тұрман, бастан-аяқ алтынмен, күміспен әшекейленген жүген, сақиналы жақтар, жұмыр оқ және мұнай ататын адырналар, қамыс найза, сүңгілер, қыл-

шан толы жебелер, тағаны күміс жалатқан шынжырлармен өрілген алтын жалатқан білте шамдар».

1262 жылдың қараша айында Бейбарыс сұлтанның елшілері Константинопольге жетіп, әміршілеріне елшілік жолдарын қиындықсыз одан әрі жалғастыруда деп хат жазып жаушы шаптырады. Алтын Орда астанасы оларды жылы қарсы алады, ибн Әбу-Захр мұны өз еңбегінде жазады. Оның келтірген деректері бойынша, Алтын Орда әміршісінің ордасы Еділ өзенінің жағасында орналасқан.

Берке ханның өзі жібекпен қапталған ақ ордада отырады. Ол жүз қаралы адам сиятын үлкен орда. Керегені жағалай орындық қойылып, 50 – 60-тай бектер мен әмірлер сол орындықтарға жайғасқан. Ханның өзі тақта отыр, жанында әйелі. Мәмлүк әміршісінің жолдаған хатын хан өзінің уәзіріне оқытады. Бұл уәзір араб жылнамашысы әл-Муфаддөл еңбегінде аталады. Оның есімі – Шараф әд-Дин Йезди және оның арабша, түрікше жақсы сөйлегенін де атап өтеді.

Ибн Абеззахр жазбасында мынадай жолдар бар: «Сұлтанның хаты түркі тілінде жазылған болатын. Татарлар бұған қуанып қалды». Мәмлүктер сұлтандығының барлық іс қағаздары түркі тілінде жүргізілгенін, ал мәмлүктер өз мемлекеттерін Түріктер империясы (Дулат әл-әт-Түрк) атағанын ұмытпаған жөн. Қысқа қайырғанда, келіссөздердің бұл кезеңінде Бейбарыс сұлтан мен Берке хан ортақ тіл табысады.

Мұсылман елдерінің әміршілері Алтын Орданың айбынды ханымен байланыс орнатуға көптен құмар-тын. Бірінші болып қатынас жасаған Бейбарыс сұлтан болды. Берке хан жіберген елшілік 1263 жылы Александрия айлағынан өтіп, мәмлүктер еліне қарай бет алды.

Алтын Орданың бірінші елшілігі 1000 адамнан тұрды. Мұндай үлкен ресми топты Каирде бүкіл қала халқы болып қарсы алды. «Каир мен Мысырда оларды қарсы алуға шықпаған бірде-бір адам қалмады. Бұл ең бір ғажап күн еді», – деп жазады араб тарихшысы ан-Нувейри. Содан бастап екі ғасыр ішінде Каир мен Сарай арасында шамамен 50-дей елшілік қарым-қатынас жасасқан.

Берке ханның хаты мәмлүктер сарайында салтанатты түрде оқылып, қуанышпен тыңдалды. Хатта алтынордалық жауынгерлерге қамқор болғаны үшін алғыс білдіреді және Құлағуға

ғарсы соғысуға көмек сұрайды. «Мен және менің төрт бауырым исламды бұрынғы жерлерде қайта қалпына келтіру үшін және о дүниелік болған имамдардың кегін қайтару үшін шайқасып келеміз. Құлағудың алдына тосқауыл қою керек. Тілегім – өз әскерінді Евфратқа қарай аттандыр», – деп жазады Берке хан. Берке бұл жорыққа жақсылап дайындалған. Ол Александр Невскийді де шақырып, орыс жасақтарын соғысқа жіберуді талап етеді. Алайда Александрдың маңдайына мұны орындау жазылмапты.

Алтын Орда әміршісімен кездескен соң, ол еліне кері қайтып келе жатқанда жолда ауырып, 1263 жылы 14 қарашада көз жұмады.



Александр Невский.
Православтар иконасы

СОҒЫС

Құлағу мен Берке арасындағы ең алғашқы ірі қақтығыс 1264 жылы Кура өзенінің сол жағалауына жақын маңда басталды. Алтын Орда әскері толық жеңіске жетті. Ибн Васылдың сөзіне қарағанда, ұрыс алаңы жайраған өлікке толып қалады. Мұны көрген Берке хан былай дейді: «Моңғол ымышымен моңғолды өлтірген Құлағуға Аллаһтың қаһары маусын. Егер бәріміз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ, бүкіл әлемді жаулап алар едік».

Кура өзені бойындағы соғыста жеңілген Құлағу бар ашуын әзінің иелігіндегі алтынордалық саудагерлерден алды. Парсы тарихшысы Вассаф Құлағудың «Беркенің саудагерлерін» түгел өлтіріп, олардың тауарларын қазынаға тапсыруды бұйырғанын айтады. Саудагерлердің көбі ақшалары мен бағалы заттарын Тебриздің белгілі кісілерінің үйінде сақтайтын. Иелері өлтірілген соң, олардың дүние-мүліктері де солардың қолында қалды. Мына қанды қырғынға жауап ретінде Берке де Алтын Ордадағы «Құлағу саудагерлерін» өлімге бұйырады.

Алтын Орда мен Құлағу мемлекетінің арасындағы сауда айналымы тоқтайды. Керуен жолдары қаңырап бос қалады. Өнімдері өтпейтін болғандықтан, қолөнер шеберлері, ұсталар жұмыстарын доғарады. Ортағасырлық автордың сөзімен айтқанда «уақыт құтысынан өшпенділік шайтаны босап шықты».

Бұл кезде Шағатайдың бір ұрпағы Алғұй Хорезм қаласы үшін Алтын Ордамен соғысқа кірісті. Ал орыс жерінде Александр Невский өлімінен соң, өзара тартыс өршіді. Бірнеше айдан кейін бас князь Александрдың інісі Тверь князі III Ярослав Ярославович болды.

Бейбарыс сұлтан да осы уақытта босқа қарап жатпады, Алтын Ордаға екінші елшілікті жіберуге тиянақты әзірленді. Мысыр жылнамашысы Рукн әд-Дин мәмлүктер өміршісінің бұл жолғы тарту-таралғыларының ішінде қара нәсілді малай қызметшілер, күтуші-аспаздар, араб арғымақтары, желаяқ нубия түйелері, маймылдар, тоты құстар болғанын жазады. Араб тарихшысы әл-Муфаддәл бұл тізімдердің қатарында керік, мысыр есегі және басқа да сирек ұшырасатын аңдардың болғанын қосымша атайды.

Мәмлүктер елшілігін мүфтий шариф Имадуддин мен өмір Аққұш басқарады. Олар жолға шыққан кезде Алтын Орда әскері Византияға жорыққа дайындалып жатқан. Бұған император Михаил Палеолог қолына селжұқ сұлтаны Изединнің тұтқынға түсуі себеп болады. Ол Құлағу әскерінен қашып, Константинопольге барады, сол жерде қамауға алынады. Рукнедин сұлтан императордан інісін тұтқыннан босатуын сұрайды, бірақ император оны тыңдамайды. Рукнедин Берке ханнан көмек сұрауға мәжбүр болады.

Оның үстіне, Византия қанша жылдан бері Алтын Ордаға салық төлеп келе жатқан вассалы болгарларды Македониядан ығыстырып шығарады. Даланың алып империясынан көмек сұрауға осындай негізі бар болгарлар да Берке ханға қосымша күш сұрап жаушы шаптырды. Берке болгар өміршісі Константин Тихтің Византиямен қақтығысына көмекке түменбасы Ноғайды аттандырады.

Алтын Орда жасақтары болгар қосындарына Дунай сағасында келіп қосылады. Сосын біріккен күшті Ноғай бастайды. Ол бірден Византия жеріне басып кіреді, халықтың берекесі қашып, үрейі ұшты. Ал император Михаил Палеолог

болса қашып кетті. Мәрмәр теңізінің жағалауындағы Ганос селосына жетіп, ол жерден қайықпен Константинопольге бет алады. Дәл осы уақытта қалаға Бейбарыс сұлтанның елшілері де келіп жеткен болатын.

Әмір Аққұшқа Византия императоры Алтын Орда әскерінің *басшысымен келіссөз жүргізуге ара ағайын бол деп бас ұрады*. Оған қызметі үшін 40 мың динар ақы ұсынады. Аққұш бұған қуана-қуана келіседі. Ол Константинопольден шығып Ноғайды қарсы алады. Келіссөз кезінде мәмлүк әмірі алтынордалық түменбасына Алтын Орда мен Мәмлүк сұлтандығының арасында бейбіт келісім бар дегенді алға тартады. Алайда, ол уақытта мұндай келісім жасалмаған да болмаған да еді. Византия императорына көмектесіп, Аққұш ақыры уәделі ақысына жетеді. Сосын Бейбарыс қа Михаил Палеолог елшілікті салтанатты түрде қарсы алғанын жазып хат жібереді.

Изедин сұлтан тұтқыннан босатылған соң, Добруджада қолға түскен 10 мың түрік тұтқынымен бірге Берке ханға қарай жолға шығады. Бұған қоса, Михаил Палеолог жыл сайын Алтын Ордаға 400 атлас киім жіберіп тұруға міндеттеледі.

Аққұш екі ортада келіссөзде жүргенде, тарту-таралғысының бір бөлігі бұзылып, аңдары өліп қалады. Берке оған риза еместігін білдіреді. Алтын Орда әміршісі әңгіме үстінде Аққұшқа: «Бейбарыс үшін мен саған ашуланбай-ақ қояйын. Жіберген сыйының қалай бұзылғанын, шындықты қалай жасырғаныңды оған өзің айтарсың», – дейді.

Изедин сұлтан да Бейбарысқа жазған хатында Аққұштың өз міндетін адал атқармағандығын жеткізеді. Елге бара салысымен, оны Бейбарыс жазаға тартады: ақыға алған 40 мың динарды тартып алып, өзін түрмеге жабады. Бұл жолғы елшілік қанша күрделі өтсе де, Мәмлүктер сұлтандығы мен Алтын Орда арасындағы берік байланыс осы екінші елшіліктен соң орнады.

Белгілі оқымысты В.В. Бартольд Берке ханның бір қызын Мәмлүк сұлтандығының әміршісіне бергенін жазады. Осы некеден Бейбарыстың мұрагері дүниеге келген. Баланың есімі – Саид хан Мұхаммед, ол Насир әд-Дин Берке хан деп те аталады.



Бейбарыс сұлтан

ШЕШІМ

Моңғол империясында марқұм Мөңке қағанның екі інісі арасында таққа талас әлі жүріп жатты. Құбылай Арық Бұғыны Қарақорымнан қуып та шықты, дегенмен билікке талас онымен де бітпеді. Бұл бақталастық Арық Бұғы өлген соң да жалғаса берді. Берке хан мына жағдайды пайдаланып, орталыққа алым беруді дереу тоқтата қойды. Бірақ, түптеп келгенде, бұл Алтын Орданың Ұлы хан билігін мойындамауын білдіретін.

Алайда Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің ұрпақтары бұлай істей алмады. Өйткені, Ұлы хан Құбылайдың оларға ықпалы күшті еді. Ол жеңімпаз деп танылды. Арық Бұғы өз аяғымен келіп, Ұлы ханның кешірімін алды. Бірақ бірнеше аптадан кейін Арық Бұғы белгісіз жағдайда көз жұмды.

1265 жылы илхан Құлағу дүние салады. Вассаф келтірген деректерде оның жанына неше түрлі қымбат бұйымдармен қатар, мерекелік киімдерімен әдемі қыздарды да жерлегені айтылады. Мемлекет билігі Құлағудың Абаға есімді ұлына өтеді. Бастапқы кезде Берке мен екеуінің арасы жақсы секілді көрінген. Тіпті, Алтын Орда Тебриз бен Мераги қалаларынан кіріс те көріп тұрды. Ал Берке ол жерлердегі өз ықпалын күшейтуді ойлады.

XIV ғасырда өмір сүрген араб авторы әл-Омари сол жылдардағы оқиғаларды былай баяндайды: «Кейін, Құлағу өліп, орнына ұлы Абаға отырғанда, алтынордалықтар оны алдағысы келді. Берке хан өз атынан Тебризде үлкен мешіт салуға рұқсат сұрады. Абағаның келісімімен мешіт тұрғызылып, оған Беркенің есімі жазылды. Сосын олар тоқыма шеберханасын салуға рұқсат алып, шеберхана да тұрғызды. Шығарған маталарын Берке ханға жіберіп тұрды. Осылай жалғаса берер ме еді, кім біледі, егер екеуінің арасынан ала мысық өтпегенде. Ұрыс алаңында бетпепет келіп, Берке Абағаны тас-талқан етті. Ашуға мінген Абаға алтынордалықтардың шеберханаларының ойранын шығарды».

Осы уақытта Алғұй Хорезмді басып алды. Берке хан әскерін Кавказ жеріне қарай бағыттады. Ол Алғұйдың жазасын жорықтан қайтқасын беруді ойлаған сыңайлы. Алайда мұны тағдыр Беркеге жазбапты.

ықпалын жүргізіп отырды. Бұл Менгу-Темірге өте қолайлы еді. Осыған сүйеніп, ол 1266 жылы Бұлғар хандығына жорық ұйымдастырып, онда екі жыл билік жүргізді.

Бұдан кейін Менгу-Темір 1268 жылы Әзербайжанға таласып, илхан Абағамен соғысты. Алтын Орда ханын мәмлүктер сұлтаны Бейбарыс жақтады. Алайда бір жыл өтер-өтпестен Менгу-Темір мен Абаға арасында бейбіт келісім орнатылды.

Осының артынша Новгород жылнамасы мен София күнтізбесінде владимирлік князь Святослав Ярославовичтің Новгородқа келгенін хабарлайды. Онымен бірге «Володимирдің Амраған деген бас басқағы» келеді. Дәл осы басқақтан Алтын Орда ханы Новгородқа Суздаль жерінде саудамен еркін айналысуына мүмкіндік беретін жарлық жіберген болуы әбден ықтимал.



Басқақ

Бұдан кейінгі орыс жылнамаларында басқақтардың Русьтің солтүстік өңіріне келгенінен мәлімет беретін дерек жоқ. Шамасы, Менгу-Темір осы мазасыз аймаққа қызықпаған да секілді. Бір белгілісі, XIII ғасырдың 70-жылдарында орыс жерінде жаңадан халық санағы жүргізілген. Дегенмен, жазба деректерде оның дәл қай жылы болғаны аталмайды. Менгу-Темірдің жарлығы мәселені айқындай түсті. Онда халықтан жиналатын салықты хан басқақтары емес, орыс князьдерінің қызметкерлерінің жинағандығы жазылған.

Ал Ұлы хан Құбылайдың бұл кезде бар ықыласы Сун империясымен соғыста болатын. Жорықты ол өзі бастап жүрді, бірақ

соғыс бірнеше жылға созылып кетті. Құбылай сөйтіп Моңғол империясының өз ішінде болып жатқан көптеген жайлардан тыс қалып отырды. Енді тарих сахнасына Үгедейдің шөбересі Қайду шықты. Ол Бұхараны билейтін. Қайду бастапқыда Құбылайға астыртын қарсы болады. Оған қолдау табатын мықты одақтас керек еді, сол одақтасты Алтын Ордадан іздеді. Менгу-Темір Қайдудың Құбылайға қарсылығын қолдады.

Осы оқиғамен бір мезетте Алтын Орда Византияға қарсы жорық ашқан болатын. Бұған Михаил Палеологтың Алтын Орда мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы байланысқа кедергі келтіріп жүргені түрткі болды. Елшіліктерді бөгеді, өйтеуір, қолынан келгенін жасап бақты. Ең бастысы, Византия империясы Құлағу мемлекетімен одақтас еді.

Илхан Абаға Сирияда мәмлүктерге соғыс ашады, енді сұлтан Бейбарыстың Алтын Ордадан көмек сұрауына тура келді. Аз ғана уақыт ішінде екі ұдайы одақтастар пайда бола бастады. Бір жағында Алтын Орда мен мәмлүктер, ол екеуін Венеция, Якоб Сицилийский және Альфонс Арагонский жақтады. Екінші жағында Құлағу ұрпақтары мен Рим папасының, ІХ Людовиктің, Карл Анжуйскийдің және Михаил Палеологтың қолдауындағы генуялықтар тұрды.

Ибн Халдунның дерегінде Менгу-Темірдің Константинопольге жорығы соңына дейін жүрмегені, Византия императоры соғыстан бас тартып, бейбіт келісім сұрағаны хабарланады. Одақ құрылады және оны неке арқылы одан әрі бекіте түседі. Келісімнің бір шартына сай Михаил Палеолог некесіз туған қызы Евфросиньяны түменбасы Ноғайға береді.

Менгу-Темір нөкерлерімен Алтын Орда астанасына кері қайтты, ал түменбасы Ноғайды әскерімен Болгарияға Константин Тих патшаға қарсы соғысқа аттандырды. Ноғай бұл жорығымен Византия императорына ежелгі дұшпанымен ғайталаста баға жетпес жәрдем көрсетті. Болгарияға жорықтан соң алтынордалық сарбаздар Византия жерімен еркін жүріп-тұра алды. Мұны жылнамашы Пахимер хабарлайды. Жергілікті халық жат жерліктерге көпке дейін қасқыр көрген ешкідей үрке қарап жүрді. Бұл жағдай Менгу-Темір өлгенше осы қалпында сақталды. Осылайша ол еуропалық басшылардың Құлағу мемлекетімен байланысын кесіп тастады.

Ұлы хан Құбылай 1274 жылы Жапонияны жаулауға кіріседі. Алайда бұл жорық ойламаған жерден сәтсіздікке ұшырады. Қытай және жапон жылнамашылары «Күншығыс елін» сыртқы күштердің араласуы құтқарып қалды деп жазады. Моңғол флотилиясы Жапония жағалауына келгенде, жиһангерлердің кемелеріне аяқ астынан «құдай желі» (камикадзе) барып соғады. Теңіз дауылының күшті болғаны соншалық, таудай-таудай толқындар Ұлы ханның бүкіл кемесін ұшырып, он мыңдаған сарбазы мұхит түбіне батып кетті.

Нәтижесінде, Құбылай тұрақты әскерінің бір бөлігінен айырылды. Мұны Үгедей Ұлысының әміршісі Қайду тиімді пайдаланды. Ол 1275 жылы өз тәуелсіздігін жариялап, Моңғол империясының тағы үшін соғыс бастады. Оны Шағатай ұрпақтары мен Қарақорымдағы моңғол ақсүйектері қолдады.

Шығыста Құбылай мен Қайду арасында соғыс жүріп жатқанда, Алтын Орда ханы Литваға жорық ұйымдастырды. Мұның артынан кідірместен Менгу-Темір ордасына Бас князь Василий Ярославович келді. Орыс тарихшысы С.С. Татищев Русь басшысы «ханға әрбір соқадан немесе екі шаруадан жарты кесек күміс апарды, ал ханның бұл алымға көңілі толмай, Русьте қайтадан халық санағын жүргізуді бұйырды» деп жазды.

С.С. Татищевтің дерегіне бүгінгі зерттеушілер онша сеніммен қарамай отыр. Бірақ Василий Ярославовичтің хан ордасына келгенін көрсететін басқа да деректер бар. Ортағасырлық жылнамаларда да нақты болмағанмен, осыған меңзейтін жазбалар кездеседі. Дегенмен, орыс тарихшысының «алым» деп отырғаны басқа нәрсе, көрсеткен қызметінің ақысы болса керек. Алтын Орда Литваға жорық жасап Руське көмектескенді. Ханның «көңілі толмай» жүргені төленген ақының аздығы болуы тиіс.

Соған қарамастан, келесі жылы Ноғай өз жасақтарын Галич князь Левке тағы жібереді. Оларға Смоленск князі Глеб және Брянск князі Роман қосылып, бәрі қайтадан Литваға қарай аттанады. Бірақ Новгородқа қарасты елді мекенді басып алған соң, олардың арасында келіспеушілік туындап, жорықты жалғастырудан бас тартады. Ал Ноғай жасақтары қайтар жолда орыс жерлерін талан-таражға салды.

Сол 1276 жылы Русьте үлкен өзгерістер көп болды. Бас князь Василий Ярославович «Ордадан қайтып келе жатып,

Костромада қырыққа қараған жасында бақилық болды». Оның орнын бұған дейін Переяславльді билеген Дмитрий Александрович иеленді. Оны Менгу-Темір хан бекітеді.

Бір жылдан кейін Мәмлүк сұлтандығында Бейбарыс сұлтан дүние салды. Мұндай күшті одақтасынан айырылғанымен, Алтын Орда ханы ұнжырғасын түсірмеді, қайта, керісінше, бұрынғыдан да батыл қимылдарға кірісті. Алтын Орда соғысуға дайын болатын. Оған тек сылтау табылса болғаны, бас салып әскери күшін көрсетуге өзін түр еді.

Кешікпей мұндай сылтау табылды да. Византия империясының ежелгі жауы Болгария ханы Константин Тих қайтыс болды. Оны жылнамашылар «даңқты қаңғыбас және шошқа бақташысы» деп атаған Лахан деген біреу «жауыздықпен өлтіреді». Ол Константиннің жесіріне үйленіп, «туған жерді моңғол басқыншылығынан құтқару үшін өзін көк аспан жолдағанын айтып, жұртшылық қауымды қабылдай» бастайды.

Ноғай Лаханды қолға түсіремін деп, болгар жеріне екі мәрте жорық жасады. Ақыры, ол Алтын Орда қолбасшысының жорық шатырында өлтірілді. Кейін Балқан жартыаралындағы Тырнов, Видинск, Браничевск деген үш князьдік Ноғайдың ықпалына түсті. Тырнов князі Терентий қызын Ноғайдың ұлы Чокуға беруге және ұлы Светиславты алтынордалық түменбасыға аманатқа жіберуге мәжбүр болды.

Түменбасы Ноғай Балқан жартыаралында жүрген кезінде, Менгу-Темір Солтүстік Кавказға жорық жасап, аландарды бағындырды. Алтын Орда әскерінің қатарында осы жорық кезінде орыс князьдерінің де жасақтарымен болғаны – ескеретін жайт.

Дәл осы уақытта Моңғол империясының шығысында Ұлы хан Құбылай Сун империясының астанасы Ханьчжоу қаласын басып алды. Мұнан соң ол әскерінің бір бөлігін Қайдуға қарсы салды. Екеуінің арасындағы қақтығыс Қашқарда, Хотанда өтті. Нәтижеде, Құбылай сарбаздары жеңіске жетті. Бірақ Қайду өзін жеңілдім деп есептемеді, біраз тыныстаған соң, ол Моңғол империясының астанасы Қарақорым қаласын бағындырды.

Алайда 1278 жылы Құбылай Қарақорымды қайтарып алды. Сөйтіп Сун империясын жаулауын аяқтады. Ол кезде оның билеушісі жасы көмелетке толмаған Ти-пинг болатын. Ол бар

болғаны бір жыл ғана билік құрды. 1279 жылы оның флоты Кантон бұғазында Гуандун маңында күйреді. Ти-пинг дүние салғаннан кейін Сун әулеті жойылып, оның орнына Ұлы хан Құбылай құрған Юань әулеті келді.

1279 жылы Мәмлүк сұлтандығында билік басына қыпшақ текті мәмлүк Қалауын отырды. Оны аз ғана уақыттан екі сұлтан басқарған-ды. Қалауынның «Алфи», яғни, «Мың адам» деген лақап аты болды. Бұл лақапты кезінде сұлтан ас-Салих жас Қалауынды құл базарында мың алтын динарға сатып алғанына байланысты аталып кеткен. Сол уақыттың өлшемімен бұл мың алтын динар өте көп ақша, дегенмен жас жігіт осыған лайық еді. Ол «сом денелі, төртпақ, бұқа мойын» болатын.

Жаңа әмірші таққа Мансур Сейф әд-Дин Қалауын деген атпен келді. Ол түрікше және кабджакша жақсы сөйлеген, бірақ араб тілін өте нашар білетін еді. Мысыр жылнамашыларының деректерінде Қалауынның Алтын Орда жеріндегі Судақ қаласынан шыққаны айтылады. Бұл жайында әл-Макризи былай деп баяндайды: «Бейбарыс Қыпшақияда Судақ қаласында дүниеге келген, бауыры Салмыш пен сұлтан Қалауын да сол жерден». Билік құрған жылдарында Қалауын өзінің тарихи туған жерімен байланысын еш үзбеген, тіпті мешіт құрылыстарына да көмегін беріп тұрған.

1281 жылы илхан Абаға дүниеден өтті. Құлағу мемлекетінің басына Ахмет келеді. Бұған дейін Абағамен бейбіт келісімі болған Менгу-Темірге бұл іздегенге сұрағандай бола кетті.

Алтын Орда ханы Ахметке қарсы Тоқай мен Түркенайды бас етіп сексен мың қол аттандырады. Олар «Қарабағ басында» күйрей жеңіледі. Жылнамалар жеңілісті естіген Менгу-Темір «қатты күйзеліп, артынша көз жұмды» деген деректерді келтіреді. Ал мысырлық жылнамашылардың бәрі дерлік оның алқымына шыққан ісіктен қайтыс болғанын жазады.

Менгу-Темір есімімен Алтын Орда тарихындағы маңызды үш оқиға байланысты. Біріншіден, Қафада генуялық сауда жүйесі пайда болды, бұл Қырымның тағдырында ерекше рөл ойнады. Екіншіден, ол орыс князьдеріне бос қарады, «орыстарды хазарлық салық жиюшылардың езгісінен құтқарды» (мұны айтқан – орыс тарихшысы Н.М. Карамзин болатын). Ал, үшіншіден, Менгу-Темір кезінде түменбасы Ноғай күшейеді, кейін ол Алтын Орданың батысында ешкімге тәуелсіз, жеке билік құрды. Бұл жайлы келесі тарауда сөз етеміз.

ТҮМЕНБАСЫ НОҒАЙ

Казіргі заман тарихшыларының арасында түменбасы Ноғайды²⁰ Алтын Орда тағына негізгі үміткер еді дейтіндер де кездеседі, бұлары негізсіз де емес. Шындығына келгенде, ол өз заманында Жошы әулетінен шыққан ең даңқты әскербасы болды.

Бірақ Ноғай Жошы ханның некесіз әйелінен дүниеге келген Тевелден тарайды. Қан тазалығын талап етушілер Ноғайды Алтын Орда тағына отырғызбау үшін бар күштерін салды. Соның өзінде, Ноғай атақ-даңқы Алтын Орда әміршілерінің атына көпке дейін көлеңкесін түсірумен болды.

XIX ғасырда өмір сүрген орыстың белгілі зерттеушісі Н.М. Карамзин «Ресей империясының тарихы» атты еңбегінде осыған қатысты былай дейді: «Ноғай – татарлардың ең мықты қолбасыларының бірі, құдіретті де, төкаппар ол ханға бағынғысы келмеді, Қара теңіз аймағының жеке билеушісіне айналды, грек императоры Михаил Палеологпен одақ құрды, ол 1261 жылы Царьградты²¹ алып, ежелгі Византия монархиясын қалпына келтіріп, таққа отырған, сол кезде орыстар түгел қуанған, енді ұялмай некесіз туылған қызы Евфросиньяны ана бүлікқұмарға береді».

Бұл неке Ноғайдың билігін күшейтті. Ноғай алып Дала империясының ресми әміршісі болған емес, алайда қырық жылға жуық Алтын Орданың бүкіл саяси қатынастары тікелей соның қол астына қараған. Кеңес үкіметі кезіндегі орыс тарихшысы Н.И. Веселовский «Ноғай және оның заманы» деген еңбекте тәжірибелі қолбасы ретінде Ноғайдың Алтын Орда жерін ұлғайтқанын, бірақ, екінші жағынан билікке тиген күшті соққы болғанын жазады.



Ноғай жауынгер

²⁰Түменбасы Ноғайдың есімі, шамасы, Нохой болған болса керек. Бұл моңғолша “ит” дегенді білдіреді.

²¹Царьград – Константинополь, қазір Стамбұл.

ТУДА-МЕНГУ ХАН

Жылнамашы Менгу-Темір қайтыс болған соң, оның орнына билік басына інісі Туда-Менгу – «Бату ханның баласы Тоқайдың²² ұлы» келгенін жазады. Биліктің ауысуы орыс жерінде өзара қақтығыстың туындауына жол ашты. Және тағы бір ескеретін мәселе – Алтын Орданың билік басындағылар арасындағы келіспеушілік те Русь төңірегінде өрбіген. Осы араздық толқыны түменбасы Ноғайды жоғары көтерді. Оны Дон мен Дунай аралығының халқы қолдады, ол жерлерде половец қыпшақ тайпаларының жұқаналары мекендейтін еді. Бірақ орыс жеріндегі тарихи оқиғалар тек мұнымен ғана қызғылықты емес.

Александр Невскийдің үлкен ұлы Дмитрий Александровичтің Владимирде «бас князьдік» орнында отырғанына бес жыл болғанда, күтпеген жерден оған інісі Андрей қарсы шығады. Ол Ордаға барып, «жағымпазданып, сый беріп, көңілін аулап, грамота мен әскер алды», – деп жазады тарихшы Н.М. Карамзин.



Дмитрий I Александрович

Бұл жайында ортағасырлық орыс жылнамасында да айтылады. Андрей «ағасының бас князьдігін жалынып-жалбарынып сұрап алды». Бірақ Дмитрий орнын оған оңай бере салғысы келмеді. Сосын Андрей шақыртқан алтынордалық қосындар орыс жеріне жазалау жорығына шығады. Муром, Суздаль, Ростов, Переяславль қалалары мен тағы да басқа жүздеген елді мекендерге

басып кіреді. Бұдан кейін Андрей Владимир қаласына «татар жасағын ертіп келіп», Дмитрийді «татар күшімен» қаладан қуып шығады.

Н.М. Карамзин князь Андрейге қолдау көрсетіп, «оны алға итермелеп отырған бояр Семен Тониглиевич секілді бүлікті ұйымдастырушылар» болғанын баяндайды. «Төтеден төнген қауіптен бас князь қашып құтылды, ал татарлар мүмкіндікті мүлт жібермей, Ресейге Бату заманын қайта орнатты». Дмитрий әуелі Новгородқа, одан Переяславльге қашады.

²²Тоқай – Тукан немесе Тутукан.

Інісі Андрей соңынан қалмай қуа бергесін, ол түменбасы Ноғайдың қол астына қашып барады. Ноғай оған «қылыш алып, қан төкпей-ақ, бір ғана пәрмен грамота арқылы орны мен билігін қайтарды. Андрей бұған қыңырлық көрсетуге батпады, өйткені, Ноғайдан жаңа хан Туда-Менгудің өзі де сескенетін».

Бас князь Дмитрий өзінің інісі Андреяға тиіспеді, бірақ оған қолдау берген адамдарды аямады, қатаң жазалады. Олардың қатарында ең бірінші бояр Семен Тониглиевич тұрды. Бұл «батыл да, табанды» адамға екі бояр барып, қатаң жазаны жүзеге асырды.

Алтын Орда ханы князь Дмитрийдің істеген істеріне көзжұмбайлықпен қарады, сол үшін Ноғаймен кикілжіңге барғысы келмеді. Ал даңқты түменбасының 1282 жылы қайын атасы, Византия императоры VIII Михаил Палеолог қайтыс болып, кейде билігі аздап босаңсыды. Византия тағына оның ұлы III Андроник Палеолог отырды. Ол әкесін православиені сатып кетті деп, оны дінсіз еретик тәрізді жерледі.

Туда-Менгу хан саяси билігін күшейтіп алды. Бірқатар араб дерек көздерінде 1283 жылы мәмлүктер сұлтаны Қалауынға Алтын Ордадан «қыпшақ факихтері» келгені хабарланады. Олар моңғолша жазылып, араб тіліне аударылған хат әкеледі. Бұл дипломатиялық қатынастың нәтижесінде Мәмлүк сұлтандығы мен Алтын Орда арасындағы достық байланыс жаңартылды. Сол жылы Туда-Менгу ислам дінін қабылдады.

Араб жылнамашысы Рукн әд-Диннің мәлімдеуінше, хан таққа отырмай тұрғанда, пұтқа табынған, ал исламды 1283 жылы қабылдайды. Жылнамашы бұдан басқа мынадай деректер келтіреді: Туда-Менгу сопылыққа баса ден қойып, саясат, билікке қызықпайтын болады. Ол өзі тақтан бас тартып, билікті інісі Төле-Бұғаға тапсырады. Бұл мәліметті ортағасырлық тағы бір тарихшы Рашид әд-Дин де келтіреді. Алайда ол Туда-Менгудің биліктен шеттеуін басқаша түсіндіреді.

Оның жазғанына қарағанда, марқұм Менгу-Темірдің ұлдары әкелерінің інісі Туда-Менгуді есі ауған деп, алтын тақтан тайдырады. Сөйтіп, бес жыл бойы мемлекетті бәрі бірігіп өздері басқарады. Қысқа қайырғанда, Туда-Менгу «есі ауғанның белгісін көрсетіп, мемлекет істерімен айналысқысы келмейтін рай танытқан. Шайхыларға жақын жүрді, әулие-әмбиелердің басына қонып, молшылықтан соң

ле моңғолдар бір ай сандалды. Аштық басталды, індет шықты, Төле-Бұға жалғыз атпен әйелін ертіп жаяу қалды».

Бірақ бұл сәтсіздіктің артынан тағы бір жорық ұйымдастырылды. 1287 жылы Ноғай мен Төле-Бұға Висла жағалауына қайтып келді. Бұл жорыққа қатысты Н.М. Карамзин былай дейді: «Герцог Лешко Краковтан қашып кетті, бүкіл Польшада ешкім қорғануды ойлаған жоқ, бірақ олар татарлардың басшыларының алауыздығының арқасында аман қалды: бұлар жұмыла әрекет еткілері келмеді, сансыз гүтқын жиып, кері қайтты. Қайтар жолда Төле-Бұға князьдер қонақжайлылығын көрсетсін деп, Галич жеріне тоқтады».

Орыс тарихшысының айтуына қарағанда, осы жорық кезінде-ақ Ноғай мен Төле-Бұға арасында келіспеушілік болған.

Бұл уақытта Құлағу Ұлысында Йүзағач аймағында Шур өзеніне жақын тұста құрылтай өтіп, онда Арғұн илхан сайланды. Ол бірден батыс елдерін Мысырға қарсы жасамақ жорығына қосылуға шақырып, жаушылар жіберді. Мәмлүктер сұлтандығынан тыныштық кетіп, бұл елдің әміршісі күшті одақтас іздеуге мәжбүр болды.

Араб тарихшысы ибн әл-Фораттың мәліметінше, сұлтан Қалауын 1287 жылы «Қырымда салынып жатқан мешіт үшін екі мың динарға неше түрлі керек-жарақтар жіберді. Сол мешітке сұлтанның аты ойылып жазылды. Аталмыш мешітке сұлтанның атақ, дәрежелерін жазу үшін тас қашаушы бітікшілер де аттанды. Солармен бірге майлы бояу түрлері жөнелтілді». Мысыр сұлтандығының іс-әрекетіне Алтын Орда түсіністікпен қарады. Тап осы кезде тарих сахнасына Алтын Орда тағынан бірден-бір үміткер екенін көрсетіп Тоқташықты.

Бұл оқиға жайлы Әбілғазы Баһадүр хан «Түркілер шежіресі» атты еңбегінде: «Туда-Менгу билікке келе сала, қыспаққа түскендер, қуғынға ұшырағандар болды. Менгу-Темір ханның ұлы Тоқтағу ханға оның зорлығынан қашып құтылуға тура келді. Алайда, біраз уақыт өткен соң, ол көп қол жиып, Туда-Менгуге қарсы шықты, соғыста жеңіске жетті. Туда-Менгу ханды өлтіріп, өзі хан болды», – деп жазады.

Ортағасырлық автордың бұл айтып отырғанында жаңсақтық бар, олай дейтініміз, Туда-Менгу өлген соң, билікке бірінші Төле-Бұға келеді. Бұл 1287 жыл болатын.

ТӨЛЕ - БҰҒА ХАН

Сонымен, Тоқта Туда-Менгу ханның көзін құртқасын, Алтын Орда тағына Төле-Бұға отырды. 1287 жылы оның Мажарстан жорығынан жаңа ғана оралған кезі еді. Түменбасы Ноғай мен Төле-Бұға арасындағы келіспеушіліктің белең алған уақыты да осы.

Келесі жылдың көктемінде Алтын Орда ханы Әзербайжанды басып алуды көздеп, Құлағу мемлекетіне соғыс ашты. Бұл Шыңғыс ханнан тараған екі бұтақтың арасындағы тағы бір қақтығыстың бастамасы болды.

Ал түменбасы Ноғай болса, өз кезегінде ықпалын одан әрі күшейте түсті. Ол орыс князьдері Мстислав пен галичтік Левті қосып алып, бірнеше жыл қатарынан Польшаға, Силезияға және Мажарстанға жорықтар ұйымдастырды. Мұнымен қатар, орыс князьдіктерінде де Ноғайдың қойған адамдары билік етті. «Хиуалық Ахмат» Олег пен Святослав князьдердің иеліктерінде екі бірдей кент құрды. «Татар басқағының» қыспағына князьдер шыдап-ақ бақты, дегенмен, ақыры төзімдері түгесіліп, «Олег Святославпен келісе отырып, Төле-Бұға ханға шағымданды, хан оған моңғол қосындарын жіберіп, Ахмат кенттерін түгін қалдырмай тонауды бұйырады: князьдер оның әмірін екі етпей ол жерлердегі өз адамдарын босатып алды да, ал қалғандарын шынжырлап тастады. Ахмат ол кезде Ноғай ордасында жүрген еді, Курск өңірінде не болғанын естіп, Ноғайға Олег пен Святославты оған қарсы астыртын ойлаған жауыздығы бар қарақшы деп хабар жеткізеді». Осылай деп жазған тарихшы Карамзиннің бұдан әрі айтқандарын негізге алсақ, Ноғай Олегті өзіне шақыртып бұйрық жібереді. “Олег өзін кінәлі деп есептемеді, өйткені, ол тек хан пәрменін ғана орындады; алайда Ахматтың жаласынан қорқып, Ноғайға барғысы келмеді, ал Ноғай болса, тындамағанына ашунанып, оны тәубесіне түсіру үшін әскер аттандырды”.

Олег Төле-Бұға ханға қашып барады, ал Святослав Воронеж маңындағы қалың орманға барып тығылады. Көп ұзамай ол жерден шығып, қарақшылық тәсілмен әрекет етуге кіріседі, бірнеше адамды өлтіреді. Оның істегендерін Ноғай ғана емес, Төле-Бұға хан да құптамады. Хан бүлікшілге князь Олегті

аттандырды. Ол болып жатқан мына бүкіл араздықты тоқтату үшін Святославты өлтіруге мәжбүр болды.

Алайда Ноғай мен Төле-Бұға арасында бұл кикілжің мұнымен тоқтамады. Алтынордалық түменбасы ханның Ахмат кенттерін қиратқанын кешпеді. Басқа өкпелерін де есінен шығармады. Сондықтан да, 1291 жылы Төле-Бұға ханнан қашып Ноғайға Тоқта келгенде, ол оны жылы қарсы алды. Қашқынды өкшелеп, артынан кідірмей Ноғайға Төле-Бұға ханның өзі де келді. Ол өзінің тұзаққа қалай келіп түскенін білмеді. Ноғай ханды қулықпен ұстатып, Тоқтаның қолына тапсырды. Төле-Бұға өлім жазасына кесілді. Сосын Ноғай Тоқтаны Алтын Орда ханы етіп сайлады.

ТОҚТА ХАН

Ортағасырлық араб қолжазбаларында Тоқтаның толық аты-жөні – Гиас әд-Дин Тоқтай деп келтіріледі. Алайда оның өзі бастырған ақшалардағы «Әділ Тоқта» деген жазу бүгінге дейін сақталып отыр.

Бір кездері Тоқта Алтын Орда ханының Солтүстік Кавказдағы аймақ басшысы болған. Аллаһқа сиынбаған, шамасы, будда дінін ұстанған сыңайлы. Тоқта да илхан Абақ пен түменбасы Ноғай сияқты Византия императорының некесіз туған қызына үйленген. Ол осы саяси некенің арқасында Алтын Орда мен Византия арасындағы байланысты жақсы ұстайды.

Тоқта ханның билік басына отырған жылдары Құлағу мемлекеті басшысының ауысқан кезіне тұспа-тұс келді. 1291 жылы 23 шілдеде илхан Арғұн қайтыс дүние салды.



Тоқта. Қытай суреті

Ахлат маңын да өткен құрылтайда жаңа илхан болып Кей-хату сайланды. Ол таққа отырар-отырмастан, Алтын Орда және Мәмлүк сұлтандығымен бейбіт келісім жасасты.

Бұл көп жылдардан бері саудагерлер мен олардың керуендеріне жабық болып келген Кавказ таулары арқылы өтетін сауда керуен жолдарын жандандырды. Парсы тарихшысы Вассаф осыған қатысты былай дейді: «Тоқта Менгу-Темір орнына таққа отырғасын, елшіліктер жіберілудің және хат жазысудың арқасында саудагерлердің жолы ашылды. Жол қауіпсіздігі мен тыныштығы қатаң бақылауға алынды. Арран аймағы қаншама жылдан бері қатынаспай кеткен елдердің ат-арбасы мен шатырына, жылқысы мен қойына, неше түрлі тауар мен сирек кездесетін бұйымдарына толды, қызу сауда басталды».

Алтын Орданың қай ханы да, Құлағу мемлекетімен соғыс жағдайында болғанына қарамастан, Солтүстік Кавказды ешқашан өз назарларынан тыс қалдырмағанын атап өткен орынды. Онда кешенді құрылыстар жүргізілді. Қырық-Мажар, Джулат, Жоғарғы Джулат, Қапшағай, Татартүп, Тарки, Ноғайқала, Алхан-қала, Төменгі Архыз, Хумара, Бештамақ, Дедяков секілді қалалар салынды және бір жағынан үлкейтілді. Егер идеологиялық ұсақ-түйектер есептелмесе, Алтын Орданың қай дәуірінде болмасын, Солтүстік Кавказда өзіндік мәдениет өркендеді, қалалар бой көтеріп, бекіністер салынды, ақша бастырып шығарды, сауда мен қолөнер дамыды.

Тоқта хан кезінде Мәмлүк мемлекетімен елшілік қатынастар жалғасын тапты. Бірақ елшіліктер бұрынғыдай жиі қатынамады. Тарту-таралғылары да бұрынғыдай мол, аста-төк болмады.

Түменбасы Ноғайдың ұстанған саясаты Алтын Орда ханынан мүлде басқаша еді. XIII ғасырдың 90-жылдары ол ерекше шалт қимылдарымен есте қалды. Ноғайдың вассалы видиндік князь Шишман болгар және алтынордалық қосындармен Сербияға басып кіріп, Хвостнаға дейін бүкіл елді ту-талақай етті. Сербия королі II Милутин Урош күш жиып, басқыншыларды елден ығыстырады да, өзі шабуылға кіріседі. Ол Видин қаласын басып алып, тіпті, түменбасы Ноғайдың билігіне қарайтын Браничев князьдігінің иелігіне қол сұғады.

Шишман серб королінің жасақтарынан қашып құтылады. Қайықпен Дунайдан өтіп, тура Ноғай ордасына тартады. Дәл сол уақытта оған Браничев князі де келеді. Екеуі де Сербия королін өзара жамандап, қолдаушы әмірлерінен оған қарсы жорыққа шығуды сұрайды. Ноғай әскерін енді атқа қондырмақ болып тұрғанда, күтпеген жерден король Милутиннен үлкен топ өкілдік жетеді. Ол өзін Ноғайдың вассалы деп жариялап, он жеті жасар үлкен ұлы Стефанды аманатқа жібереді. Алтын Орданың түменбасы ашуын басып, қайырым көрсетіп, жорық аяқсыз қалады.

Ноғай Қырым жартыаралын бір басып өтіп, бай, берекелі жерлерді өзіне бағындырды. Оның билігінің күшейгені сонша – Алтын Ордада екі орталық пайда болды. Бірін Тоқта хан, екіншісін Ноғай түменбасы басқарды. Мұның дала империясының, тіпті оған тәуелді князьдіктер мен корольдіктердің алдағы тарихына тигізген әсері көп.

Тоқта билік тізгінін бүгінде орыс жылнамасы бойынша Дюден деген есіммен белгілі Тудан, Бурдүк және Сарай-Бұға атты үш бауырымен бірге ұстады. Бірде Тоқта бауырларымен келіспей қалып, Ноғайға барып паналайды. Ноғай оған Алтын Орда тағын қайта әпереді. Хан билігін нығайту үшін түменбасы өзі айырықша қауіпті санаған біраз ірі қолбасыны өлтіруді талап етеді. Өзінің адалдығының белгісі ретінде Тоқта оның шартын орындап, өз әскерінің жиырма үш сардарының өмірін қияды. Түштеп келгенде, ол өз әскерін қолбасысыз қалдырған еді. Бұл қанды жазаның кесірі өзіне соққы болып тиген Тоқта хан Ноғайдан іргесін аулақ салып, оған өштесті.

Бұдан кейін Алтын Орда ханы ықпалды түменбасыға қарсы әрекетке кірісті. Бірақ, ол бірден ашық қимылға көшпеді, асықпай әрекет жасады. Ең бірінші ол Русьтегі бас князь Дмитрийді ауыстырмақ болды. 1293 жылы князь Андрей Александровичтің өтініші бойынша інісі Туданды (Дюден) аттандырады.

«Дюден жасағы» атанған бұл қол Ноғай қойған бас князь Дмитрийге қарсы шығады. Алтын Орда жасақтары Суздаль, Владимир, Переяславль, Юрьев секілді ірі қалаларға басып кіреді. Бас-аяғы бір жылдың ішінде Тудан орыстың 14 шаһарын бағындырып, сол жылы Ордаға кері қайтады. Алайда орыс жылнамаларында ол кеткен бойда, орыс жеріне Тохтомер


есімді патшаның келгені жазылады. Мұндағы жазылғанға сенер болсақ, ол Тверьге келіп, «халықты қыспаққа алып, мол байлықпен өз еліне қайтады».

Бұл құпия «Тохтомердің» нақты кім екенін дәл басып айту қиын. Әлде Тоқта ханның өзі ме екен? Бірақ салық жиған ханды кім көрген. Қалай құбылса да, ақыры Русьте кешікпей жағдай қалпына түседі. 1294 жылы Волок маңында бас князь Дмитрий көз жұмады. Бұл орыс князьдіктерінің хан билігін мойындауын тездетті. Тоқта хан бас князьдікке өз итаршысы, Городец князі Андрей Александровичті қояды.

* * *

1295 жылы билік Русьте ғана ауысып қоймады, Моңғол империясының өзінде де, сондай-ақ, Құлағу мемлекеті мен Мәмлүк сұлтандығында да ауысты.

Ұлы хан Құбылайдың Темір Олжайт есімді бір немересі чжен-цун атағымен Юань империясының тағына отырды. Ол бұрынғыдай жалпымоңғолдық үлкен құрылтайда сайланған жоқ. Мұның себебі – ұлы хан Құбылай билігінің ақырғы жылдарында мұрагерлікке қатысты қытай дәстүрімен жаңа ережелер шығарған-ды.



Юань империясының ақшалары

Дегенмен, құрылтай өтті, бірақ оған астана – Ханбалық қаласына жақын тұратындарынан басқа Шыңғыс ұрпақтары келе алмады. Құрылтай ашылған мезетте император ұланының қолбасшысы Байяна жиынның алдына шығып, Құбылайдың тілегі бойынша, Темір Олжайт сайлануға тиіс екенін ескертті. Қарсы шығуға ешкімнің батылы бармады, жиылған ақсүйек қауым мына шешіммен үнсіз ғана келісті. Содан былай Моңғол империясында хан сайлау моңғол дәстүрімен өткен емес, Ұлы хан сайлау үшін құрылтай да шақырылмайтын болды.

Темір Олжайт Ұлы хан тағына отырғасын, анығында, қытайдың Юань әулетінің императоры болғасын, ең әуелі Ұлыс басшыларына өзінің билік басына келгенін хабарлап, жаушы жіберді. Бірақ оған ешкім жауап та қатқан жоқ, бас билік соның қолында екен деп мойындаған да ешкім болмады. Алайда Темір Олжайт ойға алған ісін орындауға белді бекем буса керек, Моңғол империясының заңдарын – Шыңғыс

ханның Жасағын жаңғыртуға бұйрық берді. Қытай императоры бұл ісі арқылы өздерінің тегі кім екенін еске салғысы келген сыңайлы, дегенмен, ол одан әріге бармады.


Құлағу мемлекетінде Кейхату дүние салып, билікке Байду келді. Ол билік басында бірнеше ай ғана болды. 1295 жылы 3 қарашада Арран Қарабағта құрылтай шақырылып, онда жаңа илхан болып Ғазан сайланды. Ол билікке келісімен исламды қабылдап, реформалар жасауға кірісті және илхан Кейхату кезіндегі бейбіт тірлікті одан әрі жалғастыра берді. Дей тұрғанмен, келесі жылы Ғазан шығысқа жорық ұйымдастырып, селжұқ сұлтаны II Масудты ығыстырды. Иә, ол Шыңғыс ұрпағы емес еді және оны жақтайтын да ешкім болмады. Сондықтан, бұл жорықтың Ғазан үшін келіп-кетер ешқандай әсері болған жоқ.

Рашид әд-Диннің айтуынша, Иран халқына көп еңбегі сіңген Ғазан хан құл саудасын тоқтатуға тырысқан. Алайда ол бұл жоспарын жүзеге асыра алмады.

1295 жылы Мәмлүк сұлтандығында билікке Каит-Бұға келді. Бір қызығы, ол алдыңғы сұлтандар секілді түркі емес, моңғол, сұлтан Қалауынның жасағына жалдамалы болып та, сатылып та келмеген, әскери тұтқын қатарынан келген. 1260 жылы Химса түбіндегі шайқаста тұтқынға түскен, ол кезде Каит-Бұға он бес жаста болған.

Каит-Бұғаның билікке келуі моңғол-босқындардың илхан Ғазан қарамағынан Сирияға көшуіне тұспа-тұс келді. Олардың басшылары 1296 жылы ат бастарын Каирге бұрады, сұлтан оларды құшақ жая қабылдайды. Осы кездесуден кейін моңғолдар Палестинаның жағалау аймақтарынан жер алып, сол өңірге қоныс тепті.

Әрине Каит-Бұға мұның ақыры немен тынарын білген жоқ. Оның қандастарының келісін түркілер билікке төнген қауіп деп есептеді. Елде қарулы қақтығыс орын алып, билік екіге жарылды. Каит-Бұғаны бахрит-мәмлүктер қолдады, бурджит-мәмлүктер болса, өз араларынан шыққан Санжар ас-Суджаидің соңынан ерді. Каит-Бұға адамдары жолын тауып Санжарды өлтірді, ал жақтастары тұтқындалып, жазаға тартылды.



Құтылар. Юань империясы. XI ғасыр

Каирдегі мазасыздық Каит-Бұғаны Сириядағы қандастарынан көмек іздеуге итермеледі, ол сөйтіп жолға шықты. Оның бұл әрекеті осыған дейін соны қолдап келген бахрит-мәмлүктердің өзін оған қарсы айдап салғандай болды. Енді жаңа бүлік бұрқ етті. 1296 жылдың қараша айында Каит-Бұға Мысырға қайтып келе жатқанда, алдынан әмір Ладжин бастаған бүлікшілер тобы шығады. Олардың ойы сұлтанды өлтіру еді, алайда ол Дамаскіге қашып кетеді. Нәтижесінде, Ладжин Мәмлүктер сұлтандығының жаңа басшысы болып жарияланады. Ол Каит-Бұғаны өлтірмеді, тіпті оның басқаруына Хаму қаласын тапсырды. Каит-Бұға 1303 жылы сонда көз жұмады.

* * *

Көрші елдердегі биліктің ауысуы, Алтын Орда ханы Тоқтаны өз империясындағы саяси күштердің бөліну жайына көңіл аударуға итермеледі. Рукн әд-Диннің айтуынша, «Ноғай ұзақ уақыт патшалықты өз қолында ұстады, Берке әулетінде оның билігі шынында шексіз болды, олардың ұнамағандарын өз қалауынша тақтан тайдырып, қолайына жаққандарын ғана хан сайлайтын». Қысқасы, Алтын Орда хандары соның қолындағы қуыршақ іспетті еді. Тоқта хан мұны өз бойына қорлық санады, келіскісі келмеді. Сөйтіп, қол астына әскер жиюға ден қоя кірісті.

XIII – XIV ғасырларда өмір сүрген Рашид әд-Дин Алтын Орда әскерінің негізін баяғыда Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыға берген төрт мың сарбаздың тікелей ұрпақтары құрағанын айтты. Олар моңғолдың сайджиут, кинкит және хушин деген үш тайпасынан тарайтын. Тоқта хан әскерінің негізгі құрамын да тап осы тайпалар құрады. Сондай-ақ, оның әскерінің салт атты толық бір түмені моңғолдың қият руынан еді, анықтап айтқанда, бұл тайпа Шыңғыс ханның әкесі Есугей баһадүр шыққан жер.

Алтын Ордада моңғолдың басқа тайпалары да болды. Деректерден қоңырат және алшы-татар атаулары кездеседі. Тоқта ханның үлкен әйелі де осы қоңырат тайпасынан, оның төркіндері де Алтын Орда ханын жақтады. Ал Ноғай әскерінің басым бөлігі моңғолдың маңғыт тайпасынан еді, олардан басқа қыпшақтардан, аландардан, осетиндерден және орыстардан құралған жеке-жеке түмендері де бар-тын.

қол аттандырды. Олар Кафаны талан-таражға салып, өрт қойды, көптеген қырымдық мерт болды. Сондай-ақ, қаладағы мұсылман, алан, франк саудагерлерін тұтқындап, дүниемүлкін талап әкетті. Сарукерман, Қырық-Иери (Чуфуткале), Керчь секілді бірқатар қала тоналды» дейді.

Әл-Муфаддәлдің айтуынша, Ноғай «өзін жақтаған Судақ қаласының тұрғындарына қаладан мал-мүлкін алып шығуды бұйырады, қалғандарын шығармайды». Сөйтіп, қаланы қоршап, дымын қалдырмай тонап, өртеп жібереді. Ноғайдың шапқыны Қырымның портты қалаларын тегіс қан жұттырды. Бұл Генуя мен Алтын Орда арасындағы ұзаққа созылған жауласудың бастамасы болды.

Қырымдықтарға қолданылған қатаң жаза болгар королі Святослав Тертерге жақсы сабақ болды, ол тез шешім қабылдады. Ноғайды бейбіт одақ болуға шақырып, тіпті оның Чике (Жоге) есімді ұлын Болгария тағына отырғызады.

Бұл уақытта Алтын Орда ханы Тоқта қайта әскер жиып, Ноғайға қарсы жорыққа шықты. Екі әскер Қуқанлық (бүгінгі Қағанлық) деген жерде кездесті. Тоқта Ноғай әскерін күйрете жеңді. Ноғай қашып аман қалар ма еді, Тоқтаның әскеріндегі бір орыс сардар қуып жетеді. Жасы келіп қалған Ноғайға садақтың оғы тиіп, қолға түседі. Ол өзінің ханмен кездескісі келетінін айтады, бірақ тілегі орындалмай, 1299 жылы 28 қыркүйекте ажал құшады.

Ноғайдың қалай өлгенін естіген Тоқта орыстың жауынгерін өлім жазасына кеседі. Өйткені, мемлекет билеушісі Ноғайды өз білгенімен жазаға тартуға оның қақысы жоқ еді, ондай кісі хан әмірімен жазалануы тиіс болатын.

Даңқты түменбасының өлімін естіген оған тәуелді елдердің басшылары Ноғайдың өкілдерінен тезірек құтылуға асықты. Мәселен, Болгарияда Святослав Тоқта ханның қаһарынан қорқып, марқұм түменбасының ұлы Чикені әуелі



Алтын Орда кезіндегі
моңғол әскербасы

тактан тайдырды, одан түрмеге қамады, артынан сол жерде өлтірді. Қырымда да Ноғай ұрпақтары қуғынға ұшырады. Алайда олардың орындарына Қырымға Тоқта ханның әкілдері жетті.

Марқұм түменбасының туыстары қуғынға Алтын Орда әміршісінің бұйрығымен ұшырады. Әрі бұл кең көлемді жазалау шарасы болды. Мысырлық жылнамашы Рукн әд-Дин Ноғайдың жеңілгенін баяндай келе, бүлікшілдер мен олардың әулеттері жайлы да мәліметтер келтіреді: «Олардың әйел, бала-шағалары тұтқынға алынды, саны қисапсыз көп еді. Басқа елдерге сатылды, жан-жаққа таратып әкетті. Мысыр сұлтаны мен әмірлерінің төңірегіндегілер саудагерлер әкелген сол адамдардан көп алды». Қысқасы, жазалау шаралары тез әрі қатаң жүргізілді.

Алайда, Ноғай Алтын Орда ханы Тоқтамен күресте жеңіліс тапқанмен, көзі тірісінде әйгілі түменбасыға бағынған көшпенді тайпалар бастарына түскен тағдыр төлегінен аман қалып, қайта бірігуге қол жеткізді, олар кейінірек ноғай деген атпен тарих сахнасына жеке халық ретінде шықты.

ҰЛЫ БӨЛІС

«ТУҒАШЫЛ ТОҚТА»


Ноғай дүниеден өткесін, Тоқта толық тәуелсіз әміршіге айналды, дегенмен, жағдайы анау айтқандай мәз емес еді. Орасан зор аймақты алып жатқан елде тыныштық сақтау оңайға соқпады. Ол кезде Алтын Орданың жері кеңейіп, ғасырлар тоғысында өз тарихындағы ең үлкен жерді қамтыды. Тоқта ханның қол астына тура Днепрден бастап оңтүстік-шығыс Еуропа, сондай-ақ, Қырым, Солтүстік Кавказ Дербентке шейін, Бұлғария, Еділдің ортаңғы және төменгі бойы, күнгей Орал, теріскей Хорезм, Сырдарияның төменгі жағындағы аймақ, Сырдария мен Аралдың теріскейіндегі Есіл мен Сарысуға дейінгі дала кірді.

Ноғаймен соғысуға көп күш жұмсалды, шығын да аз болмады. Әрі құдды Ноғайдың өлімінің қарымын қайтарғысы келгендей, 1300 жылы Алтын Орда құрғақшылыққа ұшырады, ол табаны күректей үш жылға созылды. Құрғақшылықтың артынан қатерлі оба тарады. Әл-Макризидің айтуына қарағанда, малдың қисапсыз қырылғаны сонша, аштыққа ұрынған жұрт саудагерлерге өз туған балаларын сатуға дейін барды. Олар негізінен Мысырға тағы басқа мұсылман елдеріне сатылды. Ер балалар мәмлүк қосындарының қатарын, ал қыздар сұлтан, әмірлердің гаремін толықтырды.

Әл-Омаридің осыған қатысты қалдырған мәліметтері назар аударарлықтай. Ол «...кей кездері, жағдайлары мүлдем қиындап амалы қалмаған жылдарда, олар туған балаларын сатады, түскен ақыларына күнкөріс қамдарын жасады, сатқан балаларына қатысты былай дейді: ол да, біз де аштан өлгенше, оның да, өзіміздің де тірі қалғанымыз әлдеқайда артық», – деп жазды. Балалардың сатылуы құл саудасымен айналысатындарға көп пайда келтірді және ол саудагерлер Далаға жиі соғып тұратын-ды.

Бұл Алтын Орда үшін өте ауыр кезең болды. Ноғайдың өлімінен соң Дунай жақтағы жерлер ақырындап жекелене

бастады, оны тоқтату Тоқта ханның қолынан келмеді (хан оған тіпті көңіл де бөлмеген болуы мүмкін). Бұған қоса, империяның батысында Жошының Орда Ежен мен Шайбаниден



Көк Орда

тараған ұрпақтары бел ала бастады. Алтын Орда ханына түменбасы Ноғаймен күресте қол ұшын берген олардың қандай да бір артықшылыққа құқықтары бар еді.

Көк Орда және Ақ Орда атауларының жылнамаларға түсетін кезі де тап сол XIV ғасырдың басы. Олар өз алдына жеке елдері, халқы, әскері және әміршілер әулеті бар ортағасырлық елдері мемлекеттік құрылымдар болды. Оның үстіне бұл мемлекеттердің күшеюі де Тоқта хан кезінде жүзеге асты әрі бұған ханның қосқан үлесі де зор.

Орыс жылнамалары мен мұсылман елдерінің жазба деректерін салыстырғанда, «Көк Орда» және «Ақ Орда» атаулары оларда бір-біріне сай келе бермейтіні байқалады. Сол себепті де, кейін тағы шатастырмау үшін, мұның дұрыстап басын ашып алған жөн. Жошы Ұлысының әскері орталықтан және екі қанаттан тұрды. Мұнда хан ордасы, яғни Алтын Орда орталықты, Көк Орда әскердің оң қанатын (барунқар немесе оң қол), ал Ақ Орда сол қанатын (джаунқар немесе сол қол) құрады.

Өз иеліктерін Шайбани ұрпақтары Көк Орда деп атады. Бір әскеретін жайт, Хиуа әміршісі Әбілғазы Баһадүр хан соның бір ұрпағы. Ол «Түркілер шежіресі» деген еңбегінде Алтын Орданың негізін қалаған Бату ханның өзі кезінде інісі Шайбани иелігіне Корел аймағын, ал қарамағына куш, найман, қарлұқ, бұйрақ халықтарын бергенін жазады. Ортағасырлық авторы белгісіз «Ескендір анонимі» қолжазбасында Шайба-

ниге нақты қай жерлер берілгені көрсетіледі. Олар: Ібір-Сібір, Русь, Укек, Маджар, Бұлғар және Сарай.

Ал Орда Ежен ұрпақтарының иелігі болса, Ақ Орда аталды. Бұл негізінде Жошы ханның өз әулетіне қалдырған жер еді, басқаша айтқанда, ұлдары мұраға алған иелік болды. XIII ғасырда өмір сүрген Рашид әд-Дин «Жылнамалар жинағында» былай деп жазады: «Басынан-ақ Орда Ежен әулетінен оның орнын басқан ешкім Бату тағындағы хан алдына барған емес, өйткені, олар бір-бірінен бөлек және әркім өз ұлысының әміршісі. Бірақ оларда басшы, әмірші деп Батудың орнын басқан адамды атау дағдыға айналған, олардың аты-жөндері жарлықтарда бірінші жазылады».

XV ғасырда жазылған «Муизз әл-ансаб» деп аталатын авторы белгісіз бір шығарма былай деп хабарлайды: «Орда – Жошы ханның үлкен ұлы. Әкесінің көзі тірісінде де, өлген соң да ол сыйлы әрі беделді болды. Бірақ Жошы дүниеден қайтқасын, тақ оған емес, Батуға бұйырды. Орда бұған келісімін берді. Шаңырақтың үлкені екі ұлдың достығы Батудың әке орнын басуына себін тигізді. Менгу қағанның шығарған жарлықтарында Орданың есімі Батудыкінен бұрын тұрды».

Басқаша айтқанда, ортағасырлық деректерде Орда Ежен ұрпақтарының Жошы әулетіндегі орны жоғары болғаны айтылады. Тек Моңғол империясы ыдырағаннан кейін ғана жағдай өзгеріп, олар Алтын Орда хандарына бағынышты күйге түсті. Бірақ, бәрібір Орда Ежен ұрпақтары Алтын Орда тағы үшін күреске түскенде, өздерінің Жошы әулетіндегі үлкен шаңырақ екенін алға тартты. Алайда бұл біраз кейінірек болды. Ал әзірге кешеден қалған алып империяның тізгіні Тоқта ханның қолында еді.

* * *

Осы кезеңде Русьте де аласапыран кезең өтіп жатты. Мәскеу князі Даниил 1300 жылы Рязаньді жеңіп, Коломнаны өз иелігіне қосты. Орыс князьдерінің соғысы ұзаққа созылды. Ұрыс арасындағы үзілістерде олар қайта-қайта Ордаға қарай шауып, бір-біріне өкпе, шағымдарын айтып, ханды мемлекеттік маңызды істерінен қалдыруларын қоймады.

Бұл аралықта Болгарияда билік басына Святослав Тодор Тертер келіп, елде тыныштық орнады. Ол билік құрған жыл-

дарда елдің ішкі араздығы басылып, Алтын Ордамен және басқа елдермен қатынасы қалпына келді.

Ал Моңғол империясында болса, Шағатай Ұлысының әміршісі Қайду Қарақорымды басып алмақ болып, соңғы рет тағы жорыққа шықты. Бірақ ол быт-шыт боп, күйрей жеңілді. Осы сәтсіздіктен кейін көп ұзамай, Қайдудың өзі дүниеден озды. Оның ұрпақтары Юань әулеті империясының – Темір-Олжайттың билігін мойындауға мәжбүр болды. Кейін олар Ақ Орда жеріне көздерін аларта бастады.

1301 жылы Ақ Орда тағын Орда Еженнен тарайтын Баян хан иеленіп, ол үшін билік жылдары басталды. Баян хан билікке келісімен, немере бауыры Құлық оған қарсы бас көтерді. Мұны Шағатай Ұлысының әміршісі Дува хан қолдап шықты. Жазба деректерде Баян мен Құлық арасында 18 рет ұрыс жүргені баяндалады.

Баян хан көмек сұрап Алтын Орда ханы Тоқта мен Құлағу мемлекетінің билеушісі илхан Ғазанға елшілер жіберді.

Тоқта шығыстағы болып жатқан жағдайларға алаңдай бастады. Егер Ақ Ордада билік басына Құлық келсе, Ертістен Аралға дейінгі ұшан-теңіз жер, Орда Ежен әулетінің иелігінде болды дегеннің өзінде, Шағатай ұрпақтарының ықпалында жететінін түсінді. Алтын Орда ханы бұған қол қусырып қарап отыра алмас еді, сондықтан да, ол бірден кешегі түменбасы Ноғайға қараған бірнеше түмен әскерді Баян ханға аттандырды. Олар Ақ Орданың әскери күшін арттыру үшін, шығысқа қарай отбасыларымен қоныс аударды. Қоныс аударғандар, егізінен, арғын, найман, қыпшақ тайпалары еді. Мұнымен қатар, олардың көші Алтын Орданың батысындағы шиеленістен жағдайды да орнықтырды.

Шығыстағы билігін нығайтқан Тоқта хан 1303 жылы илхан Ғазанға Кавказға қатысты шарт қойды. Бұған себеп болған құлағулықтардың мәмлүктер жеріне басып кіруі еді. Олар Алеппо мен Дамаск қалаларын басып алады және Хамса маңында мәмлүктер әскерін ойсырата жеңеді.

Шамасы, илхан Ғазанға осы жеңісі дем берсе керек, ол Алтын Орда ханының шартымен келіспейді. Тоқта оған қарсы жорық ұйымдастырмақ болады. Алайда бұл ойынан қайтуға тұра келеді. Өйткені, бұл кезде крестшілер шабуылын тоқтатумен әуре болып жүрген мәмлүктер сұлтаны ан-Насирдің қолдау

бере қоюы неғайбыл еді. Ан-Насир крестшілер шабуылын тойтарып, илхан Ғазанға оның өзі қарсы аттанады. Ол Дамаскіге жақын Мардж ас-Суффар ойпатында илхан әскерін жеңеді. Бұдан кейін ол екеуінің арасында бейбіт келісім жасалады.

1304 жылы илхан Ғазан күтпеген жерде қайтыс болды. Жаңа әмірші болып оның бауыры илхан Олжайт (Улч-жайту) сайланады. Билік басына Олжайт келген соң, Құлағу мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы қатынас бұрынғыдан да шиеленісе түсті.

Тоқта хан бұл кезде Құлағу мемлекетімен бейбіт келісімде болған Мәмлүк сұлтандығымен де байланысын үзбеді. Осыған орай, 1306 жылы қызық оқиға бой көрсетті. Тоқта ханнан сұлтан ан-Насирге елшілер келіп, бірігіп құлағулықтарға қарсы шығу жайында ұсыныс жасайды. Мәмлүк сұлтаны сыпайы ғана бұдан бас тартады. Мұны естіген христиан дініндегі илхан Олжайт тез арада ислам дінін қабылдайды. Сөйтіп, ол өзіне де, өзінің еліне де мұсылмандардың көз алартпауын қамтамасыз етеді.

Алтын Орда ханы Тоқта Құлағу мемлекетін жайына қалдыруға мәжбүр болды. Бірақ ол енді назарын Қырым жартыаралына сала бастады. Кафадағы генуялық колониялармен бастары бір піспей-ақ қойған. Генуялықтар Алтын Орда халқына оқтын-оқтын шабуылдап, тұтқындап, құлдыққа әкетіп, сататын. Мұның қарымын қайтаруды ойлаған Тоқта хан Кафада генуялықтардың үстерінен баспақ болды, алайда олар ханның қалаға келгенін естіп, кемелеріне мініп, ашық теңізге шығып кетеді. Ерегіскен Тоқта қаланы тонап, генуялық саудагерлердің Сарай қаласы мен тағы басқа жерлердегі тауарларын тәркілеп әкетеді.

Бұл оқиғалар жайлы ортағасырлық автор ан-Нувейри былай дейді: «707 жылы (1307 – 08) Тоқтаның Қырымдағы, Кафа мен Солтүстік аймақтардағы генуялық франктерден құлағына жеткен әр түрлі істері үшін, оның ішінде, татарлардың балаларын ұрлап, мұсылман елдерге құлдыққа сатқандары үшін өш алыпты деген хабар Мысыр жақтағы елдерге де жетті».

Қырымдағы соғыспен алаң болып жүрген Тоқта хан батысындағы оқиғаларды назардан тыс қалдырды. Ол жақта Мажарстан королі кеше түменбасы Ноғайға қараған жерлерді – Северин Банат аталған аймақты (Карпат пен Дунайдың сол

жағалауы) басып алды. Мұнымен қоса, «волохтар» Мунтян князьдігін құруға кірісті. Шамасы, бұл оқиғалар Алтын Орда ханын онша мазалай қоймаған тәрізді. Оның бар ықыласы бұл кезде шығыс жақта болатын.

1309 жылы Ақ Орда ханы Баян қайтыс болып, оның тағына Сасы-Бұға есімді екінші ұлы отырады. Ол уақытта Ақ Орда хандарының ордасы Ертістің бойында, Алакөлге жақын маңда болатын. 1310 жылы Сасы-Бұға хан өз ордасын Сығанақ қаласына ауыстырды. Бұған Шағатай ұрпақтарының қысымы себеп болған-ды. Бірақ көштің себебі басқаша түсіндірілді.

Аңыз бойынша, Сасы-Бұға хан атасы Күнқыран ханның ертеректегі өсиетін орындаған. Ол Ақ Орданы 1280 жылға дейін билеген, ұрпақтарына өзі өлген соң, хан ордасы Алакөл жағалауынан Сырдария бойындағы Сығанаққа ауыстырылсын деп өсиет қалдырған көрінеді. Алайда оны бірден орындау әлдеқандай себептермен мүмкін болмай, оның өлімінен кейін араға отыз жыл салып реті келеді. Қысқа қайырғанда, марқұм Күнқыран ханның соңғы өсиеті осылай орындалады.

XIV ғасырдың басында Ақ Орда әміршілері Алтын Орда ханына тәуелді күйге түсті. «Ескендір анонимі» аталатын жылнамада Сасы-Бұғаның Алтын Орда ханының алдындағы міндетін қалтқысыз орындайтын болғаны айтылады. Оның бірде-бір шақыруынан қалмаған, құрылтайлардың бөріне түгел қатысқан.

1311 жылы Тоқта хан жаз жайлауда тынығып жатқан жерінде аяқ астынан белгісіз жағдайда көз жұмады. Бату Сарайда жер қойнына беріледі. Ол билік еткен соңғы жылдарды Алтын Орданың гүлдену дәуіріне дайындық кезеңі десе болады. Тоқта хан өз мемлекетінің өндіріс күштерін оң жолға қойып, қолөнер мен қала мәдениетін көтерді.

Тоқта хан дүниеден өткесін, тақ мәселесі көлденең тұрды. Рашид әд-Дин оның Илбасмыш, Иксар, Тукел-Бұға атты үш ұлын ғана атайды. «Ескендір анонимінің» авторы бұлардың қатарына Тоғрұлды қосып, оны «әділ, ақылды, мұсылман патша, көп оқиды, Аллаһқа сиынады, игі дәстүр қалыптастырды, ізгі ережелер қалдырды. Бүкіл Дешті Берке ұлысы оның қайырымы мен рақымына бөленді, соның арқасында елі қытайдың әсем суреті мен жұмаққа бара-бар дәрежеге жетті. Ол сұлтан Әбу-Саидтің замандасы еді, екеуі бір-біріне елшілер жіберіп, хат жазысып тұрған» деп атап өтеді.

Ортағасырлық автор әл-Бирзалидің айтуынша, Өзбек ханның жасы таққа отырғанда отызда болған. «Ол ислам дінін ұстанды, ақылымен, көз тартар сымбатымен ерекшеленді». Құтлұғ-Темір жаңа әміршінің бас кеңесшісі болады. Бастапқы кезде ол «мемлекеттік басқару істерімен, ұйымдастырушылықпен және салық жию шаруасымен айналысты» дейді әл-Айни.

Құтлұғ-Темір Өзбектен елде ислам дінін тарату жолында батыл қадамдар жасауын талап етеді. Сондықтан да, Өзбек хан жалпақ жұртқа өзінің ислам діні қағидаларын бұлжытпай орындайтын нағыз мұсылман екенін көрсетеді. Ол, тіпті астананы Бату Сарайдан Алтын Орданың алғашқы мұсылман билеушісі негізін қалаған қала – Берке Сарайға ауыстырады.

Сосын Өзбек исламды мемлекеттік дін деп жариялайды. Оның бұл саяси қадамы Алтын Орданың Шығыстағы бай елдермен арадағы байланысын нығайтты. Алайда, оның есесіне христиан дінін ұстанған немесе пұтқа табынған тайпалар, халықтар жат көзбен қарай бастады. Бұл, негізінен, Еділдің батысындағы және Солтүстік Кавказдағы халықтарға қатысты болды, Алтын Орданың басқа бөліктері ондай көзқарас байқатпады.

Өзбектің тікелей бұйрығымен Берке Сарайда мешіт, медреселер салынып, кесене, сарайлар бой көтереді. Сондай-ақ, мұндай құрылыс нысандары тек Еділ бойында ғана емес, Қырым мен Кавказда да тұрғызылды. Қысқасы, Өзбек хан исламды тарату жолында табанды саясат ұстанды және билік басына келгеніне екі жыл толғанда, Мәмлүк сұлтаны ан-Насирге Алтын Ордада дінсіз адам қалған жоқ деп хабар жібереді. Ал шындығында, исламды тек алтынордалық ақсүйектер ғана қабылдаған, ел халқының көп бөлігі басқа дін өкілдері еді. Мәселен, аландардың, хазарлардың, қыпшақтардың және астардың көбі христиан болды. Түркілер Тәңірге, моңғолдар Буддаға табынды, ламаизм ұстанған моңғолдар да болған.

Ал Өзбек дініне берік, иманы күшті кісі болған және басқа дін өкілдеріне де түсіністікпен қараған. Мұны 1313 жылы



Алтын Орда жауынгері (Қ.С. Ахметжановтың реконструкциясы)

«бүкіл Русьтің митрополиті әулие Петрге» берген жарлығынан да көреміз. Ол құжат бойынша орыстың православ шіркеуіне кең құқық беріледі, бұл түптеп келгенде, митрополитке берілген шексіз билік еді.

Жарлықта мынадай сөздер бар: «Русьте митрополит Петрдің собор шіркеуіне және оның шіркеу қызметкерлеріне ешкімнің тиісуіне қақысы жоқ, ешкім салық салмайды, жерін, адамдарын ешкім ала алмайды. Қай кезде болмасын, митрополит Петр кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін, кімге не істеу керегін өзі біледі, төрелігін де өзі айтады: қарақшылықта да, қылмысты істе де – бәрінде митрополит Петрдің бір өзі біледі, оның бұйрықтарына, өз заңдарына сай біздің – бірінші патшаның берген ұлы жарлықтары және грамоталары арқылы бәрі, шіркеу қызметкерлері де бағынады».

Бұларға қоса Өзбек хан жарлығында Алтын Орда әміршісінің поптар мен дьякондар отбасына, анықтап айтқанда, олардың «бауырлары мен ұлдарына жалақы тағайындағаны» ашық айтылады.

Бұл Русьте орыс князьдерінің өзара тартысы әбден қызған кез болатын. Осындай аласапыран уақытта бұл жанжалға араласып, жаман атқа қалмаған, жұртқа сыйлы, барынша ықпал ете алатын адам керек еді. Митрополит Петр нағыз сондай адам болды. Сондықтан, оны Өзбек ханның қолдағанында тосын ештеңе жоқ. Бұған қоса, ол бас князь Михаилді шақыртады, оны бір жылдан астам жанында ұстайды.

* * *

Мұсылман елдерінің басшылары тегіс Өзбек ханның ұстанған саясатын қолдады. 1314 жылы Қырым жартыаралында Солхат қаласында мәмлүктер сұлтаны ан-Насирдің қаржысына ислам дінін қабылдаған Алтын Орданың Мұхаммед пайғамбар жолымен жүруге ант еткенінің құрметіне мешіт салынды.

Сол кездегі мысырлық жылнамашылардың еңбектерінде әмір Ала-әд-Дин Айдоғды әл-Хорезми есімі жиі ұшырасады. Ол Мәмлүк сұлтанының Өзбек хан ордасындағы елшісі болды. Әмір Берке Сарайдағы хорезмдік саудагерлермен тым жақсы қатынас орнатып, Мәмлүк сұлтандығы мен Алтын Орда арасындағы байланыстың нығая түсуіне үлесін қосқан. Ертедегі салт бойынша мұндай қарым-қатынастар қыз алып,

ғыз берісу арқылы бекітілетін. Сондықтан, 1314 жылы әмір Айдоғды Өзбек ханның Тунаджи ханымнан туған Тулунбай әсімді қарындасын мәмлүктер сұлтанына қосу үшін келіссөздер жүргізуге кіріседі.

Өзбек өзінің қарындасын жоғары бағалады, ұсақ-түйекті місе тұтпайтынын көрсетіп, оның қалыңына қисапсыз қаржы сұрады. Сөйтіп, отыз мыңнан астам алтын динар төленетін болып келісілді.

Ал күйеу жігіт болса, көріксіздеу болғанға ұқсайды. Сұлтан ан-Насирдің бір көзінің тума ағы болған, бұған қоса, саналы ғұмыры жорықта өткен оның жарақаты да аз болмаған, бір аяғын сылтып басатын ақсақ болған.

Осыған қарамастан, екі жақ елшіліктер алмасып, тарту-таралғыларын жіберіп жатты. Бірнеше жыл бойында келіссөздер жүргізілген. Және осы уақыт ішінде сұлтан алтынордалық ханшаға үйленуден бас тартуды да ойлаған, оған қалыңдықтың ықыластылығы себеп болады.

Мына жақта осындай астары қырық қабат оқиғалар болып жатқанда, Алтын Орданың шығысында Шағатай ұрпағы Есен-Бұға ханның бүлігі бұрқ етті. Ол Юань әулетіне қарсы күреске шығу үшін Өзбек ханнан қолдау көрсетуін сұрап кісі салды. Бірақ Алтын Орда ханы оған көмек қолын соза қоймады. Көтеріліс аяусыз басылып, император Буйянту Шағатай Ұлысын өз иелігіне қосып алды.

Құлағу мемлекетінде билік басы өзгеріп, 1316 жылы илхан болып Әбу-Саид сайланады. Екі жылдан соң Алтын Орда ханы Өзбек жазғы ордасын Солтүстік Кавказға аударды. Бұл құлағулықтармен арадағы байланысты шиеленістірді. Дегенмен, кикілжіңнің ақыры әскери қақтығысқа ұласа қойған жоқ.

Ақыры, 1320 жылы Мысырдан Алтын Ордаға кезекті елшілік келді. Шамасы, бұл кезде Тулунбай ханша кімге болса да тұрмысқа шығуға әзір болған, сұлтан ан-Насирдің сырт келбетінің кемшілігі кедергі болудан қалған. Сол себепті де, Өзбек хан бірден шаруаға көшіп, елшіге «бәрін реттеп» қойғанын, енді тек қалыңын төлеп, тойбастар салтанатын өткізу ғана қалғанын ескертеді. Мәмлүк әмірі Айдоғды абыржып, ғафу өтініп, дәл қазір сыйы да, пұлы да жоғын айтады. Бірақ Өзбек хан өз дегенінен қайтпай, қалыңға керек қаржыны алтынордалық саудагерлерден алуды ұсынады.

Елші келісуге мәжбүр болды. Ол, тіпті керегінен жеті мың динарды артық алып, салтанатты той өткізеді. Содан соң қалыңдықты алып, ырғалып-жырғалған елшілік Мысырға қарай жол тартады. Жолай олар Константинопольге аялдайды, онда Византия императоры Тулунбай ханшаның келу құрметіне арнап үлкен мереке ұйымдастырады.

1320 жылы 10 мамырда алтынордалық қалыңдық 1000 аттылы нөкерімен Александрияға келіп жетеді. «Хатун – деп жазады мысырлық жылнамашы әл-Айни, – кемедең түскесін, оны мәмлүктер алтын жалатқан күймеге отырғызып, Александриядағы сұлтан сарайына қарай алып жүрді. Сұлтан оның қызметіне көп хаджиб және сұлтан гаремінен он сегіз әйел жіберді».

* * *

Тулунбай Мәмлүктер сұлтандығының әміршісіне тұрмысқа шыққаннан кейін, Алтын Орда мешіттерінде құтпан намаздарында Өзбек ханның есімінен кейін сұлтан әл-Малик ан-Насирдің аты аталатын болды. Сондай-ақ, мәмлүктер мешіттерінде де Алтын Орда ханының саулығын тілеп дұға қайырылып, сұлтаннан кейін соның есімі аталды.

Бұл некелік байланыс Өзбек ханның билігін едәуір күшейтті. Сөйтіп, ол өзіне тәуелді басшыларға ықпалын арттырды. Ақ Ордада Сасы-Бұға хан қайтыс болғанда, оның орнына ұлы Ерзен хан болды және ол таққа Алтын Орда ханы Өзбектің қолдауымен отырды.

Ортағасырлық «Ескендір анонимі» деп аталатын қолжазбаның авторы Ерзен ханның бірыңғай жақсы жақтарын атап көрсетеді, дана да, әділ әмірші ретінде суреттейді. Оның сөзіне қарағанда, хан қайырымдылық істермен айналысқан, сол үшін арнайы құрылымдар, көптеген мешіттер мен медреселер ашқан, әулие-әмбиелердің мазар, кесенелерінің басына баспаналар тұрғызған. Ол билік құрған жылдары Сырдарияның бойындағы Отырар, Сауран, Жент, Баршынкент, тағы басқа қалалар гүлденген. Ерзен хан аймақ басшыларымен жақсы тіл табыса білген, соның арқасында, оның елінде көшпенді ақсүйектер мен әскери шонжарлар арасында ешбір қақтығыс болмаған.

Аталмыш «Ескендір анонимі» деген шығарманың авторы Ақ Орданың жаңа ханы жайлы былай деп жазады: «Өзбек ханның әмірімен ол әкесінің тағын иеленді, қарымды

қабілеті мен мықты білімінің арқасында өзін тек жақсы жағынан көрсетті. Оның атақ-даңқы Өзбек ханның өзінен кем соқпаған жылдар да болды, дегенмен, оған еш қарсы шыққан емес, керісінше, айтқанын екі етпей орындады. Ол өте ақылды, әділ, мысы басым, Құдайдан қорқатын адам еді. Отырардағы, Саурандағы, Жент пен Баршынкенттегі медресе, мешіт, ханака, басқа да қайырымдылық мекемелердің көбісін сол салдырған. Әділдігімен, рақымымен тұтас Түркістанды нағыз жұмақтың өзіне айналдырды. Өз әулетінен шыққан 700 адамды қайырымдылық істеріне жұмылдырып, аймақтарды бөліп-бөліп соларға басқартты, сондықтан әркім өз жолымен жүріп-тұрды, әркімнің жұмысы, қызметі және мал-мүлкі болды, жоғарыдағылар төмендегілерге қысым көрсеткен жоқ, кішілер үлкендерді тыңдады, дегендерін істеді. Ұлыстағы қауіпсіздік пен дамудың ол билік еткен жылдардағыдай үлгісі одан кейін ешкімнің түсіне кірген емес».

Ұзын сөздің қысқасы, Өзбек хан Ақ Орда тағына Ерзенді хан қойып, өзінің көрегендігін тағы бір көрсетті.

* * *

Шығыста тыныштық орнап, тәртіп бекіп жатқан тұста, Алтын Орданың батысы мүлде басқа күйді бастан кешті.

Византия империясында азамат соғысы тұтанып, елде басыздық орнады, талан-тараж көбейді. Алашапқын саябырсыған тұстарда арагидік византия әскері көрші елдерге шабуыл да жасап тұрды. Бұл Өзбек ханды болгар патшасы II Тертерияға Византиямен қақтығысында қол ұшын беруге итермеледі.

Бұл кезең Русьте де аумалы-төкпелі заман болды, орыс князьдерінің өзара алауыздықтары бір бітпей-ақ қойды. Өзбек хан бүкіл дау біткенді тоқтатуға тырысып бақты. Сол үшін ордасына Дмитрий Грозный Очи мен Юрий Даниловичті шақыртты да. Берке Сарайға келе жатқан олар 1324 жылы 21 қарашада Кама өзенінің бойында кездесіп қалады. Сонда Дмитрий Юрийді өлтіріп, одан әкесінің кегін қайтарады. Тағдырын қалай шешерін білмей Өзбек хан Дмитрийді бір жыл жібермей ұстайды. Ақырында өлім жазасына кеседі. Өйткені, Алтын Ордада өз бетімен кісі өлтіруші солай жазаланған. «Дмитрийді



Қола шамдал. XIV – XV ғ.
Ахмет Иасауи кесенесі.
Түркістан



өлтiргенмен, Өзбек хан өзінің рақымын көрсетіп, оның інісін орыстың бас князі етіп тағайындады: қалай болғанда да, Александр Михайлович келісім грамотасында солай көрсетілген», – деп жазады тарихшы Н.М. Карамзин.

Мұның артынан Мәмлүк сұлтандығынан жайсыз хабар жетеді. Араға бес жыл салып, сұлтан ан-Насирдің Өзбектің қарындасы Тулунбайды отасқан соң бірнеше күннен кейін сарайынан шеттетіп, өзінің бір мәмлүгіне бергені мәлім болады. Тулунбай белгісіз жағдайда қайтыс болды, асылы мұндай масқаралықты көтере алмаған болса керек. Өзбек хан мына естіген хабарына бұлқан-талқан ашуланады. Елші арқылы ол өзінің бар өкпе, кінәсін ауызша айтып жібереді. Өйткені, «хан қызын масқаралау сұлтанға жараспайтын іс». Әл-Малик ан-Насир мұның бәрін жоққа шығарып жауап қайтарады: «Мұның бәрі жалған, хатунға қиянат жасалған жоқ, қуылған да емес, егер Аллаһ оны о дүниеге аттандырса, оған ешкім кінәлі емес».

Екі қуатты ел Тулунбай өлімі үшін қақтығысқа бармады. Өзбек хан мен сұлтан ан-Насир одан гөрі маңыздырақ істерді шешумен айналысты. Дипломатиялық келіссөздер кезінде олар Құлағу мемлекетімен бірігіп соғысу мәселесін талқылады. Артында Өзбек хан әскерін өзі бастап Әзербайжанға басып кірді. Бірақ дұрыстап бекіне алмай, кері қайтуға мәжбүр болды.

Жорықтан оралғасын, Алтын Орда әміршісі Русьте төртіп орнатуға кірісті. Ол кезде орыс жерінің билігі тверьлік бас князь Александр Михайловичтің қолында-тұғын. Оған Шевкал (Чел хан) бастаған қарулы қосын аттандырылды.

Бұл оқиға жайлы тарихшы Н.М. Карамзин былай деп жазады: «Жаздың соңғы күндерінде Тверьге ханның елшісі Дюденнің ұлы, Өзбектің немере інісі Шевкал келді, қасына ерткен қарақұрым тонаушылары бар». Бас князь қонақтарды сарайына орналастырып, өзі «ислам дініне шындап берілген Шевкал орыстарды мұсылман қылмақшы, князь Александрды бауырларымен қоса өлтiрмекші, өзі соның орнын иеленіп, басқа қалалардың бәрін адамдарына бөліп бермекші» деген сөз таратады.

Тверь «қорқыныштан діретті», 15 тамыз күні көше бойлаған халық тұс-тұстан ағылып, қарақұрым тобырға айналды, князь Александр жиылғандардың алдына шығып жалынды сөздер сөйлеп, келіп жатқан алтынордалықтарға қарсы тобырдың өшпенділігін одан бетер арттыра түсті. «Тверьліктер оларға

айғай-сүренмен бас салып, қанды қырғын басталып та кетті. Таңнан ымырт үйірілгенше көшелердегі кескілескен ұрыс біртұнған жоқ. Аз ғана моңғол қаптаған топтан ақыры қашып, сарайға барып кірді. Александр оған өрт қойды, Шевкал мен тірі қалған хан жасағы түгел жанып кетті».

Бұл қанды қырғын «Орданы таң қалдырды». Өзбек хан мәскеулік князь Иван Даниловичті шақыртып, жанына «өзінің бес түменбасын» қосып, Тверьге жіберді. Бас князь Александр қашып Псковқа, одан Литваға өтті. Ал бауырлары Константин мен Василий Ладогаға барып жасырынды. Тверьдегі бүлік басып-жаншылып, бүлікшілер өлім жазасына кесілді.

1328 жылы Өзбек хан Калита деген лақап аты бар Иван Даниловичті Русьтің бас князі етіп тағайындады. Ол орталықты Владимирден бірден Мәскеуге ауыстырды. Содан бері «бас князь орынтағы» мәскеулік князьдердің қолына көшті. Иван Калита реформалар бастады, кешікпей ол Владимир князьдігін біріктіріп, өзіне бағындыруға қол жеткізді.

* * *

Алтын Орда ханы Русьтегі жағдайға айналып, жан-жағына мойын бұра алмай жүргенде, Ақ Орда билігіне ақылы келте, қолы тар Мұбарак-қожа келді. Әкесі Ерзен ханды Ақ Орда астанасы Сығанақ қаласына жерлегесін, жаңа әмірші оның ұстанған саясатын жалғастырғысы келмеді.

Әуелі Мұбарак-қожа әкесі орнатқан аймақтар арасындағы жүйені, онымен қоса тәртіпті бұзды. Бұлақордалық ақсүйектер арасында алауыздық тудырып, бақталастыққа әкеп соқтырды. Олардың жаңа әмірші әрекеттеріне көңілдері толмай, үлкен қарсылық пайда болды. Сосын Мұбарак-қожа Алтын Орда ықпалынан құтылып, өз иелігін жеке мемлекетке айналдыруды ойлады. Осы мақсатпен Сығанақ қаласында ол өз атынан ақша шығаруға кірісті. Оған мынадай сөздер жазылды: «Әділетті жақтаушы сұлтан Мұбарак-қожаға Аллаһ ұзақ билік етуді бұйыртсын». Оның арманы орындалуға жазбапты. Ортағасырлық авторлар Мұбарак-қожа бар-жоғы алты-ақ ай билік құрды деп хабарлайды.




Владимир қаласы. «Алтын қақпа». XII ғ. ғимараты

Өз атынан ақша шығаруға тәуелсіз билеушінің ғана қақысы бар. «Ниеті бұзық Мұбарак-қожа іштарлықпен бүлік шығарды, бұл содан былай бүкіл Дешті Қыпшаққа жақсы мәлім болды», – деп жазады ортағасырлық «Ескендір анонимі» қолжазбасының авторы.

Өзбек хан өзінің ұлы Тыныбекті Сығанаққа аттандырады. Мұбарак-қожа одан қашып, Шағатай Ұлысына барып пана-лайды. Муин-әд-Дин Натанзи дерегі бойынша ол ұзақ уақыт қашып жүрген. Тыныбектің Ақ Ордада кідіре тұруына тура келеді. Тәртіп қалпына келтіріледі. Алайда Алтын Орданың батыс шекарасында әлі мазасыз болатын.

1328 жылы Византияда үшінші азамат соғысы бұрқ етті. III Андроник Мавропотам маңында өзінің атасы II Андрониктің әскерін жеңіп, Константинопольді басып алады. Жеңімпаз неме-



Түріктердің Константинопольді қоршауы

ре өзінің атасын биліктен шеттетеді, бірақ патшалық нышанын қалдырады. Көп өтпей II Андроник ауыр науқасқа шалдығып, тақтан мүлде тайдырылады, монах киімі кидіріледі.

Түріктер Византияның азамат соғысынан қалжыраған кезін сәтті пайдаланды. Олар Константинопольдің төңірегін түгелге жуық басып алды. Сөйтіп, Византиядан әлдеқайда күшті дұшпандары – Болгария, Сербия және Мажарстанмен соғысуға ыңғайлы жер дайындап алды.

Түріктерден төнген қауіптен қорқып болгар королі Алтын Ордадан көмек сұрауға мәжбүр болды. Өзбек хан оған көмекке шағын жасақ жібереді, күшіне күш үстеді, сөйтіп ол 1330 жылы 28 маусымда Сербияға басып кіреді.

XIV ғасырдан жеткен қолжазбаларда Алтын Ордадағы жағдайдың жайлы болуына орай қалалардың, сауданың өркендей дамығаны жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Бұған қоса, XIV ғасырда Алтын Ордада әдеби түркі тілі қалыптасты. Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезмдегі қыпшақтар мен оғыздардың тілдік ерекшеліктері бұған көп әсер етті.

Өзбек хан кезінде Алтын Ордада қала мәдениеті, қолөнер, әсіресе, сауда қатты дамыды. XV ғасыр араб тарихшысы ибн Арабшах Хорезмнен шыққан арбалы керуендер сонау Қырымға дейін үш ай бойы «қорықпай, қауіптенбей» алаңсыз жүретінін жазады. Керуендегі кірешілерге аттарына жем-шөп, өздеріне азық-түлік алып жүрудің қажеттілігі қалмады, керуенге жол-басшы да керек болмады. Өйткені, Дала мен егіншілікпен айналысатын аймақтарда халық тығыз орналасқан болатын.

Саудагерлер жол шығыны мен салықтың көп болғанына қарамастан, ақшаны мол табатын. Олар шыққан шығындарының орнын басқалардың жүгін тасып, жолай жылқы сатып, толтырып отыратын. Жылқылары жүз күміс дирхемнен кем бағаланбады, көрші елдерден іздеп жүріп сатып алатындар болған. Мысалы, венециялық Иосафато Барбаро бір сауда керуені Дешті Қыпшақтан Иранға 4000 жылқы апаратынын мәлімдейді.

Алтын Орда Еуропа мен Қытай арасында сауда керуендерінің жүріп, сауданың дамуына зор үлес қосты. Бұл жол бойында Қырым қалалары өте маңызды еді, олардың ішінде Тана (Азов) қаласы ерекше рөл ойнады. Бұл халықаралық сауда орталықтарының бірі болатын. XIV ғасырдың 20-жылдары Танада сауда генуялықтардың иелігінде-тұғын, бірақ 1332 жылдан бастап бұл венециялық саудагерлердің қолына өтті.

XIV ғасырда Қырым жағалауында құл саудасы да мол пайда әкелетін. Құлдыққа сату үшін адам аулау әдеттегі жайға айналды. Әл-Омаридің сөзіне қарағанда, «қыпшақтардан шеркес, орыс, мажар және ас жасақтары жеңіліп қалады, бірақ қыпшақ балаларын ұрлап, саудагерлерге сатады». Қыпшақтар да көршілеріне оқтын-оқтын шабуыл жасап тұрған. Тіпті Алтын Орда әміршісінің өзі де мұндай іске барған кездер болған. «Өзбек хан да, – деп жазады әл-Омари, – қаншама рет олардың еркектерін өлтіріп, әйел, балаларын тұтқындап, әр түрлі елге құлдыққа жөнелтті».

Кейде алтынордалықтар өз балаларын өздері құлдыққа сатқан. Әл-Омари Алтын Орданы Бұлғар қаласына дейін басып өткен саудагер Шериф Шемс-әд-Дин Мұхаммед әл-Хусейни-әл-Кербалаиден естігенін былай баяндайды: «Саяхат кезінде жолай ұл, қызы аралас балаларды әке-шешелерінен сатып алғанын айтты. Ханның жарлығымен Иран жеріне баруға тиіс болған оларға ақша қажет болыпты. Ол құлдардың арасынан ең жақсы, қымбаттарын алып қайтқан». Дешті Қыпшақ халқы жайлы әл-Омари былай дейді: «Жұт, құрғақшылық жылдары олар ұлдарын сатады. Ал қарындары тоқ кезде қыздарын болмаса, ұлдарын сатпайды, ер балаларын тек шектен аса қысылған кезде ғана сатады».

Мысырдағы құл базарында, әсіресе, Дешті Қыпшақтың бозбалалары ерекше бағаланады. «Мысыр әскерінің негізгі бөлігін, – дейді әл-Омари, – солар құрайды, өйткені, мысырлық сұлтандар мен әмірлер де сол жақтан келгендер, әл-Мәлік әл-Камилдің ұлы әл-Мәлік ас-Салих Наджим әд-Дин Айюб кезінен бері қыпшақ құлдары көп сатып алынатын болды».



Қыпшақтар

* * *

1333 жылы Алтын Ордаға ибн Баттута келеді. Араб саяхатшысы Берке Сарай қаласын жан-жақты суреттейді. Өзінің күнделігіне ол былай деп жазады: «Сарай шаһары – ерекше әдемі қала, тұрған жері жазық, мұндай үлкен қала сирек кездеседі, ығы-жығы халық, базарлары әдемі, көшелері кең. Бірде қаланың бір үлкен кісімен шаһардың көлемін өлшемек болдық. Таңертең атқа мініп шықтық, қаланы айналып келгенімізде күн ауып кетті. Қаланы айналып өткенше бірде-бір бос тұрған жер немесе бау-бақша кездескен жоқ, қаптаған үй иін тіреседі. Қалада 13 үлкен көпшілік мешіт бар, соның бірі – шафийлік. Басқа мешіттер де толып жатыр. Қалада неше түрлі халық тұрады: моңғолдар – билік солардың қолында, олар көп. Кейбіреулері – мұсылман, астар – түгел мұсылман, қыпшақтар, шеркестер, орыстар мен византиялықтар – хрис-

тиан. Әр халық қаланың өздеріне арналған бөліктерінде қоныстанған, әрқайсысының өз базарлары жұмыс істеп тұрады. Саудагерлер мен шетелдіктерге арналған бөлек ауданы тағы бар. Ирактан, Мысырдан, Сириядан, басқа да жерлерден келгендер сонда аялдайды, саудагерлер тауарларына алаңдамау үшін қоршаулар салынған».

Ибн Баттутаның жол үстінде жазған жазбалары да қызық. 1334 жылы Берке Сарайдан Хорезмге бара жатып араб саяхатшысы күнделігіне мынадай жолдар жазады: «Сарайдан (жаңасынан) шығып 10 күн дегенде Сарайшыққа – Кіші Сарайға жеттік. Ол үлкен, ағыны күшті Ұлысу, яғни Үлкенсу деп аталатын өзеннің бойында орналасқан. Тура Бағдадтағы көпір секілді осы өзеннің үстіне кемелерден көпір салынған. Осы қалаға жеткесін біз атпен жүрісімізді доғардық. Бұдан өрі арбамызды жегуге түйе жалдадық».



Ортағасырлық Хорезм

Сарайшықта ибн Баттута көп болмаған. Араб саяхатшысының арқасында біз бүгін ортағасырлық қаланың ежелде қалай аталғанын біліп отырмыз. Ол тарихи жазба деректерде алғаш аталған. Ибн Баттута бұдан кейін Жем өзенінен өтіп, Кунграл арқылы Хорезмнің орталығы Үргенішке жетеді.

Ол жылдары Хорезмдегі хан өкілі Құтлұғ-Темір болатын. Үргеніштегі соның кезінде тұрғызылған мұнарадағы жазуда ол былай аталады: «айбыны асқан патша, арабтар мен араб еместердің көсемі, жер беті мен діннің жарығы, ислам мен мұсылманның айбыны, атақты Наджм-әд-даул-әд-Диннің ұлы Құтлұғ-Темір». Бұл жазбадан Құтлұғ-Темірдің Алтын Ордадағы өте ықпалды ақсүйектердің бірі болғаны аңғарылады. Ол мұнараны Өзбек ханның кезінде тұрғызығанын атап өтуді ұмытпайды.

Ибн Баттута Алтын Орда ханының өкілі Құтлұғ-Темірдің үйінде болады. Қонақ қабылдау кезін араб саяхатшысы: «Құтлұғ-Темір әмірдің бір әдеті – күнде таңертең қазыны қабылдайты, ол келіп өз орнына жайғасады; онымен қатар заңгерлер мен хатшылар келеді. Оған қарсы бас әмірлердің бірі отырады, бас әмірдің қарамағында сегіз бас әмір мен шейх бар, бәрі түркі, олар «йарғучы» деп аталады; оларға жұрт төрелік іздеп келеді. Діни мәселелерге қатысты істерді қазы шешеді, ал басқа дауларды жсы әмірлер шешеді».

Дау-шарға төрелік айту хан өкілдерінің міндетіне жүктелді. Оларға қазы және йарғучы аталған жергілікті билер көмектесті, бір жағы шарифат заңдарының бұзылмауын қадағаласа, екінші жақ Шыңғыс хан Жасағын басшылыққа алды. Билер мен олардың хатшылары (бітікшілер) дау қушылардан жиылатын пұлдан ақы алды. Әрине, олардың жалғыз кіріс көзі осы ғана болған жоқ. Олардың иеліктерінде жер, мал, қалаларда үйлері болды, саудамен, басқа да шаруалармен айналысты.

* * *

1335 жылы Құлағу мемлекетінде илхан Әбу-Саид қайтыс болды. Ол тарихқа Құлағу әулетінің соңғы билеушісі ретінде енді. Ол дүниеден өтер-өтпес елде бүліншілік басталып, өзара тартыс белең алды. Грузия тәуелсіздігін алды, ал Әзербайжанда билікке негізін өмір Хасан қалаған түркілердің Чобан әулеті келді. Бұған қоса, Құлағу мемлекетінің жерінде Сербердар мемлекеті пайда болды. Бұл мемлекеттің атауы ел басшыларының ұстанған саясатымен тікелей байланысты. «Сербердар» деген сөздің өзі «татарлар билігіне қарсы күрескер» деген мағынаны білдіреді.

Өзбек хан Құлағу мемлекетіндегі бүліншілікті пайдаланып, Әзербайжанға жорық ұйымдастырды. Бұған дейін Кавказда Өзбек ханға қарсы Әбу-Саидтің әскербасы Чобан шығатын, Құлағу әулеті құлағаннан соң, алтынордалық әскердің алдын Арпа кес-кестеді.

Өзбек ханның Әзербайжанда 1335 жылдың қысындағы жүргізген соғысы кезінде есте қалатындай бір жай бар. XIV ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Хамдаллах Ғазнауидің «Тарих-и-Гузиде» атты тарихи шығармасында сол кездегі Алтын Орда Мамләкат-и-Узбеки, яғни «Өзбек мемлекеті», ал

оның жауынгерлері «өзбектіктер, өзбектер²⁵» аталады. Бір сөзбен айтқанда, Өзбек хан билік еткен жылдарда өзбектер атауы жазбаға түсті.

Тағы бір қызық дерек, Хамдаллах Ғазнауидің «Тарих-и-Гузидесін» өзінің ұлы Зейн әд-Дин жалғастырады, ол Өзбек Ұлысы деп тұтас Алтын Орда жерін атайды. XIV ғасырдың тағы бір авторы Муин-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» атты еңбегінде – бұл шығармада Алтын Орда тарихы басқалардан гөрі анық жазылған – сол кезең баяндалғанда да, дала империясы «Өзбек Ұлысы» деп аталады. Бұл кісінің де «Өзбек

Ұлысы» деп отырғаны Алтын Орда екенінде шүбә жоқ. Мәселен, ол былай дейді: «Өзбек Ұлысының Мүрид хан кезіндегі бас әмірі (әмир әл-умара) Могул-Бұқа ұлы Ілияс болды». Басқа авторлардың еңбектерінен белгілісі – Могул-Бұқа мен оның ұлы Ілияс Алтын Орданың әмірлері болған.

Әзербайжан жорығынан оралғасын Өзбек хан нысанаға Болгарияны жаулап алмақ болған Византияны алды. Бірақ III Андроник жеңіліс тауып, қашып құтылды. Болгар патшасының оны қолға түсіретіндей мүмкіндігі болған, алайда ол мейірімділік танытып, Андрониктің ізіне түспейді.

Алтын Орда ханы императордың Болгарияға баса-көктеп кіргенін кешірмеді. Өзбек хан Византияға жорыққа өзінің әскерін аттандырды. 1337 жылы олар Фракияны астан-кестен етіп, сансыз тұтқын айдап кетті. Сол жылы орыс князі Тверьлік Александр Михайлович Өзбек ханның көңілін тауып, қайтадан Тверь князі болып тағайындалады. Бірақ бір жыл өтер-өтпес, 1338 жылы 29 қазан күні Иван Калитаның қастығының кесірінен Алтын Ордада қайғылы қазаға ұшырады.

Өзбек хан Алтын Ордамен жақсы қарым-қатынас ұстай білген бас князь Иван Калитаның Русьтегі билігін күшейтуге мықтап көңіл бөлді. Русьтің бұл кезеңдегі тарихы жайлы Н.М. Карамзин былай деп жазады: «...татар аттарының жас сәбиді таптауы доғарылды, қыздардың абыройы төгілмеді, қарттар ақ қар, көк мұзда далада қалмады». Иван Калитаның жоғарылауын орыс жеріне қызметке барған алтынордалық



Византия
медальоны

²⁵Ортағасырлық автордың “өзбек” деп халықты емес, Алтын Орда әскерін атауы әбден мүмкін.

ақсүйектер қамтамасыз етті. Мысалы, «Ордадан Мәскеуге (шоқынған соң Захарие атанған) татар мырзасы Чет келді, Борис Федорович Годунов патша содан тарайды».

Өзбек хан 1340 жылы Литваға қарсы аттанды. Жорыққа, негізінен, орыс жасақтары шығады. Олар Литва әскеріне соққы бере алмайды, дегенмен, Өзбек хан литвалық князьдерді Мажарстан, Польша және Батыс Русь жерінен дәмеленбейтін етті. Сол жылы бас князь Иван Калита о дүниелік болды. Русьте Симеон Ивановичтің билігі басталды.

Литвада билік ауысып, тізгін князь Ольгердтің қолына өтеді. Ол билік еткен жылдарда Русьпен, Алтын Ордамен қақтығыс көп болды. Ольгерд билікке келісімен Можайскіні басып алуға әрекет етті, бірақ, онысынан ештеңе шықпады.

1341 жылы Алтын Ордада Өзбек хан дүние салды. «Ескендір анонимі» авторы ол жайлы: «Ол әділ және мейірімді патша еді, асқан діншіл әрі тақуа болғаны сондай, пайғамбар жолын ұстанды; кемшілігі үшін пұшайман болып, қажет еткен кісілерге қайыр, жақсылық көрсетіп, кешірім өтінді. Ол билік еткен жылдарда Дешті Қыпшақ, Аллаһқа сенетін елге айналды».

Әбілғазы «Түркілер шежіресі» еңбегінде «...Өзбек хан қайтыс болған соң, хан тағына Жәнібек отырды» деп жазады. Алайда ол автор бір нәрсені ескермеген. Өзбек ханның мұрагері Тыныбек есімді басқа бір баласы болды. Тыныбек көп билік құрмағанмен ол кезде маңызды оқиғалар да өтті.

ТЫНЫБЕК ХАН

Әкесі Өзбек ханның көз жұмған қаралы хабары Тыныбекке, шамасы, Ақ Ордада жүргенде жеткен болса керек. Оны әкесі Ақ Ордаға қарай 1328 жылы жіберген болатын. Тыныбек таққа құрылтай шақырылмай-ақ отырды. Олай болатыны, Өзбек хан кезінде Алтын Ордада хан билігі әбден күшейіп, құрылтай шақыртудың қажеті де болмай қалды.

Жаңа әміршіге әкесінен мұраға алып империя қалды. XIV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген араб тарихшысы әл-Омари көпес Бедр әд-Дин Хасан ар-Румидің айтуы бойынша Алтын Орданың шекара аймақтарын баяндап жазады. Ол былай деп түсіндіреді: «Бұл мемлекеттің Жейхун²⁶ жақтан шекарасы – Хорезм, Сығанақ²⁷, Сайрам²⁸, Жаркент, Жент²⁹, Сарай, Маджар³⁰, Азақ³¹, Ақша-кермен, Кафа, Судақ, Саксин, Укек³², Бұлғар, Сібір аймағы, Ібір, Башқырд және Чулыман. Ширван аймағының бір кенті Баку қаласы, түркілер Димирқапу³³ деп атайтын «Темір қақпа» соған жақын».

Тыныбектің билікке келуі Византия империясындағы биліктің ауысуымен тұспа-тұс келді. 1341 жылы 15 маусымда Константинопольде III Андроник Палеолог қайтыс болды. Империя тағына оның сегіз жасар ұлы V Иоанн отырды. Бірақ империяны іс жүзінде оның анасы Анна Савойская мен регент³⁴ Иоанн Кантакузин басқарды, ол өз саясатын жүргізуге кіріседі. Осыған орай, күзде Адрианопольде оған қарсы көтеріліс шықты, Иоанн Кантакузин өзінің туған жері Дидимотик (Димотик) қаласына қашып кетеді.

Кешікпей көтеріліс үкімет әскерімен басып-жаншылды. 1341 жылдың 26 қазанында жақтастары VI Иоанн Кантакузинді император жариялады. Ол V Иоанн мен анасы Анна Савойскаяға кешіріммен қарады.

VI Иоанн Константинопольді басып алуға әрекет жасады, бірақ мұнысы бірнеше жылға созылған соғысқа айналды. Бұған қоса, Византияда азамат соғысы әлі де болса жалғасып жатты. Кезекті бір жеңілістен соң VI Иоанн Сербияға барып жасырынды. Сербия королі Стефан Душан әуелі қашқынға көмектеспек болады, бірақ артынша бұл ойынан тайқып,

²⁶Жейхун – Әмударияны мұсылман жылнамашылары солай атаған.

²⁷Сығанақ – Сырдарияның оң жағалауындағы ортағасырлық қала, орны бүгінгі Төменарық темір жол бекетіне жақын.

²⁸Сайрам – Ортағасырлық қала, ерте кездегі жазба деректерде Исфиджаб деп аталады. Шымкент қаласына жақын болған.

²⁹Жент – оның орны Сырдарияның бойынан табылды.

³⁰Маджар – Кавказдағы қала.

³¹Азақ – Азов қаласы.

³²Укек – Еділ бойындағы қала, Саратовқа жақын.

³³Димирқапу – темір қақпа деген сөз.

³⁴Регент – монархиялық елдерде мемлекетті уақытша басқарушы.

оның жауларына қол ұшын береді. Соғысқа басқа елдер де араласады. Ақырында, Византияны түріктер басып алады.

Византияда азамат соғысы жүріп жатқанда, Алтын Ордада билік басына басқа әмірші келді. Шейх-Увейстің сөзіне қарағанда, Тыныбек әкесінен кейін көп ұзамай бауыры Жәнібектің қолынан мерт болған.

ЖӘНІБЕК ХАН (ЖӘНІБЕК-МАХМҰД)

Әбілғазы Баһадүр хан «Түркілер шежіресі» атты еңбегінде былай деп жазады: «Бұл Жәнібек хан мұсылман әміршілердің ең бір ерекшесі болды. Ол оқымыстыларға, қандай да білімімен көзге түскендерге, тақуалар мен дін жолындағыларға аса құрметпен қарады. Сарайшық қаласында таққа отырғаннан бастап ислам заңдарының қорғаушысына айналды».

Бұл кезде Еділ бойындағы Бату Сарай мен Берке Сарай қалалары бұрынғы маңызын жоғалта бастағандай. Хан ордасы Жайық жағасындағы Сарайшыққа ауысады. Дала империясының астанасы дәл қай жылы ауысқаны нақты белгілі емес. Бірақ осы қалада алғаш таққа отырған ханның есімін тарих сақтап қалған. Бұған дейін жылнамаларда Сарайджук делініп жүрген қала енді Сарайшық атала бастайды.

Алтын Орда астанасының өзгеруі кездейсоқ болған оқиға емес. Өйткені, Еуразияның көптеген жолдары осы Сарайшықта түйісетін, сол жерден жан-жаққа тарайтын. Бай сауда керуендері ағылып келіп-кетіп жатты, олармен тек көпестер ғана емес, әр түрлі дін өкілдері де жетті. Далалық ақсүйектерге, негізінен, исламның ықпалы күшті болды.

ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олардың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол» деп жазды.

Бір қызығы, ортағасырлық авторлардың мәліметтеріне қарамастан, орыс зерттеушілері Алтын Орда осы Жәнібек хан тұсында өзінің ұзаққа созылған құлдырау кезеңіне кірді деп есептейді. Расында солай болды ма?

Қайта, керісінше, Алтын Орда әміршісі өз билігін, ықпалын күшейтті, өзіне тәуелді елдердің басшыларына көмек беріп тұрды. Парсы қолжазбаларында Жәнібек ханның Сарай-Темір деген уәзірі аталады. Тәжірибелі саясаткер болған, соның ақыл-кеңесімен Алтын Орданың қуаты арта түскен.

Бұл уақытта серб королі Стефан Душан Византиядағы азамат соғысын пайдаланып, оның бір бөлігін басып алды. Бірақ Салун (Фессалоника) мен Серрыға кіре алмады. 1343 жылы көктемде император VI Иоанн да Салунға шабуыл жасамақ болды, алайда жеңіліс тауып, Сербияға қашты.

Осы кезде болгарлар Дидимотика (Димотика) қаласына жорық ұйымдастырды, бірақ император VI Иоаннға түрік әмірі Омар көмекке келеді. Болгарлардың шабуылы тойтарылады және VI Иоанн одақтастарының қолдауымен Фракияның көп бөлігін басып алды.

Византияда, Болгарияда және Сербияда соғыс жүріп жатқанда, Алтын Орда әміршісі генуялықтардың қаласы Кафаны бағындыруды ұйғарады. Бірде Жәнібек генуялықтардың осы жақтан үнемі бала сатып алатынын естиді. Жәнібек бұған қатты ашуланып, елдегі сауданың бұл түрін мүлде тоқтату керек деп пешеді. Кафаға жорыққа алдымен осы мақсатпен аттанады.

Жәнібек хан әскерін ертіп келіп, Кафа қаласын қоршауға алады. Басып кіре алмағандықтан, бекініс ішіне оба дертінен өлген адам денесін тастатады. Индеттен қорқып генуялықтар қаланы тастап қашады, олардан кейін индет бүкіл Еуропаны аралап кетті.

Қырымнан жорықтан оралғаннан кейін Жәнібек хан 1344 жылы Ақ Орда тағына Ерзен ханның екінші ұлы Шымтайды³⁶

³⁶Шымтай Ақ Орданы мұсылман жыл қайыруы бойынша 745 – 762 жылдар аралығында (1344/45 – 1360/61 жылдар) биледі.

отырғызады. Бұл қашып жүрген Мұбарак-қожаның көңіліне жақпайды. Ол інісі Шымтайға қарсы бүлік ұйымдастырады. Жәнібек хан оған Алтын Орда әскерін аттандырған секілді. Мұбарак-қожа жеңіліп, Алтайдағы қырғыздар еліне қашып, кешікпей сол жақта қайтыс болады.

Шымтай хан өз атынан ақша бастырып, Ақ Орданың тәуелсіз билеушісі болған жоқ. Алайда Ақ Орданың тәуелсіздікке белсенді ұмтылысы Шымтай хан кезінде басталады. Ең маңыздысы, нақ осы Шымтай хан Алтын Орда тағынан үміткер небір ханзадаларды тәрбиелеп шығарды. Дегенмен, бұл сәл кейінге шегеріле тұрады. Дәл осы уақытта даланын алып империясы бейбіт тірлік кешіп жатқан-ды.

Ал көрші елдерде жағдай мүлде басқаша еді. Ондағы аты шулы оқиғалар жылнамаларда егжей-тегжейлі баяндалады.

ОРДАНЫҢ ТӨңІРЕТІ

Тебриз қаласында билік басына 1344 жылы әмір Хасанның бауыры әмір Ашреф (Мелик Эшреф) келеді. Оның қатал, қытымыр саясаты Әзербайжан халқының бір бөлігінің Алтын Ордаға қашуына әкеліп соқтырды.

1345 жылы Литвада бас князь Ольгерд Гедиминовичтің билік етуі басталды. Ол өз иелігіне Киев, Чернигов, Волын және Подольск жерлерін қосып алып, атын шығарды.

1346 жылдың көктемінде серб королі Стефан Албанияны бағындырып, өзін «тұтас Рома империясының билеушісі» және «Сербия мен Романияның патшасы әрі әміршісі» деп жариялады. Сол жылы Византия императоры VI Иоанн бір қызын түрік әміріне тұрмысқа беріп, түріктермен бірігіп Константинополь үшін соғыс ашты.

Византияда тағы бір азамат соғысы белең алып, ол империяның ішкі жағдайын бұрынғыдан бетер нашарлата

түсті. Мұны генуялықтар тиімді пайдаланды, олар да соғысқа кірісті. Олар жеңіске жетіп, бейбіт келісім жасалды. Келісім бойынша, генуялықтар Константинополь төңірегіндегі бүкіл басып алған жерлерді иемденді және оларға сауда жасауға жеңілдіктер берілді.

Генуяның ежелгі бақталасы Венеция да сауда келісіміне қол жеткізді. Бірақ ол мұны Алтын Ордамен жасасты. Нәтижесінде, бұл келісім Венецияның Генуямен соғысында жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Шағатай Ұлысында да ерекше маңызды оқиғалар орын алды. Мәуереннахр билігі Шағатай ұрпақтарының қолынан түркі әмірлеріне өтті. Хан билігі тек қағаз жүзінде ғана қалды. Мәуереннахрдағы түркі тектес тұңғыш билеуші Қазаған болды.

Шағатай Ұлысы ыдыраған соң, Мәуереннахрмен қатар Моғолстан пайда болды, онда билікті шағатайлықтар өз қолдарынан шығармады. Моғолстанда Туклук-Темір билік құрды. Ол Шығыс Түркістанды, Құлжа аймағын және Жетісуды биледі. Туклук-Темір үздіксіз Мәуереннахрмен соғыс жүргізді, оны өз бақылауына алуға бар күшін жұмсады.

Персияда Құлағу мемлекеті жойылып, бірнеше бөлікке ыдырап кетті. Олардың ішіндегі барынша күштісі түркілер әулеті басшылығындағы Иракты, Оңтүстік Әзербайжанды, Арменияны және Батыс Иранды қамтыған Жалайырлар мемлекеті еді.

1348 – 1349 жылдары швед королі I Магнус Новгород жеріне «крестшілер жорығын» ұйымдастырды, бірақ бұл жерлерге басып кіру оның қолынан келмеді. Бұл Русьте дүрбелең туғызды және орыс князьдері Алтын Орда ханына жиі келгіштеп кетті.

Жәнібек хан православ шіркеуінің бұрынғы жеңілдіктерін қайта бекітпек болды. Әсіресе, Польша королі III Казимир өз иелігіндегі жерлерде кезінде күшінде болған әлгіндей жеңілдіктерді мүлде алып тастауды көздегенде, ол тіпті батыл қимылдарға барды. Жәнібек Казимирді ол ойынан Литва бас князінің қолдауымен тоқтатты. Ал орыс князі Симеон болса, литвандықтардың жылыстап жақындауын тоқтатуды мойнына алған-ды.

Ольгерд Жәнібек ханды бірігіп Мәскеуге жорыққа шығуға көндірмек болды. Мұны білген князь Симеон дереу Алтын Орда ханына келеді. Ол Ольгердтің Украина, Беларуссия секілді хан иелігіне жататын Ұлыстарды басып алғанын айтып,

енді Мәскеуге де соның керін келтірмек, одан кейін Орданың өзіне шабатыны анық деп түсіндіреді. Симеонның дәйектерін тыңдаған хан Мәскеуді жақтайды.



II Иван Иванович

Осы кезеңде бүкіл Еуразия аумағына қорқынышты оба індеті тарайды. Індет Қиыр Шығыстан бастап, Қытай, Үндістан, Сирия, Мысыр, Батыс Еуропа және Руське жайылады. Қырымда осы шипасыз індеттен 85 мың адам көз жұмады. 1353 жылы Русьте бас князь Симеон Гордый обаның құрбаны болды. Симеон Гордый орнына жаңа бас князь болып II Иван Иванович Кроткий тағайындалды.

ҚАНДЫ ТҮЙІН

Әбу-Саид 1335 жылы дүние салды. Оның қазасынан кейін Құлағу мемлекеті құлады, сөйтіп, Әзербайжан билігі Чобан әулетінің қолына көшті. Әулет негізін салған – әмір Хасан. Оның бауыры Мелик Эшреф елде көпестер мен белді кісілерді қыспаққа ала отырып, қатаң билік орнатады.

Атақты қазы Мухьи әд-Дин Бердаи амалсыз Берке Сарайға қашып кетеді. Мұнда оны жылы қарсы алады, сөйтіп, Мухьи әд-Дин Бердаи Алтын Орда астанасында өз қызметін дамытады. Бірде уағыз кезінде Мухьи әд-Дин Жәнібек ханды Тебризге қарай жорық жасауға шақырады. Жалынды үндеу айтып, сендіре сөйлеген ол Алтын Орда әскерін соғыс ашуға қол жеткізеді.

Мұның «Шейх-Увейс тарихында» басқаша түсіндірілетін кезі де бар. Жазба авторының айтуынша, Тебриздің, Серахстың, Ардебилдің, Байлеканның, Берданың және Нахичеванның көпестері жиылып Жәнібек ханға келеді, Әзербайжанды қол астына алуын сұрайды. «Шейх-Увейс тарихының» белгісіз авторы Жәнібек ханның мемлекеті көркейді, қуаты артты, бірақ ханды Иран «қызықтырды» дегенді айтады.

Алайда, XIV ғасырда өмір сүрген Муин-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» атты еңбегінде бұл оқиға жайлы былай жазады: «Сол уақытта Шибан Чупан ұрпақтарының қысым көріп жатқаны және Ашрефтің Иран мемлекетін басып алғаны жайлы хабар тарады. Жәнібек хан қалың қолмен Әзербайжанға бет алды, Ашрефті ұстады, дүние-мүлкін түк қалдырмай төркілеп, өзін өлтірді».

Жәнібек хан мен өмір Ашреф арасындағы ұрыс Уджан қорығының аумағында жайылымдық өрісте болды. Жәнібек хан Мелик Әшреф әскерін күйретіп, Әзербайжан Алтын Ордаға қосылды. Бірақ бұл Алтын Орданың соңғы жеңісі еді. Хан, тіпті Тебризде өз атынан ақша бастыруға кіріседі.

Жәнібек хан кезінде ақша одан басқа Сарайда, Бұлғарда, Мокшада, Қырымда, Азовта, Хорезмде және Гүлістанда, жаңа Гүлістанда басылатын. Енді бұлардың қатарына Тебриз де Алтын Орданың ақша бастыратын бір қаласы болып қосылды. Алайда онда ақша тек 1356 жылы ғана басылды. Тарихшылар сол жылды Алтын Ордада берік билік пен жүйелі тәртіп болған соңғы жыл деп есептейді.

Муин-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимінде» былай дейді: «Рум, Сирия, Джебиз, Диярбакр, Фарс және Ирак елдерінің басшылары Жәнібектің ордасына өз ықтиярларымен барып, бас ұрады, бір ауыздан Әзербайжан тағына өзінің ұлы Бердібекті отырғызуын сұрайды». Жәнібек хан Әзербайжанда көп болмайды. Тебризді басып алғасын, әскерін Хорезмнен Хорасанға аттандырды.

Бердібекті бағындырып алған Тебриздегі Олджай хатунның сарайында қалдырып, Жәнібек оны тәуелді елдегі өзінің өкілі етеді. Өзі алаңсыз Сарайға бет алады. Алайда хан жолда аяқ астынан ауырып қалады.

Муин-әд-Дин Натанзи бұдан әрі оқиғаның қалай өрбігенін баяндайды: «Бердібек таққа отырғасын 6 айдан соң, Жәнібек хан науқасқа шалдықты. Мемлекетіндегі басты тұлғалардың бірі Тоғлу бай³⁷ Әзербайжанға жедел кісі аттандырады, Бердібекті шақыртады. Әкесі көз жұма қалса, таққа ие болатын сол. Дешті Қыпшақ тағын тақымына бір қысуды көксіп жүрген Бердібек Әзербайжанды тастап, Дербент арқылы жеделдете Ордаға жөнеледі. Он шақты серігімен түн

³⁷Қолжазбада бірнеше жерде Тоғлу-пай делінеді, Тоғлу бай болса керек.

жамылып келіп, Тоғлу байдың үйіне түседі. Күтпеген жерден Жәнібек хан беті бері қарап басын көтереді, айыққандай болады. Сөйтіп, ертеңіне кеңеске қатысқысы келетінін айтады. Сенімді кісілерінің бірі Жәнібекке Бердібектің келгенін жеткізеді. Мына хабар мазасын қашырған ол мұны Тоғай Тоғлу хатунға айтады. Хатун ұлын қорғаштап, мұның жалған екеніне сендірмек болады. Жәнібек одан Тоғлу байды жеке қабылдауына шақыртады, осының бәрін бастап жүрген сол Тоғлу бай екенін білмейтін хан мына жайды құпия түрде оған да айтады. Тоғлу бай бірден секем алып, мән-жайды біліп келейін деген сылтаумен тысқа шығады да, ізінше өзіне жақтас бірнеше адаммен қайта кіреді, сол жерде бірден Жәнібекті жайратып салады».

Бұл айтылғандарды орыс жылнамалары да растайды. Мысалы, Никонов жылнамасы Жәнібек ханның ақылды, айлалы әрі беделді Тоғлу бай деген түменбасы болғанын хабарлайды. Ол Алтын Ордада басты тұлға болғысы келеді, сөйтіп, «хан баласы Бердібекті астына көпшік қоя мақтап, көтермелеп, «таққа сенің отыратын кезің келді, әкеңнің билік басынан кетер уағы жетті» дегенді құлағына құя береді. Тоғлу бай Бердібекті әкесін өлтіруге көндіреді. Олар астыртын істеріне «көңіліндегісін тауып» неше түрлі жолмен, «ордадағы бірталай князьді» қосып алады. Бәрі дайындалып келіп, Жәнібектің үстіне кіреді де, сол жерде буындырып өлтіреді.

Сосын ордаға Бердібек кіріп, сондағы әмірлердің бәріне өзіне адал болуға ант етулерін бұйырады. Жаңа әмірші айтқан бірінші бұйрықты орындағысы келмегендер сол арада өлтіріліп, денелері Жәнібек ханның қасында қалды.

БЕРДІБЕК ХАН (БЕРДІБЕК-МАХММЕД)

Бердібек хан «Жәнібек хан дүниеден өткесін, Әзербайжаннан Сарайшыққа қайтты, аза үш күнге созылды, – деп жазады Әбілғазы Баһадүр хан. – Азалы күндер біткесін, ханзадалар мен әмірлер Бердібекті хан көтерді». Бұдан кейін ортағасырлық автор былай жалғастырады: «Бердібек қатал, арсыз, ниеті арам әрі өктем адам болды. Үлкен-кіші, бүкіл бауырының, жақын туыстарының ешбіріне жаны ашымады, билікке таласар деген күдікпен бәрін түгел қырып тастады; ол мына дүниенің өткінші, жалған екенін түсінбеді».

Бұл мәліметтерді толықтыратын басқа жазба деректер де бар. Мәселен, XIV ғасырда өмір сүрген Муин-әд-Дин Натанзидің «Ескендір анонимі» атты еңбегінде «Жәнібектің ұлы Бердібек хан билік еткен жылдар туралы» баяндалады, онда «Бердібек Тоғлу байды шақырып, былай дейді: «Сен Мұқсан-қарашаны қалай өлтірсең, мен де солай өз аталастарымның кейбіреуін өлтіремін». Тоғлу бай оның мына сөздерін құптайды. Сосын Бердібек бар ханзаданы түгел шақыртып, қырып жібереді. Сегіз айлық туған інісін қолына алып келіп, шешесі Тайдула хатун бейкүнә сәбиді аяй гөр, өлтірме деп жалынады. Бердібек оны қолынан жұлып алып, жерге бір соғып өлтіреді» деген жолдар бар.

Жәнібек ханның өлтіріліп, хан тұқымының түгел қырылуы Алтын Орданың болашағына өзіндік із қалдырғаны сөзсіз. Әкесіне қол жұмсаған Бердібекті әмірлердің бәрі бірдей қолдаған жоқ және олардың келіспегендері жазаға ұшырады. Никонов жылнамасында «Бердібек соның білгенімен таққа отырды, өзінің 12 бауырын өлтірді; залым князь Тоблуби жақсылық тілегендей боп, туған әкесін, аға-інілерін өлтірткізді, бәрін үйретіп жүрген сол» делінеді.

Басқаша айтқанда, Бердібек Бату хан ұрпағынан дым қалдырмай түгел қырып, Алтын Орда әміршілерінің әулетін жойып жіберді. Бұл үлкен бүліктің басы болды. Қанды қырғынға тек туыстары ғана емес, белді әмірлер де ұшырады, олардың ішінде Тоғлу бай да бар. Елде бүліншілік басталып, азамат соғысы тұтанды.

Бердібек билікке келісімен-ақ Алтын Орда дүрбелеңге түсіп, күйзеліске ұшырады. Мұны генуялықтар жақсы пайдаланды. 1357 жылы олар Қырым жағалауын басып алып, өз биліктерін орнатты.

Бұл кезде бүкіл алтынордалық ақсүйектер ішкі шиеленіскен жағдайдан шыға алмай жатты. Әзербайжан өз бетінше жеке болуды қалады. Тебриз тұрғындары Бердібек ханның қаладағы адамдарына қарсы көтеріліп, Жалайыр әулетінен әмір Увейске қолдау көрсетті. Ол тек Тебризді емес, Әзербайжанның көп бөлігін басып алды. 1356 жылы Жалайырлар мемлекеті құрылды. Оған Әзербайжанның оңтүстігі, солтүстігінің біраз бөлігі, Ирактың біраз бөлігі, оның ішінде Бағдад та бар, Иранның батыс жағының бірталай жері кірді.

Бердібектің таққа отырғанына алты ай өтпей жатып, Алтын Орда жері Дербентке дейінгі Солтүстік Кавказбен ғана шектелді. Бірақ Алтын Орда ханы қол қусырып жатпады. Туыстары мен бақталастарынан құтылған соң, ол енді мемлекет істерімен айналысуға белсеніп кірісті, жерін кеңейтпек те болды. 1359 жылы Мажарстанға жорық ұйымдастырды. Король

Владислав Алтын Орда әскерін жеріне кіргізбей, күйрете соққы берді.

Бұл уақытта Русьте бас князь Иван Кроткий өлді, артында көмелетке толмаған екі ұлы – Дмитрий мен Иван қалды. Жаңа бас князь болып Суздаль князі Дмитрий Константинович тағайындалды, ол мәскеулік князьдермен ұлы князьдік үшін таласқа түсті.

Бұрынғы Шағатай Ұлысында Моғолстан әміршісі Туклук-Темір Мәуереннахрды басып алды. Әміршісі Хаджи Хорасанға қашты,

бірақ, ажал ол жаққа да жетті. Мәуереннахр билігі Туклук-Темірдің ұлы Илияс-қожаның қолына көшті. Оның үзеңгілес серігі әмір Темір Кеш қаласын иемденді, бірақ ол артынша Туклук-Темірмен келіспей қалып, ат құйрығын кесіседі.

Әмір Темір шағын жасағымен аттан түспей күнелтіп, талай қақтығысты бастан кешеді. Сондай бір ұрыста оң қолының екі саусағынан айырылып, оң аяғынан жарақаттанады, онысы таза жазылмай ақсақ болып қалады.



Дмитрий Константинович
Суздальский

ҚҰЛПА ХАН МЕН НАУРЫЗ ХАН

Жазба деректерден Бердібекті өлтірген өгей бауыры Құлпа екені бізге белгілі. Ол 1358 және 1359 жылдары Гүлістанда, Берке Сарайда, Азақ пен Хорезмде өз атынан ақша шығарады. Бұл Құлпаның Алтын Орданың көп бөлігін қолында ұстағанының дәлелі. Бір қызығы, тап сол жылдарда және сол жерлерде (Азақта, Гүлістанда және Берке Сарайда) Наурыз есімді екінші бір Алтын Орда тағынан үміткер өз атынан ақша бастырған.

Алтынордалық ақсүйектер Құлпаның да, Наурыздың да Алтын Орда тағына келгеніне онша қуана қоймады. Шамасы, олар Жәнібек ханның заңды әйелдерінен тумаса керек немесе олардың шешелерінің Алтын Ордада айтарлықтай ықпалдары болмаған.

Олар бір мезгілде қатар билік еткен секілді. Құлпаның билігінің әлсіздігін пайдаланып, Наурыз оның иелігін біртіндеп басып ала береді. Ақырында, Құлпа да, оның ұлдары да Наурыздың қолынан ажал табады. Бұл Алтын Ордадағы жағдайды бұрынғыдан бетер шиеленістіре түсті. Елдегі ішкі тартыс 1360 жылдан 1380 жылдарға дейін, табаны күректей 20 жылға созылды.

Құлпа мен Наурыз билікке келгеннен бастап 1380 жылға дейінгі 20 жыл ішінде Алтын Орда тағына, зерттеушілердің есебінше 25-тей хан отырған. Расында олардың нақты санын шығару тіпті де мүмкін емес. Әрі бүгінгі зерттеушілер олардың Ертістен Дунайға дейін созылып жатқан жекелеген аймақтар мен иеліктердің басшылары болғанын ескеріп те жатпайды. Ол алып мемлекеттің билігін қолына алғысы келмеген адам болды ма екен өзі? Олардың кейбіреулері, тіпті, империя астанасында билікті басып алуға қол жеткізді, алайда елді басқару қолдарынан келмеді. Бұл әміршілердің ордалары бірде Ұлы даланың ана басынан, енді бірде мына басынан көрініп тұрды. Мемлекеттік билік те бір жерден екінші жерге ауысып жүрді.

Алтын Орда тарихындағы бұл кезең орыс жылнамаларында «Ұлы бүлік» аталады. Қазақта «нар мойыны Бердібек хан тұсында кесілген» деген сөз бар. Алтын Орда тарихының бұл кезеңі кітаптың келесі бөлімінде сөз болады.

ТҮМЕНБАСЫ МАМАЙ ЖӘНЕ «ҰЛЫ БҮЛІК»

Азара талас-тартыс 1360 жылдан 1380 жылға дейін 20 жылға созылды. Алтын Орда тарихының бұл кезеңі әлі дұрыс зерттелмеген. Бүгінгі зерттеушілердің көбі аласапыран кезде таққа таласқан 25-тей хан болған деп санайды. Бірақ оларды кім, қашан хан көтергені нақты емес. Шен-атақтары өмірде тіпті басқаша болып, соған орай алтынордалық ақсүйектер арасында әрқайсысы өзіне сай орын иеленуі де мүмкін. Бұған қоса, олардың бәрі бірдей Шыңғыс хан ұрпақтарына билік жүргізетіндей болмағаны да анық. Әрі кеткенде, аймақ басшысы, әйтпесе, нақты бір әскери күш ықпалындағы жалған ат жамылған біреу болып шығатын. Және олардың биліктерінің күші де, ықпалы да кешегі Ертіс пен Дунай арасын алып жатқан қуатты дала империясы өміршілерінің аттарына да татымайтын.



Мамай

Бұлардан басқа, Жайық пен Еділ арасында бір мезгілде бес хан билік жүргізген кездер де болған. Қалай болғанда да, жылнамалар немесе Алтын Орда қалаларында есімдері басылып шыққан теңгелер арқылы бүгінгі ұрпаққа мәлім болып отыр. Дегенмен, кейде жазба деректердегі мәліметтер теңгедегілермен сай келмей жататын кездері де бар.

Бүгінгі күні нақты белгілісі, «ұлы бүлік» кезінде Алтын Орда тағына Жошы ханның төрт ұлы – Орда Ежен, Бату, Шайбани және Тоқа-Темірден тараған ұрпақтар таласқан. Олардың ішінде Бату әулетінен шыққандардың бәрінің ата тектері күмәнді. Олар ағалары Бердібектің қанды қырғынынан ғайыптан аман құтылған Жәнібек хан ұлдарымыз деп тарих сахнасына шыққан.

Сонымен қатар, «ұлы бүлік» кезінде қыр-сыры дұрыс ашылмаған, бірақ аты мәлім тарихи тұлғалар шықты. Олардың ішінде алтынордалық түменбасы Мамайдың³⁸ алар орны ерекше. Тіпті лаң белең алған тұста елдегі басты тұлғаға айналды. Бүліншілік оның күшеюімен қатар басталып, ол дүние салған соң бір-ақ бітті десе де болады.

Ішкі тартыс елді әбден сансыратты. Алтын Орда жеке бөліктерге айырыла бастады. Ең әуелі Хорезм бөлінді, одан кейін кезек Қырым мен Еділ Бұлғариясына келді. Батыстағы жерлер, Русь Алтын Орда ықпалынан шығуға бет бұрды. Тіпті Жайық пен Еділдің төменгі жағындағы жерлер де үнемі бір ханның билігінде болған жоқ.

Алтын Орда хандары шалғай шығыстағы Юань әулеті билігіндегі жерлерде немесе жырақтағы Батыс Еуропа елдерінде, тіпті орта ғасырдағы халықаралық басты сауда орталықтарының бірі болған Византияда не болып жатқанын бақылаудан қалды.

Бір сөзбен айтқанда, бұл Алтын Орда тарихындағы өте күрделі кезең болды. Дегенмен, қолжазба деректерге, археологиялық мәліметтерге және бүгінгі ғалымдардың зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, бұл кезеңді де шама-шарқымызша талдап көрмекпіз.

* * *

Алтынордалық ақсүйектер «ұлы бүлік» басталған бойда Ақ Орда әміршісі Шымтай ханға кісі салып, империя астанасында таққа отыруын сұрайды, оларға билік басындағы сойқанды доғарып, басшылықты реттейтін адам керек еді. Олардың мұндай шешімге жайдан-жай келе салмағаны анық.

Істің мәні мынада: Шымтай – Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнің ұрпағы. Бүкіл Жошы әулетінің үлкені сол саналды. Сондықтан, алтынордалық ақсүйектер «хат жазып, елші жіберіп патшалық тағын ұсынды, бірақ ол өзі бас тартып, бірнеше оғлан қосып інісі Орда шейхті жібереді. Әмірлер Орда шейхтің бір жыл билік құруына келіседі. Бірақ кім екені белгісіз, жақын біреу менсінбеген сыңаймен «Мына Ақ Орда сұлтандарының тұқымы қалайша Көк Орда³⁹ тағын ие-

³⁸Мамай – түркі тілінде бірнеше мағынасы бар, соның бірі – “бөлтірік”.

³⁹Көк Орда деп бұл жерде, шамасы, Алтын Орда аталып отырса керек.

ленбек?» дейді де, түн жамылып келіп пышақтап өлтіріп кетеді. «Таң атып, әмірлердің құлағына тигесін, ол жазықсыз біреулерге жаласын жауып, бейкүнә кісілер өлімге кесілді», – деп жазады XIV ғасырда өмір сүрген мұсылман авторы Мун-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» атты еңбегінде.

Шыңғыс хан ұрпақтарының қаны қисапсыз ақты, қолын қанға малмаған алтынордалық ақсүйек болған жоқ десек артық айтпаспыз. Өзбек ханның ұрпақтары алтын тақ үшін аянбай күресті, кімнің де қанын мойнына жүктеуден тартынған жоқ. Олардың қолынан Жошы әулетінің басқа аталарынан тараған сұлтандар да о дүниеге аттанды. Мұның бастамасы Орда шейхтің өлімі болды. Ол Алтын Ордаға өлімін іздеп келгендей. Артынша билік сахнасына орыс жылнамаларында Қыдыр немесе Хыдыр деп аталатын Хузра шықты.

Ақ Орда әміршілері Алтын Ордадағы қырқысты тоқтатуға әрекет етті. Сасы-Бұғаның Хузра есімді бір баласы шығыстан әскермен келіп, Еділ бойын басып алды. Алтын Орда тағындағы Наурызды⁴⁰ тайдырып, өзі иеленеді, өз атынан ақша бастыруға кіріседі. Және үш жыл бойы Гүлістан, Белада Гүлістан, Берке Сарай, Хорезм және Азақ қалаларында шығып тұрды. Бұл оның билігінің көп жерге тарағанының дәлелі.

Хузраның әскермен келіп, батыл қимылдарға кіруі алтынордалық ақсүйектердің тынышын кетірді. Жиылып, онымен келісім жасасты. Никонов жылнамасында мұны дәлелдейтін жолдар да бар: «Сол 868 жылдың жазында (1360 – 1361) Еділ бойы патшалығына шығыстан Жайықтың арғы бетінің Хыдыр деген бір патшасы әскерімен келді. Еділ патшалығы Ордасының князьдері онымен ауыз жаласып, Еділ бойы патшасы Наурыздың сыртынан астыртын келісімдер жүргізді».

Астыртын келісімдердің нәтижесінде Наурыз бен оны жақтаушылар қолға түсіріліп, Хузраға тапсырылады. Хузра оны бала-шағасымен, әйелі Тайдула хатунмен бірге өлтіреді. Наурызға жақ болған алтынордалық бектер де жазадан аман құтылмады.

⁴⁰ Наурыз жайында мұсылман деректері көп жазбайды. Низам әд-Дин Шахи Дешті Қыпшақ хандарын атағанда оны Келдібектен кейін, бірақ Шеркестен бұрын қояды, басқа еш мәлімет бермейді. “Түркілер шежіресі” мен Шараф-әд-Дин әл-Йезди келтірген хандардың толық тізімінде де Наурыз Келдібек пен Шеркес екеуінің арасында берілген.

Алайда Хузра қандай қатал шешімдерге барса да, империяда төртін орната алмады. Қайта, оның билікке келуі жікке бөліністі одан әрі өршіте түсті. Түменбасы Мамай Қара теңіз аймағына қашты, ол жақта кезінде Ноғай арқа сүйеген қыпшақ тайпаларынан қолдау тапты. Сөйтіп, Алтын Ордада екі саяси орталық пайда болды. Оның бірі Хузра билігіне, екіншісі Мамайдың қолына тиді. Осы оқиғаның артынша Алтын Ордадан Қама бұлғарлары, мордвалар, гуздар, кейбір орыс князьдіктері бөлініп шығады, оның ішінде Мәскеу де бар.

Сонымен қатар, Алтын Орда астанасының өзінде билікті бөліс жүріп жатты. Өзбек ұрпақтары өз адамдарын хан сайлап, соның төңірегінде топтана бастады. Келдібек сондай хандардың бірі болды. Оның билік басына келу себебі – XIV ғасырда өмір сүрген Муин-әд-Дин Натанзи еңбегінде баяндалады. «Ескендір анонимі» деген еңбегінде ол былай деп жазады: «...елдегі тыныштықты сақтауды ойлап, әмірлер патша тағына, Жәнібек ханның Келдібек есімді ұлы деп, белгісіз біреуді әкеп отырғызды. Ол өміріне қауіп төнбеу үшін әмірлерден құтылғанды жөн санайды. Әмірлермен астыртын жеке-жеке кездесіп, бір-біріне айдап салды. Могул-Бұға, Ахмед, Нангудай⁴¹ әмірлер осы бүлік кезінде қаза тапты».

Келдібектің билікті Берке Сарайда жүргізгені мәлім. Никонов жылнамасы мұны 1362 жылға жатқызады. Тап сол кезде онда тағы бір Алтын Орда ханы – Хузра билік еткен.

Бүліншіліктің бұл жылдарында империяның әр түкпірінде неше түрлі топтар пайда болды. Бәрінің аңдығаны – тақ таласына түсер ыңғайлы сәт еді. Олардан басқа топ-топ қарақшылар шықты, «көбі аңшының атын бүркеніп тұтас бөліктер жасақтап, билікпен ешқандай келісімсіз, шет аймақтарға олжа іздеп жорықтар ұйымдастырды, – деп жазады Н.М. Карамзин новгородтық ушкуйниктер⁴² жайында. – Солардың бірі Александр Обакунович дегеннің бастауымен Обь өзенін бойлай теңізге дейін барып тұрды, олар сібірлік жат тайпалармен ғана емес, өз қандастарымен де қақтығыстарға барды. Александр, тағы сондай жүрек жұтқандар жиылып, 150 қайықпен Еділдің төменгі ағысына сапарға шығады; көптеген

⁴¹Темір кезеңінің тарихи қолжазбаларында бұл есімнің мынадай нұсқалары бар: Нангудай, Мангудай, Янгудай, Намгудай.

⁴²Ушкуйник – өз еркі өзіндегі, жасақ болып, ушкуй (желкенді ескек қайық) мініп, қарақшылықпен айналысушы.

татарды, армянды, хиуалықты, бұхаралықты өлтіреді; дүние-мүліктерін, әйелдері мен балаларын тұтқындайды; Камаға келіп кіреді, Бұлғардың көп ауылдарын тонайды, сөйтіп елдеріне мез-мейрам болып қайтады».

Қарақшылар керуендер мен бейбіт халықты тонады. Алтын Орда халқы олардан көдімгідей жапа шегеді. Ал Хузра болса, бұл кезде елде бұлжымас төртіп орнатып, өз билігін төуелді ел басшыларына мойындату жолын іздеуде еді. Ол Русьтің ішкі ісіне араласты, кейін Донской атанатын мәскеулік князь Александр Ивановичке жаушы жібереді. Жаушылар оған Хузра ханның ордаға шақыртқан бұйрығын жеткізеді. Оның артынан Ордаға басқа орыс князьдері де келеді, олар – Суздаль мен Владимирдің князі Андрей Константинович, оның Нижний Новгородтағы інісі, Ростов князі Константин және Ярослав князі Михаил.

Олар келіп кеткен соң, орыс жылнамалары Хузраны «қайырымды, момын әрі тартымды» адам ретінде атайды. Тарихқа ол тап осындай атпен енді, бірақ Хузра кешікпей өзінің қатыгездігін де көрсетеді. Ол орыс князьдеріне Жайық пен Еділде мейірімсіздігімен аты шыққан новгородтық ушкуйниктерді қолға түсіріп, өлтіруді бұйырады. Алайда, оның билігі осымен аяқталады. Ол Алтын Орда тағында үш жыл отырып, кісі қолынан мерт болды. Содан кейін билікке Сасы-Бұғаның басқа бір ұлы Халфай келді. Тоғыз айдан кейін ол да өлтіріледі, оның артында өз атымен шығарған теңгесі де қалмайды.

Хузра мен Халфай өлгесін, тақ үшін таласқа Орда шейхтің ұлы Темір-қожа (Темир-Ходя) түседі. Ол да билігін Жаңа Сарайда өз атымен теңге шығарудан бастайды.

Бұл кезде Алтын Ордадағы ішкі тайталас бұрынғыдан бетер өрши түскен болатын. Билік тартысына Шыңғыс ұрпақтары ғана емес, әскери шонжардың араласқан кезі де болған. Бұл атақты алтынордалық түменбасы Мамай еді.

Ибн Халдунның айтуынша, Алтын Ордада Бердібек хан кезінде Мамайдың ықпалы күшті болған, ол ханның барлық істерін жүргізеді және соның бір қызына үйленеді. Шығыс қолжазбаларында Мамай жайлы дерек аз сақталған, бірақ орыс жылнамашылары ондай сараңдық танытпайды. Мысалы, Никонов жылнамасы түменбасы Мамайдың билікке келу кезін әсерлі баяндайды.

Темір-қожа билікке келген алғашқы күннен бастап алтынордалық шонжарлардың көбі оған жаулықпен қарады. «Сол жылы жазда, – деп жазады жылнамада, – князь түменбасы Мамай өз патшасының билігін мойындамай, одан күшті болғысы келді». Хан билігіне қарсы шығып, Мамай Өзбек ханның тірі қалған бір ұрпағы Абдаллахты хан сайлайды. Және соның атынан Темір-қожаға қарсы батыл қимылдар жасауға көшеді. Жылнамашы «ордада бүлік пен бұзақылық шектен асып тұрған» деп жазады ол кезде.



Темір-қожа Мамайдан қашып Еділдің арғы бетіне өтеді. Бұдан кейін не болғаны XIV ғасыр авторы Муин-әд-Дин Натанзидің «Ескендір анонимі» еңбегінде баяндалады. Ол Темір-қожа жайлы мынадай жолдар қалдырған: «Ол белгілі жолмен жүрді, жұртқа әрқайсысының өз беделі мен шеніне қарай сый-құрмет

көрсетті. Бірақ ол өте нәпсіқұмар жан болатын. Екі жылдай жұрт оның қанша қысымын көрсе де, шыдап бақты. Дегенмен, бірде ол түнде белгілі бір шонжардың үйіне кіріп, ешқандай ескертусіз оның әйеліне қол жүгіртеді. Әйел, арам ойлы бөтен біреу кіріп кеткен екен деп, айғай-шу көтереді. Шонжар ханға пышақ салып өлтіреді». Ортағасырлық автор Темір-қожа ұзақ емес, екі жыл билік етті деп жазады. Осы аз уақыт ішінде ол өзінің әйелқұмарлығымен атын шығарып үлгерді.

Алтын Орда билігі Мамайдың қолына тиеді. Ол өзі қойған хан – Абдаллахтың атынан әмір етуге кіріседі. Никонов жылнамасы мұның 1362 жылы болғанын хабарлайды. Расында, дәл сол жылы Абдаллах ханның атынан алғашқы теңге шықты, орыс жылнамасы да мұны нақтылайды⁴³.

Дегенмен, Абдаллах ханның атынан шыққан теңгелердің көбі оның жорық шатырында басылған. Мұның себебі Еділ бойындағы қалалар, әсіресе, Берке Сарай Абдаллах пен оның сүйеуі түменбасы Мамайдың қолында аз ғана уақыт болған. Абдаллах теңгелері, сондай-ақ, Азовта, Йенгишехрде (Жаңақала), тіпті Хорезмнің өзінде шығып тұрған.

⁴³А.Марковтың каталогында 762 жылы (1360 – 1361 жылдар) Жаңа Сарайда Абдаллах хан атымен басылған теңге белгіленген, алайда бұл теңге күмәнді, өйткені ол “ескі қалыпта басылған”.

Мамай мен оның қол бала ханы Абдаллах Алтын Орда билігі үшін аз күреспеді. Олардың алдарынан шыққан қарсыластары Келдібек хан да осал жан емес-ті. Ол да өз атынан 1362 жылға дейін теңге бастырып тұрған.

Теңгелер мен жылнамалардағы деректерді салыстыра отырып, Келдібек 1362 жылы Ақ Ордадан әскерін ертіп Хузраның ұлы Мурид (Мурут) келгенде өлтірілген⁴⁴ деуге болады. Келдібек тойтарыс беруді ойлап, әскер жиып, жауына қарсы шығады. Бұл оқиғаны Рогожа жылнамашысы баяндайды: «Ордада нағыз дүрбелең шақ еді, Еділдің бір жағында Хыдырдың ұлы⁴⁵ Мурид, екінші жағында Келдібек тұрды. Екі жақ майданға кірді, Келдібек сонда мерт болды».

Келдібек өлгенмен, Мамай мен Абдаллахтың алдынан қарсылас болып енді Мурид (Мурут) шықты. Никонов жылнамасы оны «Хыдырдың бауыры Амурат»⁴⁶ деп атайды, қалай болғанда да, ол Берке Сарайды басып алады.

Бұл кезең жайлы орыс жылнамасы былай жазады: «Ол кезде Еділ патшалығында екі билеуші болды: бірі – Абдаллах, Мамай Ордасының патшасы, оны түменбасы Мамайдың өзі Ордасына патша қойған, екіншісі – Мурут патша, оның жанында Саран князьдері бар. Міне, осылайша екі патша, екі Орда бір жергесыймады, бұдан келіп жаулық өршіді, қақтығыс, ұрыс басталып, ол бір тынбады».

Шын мәнінде, Муридті Темір-қожаның орнын басушы деуге болады. Өйткені, екеуі де Жошы әулетінің Орда Ежен тармағынан. Ол да алдыңғы хан секілді өз атынан ақша бастыруға кірісті, Берке Сарай, Белад Гүлістан қалаларында шығып тұрды. Мәліметтерге қарағанда, оның билігі көп аймаққа тарамған. Муридтің қолына Еділдің, негізінен, сол жағалауындағы жерлер мен қалалар қараған, олардың қатарында Алтын Орданың қос астанасы Бату Сарай мен Берке Сарай да бар.

⁴⁴Муин-эд-Дин Натанзи “Ескендір анонимі” деген еңбегінде Келдібек өліміне қатысты басқа дерек келтіреді. Оның жазуынша: “Мемлекеттің басты тірегі саналған адамның баласы қолайлы сәтін аңдып жүріп, Келдібекті өлтірді. Сосын таққа басқа адам келді, бірақ үш күннен кейін ол да өлтірілді”.

⁴⁵Кейбір бүгінгі зерттеушілер Рогожа жылнамашысының Муридті Хыдырдың ұлы деуі жаңсақ деп есептейді.

⁴⁶Заманымыздың кей зерттеушілері Никонов жылнамасында Амураттың Хыдырдың бауыры аталуы дұрыс емес деп санайды. Мурид Ерзен ұлы Орда-шейхтің баласы, демек, ақордалық оғландардың (ханзада) бірі.

1362 жылы Мәскеу князі Дмитрий Иванович суздальдік князь Дмитрий Константиновичті жеңіп, орыс жерінде, кейін Донской атанатын Дмитрий Ивановичтің билігі басталды.

Сол жылы Мамай Муридке қарсы жорыққа шықты. Ол қашып Берке Сарайға барды, сонда қала қорғанысын ұйымдастырды. Орыс тарихшысы Н.М. Карамзин бұған қатысты былай жазады: «Көптеген шонжарлар Хыдырдың бауыры Мурид ханмен бірге Сарайға тығылды».

Қысқасы, Еділ бойында екі билік пайда болып, аймақ екіге жарылды. Бір жағын Мамай мен оның қуыршақ ханы Абдаллах, екінші жағын Мурид бақылады. Бұған қоса, осы кезде Берке Сарайда Мір-Пулад деген біреу өз атынан ақша шығарып тұрған. Алайда, жазба деректерде ол жайында ештеңе айтылмайды. Сондықтан, ол Муридтің бақталасы ма, әлде жақтасы ма, кесіп айту қиын.

Сол бір дүрбелең кезден біздің заманымызға жеткен бір күміс пайза⁴⁸ бар. Онда мынадай жолдар жазылған: «Мәңгілік көк аспанның күшімен, Ұлы құдіреттің қолдауымен, егер кімде-кім Абдаллах ханның әміріне құрметпен қарамаса, оның дүние-мүлкі шығын болып, өзі өлімге кесіледі». Абдаллах ханның сөздері нақты істермен көрсетілді де.

Көп кідірмей Мамай мен Мурид арасында Берке Сарай үшін қақтығыс болды. Нәтижесінде, Мамай тағы да жеңіске жетіп, Муридті астанадан қуып шықты. Бұдан кейін Мурид бас әмірі (әмір-әл-умара) Могул-Бұға ұлы Ілиястың қолынан мерт болады. Бұған байланысты деректі ортағасырлық қолжазба «Ескендіранонимінен» кездестіреміз. Онда былай делінген: «Оның уақытында Өзбек Ұлысының бас әмірі (әмір-әл-умара) Могул-Бұға ұлы Ілияс болатын. Оның ерекше көркем жаралған бір ұлы бар еді. Мурид ханның Ілиястың ұлына бүйрегі бұратын, әкесін өлтіріп, оның орнына ұлын қоюды ойлады. Бір күні осы сырын өзінің әйеліне ашады. Әйелі мұның байыбына бармай, бұның артында басқа бір іс тұр деген оймен, ханның сырын Ілиясқа айтып қояды. Ілияс, өзі қолға түспей тұрғанда, мүмкіндікті қалт жібермей, Мурид ханды о дүниеге аттандырады. Оның билігі үш жылға созылды».

Шынында да, Мурид атымен үш жыл ақша басылған. Бүліншілік кезінде ол да кісі қолынан мерт болды.

⁴⁸Бұл күміс пайзадағы жазу ұйғыр әрпімен моңғолша жазылған, 1845 жылы Днепротровск маңындағы Грушевка селосынан табылған.

Бұл кезде Алтын Ордадағы ішкі тартысты Литва князьдері жақсы пайдаланды. Олар өз ықпалдарын Добруджа, Днестр, тіпті Киевке дейін жаю мүмкіндіктерін босқа жібермеді. 1263 жылы Көксу (бүгінгі Синюха, Оңтүстік Буганың бір саласы) өзенінің бойында литва князі Ольгерд Құтлұғ бек, Хаджы бек және христиан есімін иеленген добруджалық бір бектің басқаруындағы қырымдық қосындарды жеңеді. Бұдан соң оған дейін Корятовичтер басқарған Подолия Литваға өтеді. Қысқасы, Ольгерд Ұлы даланың батыс бөлігін басып алып, Қара теңізге шықты.

Шамасы, Мамай мен Абдаллахтың бұған көңіл аударатындай шамалары болмаған, өйткені, ол кезде Алтын Орда астанасы үшін тоқтаусыз ұрыс жүріп жатқан-ды. Абдаллах онда бар болғаны бір-ақ жыл бекініп тұрды. Теңгелердегі мәліметтер соны көрсетеді. 1363 жылдан кейін Берке Сарайда Абдаллах атынан басылып шыққан ақша кездеспейді. Демек, бұдан кейін астана Абдаллах қолынан шығып кеткен.

Бұл кез жайлы орыс тарихшысы Н.М. Карамзин былай деп жазады: «Ол уақытта Сарайда бір ханды екіншісі ауыстырумен болды. Мамай мен оның ханы Абдаллахтың жаңа бақталасы шықты. Ақ Ордадан Муридтің орнына Әзиз келді». Әзиз – Орда шейхтің немересі, Темір-қожаның ұлы.

1364 жылы Мамай мен Әзиз арасында Сарай әл-Жәдид үшін соғыс басталды. Ол 1367 жылға дейін созылды. Бұл аралықта Әзиз де Мурид теңге бастырған жерлер – Гүлістанда, Белад Гүлістанда, Берке Сарай мен Бату Сарайда өз атынан ақша шығарып тұрды.

Мамай мен Әзиз хан арасында соғыс басталған соң бір жылдан кейін, Алтын Орда тағынан үміткер тағы бір адам шықты. Бұл II Жәнібек аталды, алайда оның шыққан тегі белгісіз. Жазба деректер де оның кім болғаны және Алтын Ордада қандай ісімен аты шыққаны жайында еш мәлімет бермейді. Қалай десек те, II Жәнібек 1365 жылы өз атынан ақша бастыруға кіріседі. Және бұлардың ешқайсысында оның қайда басылғаны көрсетілмеген. Осының өзі оның Алтын Ордадағы билігінің әлсіз болғанына дәлел. Дегенмен, II Жәнібектің билігін Бұлғар әміршісі Болат-Темір мойындайды. Ол өзінің теңгелерінде Жәнібек ханды ескертеді, бұл Болат-Темірдің II Жәнібек билігіне бағынғанының бір дәлелі. Бірақ тағы да оның қайда басылғаны көрсетілмеген.

Соғыс өрті ол кезде тек Жайық пен Еділ аралығында ғана шыққан жоқ. 1364 жылы Моғолстан Мәуереннахрдағы билігінен айырылып, оның билігін Гусейн қолына алды. Гусейннің жақтасы әмір Темір Кеш қаласын иеленді. Алайда, олардың билігіне төнер қауіп дайын еді, бір жыл өтпей-ақ екеуі қосылып, моғолдар әміршісінің шабуылын тойтаруға шықты. Ілияс-қажы Темір мен Гусейннің әскерін Шинас пен Шаш (Ташкент) қалаларының ортасында жеңіп, моғолдар әскері Самарқандты бетке алды. Бірақ қаланы басып ала алмады.



Мамай әскерлері шайқас кезінде

Самарқанд бекінісін сербедарлар, яғни «моңғол езгісіне қарсы күрескерлер» басқарды. Моғол әскері кері шегінгесін, әмірлер Темір мен Гусейн қулықпен Самарқандты өз қолдарына қаратып, қаладағы сербедарларды жазаға ұшыратты. Бірақ кешікпей қос жеңімпаз – Темір мен Гусейн арасында билікке талас туды.

Шамамен сол уақыттарда литвалық князь Ольгерд Алтын Орда билігіне қарайтын Киев қаласын өзіне бағындырды. Бұл оны Шығыс Еуропадағы ең күшті әміршілердің біріне айналдырды. Осы жеңісінен кейін Ольгерд Мәскеу маңындағы елді мекендерді өртке орады. Ол мұнысымен өзінің «бас князьдікке» қатысты саяси ұстанымын ашық көрсетті. Сосын ол князь Михаил Александрович Микулинскийге Тверь билігін қолына алуына көмектесті. Литва князінің әрекетіне өзара қырқыстан көз ашпай келе жатқан Алтын Орда тағы да жауап қатуға жарамайды.

1367 жылы Мамай мен Әзиз хан арасындағы Сарай әл-Жәдид үшін соғыс Әзиз ханның жеңісімен аяқталды. Сөйтіп, ол Жайық пен Еділ аралығындағы жерлерге билігін орнатуға кірісті. Бұған қатысты XIV ғасыр авторы Муин-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» деген еңбегінде былай деп жазады: «Темір-қожаның ұлы Әзиз хан жаман дағдылар

қалыптастырды. Сұлтанның Махмут Йесеуиді⁴⁹ білетін, Сейіт-ата атанған бір ұрпағы оны жаман әдеттен бас тартуға көндірді. Әзиз хан оның айтқанына құлақ қойып, бұрынғы істеріне өкінді, бір қызын Сейіт-атаға берді».

Ортағасырлық автордың «жаман дағдылар» деп отырғаны қатал жазалар мен қуғын-сүргіндер болса керек. Әзиз хан өз билігін орнатуда қатал шараларға барды, кісі қанын төгуден де тартынбады. Н.М. Карамзиннің «Ресей мемлекетінің тарихы» деген еңбегінде оның осындай қырын көрсететін оқиға баяндалады: «Ордалық мырза Тағай Мордва жерінде немесе Наровчат аймағында билік етті, бүгінгі Рязаньді өртеді: Олег⁵⁰ Пронск князі Владимир Дмитриевичпен және Козельск князі Титомен бірігіп, Тағайдың соңынан қуып жетеді, қиян-кескі ұрыста оны өлтіреді. Дмитрий Нижегородский де інісі Борис екеуі тағы бір мықты моңғол бөрісі Болат-Темірге жазасын береді. Ол мырза Еділ бойын билейтін, Борисов маңындағы селоларға өктем болды, бірақ біздің князьдерден қашып, Пьян өзеніне түседі. Біраз татар суға кетеді, біразы біздікілердің қолынан өледі, ал Болат-Темірдің өзі ордаға қарай тартады, онда ол Әзиз ханның қолынан қаза табады».

Болат-Темірдің өлімі алтынордалық шонжарлардың наразылығын тудырған секілді, Муин-әд-Дин Натанзи өз еңбегінде Әзиз хан жайында мынадай жолдар қалдырған: «Билігінің үшінші жылы ол бұрынғы әдетіне қайта бастап, сонысы үшін өмірмен қош айтысты». Жылнамашының сөзіне қарағанда, Әзиз хан үш жыл билік еткен. Бұл дерек, сондай-ақ, теңгелердегі мәліметтермен де сай келеді. 1367 жылдан кейін Әзиз хан атымен шыққан ақша кездеспейді. Демек, ол да тарих сахнасынан Болат-Темірмен қатар кеткен. Олардың орындарына басқа әміршілер келді.

1367 жылы Бұлғарда Хасан (Осан) деген біреу билікті қолына алады. Ал Алтын Ордада Әзиз ханның орнын Хаджы хан ауыстырады. Оны Муин-әд-Дин Натанзи өзінің «Ескендір анонимі» атты еңбегінде атап өтеді: «Бұдан кейін билікке Ерзеннің ұлы Хаджы хан келді. Тағдырдың басқа салуымен тақты иеленгенде, ол ниетінен тайқып, билігін нығайту үшін талай рақымсыздыққа, зорлыққа барды. Ойындағысын

⁴⁹Айтып отырғаны атақты сопы Ахмет Иасауи.

⁵⁰Князь Олег Рязаньді билеген.

істегесін ол қайтадан мейірімді, қайырымды қалпына түсті. Наразылықтар басылып, елде біраз тәртіп орнаған соң, ол бұрынғы әдеттерді жаңартты. Өмірлер аяқтары орын таба алмасын⁵¹ түсініп, түн ішінде ұйықтап жатқан жерінде оны жабылып өлтірді».

Бұдан әрі ортағасырлық автор «12 жылда 8 патша өлді» деп жазады. Шамасы, оның айтып отырғаны Ақ Ордадан келген хандар болса керек. Өйтпесе, он екі жыл ішінде Алтын Ордада одан әлдеқайда көп өмірші ауысты. Олардың қай-қайсысы да күші жағынан Еділдің батысындағы шексіз аймақты қол астында ұстаған түменбасы Мамай мен оның ханы Абдаллахқа жете алған емес. Солтүстікте олардың билігі Рязань княздігіне, ал оңтүстігінде Солтүстік Кавказ жеріне жүрді. 1368 жылы Мамай қайтадан Сарай әл-Жәдидті тартып алады. Бірақ, бұл жолы қала үшін кіммен соғысқаны белгісіз, жазба деректер де бұл жайында жақ ашпайды.



Алтын Орда жауын бетпердесі

* * *

1368 жылды Ұлы Дала тарихының жаңа дәуірі басталған өзіндік бір кезең десе де болады. Өйткені, сол жылы Қытайдағы ұлы хан Құбылай негізін салған Юань империясы құлады. Оның орнына Мин әулеті келіп, моңғолдарға қарсы күрес бастады. Сол уақыт Моңғол империясының жойылу кезі болып саналады.

Дәл осы жылы Ақ Ордада Шымтай хан қайтыс болып, билікке оның ұлы Ұрыс⁵² келді. Өкесінің тағына отырғасын, ол өз мемлекетін күшейтуге кірісті. Ең әуелі Ұрыс хан Ақ Орда астанасы Сығанақта жаңа құрылыс нысандарын тұрғызумен айналысты. Астанасында өз атымен ақша бастырды.⁵³ Муин-өд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» деген еңбегінде Ұрыс хан жайлы «өте мазасыз, күш-қуаты асқан патша болды» деп жазады.

⁵¹«Аяқтары орын таба алмау» дегенде, шамасы, әңгіме қашып құтылу жайында болып тұрған тәрізді.

⁵²Ұрыс – ұр, яғни соқ деген сөзден шыққан.

⁵³Ұрыс хан атымен Сығанақта ең бірінші басылып, біздің заманымызға жеткен теңге хижра жыл санауымен 770 жылы шыққан.

Мәуереннахрда әмір Темір Гусейнмен татуласып, Кеш қаласының билігін қайта қолына алады. Тап сол жерде араға біраз жыл салып Алтын Орда басына зобалаң туғызар күш біріге бастады. Дегенмен, бұл сәл кейінірек болды.

Ал Алтын Орданың батысында бұл кезде литвалық князь Ольгерд өзінше әрекет етуде еді. 1368 жылы Мәскеуге аттанды. Ольгерд «сансыз әскер» жиып, інісі Кестути және соның ұлы «бозбала» Витовтты ертіп жорыққа шықты. Мәскеу іргесінде литвалық князь «орыс жерін арыстандай ойрандады», князьдер Симеон Дмитриевич пен Константин Юрьевичті өлтірді. Одан кейін литвалықтар Тростен көлінің маңында жауын күтіп жатқан Дмитрий Минин бастаған орыс әскеріне соққы берді. Ольгерд жеңіске жетіп, одан әрі Мәскеуге келеді. Үш күн қаланы қоршап тұрады, маңайындағы ештеңені қалдырмай тонайды. Сосын түсірген олжасын артынып-тартынып Литвасына қарай бет алады. Артында аңырап ел, қаңырап жер қалады. Н.М. Карамзин бұған қатысты былай деп жазды: «...бас князьдік мұндай сұмдықты қырық жыл, басқаша айтқанда, Калита заманынан кейін көрмеген-ді, олар татардан басқалар да қала қирата алатынын көрсетті».

* * *

Мамай екі жыл бойы ешбір жорық, ұрысқа шықпады. Басқалардың бәрі атақты түменбасы үлкен бір соғысқа дайындалып жатыр деп күтуде болатын. Алайда ол 1370 жылы Абдаллах хан өлгесін бір-ақ көрінді. Түменбасы Мамай жаңа ханның кім болатынын жария етті. Никонов жылнамасы былай деп хабарлайды: «Ордалық князь Мамай өз Ордасының тағына Мамат сұлтанды⁵⁴ отырғызды». Бірақ алтынордалық теңгелерде оның есімі басқаша берілген. Кейбір теңгеде Гияс-әд-Дин Мұхаммед хан, енді бірінде Мұхаммед хан, үшінші бірінде Гияс-әд-Дин Бұлақ хан немесе жай ғана Бұлақ хан⁵⁵ аталады. Заманымыздың зерттеушілері оны Мұхаммед-Бұлақ деп жүр.


Ол теңгелерін жорық шатырында, Қажы-Тарханда (Астрахан), Жаңа Маджар мен Жаңа Қырымда бастырып тұрған. Ал

⁵⁴Мамат сұлтан Алтын Орда ханы Тыныбектің ұлы болуға тиіс деген жорамал бар. Ғалымдардың оны Мұхаммед-Бұлақпен бір адам деуі жаңсақ болуы да ғажап емес. Түптеп келгенде, олар екі басқа адам болуы мүмкін.

⁵⁵Мұхаммед-Бұлақ атымен ең соңғы шыққан бүгін қолда бар ақша Қажы-Тарханда (Астрахан) 782 жылы (1380 – 1381) басылған. Бұдан кейінгі теңгелер Тоқтамыстың атымен шыққан.

Берке Сарай немесе Гүлістанда оның атымен басылған ақша табылмады. Шамасы, ондай теңге мүлде болмаған да шығар. Егер шынында солай болса, онда ол Алтын Орданың қос астанасы Бату Сарай мен Берке Сарай орналасқан Жайық пен Еділдің аралығындағы жерді қол астына қарата алмаған.

Бірақ орыс тарихшысы Н.М. Карамзин былай деп жазады: «Мамай күшпен, қулықпен Азис билік еткен Алтын немесе Сарай ордасы мен өзінің Еділ патшалығын біріктіріп үлгірген-



Астрахан (Қажы-Тархан)

ді: Мамат сұлтанды хан қойып, өзі соның атынан биледі. Ол Дмитрийге разы болмаған секілді, әлде Ольгердпен жақсы қатынаста болғасын, соның көңіліне қарады ма, әйтеуір, Михаилді тыңдап, бас князьдік жарғысын соған тапсырады».

Бұл жарғы, шамасы, Еділдің батысында көшіп-қонып жүрген Мұхаммед-Бұлақтың қолынан өткен сыңайлы. Ол кезде Алтын Орда астанасында төуелді ел басшыларын тағайындауға құқысы бар тағы бір иеленуші отырған болса керек. Сондықтан, Русьте Михаилді өшпенділікпен қарсы алғанына таңырқауға болмайды, бірақ ол Вильна қаласына жетіп, Ольгердке барады. Оның әйелі Михаилмен бір туған еді, сөйтіп «Ольгерд тағы да Мәскеуге аттанбақ болады». Бұл жорығы сәтсіздікке ұшырайды. Литва князі ұрыста жеңіліп, жеңген жақтың шартын орындауға мәжбүр болады: қызы Еленаны Мәскеу князі Дмитрий Ивановичтің бауыры Владимир Андреевичке береді.

Бұдан кейін Михаил Мамайға тағы хабарласады, ол Руське елшісі Сары-қожаны жібереді. Елші әуелі мәскеулік князь Дмитрийге барып сөйлеседі, оны ертіп Владимирге барады, Михаилге жарлықты табыстап, қайта Мәскеуге келеді, онда

«сый-сияпатқа қарық болып, князь боярлармен әбден тойлап, Дмитрийді асыра мақтайды».

Сары-қожа Дмитрийді Мамаймен кездесу үшін Ордаға келуге көндіреді және «ханды мұның сөзін сөйлеуге келістіретінін айтады». Алтынордалық ақсүйек сөзінде тұрады, Дмитрий «күздің басында-ақ» Мәскеуге оралады. Ордадан ол аманатқа берілген владимирлік князь Михаилдің ұлы Иоанды ала келеді.

Ал Мамай болса, бұл кезде Алтын Орда жерін біріктіруге күш салды. Солтүстік Кавказ бен Қырым онсыз да соның қолында болды, ол жерлерден түскен пайданы түменбасы билігін нығайтуға жұмсады. Енді Еділ мен Жайық аралығы ғана қалған.



Түменбасы Дмитрий Константиновичке Бұлғарға жорық ұйымдастыруды бұйырады. Бұлғар әміршісі Хасан жаудан Камаға қарай қашып, Қазан қаласында бой тасалайды. Осылайша Бұлғарды бағындырған Мамай бірден Қажы-Тархан (Астрахан)⁵⁶ қаласына лап қойып, оны да басып алады. Алайда түменбасы Еділ бойының басқа жерлері мен бай қалаларын бәрібір өзіне қарата алмады.

Берке Сарайда ол кезде Тулунбек хатун билеп отырған. Текті жерден шыққан ол өте табанды әйел болатын. Алтынордалық ақсүйек шонжарлардың бір бөлігінің басын қосып, басшылық еткенінің өзі оның қандай жан болғанын көрсетсе керек. Жылнамаларда ол жайында дерек сақталмаған, бірақ 1371 және 1372 жылдары ол Берке Сарайда өз атынан теңге бастырып тұрған. Түменбасы Мамай шабуылынан кейін Тулунбек хатун атымен ақша шығару доғарылды. Шамасы, қаланы Мамай басып алған ұрыста ол мерт болған тәрізді. Қаланы басып алғанмен Мамай онда көп кідірмейді.

Шеркес хан Мамайдан Қажы-Тарханды тартып алып, Берке Сарайдан қуып шығады. Бұған орай араб жылнамашысы ибн Халдун былай дейді: «Астрахан аймағының билеушісі Қажы-Шеркес Мамайға қарсы аттанды, жеңіп, Сарайды тартып алды». Дегенмен, араға көп салмай Шеркестің өзі де Берке Сарайды Көк Ордадан келген Айбек ханға тастауға мәжбүр

Шеркес хан Мамайдан Қажы-Тарханды тартып алып, Берке Сарайдан қуып шығады. Бұған орай араб жылнамашысы ибн Халдун былай дейді: «Астрахан аймағының билеушісі Қажы-Шеркес Мамайға қарсы аттанды, жеңіп, Сарайды тартып алды». Дегенмен, араға көп салмай Шеркестің өзі де Берке Сарайды Көк Ордадан келген Айбек ханға тастауға мәжбүр

Шеркес хан Мамайдан Қажы-Тарханды тартып алып, Берке Сарайдан қуып шығады. Бұған орай араб жылнамашысы ибн Халдун былай дейді: «Астрахан аймағының билеушісі Қажы-Шеркес Мамайға қарсы аттанды, жеңіп, Сарайды тартып алды». Дегенмен, араға көп салмай Шеркестің өзі де Берке Сарайды Көк Ордадан келген Айбек ханға тастауға мәжбүр

⁵⁶ Мұнда Мамай қоятын екінші хан Мұхаммед-Бұлақ атынан ақша басылған.

рақ қайтып оралды. Ол әлі кәмелетке толмағандықтан, кешірілді». Дегенмен, ол ақырында бәрібір қашып кетті. Самарқандқа жетіп, жас болғанмен, Мәуереннахрдың қуатты билеушісі әмір Темірге⁵⁷ барады. Тоқтамыс «дін жолындағы күрескер, мәртебелі сұлтанды паналады» дейді ортағасырлық автор.

Темір ол уақытта Шу өзенінің жоғарғы жағындағы Қошқар деген жерде сапарда жүрген. Сол жақта жүргенде оған Тоқтамыс ханзаданың Ұрыс ханнан қашып, өзінен пана, қолдау іздеп келгенін хабарлайды. Дереу ол Үзкент арқылы Самарқандқа жетеді. Сонда Ақ Ордадан қашып келген жас ханзаданы кездестіреді.

Әмір Темір Тоқтамысты қуана, жылы қабылдады. Хан тұқымына лайық сый-құрмет көрсетілді. Ортағасырлық автор бұл оқиға жайлы былай дейді: «Тоқтамыс келгенде, Әмір Темір оған ерекше құрмет көрсетті, алғашқы қабылдауда ақ оған қаншама хан ордасы, әшекей бұйымдар, толып жатқан мал, мүлік берді. Оған арнап өзінікінен де биік орда тіктірді».

Бұл құрметтің бәрі кешегі даңқы асқан Тойқожа оғланның ұлы⁵⁸, Құтлұғ-қожаның немересі Тоқтамысқа арналды. Тоқтамыс пен Темірланның кездесуі Алтын Орданың түбіне жетті десе болады, бірақ бұл кейінірек болды. Ал бұл кезде Ұрыс хан жорық қамына кірісті.

* * *

Ақ Орданың әскери жорығы 1373 жылы басталды. Бір айта кетер нәрсе, бүгін осы жорықтың арқасында Жайық пен Еділ аралығындағы әр түрлі қалаларда билік жүргізген алтынордалық хандардың есімдері мәлім болып отыр.

Ұрыс хан әскері Жайықтың төменгі жағындағы Сарайшыққа жетеді. Ондағы билік ол кезде аймақ хандары Жошы-Ілбан мен Ала-қожаның⁵⁹ қолында болатын. Олар Айбек ханның қолдауымен көтеріле қарсы шығады.

⁵⁷Әмір Темір – Темір Ләңг (Темірлан – еуропалықтар Тамерлан дейді) деген атпен де белгілі, ләңг – ақсақ деген сөз. Орыс жылнамаларында да солай аталады, тек айтылуы түркі тілінде – Тимур Аксак, яғни Ақсақ Темір.

⁵⁸Тоқтамыстың анасы Кудан-Кунчек (Гаффари пікірінше Куй-Кчик) қоңырат тайпасынан шыққан.

⁵⁹Ілбан хан мен Ала-қожа өз теңгелерін Сарайшықта мұсылман жыл қайыруы бойынша 775 (1373 – 74 жылдар) жылы бастырған.

Алайда Ұрыс хан олардың тойтарыстарын күйретіп, 1374 жылдың көктемінде Қажы-Тархан (Астрахан) қаласына басып кіреді, Қажы-Шеркесті⁶⁰ одан қуып шығады. Ол өз иелігінен ұзап кеткісі келмей, сол қала маңында көшіп-қонып жүрді. Одан Ұрыс хан Еділді өрлеп, Алтын Орданың астанасы Берке Сарайды басып алды. Сосын Бұлғарды өзіне қаратты.

Бұл жорықтың нәтижесінде Ұрыс хан Жайық пен Еділ азендерінің аралығын өз билігіне қаратты. Бұдан кейін оны кей мұсылман жылнамашылары «Өзбек Ұлысының әміршісі» атай бастады. Ол Бұлғарда, Берке Сарайда өз атынан ақша шығарып⁶¹, Алтын Орданың бұрынғы даңқын қалпына келтіруге кіріседі. Дегенмен, Ұрыс хан түменбасы Мамай мен оның ханы Мұхаммед-Бұлақты бағындыра алмады. Олардың Алтын Орда ішінде де, одан тыс жерлерде де күшті жақтастары болатын. Мамайды Қара теңіз жағалауын қоныс алған генуялық көпестер жақтады. Литва князі Витовт та онымен саяси одақ жасасқан-ды. Өз күшіне сенімді Мамай Ұрыс ханның билігін мойындағысы келмеді.

Алтын Ордада ол жылдары түменбасы Мамай мен оның ханы Мұхаммед-Бұлақтан басқа да империяның әр түкпірінде билік құрған әміршілер болды. Бұған қатысты араб жылнамашысы ибн Халдун былай жазады: «Сарай маңын бөліп билеген тағы бірнеше моңғол әмірі болды. Оларда ауызбірлік болған жоқ, сондықтан әрқайсысы жеке билік жүргізді: мысалы, Қажы-Шеркес Астрахан маңын, Ұрыс хан өз жерін иеленді. Айбек хан да солай етті».

Дәл осы уақытта Мәуереннахр билігін тағы бір тегеурінді әмірші, түркінің барлас тайпасынан шыққан Әмір Темір ұстап тұрды. Ол бұрынғы Шағатай ұлысының батыс бөлігін алып алған қуатты мемлекет құрды.

Ұрыс хан Еділ бойында өз билігін орнатып жүргенде, жас Тоқтамыс оған қарсы тұруға әзірленді. Қуатты Әмір Темірдің қолдауына сүйеніп, ол Ақ Орда тағы үшін таласқа түсті.

Тоқтамыстың тарихы бізге XV ғасыр парсы тарихшысы Низам әд-Дин Шами мен Шараф әд-Дин әл-Йезди арқылы

⁶⁰ Қажы-Шеркес жылнама деректерінде Шеркес хан, Шеркес бек немесе Қажы-Тархан есімдерімен де аталады.

⁶¹ Ұрыс хан аты басылған теңгелер Берке Сарайдан табылды, шыққан жылдары шамамен 779 жыл, бұл 1377 немесе 1378 жылдарға сай келеді.

мәлім. Олар Әмір Темірдің жорықтарын «Жеңіс кітабы» деген топтамада егжей-тегжейлі баяндап жазған. Тағы бір ортағасырлық автор Муин-әд-Дин Натанзи өзінің «Ескендір анонимі» деген еңбегінде де Тоқтамыстың Ақ Орда тағы үшін күресін толық әрі көркем тілмен жазады. Сондай-ақ, Тоқтамыс жайлы мәлімет араб тарихшысы ибн Арабшах еңбегінде және орыс жылнамаларында ұшырасады.

Енді осы мәліметтерді жиыстырып, керекті түсіндірмелер мен қосымша деректер үстеп, Тоқтамыс хан тарихын түзіп шығу керек.

* * *

Қанды кек бойын кернеген Тоқтамыс Ұрыс ханнан әкесінің өлімі үшін өш алуды көздеп, Мәуереннахр әміршісінен ақыры әскер алмай тынбайды. Темір Тоқтамысқа «Түркістан билігін иеленуге грамота» беріп, оған өзінің қарулы жасағын қосады.

Ұрыс хан бұл кезде Еділ бойында жүрген еді. Ал Ақ Орда билігін болса, ол екінші ұлы Құтлұғ-Бұқа оғланның қолына тапсырған. 1375 жылы жас Тоқтамыс соған қарсы аттанды. Жау әскері Сауран қаласына жақындап қалған хабары жетісімен, Құтлұғ-Бұға дереу күшті әскер жиып, алдынан шықты.

Сауран маңында қиян-кескі ұрыс жүрді. Ұрыс кезінде Құтлұғ-Бұғаның көзіне жебе қадалып, ажал табады. Бірақ ақордалық жауынгерлер оның өлгеніне қарамай, қайта, шабуылын одан бетер үдетіп, «екі жақ қоян-қолтық ұрысқа кіреді, үрейі ұшқан Тоқтамыс қан сасыған майдан алаңын тастап, қашқаннан-қашып Самарқандқа барады».

Ұлының өлімін естіген Ұрыс хан қатты ашуға мініп, Тоқтамыстың көзін құртуға шындап бекінеді. Қалың қол жиып, үлкен ұлы Тоқтақияны бас етіп аттандырады. Әмір Темір де Тоқтамысқа жаңадан әскер беріп, «салтанатын одан бетер асыра Сауранға жібереді». Мәуереннахрдан шыққан жаяуы бар, аттысы бар қаптаған әскер Чир өзенінен өтіп, жаудың алдынан шығады.

Қарсылас екі әскер бетпе-бет келіп тұрған соң, «жау жүрек ерлер болат сауытын киген соң» Тоқтамыс әскерінің саны

Тоқтақия қосындарынан төрт есе-лей аз екені мәлім болады.

Тоқтамыс жауы әскерінің саны қанша көп болса да, одан тайсалмады. Оның «ұрысқа қатулана кіріп, бар жігерімен арпалысқаны сондай, жауынгерлері бес-алтыдан жарақат алса да, қайтпай, табан тірей шайқасты».


Ұрыстың бір кезінде ақордалықтар Тоқтамысты қоршауға алды, жан-жағынан анталап қыса түсті. Тоқтамысқа «самсаған қылыштардан екі мәрте жарақат түссе де», ол анталаған қоршауды жарып шығып, қашады. Оның соңынан «Ұрыс хан әскерінің бас тіреуі» Қараншы баһадүр қуып береді.

Қашқан Тоқтамыс бір өзенге жетеді, сол жерде астындағы аты көп жарақатынан қансырап құлап, мерт болады. Тоқтамыс қару-жарақ, сауыт-сайманын тастап, шешінеді де, өзен суына қойып кетеді. Бұл кезде Қараншы өкшелеп келіп те қалған болатын, бірақ үлгермейді. Сосын ол қолына садағын алып, Тоқтамысқа «тасты да жарып өтер сұр жебені аңыратып, дәлдейді».

Тоқтамыс тереңге сүңгіп кетіп, қуғыншыдан бой тасалар қалың өскен қамыс-қоғаға жүзіп жетеді. Қараншы баһадүрге қалған әскермен Тоқтақия да келіп қосылады. Ол Тоқтамысты іздеп табуды, өлген болса, денесін әкелуді бұйырады. Жауынгерлері өзен бойын 1 фарсах жерге дейін үш күн сүзеді. Бірақ Тоқтамысты таба алмайды, денесін өзен ағызып әкеткен болар деп шешеді де, кері қайтады.

Қауіп бұлты сейілген бойда, әбден әлсіреген әрі жаралы Тоқтамыс жағаға шығады. Бойын жылытпақ болып ол шөп-шалам жамылып жатып, есінен танып қалады. Арада бір апта өткенде ұрыс болған жердегі өліктерді тексеріп, сол тұстан Идигу-барлас деген Сайрам даруғасы⁶² өтеді. Кеудесінде жаны бар сарбаздарды ем-домын жасауға қалаға жөнелтеді.

Күтпеген жерден ол шөп-шаламның арасында жатқан Тоқтамыстың үстінен түседі. Тексеріп, Идигу оның тірі




Сауран қаласының қираған орны. Б.з. I – XVIII ғасыры

⁶²Даруға – билеуші, басқарушы.

екенін біледі. Жылы киіндіріп, ыстық, майлы сорпа ішкізіп, жас жігіттің өмірін сақтап қалады. Тоқтамыс өз-өзіне келген соң, Идигу оны бірден сарайға алып келеді. «Темір жылы сөзімен, қамқор көңілімен оған демеу болып, бұрынғыдан да асқан құрмет көрсетіп, сыйлады».

Бұл уақытта Ұрыс хан Ақ Орда астанасы Сығанаққа жедел оралуға мәжбүр болады. Ол кідірмей Темірге маңғыт тайпасынан шыққан Кепекті бас етіп елші жібереді. Елшілік құрамында 100 адам болады.

Елші Самарқандқа барып, Әмір Темірге Ұрыс ханның мына сөзін жеткізеді: «Жаралы бұлан біздің аңшылардан қашып сендер жаққа барып бой тасалады. Егер соны қайтарсаңдар – бейбітпіз, ал қайтармасаңдар, мұхиттан бастап Сығанаққа дейінгі бүкіл Дешті Қыпшақ әскері атқа қонады, жауласқан жақ кездесер жерін айтсын!»



Сығанақ қалашығы

Әмір Темір мұны естіп бұлқанталқан ашуланады. Қандағардан бастап Қотан шекарасына дейінгі әскерді тезірек өз туының астына жиылуға шақырады, сөйтіп, қалың қолмен жауына қарсы аттанады.

* * *

Әмір Темір әскері Отырар іргесіне келіп қостарын тігеді, ал Ұрыс хан қолы Сауранға бекінеді. Екі жақ та аламан шайқасқа дайындалады. Бірақ, аяқ астынан «күшті дауыл тұрып, көкті қара бұлт торлайды, жарқылдай жасын ойнайды. Қас пен көздің арасында атырап алай-дүлей болғаны сондай, ел аузындағы Нұқ заманының тасқыны мынаның жанында түк еместей көрінеді. Жер сілкініп, дүмпу күннен күнге күшейеді. Ұйытқыған желдің, қар мен жаңбырдың үскірік ызғары небір атпал азаматты қолын жеңіне тығуға мәжбүр етеді, қосқа қашып тығылғандардың жілік майларына дейін қатып қалады. Дауыл шатыр, қос, не бар – соның бәрін ұшырып әкетеді».

Жаратылыстың өзі мына қантөгісті қаламай тұрғандай еді. «Табиғаттың тосын мінезі 4 айға созылды, жауын да бір тынған жоқ, қайта күшейе түсті. Екі әскердің арасындағы шамамен 7

фарсах жер бір жылдық жолдан кем соқпады. Екі жақтың бір-біріне тиісуге шамалары да болмады. Дегенмен, олар қарсы жақтарына барлаушы жіберіп тұрды, бірақ ешқайсысы тіл де, хабар да ала алмады».

Жауын, боранға қарамай, Мұхаммед-Сұлтаншах Курти мен Мубашшир Курти Ақ Орда әскерінің қосындарына жақын барып, бірнеше жауынгерді қолға түсіреді. Тұтқындарды Темірге әкеледі, алайда олардан мардымды ештеңе біле алмайды.

Темір әскері ашыға бастайды, сосын ол Отырарға әскеріне азық-түлік алып қайтуды тапсырып Ақ-Темірді жібереді. Ұрыс хан күннің ашылғанын Сығанақта күте тұрғанды жөн көріп, нөкерлерімен сонда кетеді. Әскерінің басшылығын Қара-Кесек оғланға табыстайды. Ол Үлкен Саткин және Кіші Саткин деген екі жігітті жүз кісі қосып Отырар жаққа хабар алып қайтуға жұмсайды.

Жергілікті тұрғындардың бірі қала төңірегінен ақордалық жауынгерлерді көріп қалып, мұны Ақ-Темірге жеткізеді. Ол аналардың жолына торуыл қойып, өзі 15 адаммен алдарынан шығады. Ақ-Темірдің адамдары алдарынан шыққанда, ақордалықтар қала көшелерімен, бау-бақтың арасымен қашады, ақыры бір тұйық көшеге барып тіреледі. Бұлар қашқындардың құтылмасын білгендіктен, асықпайды, құрулы торға барып түскенше сондарынан ере береді.

Ақ-Темір тұтқындарды Әмір Темірге жібереді. Олар Темір-Мәлік оғланның бір түмен әскермен Саураннан 2 фарсах жерде тұрғанын айтып береді. Темір оларға соққы беруді ойлайды, сөйтіп, Йарық-Темірдің, Мұхаммед-Сұлтаншахтың және Қытай баһадүрдің бөліктерін сонда аттандырады. Түн қараңғысын жамылып олар жауына жақындайды, жарық түсісімен ұрыс басталып кетеді.

Ұрыс кезінде бір жебе Қытай баһадүрдің күре тамырын қиып, сол орнында мерт болады. Артынша Йарық-Темір де ажал құшады. Ал Ілші-Бұқа баһадүрдің жебесі Темір-Мәлік оғланға тиеді, жебе қара санынан өтіп, еріне қадалып қалады. Жаны көзіне көрінген ханзада ат жалын құша құлайды, аты оны ұрыс алаңынан ала қашады. Артынан ақордалық жауынгерлер де қашады.

Жеңіске жеткен Мұхаммед-Сұлтаншах Темір қосынына оралады. Темір-Мәліктің жеңілгенін естіген Ақ Орда әскері-

нің қолбасшысы Қара-Кесек оғлан әскерлерін ертіп Сығанақ қаласына карай қайтады.

Темір де әскеріне ат басын кері бұруды бұйырады. Әскерінің көбі жаяу қайтады, өйткені ұрыста олардың аттары өліп, өздері жаяу қалған болатын. Темір әскері кері қайтысымен, жергілікті тұрғындар өз қоныстарына оралып, бейбіт тірліктеріне кіріседі.



Әмір Темір

Алайда Темір Самарқандта бір апта ғана болып, бүкіл әмірлер мен олардың әйелдері жылқы үйірлерін айдап әкелсін деп бұйрық шығарады. Жаяу қалған жауынгерлерін қайтадан атқа отырғызып, Тоқтамысты жолбасшы етіп, Темір қайтадан жорыққа шығады. Он үш күннен кейін ол Қамыс тұсында Ұрыс ханның көшін қуып жетеді, сансыз тұтқын мен толған олжаға кенеледі.

1377 жылдың көктемінде Ұрыс хан кенеттен қайтыс болады. Маңғыстаудағы тайпаларды бағындырамын деп жүргенде ұрыс кезінде алған ауыр жарақаттан көз жұмды дейтін дерек бар. Бірақ Муин-әд-Дин Натанзи «Ескендір анонимі» деген еңбегінде былай деп жазады: «Билікке келгеніне 9 жыл болғанда Ұрыс хан науқастанып қайтыс болды».

Әмір Темір «жаулары өздерінің жеңілістерін кездейсоқ бір сәтсіздікке баламасын» деп, жорығын одан әрі жалғастырмайды. Ол Сауранға Тоқтамысты қалдырып, өзі кері Самарқандқа қайтады.

* * *

Ақ Орда тағына Ұрыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия отырды. «Ол ақылды, парасатты әмірші болды», – деп хабарлайды жылнамашы. Бұдан әрі былай дейді: «Таққа отырғанына үш ай болғанда Тоқтақия да өмірге қош айтып, жаны көкке ұшты». Оның орнын Темір-Мәлік оғлан басты.

Ол қызу қанды, ашуланшақ адам еді, көңіл көтергенді, ойнап-күлгенді, той-думанды жақсы көрді. Бұған қоса, Темір-Мәлік әскери өнерді жақсы меңгерді. Жорық жасап атын шығаруды көксеген ол қол жиып, Тоқтамысқа қарсы шықты.

Ақ Орда әскері Сауранға келеді, онда Тоқтамыс жеңіліске ұшырап, тағы да Самарқандқа қарай қашады.

Жеңіске жеткесін, Темір-Мәліктің өмірі тұтасымен думанға ұласты. Ол уақытының көбін масайтатын ішімдіктер ішумен өткізді. Есі кіресілі-шығасылы өмір кешті. «Мұндай жағдайда патшалықтың ортақ ісі назардан, бақылаудан тыс қалды. Жағдайдың шектен шыққаны сондай, жай халық арасында болсын, ақсүйектер арасында болсын, тәртіпсіздік белең алды, құдіретті заңның қағидалары аяққа тапталып, қараусыз кетті».

Бұл уақытта Әмір Темір Тоқтамысқа ғажап арғымақ сыйлап, тағы да әскер беріп, Сауранның, Отырардың және Сығанақтың билігін қолыңа ал деп, сол жаққа аттандырады. Оның келгенін естіп Темір-Мәлік қайтадан атқа қонады. Отырарға жақын маңда болған ұрыста ол Тоқтамысты тағы да күйрете жеңеді. Тоқтамыс ұрыс алаңынан тағы да қашып құтылады. Бұл жолы оны ажалдан Әмір Темір сыйлаған астындағы жүйрік құтқарады.

Кезекті жеңісіне жеткен Темір-Мәлік қайтадан ішкілікке салынады, «өзіне қарсы келер жау жоғын көрсеткісі келген ол сайран өмірдің былығына одан бетер бата береді. Ақыры, ерік-жігерінен айырылып, мінез-құлқы мүлде өзгереді, ішімдіктің құлына айналады. Әмірлер де ортақ істі ұмытып, әркім өз шаруасымен кетеді».

Темір-Мәлік мемлекет басшылығын тіпті есіне де алмайтын болды. Бұған наразылық күннен күнге күшейіп, Тоқтамысты жақтайтындардың саны арта түсті. «Қарапайым халық күштілердің зорлық-зомбылығын көп көрді, ал күштілердің езгісі шектен тіпті шықты. Жұрттың бәрі өздеріне қорған болар өмірші іздеуге көшті».

Бірде Ақ Орданың белді кісілерінің бірі Урунг-Темір Әмір Темірге қашып келіп, сол жерде бой тасалай тұрады. Ол елдегі жағдайдың қиындығының бәрін айтып береді. Мұны білгесін Темір Түмен-Темірді, Бақтықожаны, Өзбек-Темірді және Бики-каучинді шақыртады. Оларға Тоқтамысты Ақ Орда тағына отырғызуды тапсырады. 1377 жылдың көктемінде жиналғандар Сығанақ қаласын басып алып, сонда Тоқтамысты ақ киізге көтеріп хан сайлайды.

лік болса, онда мені өлтіруге әмір ет, әміршімнің басын менің басымның, ал денесін денемнің үстіне қойғыз, одан бұрын өлмесем де, жер қойнына одан бұрын түсейін», – дейді. Оның тілегі орындалады.

Тоқтамыс Ақ Орданы басып алды, сөйтіп, Орда Ежен ұрпақтарының тақты иелену қағидасы бұзылды. Дегенмен, жылнамашы «ол қабілетті, батыл, халықпен жақсы қатынас жасайтын, сымбатты хан болды. Әділдігі мен көркем мінезі жұртқа жақсы мәлім» деп жазады.

Тоқтамыстың ең бірінші қолға алғаны – Сығанақта өз атынан ақша бастыру болды⁶⁴. Қысты ол Ақ Ордада өткізді. Мұнда ең күшті әрі беделді деген ақордалық шонжарлармен жақсы қарым-қатынасын оң жолға қойып, елдегі тәртіпті нығайтты. Ол жергілікті тайпа көсемдерінің көңілін таба білді. Тіпті өзі өлтірген Балтышақтың ұлдарына да құрмет көрсетті.

Балтышақтың екі ұлы бар еді: үлкені – Иса (Исабек), кішісі – Едіге. Иса Тоқтамыс әскеріндегі қолбасылардың бірі болуға келісті. Бірақ оның інісі Едіге әкесін өлтірген адамға қанды кегін ішіне сақтады. Ақырында, ол Самарқандтағы Әмір Темірге қашып кетті. Сол жерде бұдан кейінгі саяси іс-шараларға белсене араласты.

Бұл аралықта Тоқтамыс саны да мол, сапы да мықты күшті әскер жиып үлгерді. Өйткені онсыз Алтын Орда тағына таласу мүмкін емесін жақсы түсінді. Ақ Орданың билікқұмар әміршісінің бар көздегені де Алтын Орда тағы еді.

* * *

1377 жылы Литва князі Ольгерд дүние салып, Литваның жаңа басшысы болып Витовт сайланды. Билік басына Витовт келгесін Литва бұрынғыдан күшейді, тағы да Мәскеумен аралары бұзылды.

Сол жылы Мамай Нижегородск князьдігіне кезекті жорығын ұйымдастырды. Алайда ол Еділ бойына онша қызыға қоймады. Шамасы, XIV ғасырдың 70-жылдары түменбасы Мамайдың ең бір құдіреті асқан кез болған секілді. Ол біраз уақыт Сарайды, сондай-ақ, Астрахан мен Бұлғарды өз қолында ұстады. Еділдің қалған бөлігі Ақ Орда хандарының бақылауында қалды. Оның

⁶⁴Тоқтамыс Сығанақта өз атынан хижра жыл санауымен 780 (1378 – 79), 781 (1379 – 80) және 783 (1381 – 82) жылдарда бастырды.

үстіне олар тақта үш жылдан көп отырған емес. Бір-бірімен үнемі қырқысып жатса да, Еділ бойын Мамайға бере қоятындай әлсіз де емес еді. Ал Мамайдың қолбала ханы Мұхамед-Бұлақ Қара теңіз аймағында өзін алаңсыз сезінген секілді. Оның атынан Жаңа Сарайда шыққан теңге өзирге табыла қойған жоқ. Оның есесіне, бұл уақытта Қажы-Тарханда (Астрахан) Қажы-Шеркес, ал Берке Сарайда Жошының Шайбани әулетінен тараған Болат-Темірдің ұлы Арапша билік құрғаны табылған теңгелердің саясында мәлім болып отыр.



н Орда жауынгері (Қ.С. Ахмет-
тың реконструкциясы)

Мұның мәнісі, Еділ бойынан Ұрыс хан кеткесін, Берке Сарайды бұған дейін Бұлғарда билік еткен Арапша басып алады. Оның үстіне Арапшаның Алтын Орда тағын иелену ниетіне тек жергілікті шонжарлар ғана емес, орыс князьдері де күдікпен қараған. Сондықтан, Арапша өз билігін нығайтуды ойлап Еділдің күнгеінде соғысып жүргенде, 1377 жылдың көктемінде

орыс князі Дмитрий Ивановичтің Бұлғарға шабуыл жасауына таң қалуға болмайды. Ол мұндағы сауданы өз бақылауына алуды көздейді, осындай жолмен алтынордалық мансапқұмардың өрекіпген екпінін басуды ойлайды.

Осы жорыққа қатысты Никонов жылнамасы келтірген деректер назар аударарлықтай. Бұлғар тұрғындары орыс жауынгерлерінің шабуылын тек жебемен, сүңгімен ғана емес, «гүрсілдетіп бұршақтай жауған отпен» қарсы алады, басқаша айтқанда, олар отпен ататын қару ұстаған.

Орыс князінің Бұлғарға жорығына Арапша да қол қусырып қарап отырмады. 1377 жылы ол жорық дабылын соғып, Нижний Новгородқа қарай бет алды. Никонов жылнамасы бұл оқиғаға орай былай дейді: «Сол жылы жазда Көк Ордадан Еділдің Мамай Ордасы бетіне Арапша деген бір ханзада келді. Арапша қатал, нағыз жауынгер әрі ер мінезді мықты адам болды, тұлға, тұрқы анау айтқандай ірі болмаса да, ерлігі бөрінен асты, көбін жеңді, әскерін ертіп Нижний Новгородты шабуды ойлады».

Мәскеу князі Дмитрий Иванович жасақтарын жиып, жауының алдынан қарсы шығады. Бірақ жолдарында жауы

езікпегесін, ол өзі Мәскеуге қайтады да, орыс жасақтарын Арапша әскерін іздеп табуға жұмсайды.

Мәскеу князінің қолбасылары Суру өзеніне құятын Пьян өзеніне дейін барады. Осы жерде олар жергілікті халықтан Арапша өз әскерімен тым алыста “Бөрі суатында” жүргенін естиді. Орыс әскербасылары мұны білгесін, өздеріне төнер сауіп жоқ деген оймен жайбарақаттана бастайды. Ат үсті ұзақ жүрістен соң тынығып алғанды жөн көреді. Жандарында бұлардың не істеп жатқанын көріп тұрған князьдері жоқ.

Қос тігіп алаңсыз орнығады, бекініс құрмайды, тіпті қарауыл да қоймайды. Сарбаздар ауыр сауыттарын шешіп, қару-жарақтарын арбалардың үстіне тастай салады. Ал князьдер мен боярлар, әскербасылар өз үйлерінде жүргендей әңгіле көтеріп, арақ ішіп, балық аулап, білгендерін істеді». Орыс қосындары осылай мез-мейрам болып жатқанда, мордва князьдері Арапшаға жедел хабар жібереді.

Арапша кідірмей жетеді. Бейғам жатқан орыстарды қоршауға алады, жан-жақтан бірден дүрсе қоя береді. Орыс әскерін дымын қалдырмай быт-шыт қылады, санаулы ғана адам қашып құтылады. Арапшаға Нижний Новгородқа барар жол ашылады. Және ол, әрине, ешкім күтпеген жерде сау ете қалады. Жауынгерлерінен жұрдай қаланың, әрине ешқандай қарсылық көрсетуге шамасы да келмеді. Қала халқының көбі Еділді қорқай қашады. Ал алтынордалық жауынгерлер қаңырап қалған елдерге кіріп, дымын қалдырмай тонайды, қолға түскендерді ұтқындайды, көп үйлер өртке оранады. Сосын кері қайтады.

Арапша жайлы дерек бұдан кейін орыс жылнамаларында да шығыс авторларында да ұшыраспайды. Шамасы, ол Алтын Ордада бір жылдай ғана билік құрған секілді. Оның атымен Жаңа Сарайда басылған ең соңғы теңге 1378 жылы шыққан.

Тағы бір белгілісі, Еділ бойында Жошының Шайбани әулетінен шыққан Арапшаның бақталасы болған. Дегенмен, оның атынан тек Жаңа Сарайда басылған бар болғаны бірнеше теңге ғана қалған. Бұл ханның теңгелерге басылған есімі – Қағанбек. Алайда XV ғасырда өмір сүрген парсының белгісіз бір авторы оны Қағанбек деп атайды.

Ақ Орда ханы Тоқтамыс бастаған соғыс өрті бүкіл Еділ бойын шарпыды. Ол 1378 жылдың көктемінде келіп, Еділдің сол жағалауындағы бар қаланы басып алды.

«Тоқтамыс елдегі жауларының бәрін жеңген соң, Темірге мақтау-марапатын төгіп, жеңіске жеткенін айтып, хабар жіберді. Мәртебелі әмір оған жақсы ақыл-кеңесін, мемлекет пен билікті қалай ұстап тұру керегін айтып жауап қайтарады. Ол оған жақсы мен жаманды, жалпы мен жекені ескертті және неше түрлі сый, тарту жіберді», – деп жазады бұл оқиға жайлы ортағасырлық автор.



Тоқтамыс әскерінің Мәскеуді
Миниатюра. XVI ғасыр

Тоқтамыс сонау Ұрыс хан кезінде ұстана бастаған саясатты одан әрі жалғастырды. Оның үстіне ол басты бақталасы – түменбасы Мамайды үнемі назарда ұстады. Ал Мамай болса, бұл уақытта Русь мәселесімен айналысып жатқан. Онда Дмитрий Иванович бастаған Мәскеу князьдігі күшейіп келе жатты. Ол Тверь князі Михаилді өз дегеніне бағындырып, келісім-шарт жасауға көндіреді. Мәскеу князінің дегенімен жасалған шартта орыс князьдерінің Алтын Ордаға қарсы жүргізетін әрекеттері қаралған. «Егер татарлар бейбіт болса, біз де бейбіт боламыз, ал егер олар қарумен келсе, онда біз бірігіп қарсы тұруға тиіспіз» деген жол-

дар болды шартта.

Басқаша айтқанда, Алтын Ордаға бірігіп қарсы шығу жағы келісілді. Әрине, бұл жағдай түменбасы Мамайдың назарынан тыс қалған жоқ, содан, Мәскеу мен екеуінің арасында қырғи қабақ жағдай қалыптасты.

Мамай әуелі, 1378 жылы Бегіш мырзаны бас етіп қарулы жасақ жіберді. Ол Нижний Новгородқа басып кіріп, тонады. Ал Мәскеуге мырза кіре алмайды. Бегіш Ока өзенінен өткеннен кейін, Вожа өзенінде оның алдынан Мәскеу мен Рязаньнің біріккен әскері шығып, күйрете соққы береді.

Дмитрий Иванович Мамай жіберген Бегіш мырзаның жасағын түре қуады. Қашқандар көп сарбазынан айырылады. Бұл жеңілістің Мамайға тигізген әсері өте ауыр болады. Жылнамаларда оның қатты күйзелгені, ал кеңесшілері оның көңілін алдарқатпақ болғандары баяндалады. «Ордаң сенің әлсіреді, жасақтарың жеңілді; бірақ байлық жетеді, иелігің

де көп, фряздерді, шеркестерді, ястарды, тағы басқаларды жалдап, көп қол жиып, өлген бек, мырзаларыңның кегін қайтарасың» деп олар ақыл-кеңес береді.

Вожа өзеніндегі шайқас орыс жасақтарының алғашқы жеңісі еді және бұл оларға алдағы шайқастарға бел шеше кірісуге түрткі болды. Мамай енді бұрынғыдай тонаушылық жорығына емес, нағыз үлкен ұрысқа дайындала бастайды. Оның Вожа өзеніндегі жеңілісті жауапсыз қалдыруы мүмкін емес-ті.


Мамай жаңа жорыққа екі жыл әзірленеді. Дайындықтың бүйтіп ұзаққа созылуы, шамасы, ханның ауысуымен байланысты болса керек. Н.М. Карамзиннің айтуынша, жорыққа шығарда түменбасы Мамай Ордасында Мұхаммед-Бұлақтың орнында Түлүбек⁶⁵ деген басқа хан болған. Алтын Орда тарихында ол 1379 жылы шығарған жалғыз жарлығымен сақталған. Бір қызығы, Түлүбек сол жарлықта өзін Мамайдың інісі атайды. Ол түменбасымен тікелей туыспаған болса керек, тек Мамайдың әйелі Бердібек ханның қызы жағынан бір қатынасы бар болуға тиіс. Түлүбек жайлы басқа нақты дерек жоқ. Дегенмен, тап соның кезінде, 1380 жылы орыс жеріне жорық ұйымдастырылады.

Бұл жұртқа мәлім тарихи оқиға Никонов жылнамасында төптіштей, көркем тілмен баяндалады.

⁶⁵Орыс тарихшысы В.В. Григорьев оның шын аты Түлүбек емес, Тулунбек деген пікірін ұсынады, ол XIV ғасырдың 70-жылдары Берке Сарайда өз атынан ақша бастырған.

КҮЛІК ШАЙҚАСЫ

Сонымен, Мамай орыс жеріне жорық ұйымдастыруды алдына мақсат қойды. Ол өзіне бағынышты халықтардан көп қол жасақтады. Оның әскерінің құрамында жалдамалылар да болған. Жылнамашы Мамай «фряздерді, шеркестерді, ястарды және тағы басқаларды жалдады» деп хабарлайды.



Бұған қоса, алтынордалық түменбасы Литва князі Ягайломен одақтасады, оның әскері Дон өзенінде Мамай қолына келіп қосылуға тиіс болды. Оған Рязань князі Олег те қосылады. Орыс

жылнамашысы оны сатқын санайды және төмендегідей жайларды хабарлайды. Ол өзінің Ордаға адалдығын дәлелдеу үшін Мамайға барған көрінеді. Тіпті ол Литва князі Ягайлоға кісі шаптырып «татарларға бағын, көмектес» деп хабар берген делінеді. Егер осылай деп жазылған хат болғанның өзінде, Литва әміршісі жалғыз князь Олегтің сөзіне бола келісті деу қисынсыз. Түменбасы Мамайдың өзі де оған тікелей хабар жібере алатын.

Мәскеу де бұл шайқасқа тыңғылықты дайындық жүргізді. Бас князь Дмитрий Мамайдың қалың қолмен Воронеж түбіне келгенін естігенде, шапшаңдата өз әскерін жия бастады. Ол бүкіл орыс князьдерінен көмек сұрап ат шаптырды, тіпті бітіспес бақталасы – тверьлік князь Михаилге де кісі жөнелтті.

Орыс әскерінің бірігуінде митрополит Киприанның еңбегі зор, ол бүкіл орыс шіркеуінің атынан әрекет етті, мұның «тұтас Русь» болып одақтасуда маңызы ерекше болды.

Мәскеу князі Дмитрий Иванович өзіне тәуелді князьдердің жасақтарын жинақтады. Жылнамашы оларды бүге-шігесіне дейін қалдырмай тізіп шығады. Дмитрий туының астына владимирліктер, суздальдіктер, ростовтықтар, ярославтықтар, белозерліктер, муромдықтар, бряндық, псковтықтар және новгородтық әскердің бір бөлігі жиылады. Күлік шайқасына бәрі де түгелдей қатысты. Мәскеу князьдерінің саясатын қолдамайтын, литвалықтарға бүйрегі бұратын новгородтық

боярлар да келіп қосылады. Жылнамашы Дмитрий қол астына жүз елу мың жауынгер жиғанын жазады.

1380 жылы 31 шілде күні ол бүкіл орыс жасақтары Коломна қаласында бас қоссын деп жар салады. Мәскеулік князь Мамайға сол жерден қарсы шыққанды жөн көреді. Бас князь тек қарулы жасақ жиып қана қоймайды, Орда жайлы білетіні бар адамдарды да жан-жақтан шақыртады. Татарлардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, тілін, бүкіл жолдар мен көпірлерді, өзен-көлдердің кешіп өтуге болатын таяз тұстарын жетік білетін адамдарды жиып-теріп өзімен бірге ала жүреді. Бір сөзбен айтқанда, Дмитрий Иванович Мамай жайлы, оның әскерінің құрамы, тағы басқа толып жатқан мәліметтерді жиыстырып, біліп алады.

Тамыз айында Дмитрий әскерін ертіп, Коломнадан күнгейді бетке алып жолға шығады. Жауына бұл орыс жері екенін көрсетпек болады. “Оканың Лопасна өзеніне құяр сағасында” лагерь құрады. Осы жерде оған әскербасы Тимофей Васильевич келіп қосылады. Қыркүйекте орыс жасақтары Березуйге келіп жетеді, ол жерде өз қосындарымен кейбір литва князьдері келіп жетеді.

Ол жерден Дмитрий тағы алға жылжып, Дон өзені алқабына қарай жүреді. Қыркүйектің 6 күні қалың әскер Дон өзеніне келіп тіреледі. Жауынгерлер қашуды ойламайтындай болсын деген пікірмен князьдер жасақтарын өзеннің бергі бетіне өткізеді. Екі күн ішінде бүкіл жасақтар өзеннен өтіп болады. Сосын Непрядва өзенінің сағасына жақындап, Күлік жазығында сап түзейді.

Екі жақтың әскері бетпе-бет келіп тоқтайды. Екі жақта аттылысы бар, жаяуы бар 400 мың сарбаз тұрады. Мәскеу князі Дмитрий Боброкты қосындарымен тосқауылға қояды. Князь Дмитрий ұрысқа басшылық жасап қана қоймады, шайқасқа тікелей өзі де кірді. Ал Мамай болса, «жанына бес үлкен князьді алып, биік төбеге шығып тұрды, жан алып, жан беріскен қантөгісті сол жерден көргісі келді».



Күлік шайқасы.
Миниатюра

Қыркүйектің тоғызы күні таң атқанда, аспан бұлтты, дала қалың тұман еді. Бірақ күн көтерілгесін, жерді басқан қалың тұман сейіледі. Сәскеде Мамай әскері көрінеді. Жылнамаларда татар әскері жер қайысқан қисапсыз көп болды, ұзын найзаларын арттағысы алдындағысының иығына асып келді деген мәліметтер бар.



тар жауынгері

Ұрыс тура түс мезгілінде Сергии Радонежскийдің иногы Пересвет пен Темір-Мырза баһадүр арасындағы жекпе-жекпен басталады. Жекпе-жекке шыққан екеуі де мерт болады. Сол кезде екі жақтың әскері бір-біріне лап қояды. Қиян-кескі шайқас басталады. Жылнамашы мұндай шайқас ешқашан болған емес деп жазады: майдан алаңы он шақырымдық жерді алып жатты. Қан судай ақты. Екі жақтан да әскердің жарымына жуығы жер жастанады. «Жердің беті өлікке толып, ат аяғын басар жер қалмады; сарбаздар тек қарудан ғана емес, өздерін-өздері таптап, бірін-бірі өлтіріп жатты, Дон мен Мечь арасындағы Күлік жазығы қалың қолға тарлық етіп, көп кесапатын тигізді».

Мамай әскері дес бермей тықсырып, орыс жасақтары шегіне-шегіне, ақыры қаша жөнеледі. Алайда көп ұзамай жағдай өзгереді. Тосқауылдағы князь Владимир Андреевич Серпуховский мен Литвадан мәскеулік князьдің қызметіне келген ерікті әскербасы Дмитрий Боброктың таңдаулы, тың күштері шығады.

Орыс жасақтарының қашып бара жатқанын көрген Владимир Серпуховский көмекке ұмтылмақ болған, бірақ Боброк қуып келе жатқандардың ту сыртынан шығатындай болайық деп, оны ұстап жібермейді. Тұстарынан татарлар өте бергенде, бұлар тасадан шыға келіп, лап қояды. Ойламаған жерден жағдай күрт өзгеріп, басқаша жағдай алды. Қашып бара жатқандар тоқтап, қайта шабуылды бастады. Мамай әскері быт-шыт болып күйреді.

Мамай қалған әскерімен Калка жағалауына қарай қашады. Жылнамашының айтуынша, түменбасы жеңілісін мойындап, бұған көнген жоқ. Ол бірден әскер жасақтауға кіріседі. Руське қайта жорық жасауға дайындалады. Алайда оның қарымта қайтаруға мүмкіндігі болмады.

ТОҚТАМЫС ХАН

Бастапқы Тоқтамыс билікке келген кезде алтынордалық әскери, ақсүйек шонжарлар оны тек Ақ Орда ханы деп қана қабылдады. Алтын Орда тағынан үміткер екінші адам – Қажы-Шеркес те сол жақтан шыққан еді. Негізгі бақталасы саналған одан құтылғаннан кейін, Тоқтамыс өз иеліктерінің шекараларын бекітуге кірісті. Бұл жолда ол талай қулыққа да, арамдыққа да барды. Басқаша айтқанда, «шекарадағы шет аймақтардың басшыларын өзіне алдап шақырды; өзінің пайдасына жарайды-ау дегендерін ешқайда жібермеді, қолында ұстады, шекара қорғанысына керек дегендерін кері қайтарды, ал өз пайдасына кереғар келгендерінің көзін құртты. Ол Либкадан⁶⁶ бастап теріскейдегі ең шеткі елді мекендер мен Кафаға дейінгі барлық ұлыстың билігін қолына алды, Сарайды өзінің астанасы етті», – деп жазады «Ескендір анонимі» деген қолжазбаның авторы.

Бұдан кейін Тоқтамыс көрші елдермен және тәуелді князьдіктермен дипломатиялық қарым-қатынасын ретке келтіруге кірісті. Ол Литва князі Ягойлаға елшілік жіберді. Елшілер оған Тоқтамыстың жарлығын апарды. Бұл құжат біздің заманымызға жетпеді, дегенмен, ол жайлы Тоқтамыстың Ягайлоға 13 жылдан кейін, яғни 1393 жылы 20 мамырда Азов қаласынан жолдаған басқа бір жарлығында сөз болады.

Күзге салым Тоқтамыс барлық орыс князьдеріне елші аттандырады. Оларға Тоқтамыстың Алтын Орда билігін қолына алғаны және ортақ жаулары Мамайдың көзін құртқаны хабарланды. Орыс жылнамасы бұл оқиғаны былай баяндайды: «...өзінің Еділ патшалығын иеленіп, таққа отырғанын, бақталасы әрі ортақ жаулары Мамайды жеңгенін хабар етті. Өзі Еділ патшалығының тағында мықтап отырды».

Жылнамашының айтуынша, «орыс жерінде әскербасы да, жауынгер де қалмады, сондықтан, бүкіл орыс жерін шексіз үрей биледі». Мәскеу князі Дмитрий Алтын Орданың жаңа әміршісінің билігін мойындады және «Ордадағы жаңа әміршіге Толбугу мен Мокшианы мол тарту-таралғымен елші етіп жіберді». Дегенмен, Дмитрий Донской Ордаға тәуелді

⁶⁶ Либка – бұл Литва болса керек.

күйінде қала бергісі келмеді. Әрі ол Күлік жазығында Мамай әскерімен болған ұрыста жеткен жеңісінің даңқына әлі ма-сайрап жүрген еді, бұл жағдай оған Тоқтамыс ханды Алтын Орданың құдіретті әміршісі ретінде көруіне кедергі келтірді.

Тоқтамыс орыс князьдерінің сырттай ғана бағынышты көрінгендерін қанағат тұтпады. Келесі жылы ол Дмитрийден ашық түрде бағынуын және алым-салық төлеуін талап етті. Мәскеу еш жауап қатпады. Жылнамаларда қандай да бір орыс князінің хан ордасына барғаны жайлы айтылмайды.

Содан Тоқтамыс жорық ұйымдастырды, түштеп келгенде, бұл Руське ашылған нағыз соғыс еді. Оның империя астанасында тұрып жатқан бүкіл орыс көпестерін ұстап, өлтіруге бұйырғанын басқаша түсіну мүмкін еместей.

Ал жылнамашылар болса, оның бүкіл орыс көпестерін қанға бөктіргенінің басқа себебі болды деп санайды. София жылнамаларының айтуынша, «Тоқтамыс орыс жеріне өзінің жорық жасағалы жатқанын біреу-міреу айтып бармасын деп, сол үшін барлық орыстарды ұстатты, тонатты, қаматты».

Алтын Орда ханы он мыңдаған сарбаз қатысқан мұндай үлкен жорықты құпия түрде жүргізе алатынына сенді деу қиын, оның үстіне бұл жорық тұтас Еділ бойына мәлім болғанды. Ұзын сөздің қысқасы, Тоқтамыс Руське жорыққа дайындалды. Бұл орыс князьдерін барынша әбігерге түсірді және олардың кейбіреулері өздерінің оған бағыныштылығын білдіруге асықты.

Суздаль князі Дмитрий Константинович хан ордасына екі ұлы – Василий мен Семенді жөнелтті. Бірақ олар Тоқтамысты ол жерден таба алмай, ештеңе тындырмай құр қайтты. Рязань князі Олег Тоқтамыс әскеріне жол көрсетіп, Мәскеуге дейін ертіп жүруге дайын екенін мәлімдеді. Мұны орыс жылнамашысы былай баяндайды: «Ал Олег Рязанский Тоқтамыс патшаға бас ұрып, оның Русьті жеңуіне жәрдем етті, өз христиандарына жаулық ойлады, орыс жерін қалай бағындырып, тас қала Мәскеуге қалай басып кіруге және бас князь Дмитрий Ивановичті қалай қолға түсіруге болатынын айтып берді».



Тоқтамыс жорығын Бұлғарға алғы шеп әскерін жіберуден бастады. Ондағы орыс саудагерлерін шетінен өлтіріп, олардың тауарларын кемелерімен қоса қолға түсіруді бұйырады. Мұнын артынан қалың әскерін ертіп, Тоқтамыстың өзі де сонда барды. Бұл оқиға, жылнамашының айтуына қарағанда, «Орда мен Сарайда билік етуші Тоқтамыстың таққа отырғанына үш жыл толғанда» болды.

Сосын Алтын Орда әскері Ока өзенін жалдап өтіп, Мәскеуге тіке апаратын ашық жолға түсті. Бұл уақытта бас князь Дмитрий Донской тағы бір жауынгерлік ерлік жасау үшін бірігіңдер деп ұран тастаған, алайда бұл жолы оның үндеуіне орыс князьдері ере қоймады, өйткені, «араларында алауыздық болды, ешкімнің көмек те бергісі келмеді».

Қарсы шығуға шамасы болмаған Дмитрий әскер жиып келемін дегенді желеу етіп солтүстікке қарай қашып кетті. Қалада әйелі мен митрополит Киприан қалды. Мәскеу боярлары не істерлерін білмей әбден дал болды. Олардың бірталайы қашпақ ойда еді, бірақ «қала іргесіндегі халық» оларды жібермеді. Бірақ Мәскеу митрополиті мен князь әйелінің шығуына рұқсат етеді. Князь Дмитрий үй ішімен Костромада бой тасалады, ал митрополит Тверьге тығылды.

Бір қызығы, орыс жылнамаларында Мәскеу қорғанысы жайлы екі түрлі нұсқа бар. «Көнесі» Симеон жылнамасында жазылған, ал «жаңасы» төртінші Новгород, Ермолинск, бірінші София жылнамасының жалғасында және Никонов жылнамаларында баяндалады. Бұлардың арасындағы басты айырмашылық – Симеон жылнамасында Мәскеу қоршауға түскенде, қала халқы қорғанысқа белсене араласпайды, ал екінші нұсқа бойынша, керісінше, қалалықтар Мәскеудің басты қорғанына айналады.

Никонов жылнамасы қорғанысты литвалық князь Ольгердке немере болып келетін «дарынды әрі жігерлі» Остей деген адам басқарғанын жазады. Жылнамашы қала қорғанысына шұғашы Адам деген қатысқанын атайды. Шамасы, ол да қалаға сырттан келген біреу болса керек, оның жат есімінің өзі соны көрсетіп тұр.

Сонымен, 1382 жылы 23 тамызда Тоқтамыс Мәскеуге тақап, оны жан-жағынан қоршауға алды. Қорғанысқа барынша дайындалған қала іргесіндегілер алтынордалық әскерді

қарудың жаңа түрлерімен – ұңғылы жақпен және тюфяк деп аталған зеңбіректің қарапайым түрімен атқылап қарсы алды.

Мәскеуліктер шабуылдаушылардың үстінен тас лақтырды, ыстық су құйды, оқ қарша жауды. Бәлкім, олар шабуылдың бетін қайтарар да ма еді, бірақ күтпеген жерде қала ішінде тәртіпсіздік белең алып, ұрлық-қарлық басталды. Жылнамашының айтуынша, белгісіз біреулер «бай сарайларға кіріп, қымбат бал, күміс ыдыс, бағалы шыны аяқтарды тасып, ес-түсінен айырылғанша арақ ішуге кіріседі».

Араққа тойып алған тобырға шамасы келмеген Остей Тоқтамыстың «беріліңдер» деген ұсынысын қуана қабылдағанға ұқсайды. Хан ешкімді жазаламаймыз, дүние-мүліктеріңе тиіспейміз, кешіреміз деп сөз береді, тіпті сый-сияпат көрсететінін де айтады. Остей қақпаны ашып, неше түрлі тарту-таралғысын алып, ханның алдынан шығады. Ол өлтіріледі. Сөйтіп хан Мәскеуді талан-таражға түсіреді, қаланың кей бөлігі өртке оранады. Жылнамаларда басқыншылардың үлкен олжаға кенеліп, жолда тағы бірнеше қала мен кенттерді тонайтынын жазады.

Тверь князі Тоқтамыстың алдына барып бас иеді, ал Дмитрий Донской Мәскеуге оралып, қала қорғанысында мерт болғандарды жерлеуге қатысады. Бір деректерде жиырма төрт мың адам өлді десе, енді біреулерінде оның саны бұдан екі еседей аз көрсетіледі.


Бұл оқиғадан соң, бас князь Алтын Ордаға қайтадан салық төлеуге мәжбүр болды. Мәскеу князьдігінің жағдайы, Алтын Орда ханымен қарым-қатынасы толық өзгерді. Русь тәуелді елдің күйін кешті, ал Тоқтамыс нағыз жеңімпазға айналды.

Қырымдағы жағдай мүлде басқаша еді. Онда Тоқтамыспен қатынас орнатып, шиеленіскен жағдайды шешіп, аймақтың тыныштығын сақтауға дайын адамдар тез табылды. Хан жергілікті шоракөл тайпасының көсемі далалық шонжар Биқожа-ны өзінің тарханы етіп тағайындады.

Бір қызығы, ханның Биқожа атына жіберген жарлығы XIV ғасырдағы әдеби түркі тілінде жазылған. Онда былай делінген: «Шоракөл тайпасына түтін салығы жиылмасын, лауға көлік алынбасын, астық диірмендеріне ақы сұралмасын, шоракөл тайпасы аймақ басшысынан бастап ешкімге, ешқандай бек, мырзаға, қайда көшіп-қонып жүрсе де, Қырымның іші ме,

сырты ма, бөрібір, есеп бермейді, олардың көші-қоны кезінде басқалар қолдарынан келген көмегін беруге тиіс». Мұның мәнісі, Биқожа мен оның қарамағындағылар Алтын Орда әміршісінің тікелей қорғауында болды.

Тоқтамыс басқа аймақтарда да осы әрекетін жүргізді. Бұл өзара қырқысты тоқтатуға, ақша айналымын жаңалап, ретке



Тоқтамыс хан кезінде жасалған күміс ақшалар

келтіруге, сауданың жандануына, сондай-ақ, Мәскеу князьдігінің бағыныштылығын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, оның бұл амал-шарғылары Алтын Ордадағы бейбіт өмірді ақырындап қалпына келтіре бастады. Алайда бұл ұзаққа созылмады.

Мамайды жеңгесін және Мәскеуді бағындырғасын, 1383 жылы Тоқтамыс Хорезмде өз атынан ақша бастыруға кірісті. Ол кезде Хорезм атақты қоңырат тайпасынан шыққан Суфи әулетінің қолында болатын. Айтпақшы, Тоқтамыстың шешесі Кутан-Кунчек хатун да қоңырат руынан еді. Сондықтан, оның Хорезмде өз атымен ақша шығаруын Суфи әулетінің Алтын Орда билігін мойындауы деп есептеуге болады. Тағы бір атап өтетін жайт – бұл оқиға Әмір Темірдің Хорезмді өз иелігіне қоспақ болып әрекет етіп жатқан кезбен тұспа-тұс келді.

Тоқтамыс пен Темір тек Хорезм мәселесінде ғана емес, Өзербайжанда бетпе-бет келді. Ол уақытта Өзербайжанды Жалайырлар әулеті билейтін. Қысқасы, екі күдіретті әміршінің арасында сол кезде-ақ дау туындады. Дегенмен, оны әлі де бейбіт жолмен шешуге болатын. Алайда тарих доңғалағы өз дегенімен айналды.

Тоқтамыс пен Темірдің арасына Едіге бидің от тастауы да жағдайдың ушыға түсуіне сеп болуы әбден мүмкін. Едіге – кезінде Тоқтамыс өлтірген ақордалық әмір Балтышақтың кіші ұлы. Едіге әкесі өлген соң, Әмір Темірге қашады. Оның Мәуереннахр әміршісін өзінің қанды кек дұшпанына айдап салуы да ғажап емес. Өйткені, сол жағына өте шебер жан болатын. Әрі Тоқтамыстың өзі де осыны сұранып тұрды.

Жалайырлар әулеті әміршілерінің Әзербайжан халқына тізесі батады. Олардың ішіндегі ең бір қатыгезі Ахмет сұлтан болды. Оның есімі мұсылман жылнамаларында жиі ұшырасады, ал халық жадында бұл сұлтан шектен шыққан тас бауыр әрі қаскөй әмірші ретінде сақталды.

XIV ғасырдың 80-жылдарының басында Темір Иранның солтүстік-шығыс аудандарын басып алды. Бұдан кейін ол ішкі Кавказға жол ашатын күнгей Әзербайжанды бағындыруды ойлады. Тебриз тұрғындары Ахмет сұлтанның қысымшылығынан, қиянатынан әбден шаршағанды. Сондықтан, қаладан Мәуереннахр әміршісін жақтап, қолдаушылар тез табылды.



Әмір Темір

Әмір Темір өзін жақтаушылар барын білсе де, Ахмет сұлтанмен болатын ұрысқа жан-жақты дайындалды. Екеуінің арасындағы ұрыс 1385 жылы Сұлтания маңында басталды. Темір жеңіске жетті. Тебриз шонжарлары Темірді қаланы иеленуге шақырады. Алайда, Темір алтынордалық әміршілердің бұл жер үшін бұрыннан бері Құлағу әулетімен таласып келгенін білетін. Сондықтан да, ол қалаға кірмеді, шетте күте тұрғанды жөн санады.

Дәл осы уақытта Тоқтамыс бұрынғы Алтын Орда хандарының саясатын ұстана отырып, Кавказға жаңа соғыс ашты. Тоқтамыс ең әуелі күшті одақтас іздей бастады, сөйтіп, Темірге қарсы шығу үшін, Мәмлүк сұлтандығының әміршісінен көмек сұрады. Әл-Макризидің айтуынша, 1385 жылы 25 қаңтарда Каирге Тоқтамыстың елшілері жетеді, олар зор құрметпен күтіледі. Елшілік керемет сұңқарлары, неше түрлі матасы, құл-күңі бар мол тартумен келеді. Мысыр сұлтаны елшілерге Каирде болған әр күні үшін 1000 дирхемнен ақша бергізеді.

Мәмлүк сұлтандығы мен Алтын Орданың арасындағы келіссөз немен аяқталғаны беймәлім, бірақ бұл дала империясының көршілерін бірігуге итермеледі. Мысалы, соғыстан кейін Мәскеу мен Рязань арасында «мәңгілік

достық» шарты жасалды. Ал Литва князі Ягайло⁶⁷ Крево қамалында поляк феодалдарымен «Крево үйелмені» аталған бітім жасасты. Бұл Литва мен Польшаның тұңғыш бірігуі еді.

Бұл аралықта Тоқтамыс қалың қол жиып, Тебризге жорыққа аттанды. Ортағасырлық автор Зейн-әд-Дин Казвини⁶⁸ бұл әскери жорықты жан-жақты баяндайды. Ол 1385 жылдан 1386 жылға қараған қыста Тоқтамыс 9 түмен қолын бастап, Дербент арқылы Ширван ауданынан өтіп, Тебризге жетті деп хабарлайды.



Ортағасырлық басқа бір автор Низам-әд-Дин Шами бұған қатысты «тебриздіктерде басшы болмады» деп атап көрсетеді. Бұған қарамастан, олар қорғануға кіріседі, тар көшелерде бөгеттер тұрғызады. Тоқтамыс сарбаздары 8 күн бойына қалаға кіре алмайды.

Сосын Тоқтамыс қулыққа басады, салық төлету шартымен бейбіт келісімге келеді. Зейн-әд-Дин Казвинидің мәліметінше, Тебриз халқы 250 тұман алтын құрайтын мол сома жиып береді. Алайда Тоқтамыс мұны місе тұтпайды. Келісімді бұзып, ол әскерін Тебризге кіргізеді, қаланың ту-талақайын шығарады. Алтынордалық жауынгерлер Өзербайжаннан мол олжаларын артынып-тартынып қайтады.

Тоқтамыс әскері кетісімен, кідірмей Тебризге Әмір Темір келді. 1386 жылдың 1387 жылға қараған қысын ол Қарабағта өткізді. Самал ескен тау баурайы атты әскеріне қолайлы еді. Осы кезде Тоқтамыс әскері Дербенттен өтіп, Самур өзеніне тақайды. Бұл хабар Темірге жетіп, ол алтынордалық өміршінің алдынан бірнеше түмен жібереді. Қолбасшысына Тоқтамыспен «бейбіт келісім» барын ескертіп, қақтығысқа бармауын, ал егер Тоқтамыс әскері шабуылдайтын болса, ат басын кері бұрып, тезірек өзіне жетуін мықтап тапсырады.

Айтқандай, олар өзенге жете бере қалың қол көреді. Барлаушы қосындарын қолға түсіріп, олардан бұл кімнің қолы

⁶⁷Келешекте ол II Владислав аталады.

⁶⁸Зейн-әд-Дин Казвини – ортағасырлық белгілі тарихшы Хамдаллах Фазнауидің ұлы, әкесінің “Тарих-и-Гузиде” атты еңбегін жалғастырушы.

екенін сұрайды. Тұтқындар әскердің басында алтынордалық әмірші Тоқтамыс тұрғанын айтады. Сосын Темір түмендері, бұйрыққа сай, ат бастарын кері бұрады, бірақ алтынордалық әскердің алғы шебіндегілер тақап келеді де, жебені қарша боратады. Екі жақ кіші-гірім қақтығысқа барады. Арттан Темірдің ұлы Мираншах бастаған көмек жетіп, ұрыс басталады. Тоқтамыстың негізгі күшімен қоян-қолтық шайқасқа түседі. Ұрыс Мираншахтың пайдасына шешіліп, Тоқтамыс шегінеді. Ол кері бұрылып Дербентке қарай тартады.

* * *

Әзербайжанда жеңіліс тапқаннан кейін, Тоқтамыс басқа амалға барады. Ол әскерін шығысқа қарай бұрады. Темірдің Иранда жорықта жүргенін және, осыған орай, Мәуереннахрда қарсы тұрарлықтай күштің жоғын біліп, Алтын Орда әміршісі Темірдің ту сыртынан соққанды жөн санады.

Мәуереннахрға жорыққа аттанар алдында, Тоқтамыс әуелі Хорезмде Темірге қарсы көтеріліс ұйымдастырды. Мұның жолы оңай еді, өйткені, онда Тоқтамысты жақтайтын қоңыраттың Суфи әулеті бар-тұғын. Осы кезеңдегі әулет басы Сүлеймен Суфи де Тоқтамыстың жақтасы болатын.

1387 жылы Алтын Орда әсері Сығанақтың жанынан өтіп, Темір иелігінің шекаралық бекінісі Сауранға жетті. Қала қорғаушылары жанкештілікпен қарсылық көрсетіп, Тоқтамыс бекіністі ала алмады.

Қала қорғаушыларына Әндіжаннан Темірдің ұлы Омар-Шейх көмекке жетеді. Ол Тоқтамыс әскерімен Отырар қаласына жақын маңда кездеседі. Ұрыста Омар-Шейх жеңіліп қалады, сөйтіп, алтынордалықтар Мәуереннахрға еркін кіреді. Гүлденген Зеравшан ойпатындағы көптеген елді мекендер тоналады.

Тоқтамыстың ойында Бұхараны алу жоспары бар еді, бірақ бұл ірі қалаға басып кіре алмайды. Сосын оның қосындары Бұхара төңірегі мен Әмударияға дейін созылып жатқан Мәуереннахрды тонауға кіріседі. Әсіресе, Қашқадария өзені аңғарындағы Қаршидың батысында тұрған Зенжир-Сарай көп зардап шекті.

Тоқтамыстың тонаушылық жорығы жайлы хабар бұл кезде Батыс Ирандағы Шираз қаласында жүрген Әмір Темірдің құлағына жетеді. Ол әскери қимылдарын дереу теріскейге

Дәл осы уақытта Русьте бас князь Дмитрий Донской немере бауыры Владимир Андреевич екеуі келісім грамотасын толтырды. Онда мынадай жолдар бар: «Біздің салық жинаушылармен қатар қалаларға, елді мекендерге олардың салық жинаушыларының баруының не қажеті бар... Салық жиюшылардың қалалардан, селолардан, кенттерден жиғандары менің қазынама келіп түседі, ал шығынды мен беремін». Басқаша айтқанда, халықтан орыс князьдері салықты өздері жиып, оны бас князьдің қазынасына құяды, ханға қажетті «шығын» үшін бас князь жауап береді. Және осы «шығын» арқылы Алтын Орда мен Русьтің қарым-қатынасын реттеді.

Мысалы, бас князь Алтын Ордаға жеті мың сом, ал Нижегород князьдігі мың жарым сом «шығын» төлеп тұрғаны белгілі. Дей тұрғанмен, төлем сомалары мұнымен шектеліп қалған жоқ. Кейде князьдер ерекше алым да беріп тұрды, мұны боярлардан жиятын. Сондықтан, салықтың толық көлемі князьдер келісімінде жеке көрсетілді: «...ал алым көп түсе ме, аз түсе ме, бөрібір, бұрынғы есеппен алынады».

Тоқтамыс хан алымнан түскен қаржыны өз әскерінің қажетіне жаратты. 1388 жылдың соңында ол қарақұрым әскер жиды. Шараф ад-Дин әл-Йезидің сөзіне қарағанда, оның әскерінің құрамында түркілер мен моңғолдардан басқа, орыстың, бұлғардың, шеркестің, аланның, мокшаның, башқұрттың және Қырым тұрғындары – Кафа мен Азақ қалаларының қосындары болды.

Қыста Тоқтамыс тағы да Хорезмге жорық ашты. Әскерінің бір бөлігін Сауранды қоршауға қалдырып, қалғанын Арыс өзенінің Сырға құяр сағасындағы Зернук бекінісі ауданына жөнелтті.

Бұл кезде Темір Самарқандта болатын. Тоқтамыстың тағы басып кіргенін естіген ол бірден атқа қонды. Әндіжандағы ұлы Омар-Шейх пен Гераттағы тағы бір ұлы Мираншахқа тез жетсін деп жаушы аттандырды. Ал Темірдің өзі Сырдарияны бетке алды.

Мезгіл қыстың басы болатын, жаңбыр жауып, артынан күн суытып, қар басталды. Қардың қалың түскені сондай, ат омбылап әрең жүрер күйге жетті. Сырдарияға жете бере

Темірге ұлы Омар-Шейх келіп қосылды. Ол әкесінің әскеріне тура Тоқтамыстың алғы түмендері алдарынан шыққанда жетіп, күш үстеді. 1389 жылдың басында Әмір Темір Зернук қаласына жақын жерде Тоқтамыстың алғы шеп түмендерін күйретті, аман қалғандары өзеннің арғы бетіне өтіп бой тасалады.

Тоқтамыстың негізгі күші бұл уақытта Сауранды шауып жатқан-ды, бірақ тағы да басып кіре алмады. Сосын Алтын Орда ханы Иасыны (бүгінгі Түркістан) басып алды. Әмір Темір Тоқтамыстың қоршауындағы Сауранға бармады. Кейін Самарқандқа қарай бұрылды, ол жерде оған Хорасан мен соның төңірегінен Мираншах жиған көп күш келіп қосылды.

1389 жылдың ерте көктемінде Самарқандтың маңында Балхтан, Құндыздан, Бақланнан, Бадахшаннан, Хутталяннан, Хисардан, тағы басқа аймақтар мен қалалардан жасақталған қосындар бас қосты. Бүкіл дайындығын аяқтап, Темір сол жылы көктемде Ақ Ордаға қарай жылжыды. Алайда Тоқтамыс ұрыстан бойын аулақ салуға тырысты. Сауранды қоршауын тастап, шегі жоқ даланың қойнына сіңіп кетті. Соғыс кейінге қалды.

* * *

Оңтүстікте жорықта жүрген Тоқтамыстың бұл уақытта өз иелігінің батыс жақ шекарасында не болып, не қойып жатқанына көңіл аударарлықтай шамасы болған жоқ. Осы уақыт аралығында 1388 жылы Босния әскері Билич түбінде түріктерді жеңеді. Алайда, 1389 жылы 15 маусым күні түріктер қайтадан ұрысқа кіріседі. Бұл жолғы қақтығыс Косо-во жазығында өтеді. Сұлтан Мұрат қатты жараланады, бірақ оның ұлы Баязид бауыры Йакубты өлтіріп, әскер сапының тәртібін қайта жөнге келтіріп, сербтер мен босниялықтарды быт-шыт қылып күйрете соққы береді. Лазарь, тағы басқа көптеген серб әскербасылары өлім аузында жатқан сұлтан Мұраттың көз алдында өлім жазасына кесіледі. Бұдан кейін сұлтан Баязид Кіші Азияға қарай жорыққа шығады. Осы жорық кезінде Византия императоры сұлтанның вассалы ретінде жол көрсетуші болуға мәжбүр болады.

Сірә, Алтын Орда бұл кезде еуропалық елдерде беделінен айырылған және түріктер секілді күшті бақталаспен қақтығысқа да барғысы келмеген тәрізді. Тоқтамыс тек өз билігіне бағынған жерлердегі мүдделерін ғана ойлады.

Бұл аралықта Русьте бас князь Дмитрий Донской дүниеден озады. Ол өлерінде өзінің үлкен ұлы Василийді бас князьдікке тағайындайтынын айтып өсиет қалдырады және Русьті «өз иелігі» атайды. Мұның бастамасы, Иван Калитадан бастау алады. Өйткені, сол мәскеулік князьдер әулетінің негізін салды. Алтын Орда әміршілері соларға «бас князьдік» құқығын берді. Дмитрий Донской соның ұрпағы болғандықтан, өзінің ұлына бақталас біреу шығады деп қам жемеуіне болатын және алтынордалық хан жарлықты басқа біреуге бермейтініне де сенімді еді. Дегенмен, ол өз өсиетінде бұған қатысты да арнайы тоқталып өтуді ұмытпаған.

Шамасы, сол кездің өзінде Русь пен Алтын Орда екеуінің арасындағы қарым-қатынас бас князь төлейтін “шығын” арқылы реттеліп отырған болса керек. Дегендей, сол жылдардағы бір құжатта осыны көрсететін жолдар бар. Мысал үшін, бас князь Дмитрий немере бауыры Владимир Андреевичпен 1388 жылы жасасқан келісім грамотасында Алтын Ордаға төленер алымның өзара қалай бөлінетінін анықтап жазады.

1389 жылы 15 тамызда Владимирде хан елшісі Василий Дмитриевичті бас князьдікке тағайындады. Ол Русь тарихында ең ұзақ билік еткен және бас князьдің өсиетімен билікке келген бірінші адам болды. Сол жылы Мәскеу басына зобалаң келді. Ол туралы жылнамада айтылады. Шамасы, бұл тек Русьте ғана емес, басқа елдерге де етек жайған әлдеқандай бір індет болса керек. Олай дейтініміз, Пимен Константинопольге саяхаты кезінде Алтын Орда жерімен өтеді. Мұны орыс жылнамасы хабарлайды, сонда қаншама жер қаңырап бос қалғанын, жайлаулар елсіз жатқанын жазады.



Пимен Византияға жеткенде, ол жақта тағы бір азамат соғысының өрті тұтаналды. Бұл азамат соғысы табаны күректей сегіз жылға созылады. Ал, Алтын Орда тарихына барынша әсер еткен бұл кездегі басты оқиға Сырдария өңірінде етек алды. Сол жерден 1390 жылдан 1391 жылға қараған қыста Темір тарихта қалған өзінің атақты жорығын бастады.

Самарқандтан шыққан Темір әскері көпір арқылы Сырдариядан өтіп, Ташкентке қарай беттейді. Темір әскері сол тұста Паренн мен Шинас арасында қостарын тігіп, жайғасып, қыстап шығады. Тура осы уақытта Әмір Темір жанынан ақордалық ханзада Темір-Құтлұғ оғланды тағы да кездестіреміз. Дәлірек айтқанда, жазба деректерде осы оқиғаларға қатысты оның да есімі аталады.

Темір-Құтлұғ оғлан, Қунче оғлан және Шейх Али баһадүр бастаған бір бөлік әскер Әмір Темір қолының ең алдында жүреді. Басқаша айтқанда, ол бүкіл қосындарға жол ашып, барлаушылық етеді. Тоқтамыс әскерінің Шыңғыс хан заманындағы моңғол әскерінен ешқандай айырмашылығы болған жоқ. Ал тап осы уақытта Әмір Темір болса, керісінше, өзінің әскерін жан-жақты жетілдірді. XV ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Әбді-әр-Раззақ Самарқандидің 1391 жылы Ақ Ордаға жорыққа шыққан Темір әскерінің жабдықтары жайында жазғандары көңілаударарлықтай. Оның келтірген дерегі бойынша, аймақтар мен жергілікті қосындар «көне және жаңа төртіпке сай, аттылар мен жаяулар, түркілер мен тәжіктер» бір жылға жетерлік азық-түлігімен келуге тиіс болатын. Келушілердің әрқайсысында садақ, отыздан жебе, қылшан және қалқан болуға тиіс. Әр-бір екі адамға кемінде бір аттан болған, ал әр он адам бір шатыр, екі күрек, сүймен, орақ, ара, балта, айбалта, жүз ине, арқан, қазан, тағы басқа нәрселер алып жүрген. Мұның бө-рін сарбаздардың өздері дайындайтын болған.

Әбді-әр-Раззақтың деректерін басқа бір ортағасырлық автор Шараф-әд-Дин әл-Йезди толықтырады. Оның айтуынша, Темір әскеріне алғаш сол кезде 7 кул етіп бөлу тәртібін енгізеді, басқаша айтқанда, мұны жеті бөлік деуге болады. Темір бұл әскери тәртіппен алғаш рет 1391 жылы Тоқтамысқа қарсы соғысады. Және де оның артықшылығы ұрыс кезінде анық көрінді.

Темір Ташкенттен Ходжентке қарай жүреді. Онда шейх Маслахат басында құран оқиды. 10000 кебек динарын таратып Темір кері қайтады. Аяқ астынан ол ауырып қалып, 40 күн төсек тартып жатады. Содан 1391 жылдың қаңтар айында науқасынан толық айығып, жорығын қайтадан бастайды. Низам-әд-Дин Шамидің сөзіне қарағанда, Темір төңірегін-

дегілер мен қосын әмірлеріне мол қылып сый таратады, әйелдерін Самарқандқа қайтарады, тек Шолпан Мелик-ағаны ғана өзімен бірге алып жүреді.

Шараф-әд-Дин әл-Йезди болса, Темір 1391 жылы 19 қаңтар күні Тоқтамыс ханға қарсы жорық ашқанда, жол білетін адамдарды өз әмірлеріне бөліп-бөліп бергенін хабарлайды. Бір назар аударатын нәрсе, Темірдің негізгі күшінің алдында екі алтынордалық ханзада, ақордалық әмір Едіге бастап жүрген.

1391 жылы 22 қаңтарда Темір Ташкенттен шығып, Отырарға бет алады. Қара-Саман деген жерге (Отырар маңы) жеткенде, бұл 1391 жылдың ақпаны, оған бейбіт келісім сұрап Тоқтамыстың елшілері келеді. Темір оларды елшіге сай құрметпен қарсы алуды бұйырады.

Қабылдау кезінде елшілер Темірге тартуларын ұсынады, оның ішінде сұңқар және тоғыз арғымақ болады. Әмір Темір салт-жоралғыны бұзғысы келмей, сұңқарды қолына қондырады, бірақ солай ете тұра, сұңқарға көз қырын да салып қарамайды. Елшілер тізерлеген қалпы Тоқтамыстың хатын ұсынады. Ол хатында Темірдің бұрынғы жақсылық, қайырымдарын ұмытпағанын, ал өзінің бұған қастық ойлағандығы үшін өзегі өртеніп өкінетінін жазады. Хаттың соңында ол Мәуереннахр әміршісінің адал вассалы болуға, айтқанының бәрін бұлжытпай орындауға уәде етеді.

Темір Тоқтамыстың дәл қазір қандай да бір себеппен шешуші ұрысқа дайын еместігін түсінеді. Қайтарған жауабында ол Тоқтамысты лайықсыз істері үшін кінәлап, оның Ақ Орда тағына, одан кейін Алтын Орда тағына отыруына өзінің қандай көмек көрсеткенін ескертеді. Сондай-ақ, Темір Тоқтамыстың сатқындығын, ту сыртынан шауып, Иран, Ирак жағында жорықта жүргенде елін келіп шапқанын есіне салады. Ол хатының соңында Алтын Орда ханының уәделеріне мүлде сенбейтінін және оның бейбіт келісімін қабылдау мүмкін емесін жазады. Қайтарар жауабын әзірлеп қойғасын, Темір аста-төк дастархан жайып, елшілерге тағы сый тартады. Жол көрсетіп жүресіндер деп, өз жанында ұстап қалады.

Содан кейін Темір құрылтай шақырады, осы құрылтайда барлық қолбасылар жорықты жалғастырайық деп шешім қабылдайды. 1391 жылы ақпанның соңында жер қайысқан қалың қол Иасыдан (қазіргі Түркістан қаласы), Қарашықтан, Саураннан өтіп, бүгінгі Қазақстанның қақ ортасынан шығады.

1391 жылдың көкек айында Әмір Темір қолы Сарығузен (қазіргі Сарысу) маңына жетеді. Сол жерде бірнеше күн тынығады, сосын өзенді жалдап өтеді, Кішіг-дағдан асып, көкек айының соңына таман Ұлұғ-тағқа жетеді. Низам-әд-Дин Шамидің сөзіне қарағанда, Темір таудың басына шығып, төңірегіне көз жібереді, айналасы шексіз дала екенін көреді. Өзінің жорығы жайлы бір белгі қалдырмақ ойда болады. Ол үшін үлкен тас тауып, тас қашаушыларға соған ойып жазуды бұйырады.



Темір (Темірхан)

Араға көптеген жылдар салып, Орталық Қазақстандағы Алтын Шоқы тауынан археологтар Қарсақбай кен орнына жақын маңда екі тілде жазылған жазуы бар тас тауып алады. Тастың үстіңгі жағында мұсылман қауымның сөз басында айтар «Қайырымды

да, мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын!» деген үш жол арабша жазу бар. Төменгісі сегіз жолдан тұрады, ол ұйғыр жазуымен шағатайша жазылған. Бұл Низам-әд-Дин Шамидің Темірдің ескерткіш қалдырғаны жайлы дерегін нақтылайды.

Ғалымдар мұндағы жазылғандарды түгел оқып шығуға қол жеткізді. Онда жеті жүз тоқсан үшінші жылы жазда, яғни 1391 жылы Темір бұл жермен Тоқтамысқа қарсы жорыққа аттанып бара жатқанда жүріп өткені айтылады. Бір атап өтер нәрсе, Низам-әд-Дин Шами дәл жылын, айын және күнін атап көрсетеді: «І джумади айының 23 күні», яғни, 1391 жылдың 28 сәуірі. Жазбада Темір өзін «Тұран сұлтаны» атайды. Сол жерде оның әскерінің саны да жазылады – 200 000 адам.

Жазуы бар ескерткішті орнатып болғасын, Темір әскерін алға бастайды. Иланшық өзенінен өтіп, оның әскері 8 күннен соң, Анакоркуюн (Солтүстік Қазақстан) деген жерге жетеді. Сол жердегі аял кезінде, төрт айлық жолдан кейін азық қоры бітуге айналғаны мәлім болады.

Сосын Темір бүкіл әскерімен жаппай аңға шығуды бұйырады, ол 1391 жылдың 6 мамырына белгіленеді. Қалың қол қарын тойдырып қана қоймайды, мол ет қорын дайындап алады. Алты күннен соң Темір алға немересі мырза

Мұхаммед-сұлтан баһадүрді бас етіп бір бөлік әскер жібереді. Оған жау әскерінің қайда екенін анықтау тапсырылады.

Алға жіберген қосындар Батыс Сібірдегі Тобыл өзеніне жетіп, одан әрі асқасын, самсаған от орнының үстінен шығады, бірақ олар жау әскерінің өзін таба алмайды. Мырза Мұхаммед-сұлтан барлаушы жасақтар жіберіп, жау әскерін қанша іздегенмен, онысынан түк шықпайды. Бұлар осылайша жау әскерін іздеп, сарсаңға түсіп жүргенде, Темір бастаған негізгі күш те жетеді. Қарсыласын осы бағыттан іздегені дұрыс екеніне көзі жеткен ол Тобылдан әрі өтуді бұйырады. Алға әмір Шейх-Дәуіттің басшылығымен барлаушылар аттандырады. Ол жіберген құнды мәліметке сүйеніп, Темір әскерін Жайық өзеніне қарай бұрады.

Қалың қол өзеннің бас жағынан арғы бетіне шығады, шапшаңдата жүріп, 6 күнде Самара өзеніне жетеді. Маусым айының төртінде Темір Жайық өзенінен өтіп үлгіреді. Шараф-әд-Дин әл-Йездидің айтуына қарағанда, осы жерде Темірге үш тұтқын әкеледі. Олар Алтын Орда ханы Темір әскерінің қандай екенін жақсы білетінін жеткізеді, өйткені Темір жағынан әмір Едігенің екі нөкері сол жаққа қашып барып, білгендерінің бәрін айтып берген көрінеді.

Жайық өзеніне жақын маңда тоқтайды. Сарбаздар бекініс жасайды, ор қазады, тур, чапар (орға арналған үлкен қалқандар) құрады. Негізгі күш түгел келіп жеткесін, Темір әскер сапын реттеп, тағы алға жылжиды.

Бұдан кейін Тоқтамыс қосындары жайлы деректер жиі-жиі түсе бастайды. Низам-әд-Дин Шами мен Шараф-әд-Дин әл-Йезди Темірдің барлаушы қосындарының не істеп, не тындырғандарын егжей-тегжейлі баяндайды. Тоқтамыстың барлаушыларымен болған бір қақтығыста әмір Ику-Темір мерт болады. Бірақ шешуші шайқас ол кезде болмайды.

Осы шағын қақтығыс Алтын Орда ханының тактикасын көрсетеді. Тоқтамыс хан шағын ғана қақтығыстарға барып, жау әскерін әлсіретіп, әбден дінкелетуге тырысады. Темір өз иелігінен алыстаған сайын, азық қоры азайып, оны жеңу оңайға соқпақ.

Ал Темір болса, керісінше, оған Тоқтамысты тоқтатып, ұрыс ашуға мәжбүр ету керек еді. Сол үшін ол Омар-Шейхқа салт атты екі түмен беріп, Тоқтамыс қолын тауып, тоқтатуды тапсырады.

Мырза Омар-Шейх Тоқтамыс әскерінің алғы шеп қосындарын қуып жетіп, ұрысқа кіруге мәжбүр етеді, сөйтіп, алтынордалық әскерді кідіртеді. Бұл хабар 1391 жылы 18 сәуірде Темірге жетеді. Ол өзі шығып, әскерін сапқа тұрғызады да, жеделдете алға қарай жылжиды. Әмір Темір Тоқтамыстың ізінен қалмай, Самара иінінің (Черемшанның саласы) теріскейінде, Кундурча өзенінің аңғарында ақыры қуып жетеді.

Ортағасырлық автордың суреттей баяндауы бойынша, Тоқтамыстың артынан Әмір Темірдің қолындағы «алып түсер алмас қылыш, ал алдынан Еділ өзені» шығады. Бұдан Тоқтамыстың ең ақырына дейін ұрысқа кіргісі келмегені, алдынан өзен шыққан соң ғана, шайқасқа амалдың жоқтығынан барғаны анықталады.

Сонымен, 1391 жылы Еділдің сол жағалауында Кундурша деген жерде екі алып мемлекеттің әскері шешуші шайқасқа кіреді. Жылнамашылар оны «Ұлы шайқас» деп атайды. Өйткені, бұл соғысқа екі жақтан да 200 мыңнан сарбаз қатысады.

Мұсылман авторлары бұл оқиғаны жан-жақты баяндайды. Темір әскерінің қос қанатының түмен әмірлері, мыңбасылары мен қосынбасылары сақадай сай тұрады. Әмір Темір әскерінің оң және сол қанатына ерекше мән береді, ортаңғы бөліктің артына өзінің қосын тігеді. Күшті тың қосындарын сол жерде ұстайды. Басты міндет соларға жүктеледі – олар ұрыстың барысын түбегейлі шешетіндей күйрете соққы беруге тиіс болады.

Алайда ұрыстың тағдырын сатқындық шешеді. Істің мәнісі – Алтын Орда әскерінің оң қанатын Едігенің ағасы Иса басқаратын. Ұрыстың ең шешуші сәтінде ол бірнеше қолбасы мен қосындарын ертіп, Темір жағына өтіп кетеді. Тоқтамыс әскерінің байрақтары да аяқ астынан саптан тайқып шығады. Темірге тек басталған істі сәтімен аяқтау ғана қалады, ол солай етті де.

Жүз мыңға жуық алтынордалық сарбаздың денесі майдан даласында қалды. Темір әскері Кундурча жазығында Тоқтамысты жеңіп, олжаға әбден кенелді. Низам-әд-Дин Шамидің айтуына қарағанда, әр жаяу әскер жиырма жылқыдан, ал аттылар жүз-жүзден жылқы айдап қайтқан. Түліктің басқа түрінде тіптен есеп болмаған.

Жаңаша құрған саптың тиімді жағын көрген Темір осы жүйені бұдан кейінгі ұрыстарда да қолданды. Оның жаңа сапында орталық пен екі қанатқа ерекше мән берілді. Әскердің

Князь Витовттың қолдауына ие болу үшін Алтын Орда әміршісі оның немере інісі Ягайлоға бірқатар орыс князьдіктері мен аймақтарының тізгінін беріп, сол жерлерден салық жиюына рұқсат етеді. Тоқтамыстың елшілері Краковқа да барады, мұнда оларды поляк королі Ягайло қарсы алады. Тап осы жолы оған тапсырылған жұртқа мәлім бір жарлық бар. Ол хижра жыл санауымен 795 жылы раджаб айының 8 күні, яғни, жаңа жыл қайырумен 1393 жылы 20 мамыр күні Азов қаласында “жергілікті қыпшақ тілінде” жазылған.

Жарлық мынадай сөздермен басталады: “Мен, Тоқтамыс, сөзімді Ягайлоға арнаймын. Біз қалай ұлы таққа отырғанымызды хабарлау үшін бұдан бұрын Құтлұ-Бұғы мен Хасанды бас етіп, елшілер жібергенбіз, сонда сен өзіңнің кісілеріңді жіберіп, біздің дәрегейімізге жығылғансың”.

Бұл жолдардан Тоқтамыстың Мамайды жеңгеннен кейін, Ягайлоға өзінің Алтын Орда тағына отырғанын хабарлағаны, сондай-ақ, Ягайлоның Тоқтамыс билігін мойындап, бас игені анық көрініп тұр. Дегенмен, ол вассалдар арасындағы ең күштісі болатын.

Бұл дипломатиялық қатынас өзіндік жемісін берді де. Әмір Темір мол олжамен еліне жетіп алғаннан кейін, одан әрі шығыстағы мұсылман елдерге жорығын бастайтын кезінде, Тоқтамыс король Витовттың қолдауымен Алтын Орда билігін өз қолында ұстап тұрды.

Шамамен, тап осы оқиғалар болып жатқан уақыттарда Темір Бағдад пен Персияның батысын жаулап алды. Ол өзінің ұлы Омар-Шейхті парсыларға, басқа бір ұлы Мираншахты Әзербайжан мен Кавказ аймағына бас етіп қойды.

1394 жылдың күзінде Темір Шеки (бүгінгі Әзербайжан) деген жерде жүргенде, ойламаған жерде Тоқтамыс әскерінің Дербенттен өтіп, Ширванның ауыл, қалаларына қырғидай тиіп, тонауға кіріскенін естиді. Әмір Темір асығыс шешім қабылдай қоймайды. Ол бірден атқа қонбай, әуелі Алтын Орда ханына қарсы аттанар әскерін жақсылап дайындады, тек 1395 жылдың ақпанында Тоқтамысқа қарсы жорық жарияланды.

Ең әуелі Темір жауының қосынына орта ғасырдың шебер дипломаты Шемс-әд-Дин Алмалықи басшылығымен елшілік аттандырды. Елші Тоқтамыстың қосына барып, оған Темірдің

жолдаған хатын тапсырады. Сосын Мәуереннахр әміршісінің айт деп тапсырғандарын түгел баяндап шығады. Тоқтамыс бітімге келісетіндей сыңай таныта бастайды, бірақ алтынордалық шонжарлардың ықпалымен онысынан күрт тайқып шығып, Темірге елшісі арқылы дәрекі түрде жауап жазып, хат беріп жібереді⁷⁰.

Шәмс-әд-Дин Алмалыққа қайтып барғанда, Темір қосындары Эльбрус баурайындағы Самур деген өзеннің алқабында қостарын тігіп жатқан болатын. Елші келіссөз нәтижелерін әміршіге осы жерде жеткізеді.


Шараф-әд-Дин әл-Йездидің жазып қалдырған сөзіне қарағанда, Темір әскерінің сол қанаты Эльбрустың етегіне, ал оң қанаты болса, Каспий теңізіне жетіп жатқан көрінеді. Осы жер қайысқан қалың қол жауына қарсы аттанады. Дербент асуынан өткен соң Темір әскері қайтақ халқының жеріне кірді.

Олар Тоқтамыстың белсенді жақтаушылары болғандықтан, ұлы қырғынға ұшырады.

Темір Дербенттен 4 күндік жердегі дағыстандықтардың Тарки (Тарху) қаласына жеткенде, алдынан Тоқтамыстың әмір Қазаншы бастаған күшті алғы шеп қосындарының шыққанын естиді. Темір олардың алдынан көп күшпен өзі арнайы шығып, қуады.

Шараф-әд-Дин әл-Йезди Терек өзені аңғарында болған соғыс қарсаңындағы екі әскердің әр қимылын жіті баяндайды. 1395 жылдың сәуірінде қарсыластар өзеннің екі бетіне келіп, бір-біріне қарсы тұрды. Темір әскеріне қостарын тігіп, айнала ор қазып, қадалар қойып, қалқа тұрғызып бекініс жасауды бұйырды. Мұның сыртынан тағы бір айналдыра ор қаздырды. Дауыс көтеріп, тыныш отырмағандар өлім жазасына кесілетін болды, тіпті от жағуға рұқсат етілмеді. Мұның бәрі жау жағына әскер санының қанша екенін білдірмеу үшін жүргізілді.

Тоқтамыс қарсыласының қосындарына түнде шабуға батпады. Дегенмен, ертеңіне, 1395 жылдың 15 сәуірінде орта ғасырдағы ең бір ірі шайқас басталды. Бұл, шын мәнінде, Алтын Орда тағдырын шешкен ұрыс болды.



⁷⁰Низам-әд-Дин Шамидің мәліметі бойынша, жауап хатта Тоқтамыс кешірім сұрап, бітімге келуге дайын екенін жазады.

Ортағасырлық авторлардың көмегімен Солтүстік Кавказда болған Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы айқастың қалай өткені бүгінде жақсы мәлім.



Екі әскер бір-біріне бір мезгілде лап қояды. Шайқас басталысымен әп сәтте, Тоқтамыс жағы Темір әскерінің сол қанатына ойсырата соққы береді. Оның дайын тұрған таңдаулы деген 27 қосыннан біріккен қосымша күші сол қанатқа көмекке келеді. Алтынордалықтарға шегінуге тура келді. Қосындар оларды өкшелей қуып, өздерінің жау шебіне тым тереңдеп кеткенін байқамай қалады.

Осы кезде Тоқтамыс әскері ат бастарын кілт кері бұрып, қуып келе жатқандардың өздеріне тап береді. Қиын жағдайда қалған Темір бөліктерінің ең бір арпалыса шайқасып жатқан шағында, мырза Мұхаммед Сұлтан бастаған бас қол қосындары жетіп үлгіреді. Олардың тегеурінді соққысы алтынордалықтардың сапын бұзып, кері серпіп тастайды. Бұл жақта осындай ұрыс жүріп жатқанда, Тоқтамыс әскерінің сол қанаты Темір қолының әмір Қажы Сейф-әд-Дин басқаратын оң қанат қосындарының береке-сін қашырады. Алтынордалықтар оларды айналып өтіп, бір жағынан келіп соғады.

Қажы Сейф-әд-Дин сарбаздары аттан түсе қалып, қорғанысқа көшеді. Оған көмекке Дженаншах баһадүрдің түмені келіп қосылады. Артынан Рүстем мырза мен Омар-Шейх түмендері де жетеді. Тыңнан келген күштер Тоқтамыс жауынгерлерін шыдатпайды, қаша жөнеледі. Алтын Орда әскерінің тұтас сол қанатының талқаны шығады. Ұрыстың ақырын да осы шешеді. Темір әскері біртіндеп қарсы шабуылға көшіп, жаудың толық талқанын шығарғанша тоқтамайды. Тоқтамыс майдан алаңынан қашып құтылады. Басқа бір жылнамашы ибн Арабшах Шараф-әд-Дин әл-Йездиде жоқ тың дерек ұсынады. Оның айтуынша, шайқас тағдырын сатқындық шешеді. Тоқтамыс әскері оң қанатының Ақтау есімді бір әмірі ұрыс алаңын тастап, бүкіл сарбаздарын ертіп, кетіп қалады. Олар батысқа ар-Рум иелігіне қарай бұрылады да, Адрианопольге жақын маңға барып қоныстанады. Осы сатқындық Тоқтамыс әскерінің қатарына селкеу түсіреді.

Қалай болғанда да, Алтын Орда әскері быт-шыт болып күйрейді. Сарбаздар бет алды, қалай болса, солай бытырай қашып, бір-бірімен байланыстарын үзіп алады. Түмендер ұсақ-ұсақ болып бөлініп, өз беттерімен шашырап кетеді.

Ханның тастап қашқан ордасынан Темірге байлық, қазына қалады. Оны Әмір Темір ұрыста көзге түскен қолбасылар мен жауынгерлерге таратып береді. Тоқтамыспен ұрыс кезінде Темірдің ұлы Мираншах аттан құлап, қолын сындырады. Сондықтан, әкесі оны үлкен жасақпен жорық арбаларының күзетіне қалдырып, өзі қалған қолды ертіп, Тоқтамыстың ізіне түседі. Темір күн демей, түн демей, оның соңынан қуады. Тура-тур өткелінен Еділдің сол жағалауына өтеді, бірақ Тоқтамысты бәрібір қолға түсіре алмайды.

* * *

Шараф-әд-Дин әл-Йезди Темірдің жанында Ұрыс ханның ұлы Қайрышақ оғлан болғанын жазады. Темір соны Тоқтамыстың орнына Алтын Орда тағына отырғызады. Жылнамаларда Қайрышақ оғланның Әмір Темірмен қашан, қалай тіл табысқаны айтылмайды. Оларды ортақ жаулары – Тоқтамыс ханға деген өшпенділік тоқайластырса керек.

Қайрышаққа күшті әскер беріп, Темір тиісті салт-жоралғысын жасайды. Алтын жіппен зерленген шапан жауып, алтын белбеу тағады. Басқа да ханға сай құрмет көрсетіледі. Алтын Орда тағын иеленіп, дала империясында тәртіп орнату үшін Қайрышақ Еділдің сол жағалауына өтеді. Едіге би Қайрышақтың Сүйіндік-бегім есімді бір қызын алғаны белгілі.

Қайрышақтың бұдан кейінгі өмірі жайында мағлұмат онша кездеспейді. Жазба деректердегі там-тұм мәліметтерден оның көп кешікпей дүние салғанын білеміз. Бірақ неден өлгені ашып айтылмайды. Осылайша, ол Алтын Ордада бір жылға да толмайтын уақыт билік құрады.

Бұл кезде Темір Алтын Орданың Укек қаласына басып кіріп, маңайын тонады. Осыдан кейін Еділдің төменгі жағында Йүлүклүк-Үзүклүк деген жерде арбалармен Мираншах әкесіне келіп қосылды. Осы жерде Темір әскер сапын қайта құрды. Немемересі Пір-Мұхаммедті бас етіп, әскерінің бір бөлігін Ширазға, Шемс-әд-Дин баһадүрдің түменін Самарқандқа аттандырды.

Жеңілген Тоқтамыс басында Бұлғарға қарай қашты деген пікір қалыптасқан. Ортағасырлық автор Шараф-әд-Дин әл-Йезди солай топшылауға нұсқайтындай. Ал шындап келгенде, ол Алтын Орда ханының «түнек елден» алыс емес бір елге қашқанын ғана айтады. Мұның Сібір болуы да мүмкін. Дегенмен, Темірдің жорығы Тоқтамыстың әуелі Бұлғарда бой тасалағанын көрсетеді. Одан Алтын Орданың батысына, Днепр жаққа қарай бұрылады. Терек бойындағы ұрысқа қатысқан Бек-Йарық оғлан⁷¹ мен Ақтау бар біраз әмір солай қарай қашқан-ды.

Мұны білген Темір өз қосындарын Днепр бағытына бастайды. Ол жақтағы Бек-Йарық оғланның және әмір Ақтау мен Темір оғланның иелігіндегі жерлерді ойран қылады. Бұлар әмір Хурамдайдан пана іздеді, бірақ онда да тұрақтай алмады. Сосын олар Рум шекарасынан өтіп, Истрайка⁷² деген жерде бой тасалап, біраз уақыт сонда қалады.

Темір оларды қумады. Ол Дон өзеніне қарай бұрылып, күтпеген жерде бетін Руське түзеді. Низам-әд-Дин Шамидің айтуынша, ол жақты басып алып, бір қаланы тонайды. Бірақ қала неге екені белгісіз түркіше – Қарасу деп аталады. Алайда орыс жылнамаларында мұндай қала ауызға алынбайды.

Бұған қоса, Низам-әд-Дин Шами мен Шараф-әд-Дин әл-Йезди Темір Машкав қаласы, яғни, Мәскеу аймағына басып кіріп, мол олжаға кенелетінін жазады. Орыс жылнамаларында Мәскеу маңының Темір жорығынан зардап шеккені де аталмайды. Шамасы, шығыс авторлары Рязань жерін Мәскеу князьдігінің шет аймағымен шатастырып алса керек.

Никонов жылнамасы бойынша, 1395 жылы Темір қалың қолмен Рязань жеріне кіріп келіп, Елец қаласын бағындырады «...және князьдерін ұстап, адамдарды тұтқындап, ұрып-соқты». Бұл жазбадан Темірдің дәл қай жолмен жүргені белгісіз. Еділдің төменгі жағымен жүріп, Рязаньнің тұсынан Донға шыққан тәрізді, Елецке сол жерде шапқан.

Орыс жылнамаларынан, сондай-ақ, жаудың басып кіруі бас князь Василий Дмитриевичті әскер жиып, Коломна қаласына баруға итермелегенін білеміз. Ол Ока өзеніндегі өткелдерді бақылауына алды. Алайда Рязань жерін тонаған Темірдің одан

⁷¹Бек-Йарық оғлан – Борачардың ұлы.

⁷²Истрайка – Румелия болса керек, ол кезде осман сұлтанының қолында болған.

әрі Руське кірмей, күнгейге бұрылғаны белгілі. Оның әскері Еділдің төменгі жағынан шығып, Бальчимкин⁷³ қаласына беттеді.

Сосын Темір Донның сағасы арқылы жылжыды, жолай Азов қаласын басып алды, түк қалдырмай тонады. Оның үстіне, Шараф-әд-Дин әл-Йезидің айтуынша, Темір бұйрығымен қаладағы мұсылмандар бөлініп, қалғандары «жиһад қылышына» тапсырылады, басқаша айтқанда, өлтіріледі.

XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген араб және парсы тарихшылары Темір Қырым мен Кафаны⁷⁴ тонағандығы, ондағы итальян колонналарын жойғандығы жайлы деректер де келтіреді. Және де Кафа қорғанысы 18 күн бойы берілмеген.

Сосын Темір Кубань жаққа бет бұрады. Оның келе жатқанын естіген шеркестер өз жерлеріне өтер баурайдың қылтанағын қалдырмай өртеп жібереді. Темір әскерінің мініс көліктері Азов пен Кубань аралығында бір аптадай жұлып жер шөп таппай ашығып, әбден қиналады. Бұл Темірдің барынша ыза-сын туғызып, ол шеркестердің мына істегендерін алдына келтіруді бұйырады. Әскер Дағыстанға қарай ойысады. Таудағы екі бекініс – Кулы мен Таус қоршалады. Темір екеуін де басып алады, басшыларын өлтіреді. Одан әрі Солтүстік Кавказға бет бұрады, көптеген бекіністерді өзіне қаратады.

* * *

Әмір Темір ақыры Тоқтамыс ханды қолға түсіре алмады, сөйтіп, ол бар қаһарын Алтын Орда қалаларына төкті. 1395 жылдың қысында Темір дала империясының негізгі байлығы мен қуатының басты екі орталығы – Қажы-Тархан (Астрахан) мен Берке Сарайын жойып жібермек болып, қалың қолмен келді.

Бұл уақытта Еділ қатып, мұз басып жатқан, сол жақ Қажы-Тарханның осал тұсы еді. Мұны білген қала халқы мұзды кесек-кесек етіп ойып алып, одан дуал тұрғызды. Түнде мұз дуалға су құйып отырды. «Осылай биік мұз қабырға тұрғызып, оны қала бекінісінің дуалымен біріктіріп, оған қақпа тұрғызды, – деп жазады Шараф-әд-Дин әл-Йезиді. – Шынында, бұл ғажап құрылыс болды, сондықтан да, бұл осы жерде сөз болып отыр».

⁷³Бальчимкин немесе Бальджимин – Алтын Орданың бір қаласы, Еділдің сол жағалауында, төменгі жағында болған.

⁷⁴Қырым немесе Солхат – қазіргі Ескі Қырым; Кафа – қазіргі Феодосия.

Темір қаланың жай-күйін жақсы білді. Жаздың күні ол жаққа әмір Омар-и-Табаниді аттандырып, қала билігін қолына алуды тапсырған. Алайда мұның сәті түспеген секілді, ол Темірмен кездескенде, калантар⁷⁵ Мұхаммеди қас екенін жеткізеді. Темір әскерімен Қажы-Тарханға келгенде, оның алдынан осы Мұхаммедидің өзі шығады. Қантөгістің алдын алғысы келген тәрізді, бірақ Темір оған ешқандай құлақ аспайды. Оны Пір-Мұхаммед, әмір Дженан-шах, тағы басқалармен бірге Берке Сарай қаласына жібереді. Темір әскері бұл қалаға да басып кіріп, тонайды.

Алтын Орда астанасы түгі қалмай жойылды. Сонымен қатар, Темір әскері сонау Берке хан заманынан бері жиналған орта ғасырдың бай кітапханасын өртеп жіберді.

Ибн Арабшах Темірдің Алтын Орданы күйретуін жан-жақты баяндайды: «Ол жылжитын мүлікті тегіс жиып, таратып берді, ал жылжымайтын мүлікті өзімен бірге ала кетті, қолға түскендерді олжаға салды, тонауға, өртеуге рұқсат етті, кісі өлтірді, зорлық көрсетті, тайпа, одақтарын жойып, тәртіп, ережелерін өзгертті. Қолына түскен ақша, тұтқын және дүние-мүліктің дымын қалдырмай алып кетті. Әскерінің алғы түмендері Азаққа дейін барды, Сарай, Сарайшық, Қажы-Тархан қалалары мен осы аймақтарды тегіс тып-типыл етті».

Темір әскері 1395 жылдан 1396 жылға қараған қыста алғаш рет мұндай мол олжаға кенелді. Сол жылы қыс Еділдің төменгі сағасы мен сол төңіректегі қырда ерекше қатал болды. Көптеген аудандарда екінің бірінің малы қырылып және осының салдарынан азық-түлік бағасы шектен асты.

Әмір Темірдің Тоқтамыс ханды жеңгенінің маңызы орасан. Алтын Ордаға ауыр соққы тиді, бұл оның тағдырын шешті. Қырым аймағы, Солтүстік Кавказ, мұнда, әсіресе, Маджар қаласы мен шеркестер жері көп зардап шекті, тоналды, қиратылды. Еділ бойындағы Укек, Қажы-Тархан, Берке Сарай секілді бірқатар қалалардың да ойраны шықты.

Әмір Темір Қырым, Еділдің төменгі сағасы және Хорезм арқылы өтетін Еуропа мен Қытай арасындағы сауда керуен жолын барынша жойып жіберуге тырысты. Тоқтамыстың жеңілісінен кейін, кеше ғана қыз-қыз сауда жасап тұрған базарлар қаңырап, қолөнер кәсібі жойыла бастады.

⁷⁵Калантар – старшина.

Темірдің жауыздық жорығының артынша «қансыраған» Алтын Ордаға таяу көршілері аш қорқаудан бетер бас салды. Орыс жылнамасында орыс қосындарының Бұлғар мен қазандық татарларға жорығы былай еске алынады: «...Русьтің татар жеріне бұлай ішкерілей еніп соғысқаны ешкімнің есінде жоқ».

Кейінірек орыс тарихшысы С.Соловьев бұған қатысты былай деп жазды: «Тамерланнан⁷⁶ күйрей жеңілген Алтын Орда Мәскеу князіне көпке дейін қауіп төндірген жоқ; жылнамашы 12 жылдың ішінде татарлардың қарақшы топтарымен рязандік қосындардың бар-жоғы үш-ақ рет қақтығысқанын айтады және жеңіске негізінен соңғылары жетіп отырған».

Темір әскерінің жойқын жорығынан кейін Алтын Орда тағы да жүз жылдай өмір сүрді. Бірақ бұрынғы күш, ықпалы бұдан кейін ешқашан болған емес. Қысқасы, Ұлы Дала империясы құлдырау кезеңіне кірді, бұл шағын ордаларға бөлінуден басталды.

* * *

Тоқтамыс хан Әмір Темірден жеңілгенмен, Алтын Орданы қайтадан қалпына келтіруге тырысып бақты. Арабтың XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысында Мысырда жазылған тарихи әдебиеттерінде Тоқтамыстың 1396 жылғы Қырымға жорығы жайлы қызық дерек сақталған.

Әл-Аскаланидің дерегі бойынша, бұл жорық хижра жыл қайыруымен 799 жылы⁷⁷ болған. Алайда басқа бір араб тарихшысы әл-Форат Қырымда болған оқиғаның уақытын мүлдем басқаша көрсетеді. Ол Тоқтамыстың Кафа қаласының «қожайынына» соғыс ашып, 1396 жылдың 17 наурызында қаланы қоршауға алғанын жазады. Генуялық франктермен үлкен ұрыс болғаны да аталады.

Тоқтамыстың Қырымға жорығын орыс жылнамалары да ескертеді. Никонов жылнамашысының сөзіне сенсек,



⁷⁶Тамерлан – Әмір Темір, Темірлан.

⁷⁷Хижра жыл санауымен 799 жыл – 1396 жылдың 5 қазанынан 1397 жылдың 23 қыркүйегі арасы.

ТҮМҒНБАСЫ ҒДІГЕ

Темір-Құтлұғ хан мен Едіге бидің билігі Алтын Орданың ықпалынан шыққанына көп бола қоймаған батыс елдерде орын алған оқиғалармен басталды. 1396 жылы түріктерге қарсы “крест жорығы” ұйымдастырылды. Бұл жорықты Сигизмунд Венгерский ұйымдастырды, ол сол кезде Шығыс Жерорта теңізін билеп тұрған Венецияның қолдауына сүйенді. Бірақ түріктер оларға қарсы тойтарыс мықты берді, оған қоса, Болгар патшалығын бағындырды. Түріктер ең соңғы болгар қаласы Видинге дейін шабуылдап, басып алды. Сөйтіп, бүкіл Болгария түріктердің вассалына айналды. Бұл оқиға күнгей беттегі сауда керуен жолының дамуында ерекше мәнге ие болды.

Осман түріктері Еуропа елдерінің бай базарынан өздерін бөліп тұрған ең соңғы кедергіні де басып өтуге қол жеткізді. Бұл кезге дейін олар Византияны бағындырып, халықаралық сауданың маңызды бір орталығының шын мәніндегі қожайынына айналған болатын.

Ал Әмір Темір болса, Кавказдағы билігін нығайтып, Үндістанға жорық ашты, ол жақта сауда керуен жолының оңтүстік бағытын өз бақылауына алды. Әмір Темір өзінің ұлы Шахрухқа Хорасанның, Сеистан мен Мазендаранның билігін берді. Темір қол астына тек бай Қытай елін бағындырса болды, Ұлы Жібек жолының бүкіл күнгей тармағы соның бақылауына кірері сөзсіз еді. Айналып келгенде, мұның нәтижесінде халықаралық сауда жолының солтүстік бағыты Еуразия өмірінде басты рөл ойнаудан қалар еді.

XV ғасырдың басында-ақ неше жылдан бері өзара ішкі тартыстан көз ашпай келе жатқан Алтын Орда арқылы өтетін тауар түрлері күрт азайып кетті. Дала империясында билік екіге жарылды. Темір-Құтлұғ пен Тоқтамыс Алтын Орда тағын таласқа салды.



Орыс жылнамасындағы деректерге сүйенсек, Тоқтамыстың бұл кезде ісі оңға басқан: “... бұрынғы Үлкен Орда патшасы Тоқтамыстың жүзі күліп, дұшпандары кетіп, өзінің елшілерін жан-жаққа жіберіп, атын жеткізді”.

Тоқтамыс Алтын Ордадағы билігін қалпына келтірудің табысты күндерін ең бір арттырған кезде, оған “күтпеген жерден Темір-Құтлұғ деген бір патша соғыс ашты, кескілескен ұрыс оты тұтанып, ұлы шайқас лап етті.

Темір-Құтлұғ патша Тоқтамысты жеңіп, қуып жіберді де, Еділдегі Үлкен Орда патшалығына өзі отырды, ал Тоқтамыс патша Литва еліне барып бас паналады”. Қашқын бүкіл отбасымен Киевке жетіп, сол жерде ұлы князь Витовттың қол астынан қорған тапты.

“Ескендір анонимінің” авторы да Темір-Құтлұғтың “таққа отырарда, Тоқтамыс Либкаға қашты. Темір-Құтлұғпен соғысуға сол жақтан тағы да көп әскер жиып келді, Еділ өзенінің бойында ұрыс басталды. Көп күн соғысып Тоқтамыс кері қашты, урус⁷⁸ әскерінің көбі узбектердің⁷⁹ қолынан мерт болды. Бұдан кейін Темір-Құтлұғ пен Едіге уақытты үнемдеп, мемлекет ісін бірігіп атқарды, сөйтіп, қолдан шығып бара жатқан патшалықта аз ғана уақыт ішінде тәртіп орнатты” деп хабарлайды.

Бірақ әлі де бай Қырым өлкесі Тоқтамыстың билігінде еді. Дегенмен, 1397 жылы Едіге би жорыққа шығып, ол жақтан Тоқтамысты қуып шықты. Ол тағы да Литваның бас князі Витовтқа қашып барды, Витовт бұл кезде славян князьдіктерінің батыс бөлігін өзіне бағындырып үлгергенді, сөйтіп, ол Тоқтамысқа қосылып, Алтын Ордаға жорық ұйымдастырды.

Литвалық қосындар Алтын Орда аймағына екі мәрте басып кіреді. Біріншісінде Тоқтамыс пен Витовт Дон алқабынан шығады, одан кейінгі жорықтарында олар Днепр бойын басып өтеді. Алайда Алтын Орда ханы олардың бұл жорықтарын жауапсыз қалдырды. Өйткені, бұл кезде ол Қырымда өз билігін нығайтумен жүрген.

⁷⁸Урус – орыс.

⁷⁹Узбек (өзбек) – орта ғасырларда Алтын Орда жауынгерлері солай аталған.

1398 жылы Темір-Құтлұғ Судақ өңірінде тұратын бір ірі жер иеленуші шонжарға тархан жарлығын береді. Бұл ресми құжаттан қырымдық ақсүйектің есімі – Мұхаммед, өзі Қожа Байрамның ұлы екенін білеміз. Жарлық мынадай сөздермен басталады: “оң және сол қанаттардың оғландарына, есебі жоқ даңқты қолбасыларға: мыңбасы, жүзбасы және онбасыларға”.

Хан Мұхаммедті біршама міндеттерден босатады және бұл міндеттердің түрлері де көп болатын. Олардың қатарында “жүзімдік жерден міндет”, “қамба салығы”, “қырман ақысы”, “арық үшін төлем”, “калан” – өңделген егістік жер-



лер мен сауда-саттықтан алынатын салық, “елтаңба салығы”, “таразылық”, “жол салығы”, “лау”, “баспана”, “жем-шөп” беру міндеттері, “төтенше салықтар”, тағы басқалар бар. Ұзын сөздің қысқасы, бұл тізімге қарап, Алтын Орда халқының иығындағы жүктің жеңіл болмағанын оңай аңғаруға болады.

Хан жарлығының тағы бір қызық жері, онда Мұхаммедтің тархан екенін кімдер білуге тиіс, солар аталады. Ол жерде “ішкі ел даруғалары”, “қазы”, “мүфти”, “суфи”, “сарай хатшылары”, “кеденшілер”, “салық жиюшылар”, “келуші, өткінші елшілер мен жаушылар”, “жәмшіктер”, “қоймашылар”, “сұңқаршылар”, “барысшылар”, “қайықшылар”, “көпіршілер”, “базаршылар”, тағы басқалар бар.

Мұнымен қоса, мұндай жарлық алу бір Мұхаммедтің өзіне ғана емес, оның туысқандарына да, жалпы, хан қорғауындағы жұрттың бәріне тиімді болғаны мәлім. Темір-Құтлұғтың жарлығында бұл да айтылады: “Егер олар Қырым, Кафаға келсе немесе қайта шығып кетсе, яки сол жерлерде бірдеңе сатса не болмаса сатып алса, оларға салық салынбайды, таразылық алым да, жол ақысы да алынбайды, тархандар мен олардың қызметшілері тегін күзетіледі”.

Осындай амал-әрекеттермен Темір-Құтлұғ ақырында Алтын Ордада өз билігін орнықтырды. Сосын бірден өзінің қолдаушысына хабар берді. Ол Әмір Темірге елшілік жөнелтті. Бұл дипломатиялық сапар Низам-әд-Дин Шамидің “Жеңіс

кітабы” деген еңбегінде аталады. Онда ортағасырлық автор Темірдің 1398 жылы 17 тамызда “Темір-Құтлұғ оғлан мен әмір Едігеден және Құзр-қожа оғланнан келген елшілерді қабылдап, салтанатты қонақасы берді, иықтарына құрметті шапан жабылып, бастарына қалпақ кигізілді, белдеріне белбеу тағылды. Олар өздерінің елшілік қызметтерін атқарып, хатты оқыды. Онда былай делінген: “Біз бәріміз жоғары мәртебелінің мейіріміне бөленген қызметшілерміз. Біздің шынайы достығымыздың жүзіне дұшпандық кірбіңі кіріп сиқы қашса, бұл кеспірсіздікті біз ақыл айнасынан көріп, ол бетімізден тез айныдық. Егер жоғары мәртебелі – мұсылмандар қорғаны, әділінен таймай, біздің күнәларымыз үшін “Аллаһ бұған дейінгі істеген күнәларымызды кеше гөр” деп дұға оқыр болса, алдағы уақытта біз қызметтің даңғыл жолынан айнымай, әрдайым бас иіп есігінен табыламыз” деген жолдар жазады.

* * *

Көрші елдерге елші жіберген жалғыз Темір-Құтлұғ қана емес еді. 1398 жылы Рязань князіне Тоқтамыс та елші жіберді. Бұл келіссөздің ақыры немен тынғаны беймәлім. Дегенмен, Алтын Орда астанасы бұған бірден елең етті. 1399 жылы Темір-Құтлұғ Литваның бас князіне жаушы аттандырып, мынадай талабын жеткізеді: “Маған менің жауым – қашқын патша Тоқтамысты қайтар. Оның тірі екенін және сенің жағыңда өмір сүріп жатқанын ести тұра, төзу мүмкін емес. Оны маған бер, ал басқа бүкіл дүние-мүлкін түгел өзіңе қалдыр”.

Витовт өзінің келіспейтін жауабын берді және Алтын Ордаға жорыққа аттануға әскер жиюға кірісті. Бұл оның дала империясына осымен үшінші жорығы еді. Біріншісінде 1397 жылы Дон алқабына барды, екінші рет 1398 жылы Днепрді құлдилай жүрді. Екі жорық та сәтімен өтіп, ол кезде Темір-Құтлұғтан айтарлықтай қарсылық көрген жоқ. Бұл жолы жағдай басқаша өрбіді.

Орыс жылнамашысы бас князь Витовт үшінші жорығына аттанар алдында мынадай сөздер айтты деген дерек келтіреді: “Татар жерін жаулауға барамыз, Темір-Құтлұғ патшаны жеңіп, патшалығын аламыз, қазынасы мен иелігін таратамыз. Орда патшалығына Тоқтамысты отырғызамыз, сонда Қафа да, Азов та, Қырым мен Азтарақан да, Жайық Ордасы мен теңіз маңы да, Қазан да – бәрі біздікі болады, патша да біздікі болады”.

Басқаша айтқанда, жылнамашының сөзіне сенсек, Витовт Алтын Орданы тұтастай Тоқтамысқа қайтармақ болды, оның ішінде “Жайық Ордасы”, яғни сонау Ертіске дейінгі жерлер де бар. Шын мәнісінде, еуропалық әлдеқандай бір князьдің ондай ауқымды жорық ұйымдастыра қоюы екіталай нәрсе еді, дей тұрғанмен, оның елу мыңдық қолмен кәдімгідей ұзақ бір жорыққа шығуы әбден мүмкін.



Бір қызығы, литвалық әскердің құрамында неміс ордені рыцарьларының тұтас бір дивизионы және Тоқтамыс қосындары болған. XV ғасырда өмір сүрген поляк тарихшысы Ян Длугоштың айтуына қарағанда, Тоқтамыс өзімен бірге “бірнеше мың татар” ала келген. Никонов жылнамасында сондай-ақ Витовт әскерінің жақсы қару-жарағы болғаны айтылады: “...жетектерінде темір шынжырмен сүйреген сансыз зеңбірегі, ауыр мылтықтары бар”.

1399 жылы литвалық әскер Ворскл өзенінің бойына келіп, қостарын тігіп, жауының әскерін күтті. Орыс жылнамашысы Темір-Құтлұғ алдындағы қалың қолды көріп, қорыққанынан ұрысқа кіруден тайсақтады деген мәлімет келтіреді. Ол бітімге келмек болып жатқанда, оған “маңғыт тайпасынан шыққан ордалық князь Едіге” келіп жетеді. Ол Темір-Құтлұғты бейбіт бітім іздеуден бас тартқызып, ұрыс қимылына көшуге көндіреді.

Қиял қанша күшті болғанмен, менменсіген литвалық князьдің алдында қорыққаннан аузына сөз түспей қалтырап, кешірім өтініп тұрған Алтын Орда әміршісін көзге елестету қиын. Ал былайша, осы шағын оқиғаның өзі Алтын Орда билігі Едіге бидің қолында болғанын, оның маңызды хан шешімдеріне ықпал еткенін көрсетеді.

Қысқасы, Едіге би тізгінді өз қолына алады, әскерді бастап ұрысқа кіреді. Витовт қосындары шабуыл бастайды, алтынордалық түменбасы шегінеді. Мұны көрген литвалық князь шабуылды үдетіп, жау жағы қаша жөнеледі. Енді қосалқы бөлікті қосса, жеңіс қолында тұрғандай-ақ еді, сөйтіп, шабуылға оның қосалқы бөлігі де кіреді. Ал бұл кезде Темір-Құтлұғ айналып өтіп, күтпеген жерден литвалық әскердің ту сыртынан шығады. Едіге сарбаздары да литвалықтардың

көздерін шарасынан шығара қарсы шабуылға көшеді, сөйтіп, Витовт әскері екі диірмен тасының ортасында қалғандай күйге түседі. Қалғандары бойды билеген үрейдің жетегінде кетеді.



Еуропалықтардың әскері күшті әрі жақсы қаруланған болса да, жеңіске алтынордалық сарбаздар жетті. Жылнамашының айтуынша, “...татарлар арбаларға жегілген темір шынжырлы зеңбіректерді, ауыр мылтықтарды алды, қисапсыз байлыққа кенелді, алтын, күміс ыдыс-аяқ қаншама”. Витовт пен Тоқтамыс ұрыс алаңын тастап қашты, ал әскерлері 600 шақырымдай алды-артына қарамай тым-тырақай болды. Жүйрік атқа мінген жасақтар қуып жүріп, қашқындарды қылыштың астына алды.

Қуып шыққан алтынордалық әскерлер Киев және Литва жерлерімен өтіп, ойранын шығарды. Мұның үстіне Киев 3000 сом айып төледі. Ворскл өзеніндегі жеңіс Литваның шығыс славян князьдіктеріне жаулаушылық жорықтарын кідірткенімен айырықша мәнді.

* * *

Жеңісті жорықтар Темір-Құтлұғтың⁸⁰ басын айналдырды. Ол да өзінің әкесі Темір-Мәлік секілді көңіл көтергенді, думанды жақсы көретін. Алтын Орда ханы жеңісін тойлап, содан бас көтермей ішіп, ақыры ішкілік түбіне жетеді. “Ескендір анонимінің” авторы былай дейді: “Билікке келгеніне 6 жыл толып, патшалыққа бұрынғы тәртіп тұтастай қайта орнаған соң, бір күні көптен ішкілікке салынып жүрген ол ұйықтап жатқанда демі бітіп, үзіліп кетті. Солай өмірден өтті. Одан кейін мемлекетте тағы тәртіпсіздік белең алып, Өзбек ұлысы өз ғұрпына лайық Шыңғыс ұрпағын іздей бастады. Едіге таққа әділдігімен, қабілетімен танымал әрі жасы үлкен Шәдібек оғланды отырғызды, бұл қажеттілік еді”.

Сондай-ақ, орыс жылнамаларында да Алтын Орда ханының ауысқаны аталады: “...Ордада Темір-Құтлұғ патша өліп, оның орнына Шәдібек Еділдегі Үлкен Орда тағын

⁸⁰Темір-Құтлұғ атынан хижраның 800 – 802 жылдары (1397 – 1400) Орда әл-Жәдид, Сарай, Белад Қырым, Сарай әл-Жәдид, Қажы-Тархан қалаларында, былайша айтқанда, бүкіл Алтын Орда жерінде ақша басылып тұрды.

иеленді”. Мұның думаншылдығы бұрынғы ханнан артық түспесе, кем соқпайтын. “Шәдібек тыныштықты қалайтын, бас амандығын ойлайтын патша еді. Бүкіл өмірін үлде мен бұлдеге оранып, рахатқа бөленіп өткізді”. Алтын Орданың бұл әміршісі алдыңғы ханның бауыры болатын, екеуі де Темір-Мәліктің ұлы еді. Бірақ оны “Құтлұғбектің ұлы” деп атайтын деректер де бар. Шәдібек билікке бұрынғы Темір-Құтлұғтан да осал болды, жігерсіздеу еді. Алтын Орданы Едіге би биледі. Ибн Арабшахтың айтуынша, “ол өзі сұлтан атағын ала алмады, егер ол мүмкін болса, көптеген патшалықтарды иеленген Темір солай етер еді. Ол болмағасын, Едіге өз қолынан сұлтан қойып, астанада хан көтерді”.

Рогожа жылнамашысы да Едіге жайына тоқталады: “Ордадағы бар князьден асып, патшалықты тек өз қолында ұстады, патшаны да өз қалауымен қоятын сол болды”⁸¹. Жылнамаға сенсек, “князь Едігей бүкіл Ордадағы ең үлкені, құдіреттісі болды, ешкімнің күші де, ерлігі де одан аспады”, сондай-ақ, ол “айлалы, қулық-сұмдығы мол” адам еді.

Расында да, Едіге би секілді айлакер саясатшылар әлемдік тарихта аз болмаған. Ол Тоқтамыс ханды қолдайтын Литваға қастықпен қараған Мәскеу князьдігімен байланысты қайта жаңғыртты. Бір айта кетер жай, нақ соның келісімімен 1398 жылы Мәскеу әскері Қазан мен Бұлғарға жорыққа шықты. Мәскеудің күшеюімен қатар, Тверьде князь Иван Михайловичтің билігі басталды. Ол да өз билігін Алтын Ордаға арқа сүйей отырып нығайтты, бұл Русьтегі кей күштердің тепе-теңдігін де сақтап қалды.

* * *

Бұл уақытта Әмір Темір өз иелігін едәуір кеңейтті, айнала-сын мықтап, күші толыса түсті. Әмір Темірдің жорығы сұлтан Баязидті Константинопольді қоршауын тастап, Кіші Азияға қайтуға мәжбүр етті. Анкара маңында болған ұрыста оның әскері жеңіліп, өзі тұтқындалды. Бұл оқиға Константинопольдің құлауын тағы 50 жылға кейінге қалдырды.

1402 жылы Түрік сұлтандығының тағына I Мехмет отырды. Оның билігі елдегі азамат соғысы мен сұлтандықтағы

⁸¹Едігені Никонов жылнамасында да тура осы жердегідей етіп суреттейді: “Ол князь Едіге Ордадағы бүкіл князьден басым түсіп, Орда патшалығын өз қолында ұстады, патшаны да өз қолынан қойды”.

көтеріліске тұспа-тұс келді. Византия уақытша болса да, еркін тыныс ала бастады, бірақ мұны ол өз пайдасына қолдана алмады. 1403 жылы Әмір Темір I Мехметке Кіші Азияның батыс бөлігін қайтарып берді, ал шығыс жағында кезінде Баязид құлатқан ұсақ әулеттердің билігі қалпына келтірілді.

Бұдан кейін Темір Әзербайжанның билігін Мираншактан туған немересі Омарға берді. Сосын Грузияға кезекті жорығын ұйымдастырды, сөйтіп, VII Георгий патша оның билігіне мойынсұнды.

Әмір Темірдің қол жеткен жетістіктері Еуропа елдерінің назарын өзіне аударды. 1403 жылы Испаниядан оған касилиялық елші Клавихо келді. Көп мәселелер талқыланды, қаралған мәселелердің ішінде Алтын Орданың ішкі жағдайы да бар. Олардың арасында мынадай сөз болған: “Едіге мына Кафа қаласын шапты, өйткені Тоқтамыстың ұлы онымен сол жерден шығып соғысқан, жеріне зиян келтірген; қала халқы Едігемен бітімге келді, ал Тоқтамыстың ұлы Тамурбекке қашты”.

Тоқтамыстың қай ұлының Әмір Темірге қашуы мүмкін екенін және Қырымдағы дәл қай ұрыс сөз болып отырғанын бұл үзіндіден бір жақты қорытындылау қиын. Бірақ Қырым анық Едігенің бақылауында болған тәрізді. Басқа жазба деректерден Ворскл өзені алқабындағы ұрыс ақыры Тоқтамыстың түбіне жетіп тынғанын білеміз. Содан кейін Едіге оның қыр соңынан қалмай қойды, тіпті бел шешіп аялдауға да мұрша бермеді.

Тоқтамыс Ұлы далада тағы біраз уақыт сенделіп жүрді, билікке таласатындай шамасы болмаған. Ол басынан өткізген талай ұрыс билік үшін емес, өмір үшін болған қақтығыстар еді. Ибн Арабшактың айтуынша, Едігенің оның соңынан қалмай қойғаны сонша, “олардың арасында 15 мәрте ұрыс болды және екеуінің бірде онысы жеңсе, бірде мұнысы жеңіп, кезек-кезек алмасып отырды”.

Ақырында, Тоқтамыс Сібірге қашты. XIV ғасырдың соңында Шайбани ұрпақтары Тобыл өзенінің ортаңғы ағысында Түмен хандығын құрғанды, астанасы – Чимги-Тура қаласы. Шайбанилықтар, шамасы, тақтан тайған ханды қолдаған болса керек, ол, тіпті, Әмір Темірге өзінің елшісін жібереді.

Шараф-әд-Дин әл-Йездидің мәліметінше, 1405 жылы Тоқтамыс ханнан Әмір Темір сарайына далалық шонжарлардың ең жасы үлкендерінің бірі Қарақожа ақсақал келеді. Кездесу Оты-

Әмір Темір дүниеден қайтқасын, Мәуереннахрда оның ұрпақтары арасында алауыздық туып, өзара қырқыс басталды. Дүрбелеңді пайдаланып, Едіге би 1406 жылы Хорезмді басып алды.⁸³ Ол жорықта жүргенде, Тоқтамыстың үлкен ұлы Жәлел-әд-Дин бүлік шығарып, Алтын Орда тағын иемденеді. Хорезмнен асығыс Берке Сарайға қайтқан Едіге би хан тағын Шәдібекке қайтарып, өзі Жәлел-әд-Динді қуа жөнеледі.

Еділді өрлей Бұлғар қаласына жеткен Жәлел-әд-Дин ол жерден қолдау таппай, бұл уақытта Литва князі Витовтпен соғысып жатқан Мәскеуге қашты. Тап осы жылдардағы орыс жылнамалары Русь жағында Алтын Орда жауынгерлері болғанын жазады.

Едіге би Берке Сарайға оралады. Мұнда өзіне қарсы астыр-



тын әрекет ұйымдасып жатқанын біледі. Бұл Жәлел-әд-Динді қуып жүргенде, Шәдібек хан алтынордалық шонжарларды оған қарсы қойып үлгереді. “Ескендір анонимінің” авторы осыған орай былай деп жазады: “Едігенің ұстанған бағытының кесірінен талай еркін адам қыспаққа түсіп, сол себепті Шәдібек астыртын оның көзін құртуды ойлады. Оның арам ойын біліп қойған Едіге бүлік басталмай тұрғанда, оған қарсы шара қолданбақ болды”.

Бір сөзбен айтқанда, Едіге би тайсақтамай, қимылға көшті. “Дүрбелең” тап бір қызған шақта оған көмекке Еділмен жүзіп Тверь князінің кемелері келеді. Қарсыластар арасындағы қақтығысқа ол келіп араласқандықтан, мәселе бір жақты болған секілді. Едіге жеңіп, Шәдібек одан сытылып, Кавказдың Каспий жағалауы жағын бетке алады.

1408 жылы Едіге Алтын Орда тағына тағы бір Орда Ежен ұрпағын отырғызады. Шығыс деректерінде ол Булад хан деген есіммен белгілі. Никонов жылнамасы “Булат-Салтан” деп атайды, бірақ оның тегі жайлы сөз болмайды. Мұсылман авторы Шараф-әд-Дин әл-Йездидің сөзіне қарағанда, Пулад

⁸³Хорезмде хижраның 807, 809 және 810 жылдары басылған теңгелер Хорезмнің бұл уақытта Алтын Ордаға тәуелді болғанын көрсетеді. Әбді-эр-Раззақ Самарқанди Едіге Хорезмді хижра жыл санауымен раджаб айында 808 жылы, яғни 23.XII.1405. – 21.I.1406 жылдар аралығында басып алғанын айтады.

хан – Шәдібектің ұлы. Алайда оны ұлы емес, бауыры ретінде көрсететін деректер де кездеседі, осылайша ол да Темір-Мәліктің ұлы болып шығады.

Ал Шәдібек хан болса, Дербентке қашып, онда “Дербенттік әмір Шейх-Ибрагимнің жанында бой тасалады”, – дейді “Ескендір анонимінің” авторы. Едіге Шейх-Ибрагимге елшілер жіберіп, қашқынды қайтарсын деп сәлем айтады. Алайда дербенттік әмір оның айтқанын орындамады.

Сонымен, Шәдібек Алтын Ордада 1400 бен 1408 жылдар аралығында билік құрды. Мұны жазба деректер де, ақша басылған жылдар да нақтылайды. Бір қызық жайт, Шәдібек Кавказда да өз атынан ақша бастырған. Ол Дербент⁸⁴ пен Бакуде шығып тұрған. Осы ақшаның шығып тұрғанының өзі алтынордалық ақсүйектердің бір бөлігі, тақта басқа хан отырғанына қарамай, Шәдібекті Алтын Орданың заңды ханы танығанына дәлел.

* * *

Булад хан орыс князьдерінен, бұрынғы кездегідей, Ордаға келіп, ханнан князьдік жарлығын алып, “шығын” төлеулерін, өз дауларын хан кеңесінде шешулерін талап етті. Билігінің алғашқы жылында-ақ Ордада тверьлік князь Юрий Всеволодович пен Иван Михайлович арасында “бас князьдікке” талас дауы өтеді, дауда Иван Михайлович жеңеді.

1408 жылы Булад хан Литваға жорық ашты. Артынша Руське Орда Мәскеуді шабуға дайындалып жатыр екен деген сөз тарайды. Жылнамаларда 1409 жылдың қарашасында “Ордадан Мәскеуге бір татар келіп, бас князь Василий Дмитриевичке Бас Ордадағы Ұлы князь Едіге сенің жеріңді жауламақшы деген хабар жеткізді” деп мәлімдейді. Расында да, бір айдан соң Русь жеріне қалың қол бастап Едіге келеді. Оның басып кіруіне себеп болған жай – кезінде Мәскеуге “Тоқтамыстың ұлдары” қашып кеткендігі. Едіге Мәскеу князінен Тоқтамыстың бала-шағасын қайтаруын талап етеді, олар Жәлел-әд-Диннің (Зелени-Салтан) бастауымен Литва шекарасына өтуге мәжбүр болады.

Алайда жанжал мұнымен аяқталмады, Едіге князь Василий Дмитриевичке сәлем жолдады. Сәлемдемені былай деп

⁸⁴Біздің заманымызға жеткен Дербент теңгелері хижраның 811, 813 және 815 жылдарына, яғни 1408 жылдан 1413 жылға дейін басылған.

жазды: “Едігеден сәлем Василийге, көп сәлем... естуімізше ол сен жақта қалаларда тайрандап жүр: Ордадан сендерге хәл елшісі, қонақтар барады, ал сендер елшілер мен қонақтарды күлкі еткілерің келеді..., бұрын қалай еді, жер түгел хандық болды, қалай қорқатын еді одан, алым-салық төледі, хан елшілері мен қонақтарын құрметтеді, іштерін пыстырмайтын. өкпелетпейтін. Сен өзің қариялардан сұрап көр, бұдан бұрын қандай еді бәрі, сен қазір оларды істемейсің, үлкендерде де кеңес сұрамайсың... Темір-Құтлұғ таққа отырғалы, сен өз ұлысыңа бас болғалы, еліңнен шығып Ордаға бір барғам емессің, ханды өз көзіңмен көрмедің, не бір княздің, не бір боярың, үлкені болсын, кішісі болсын, келген емес, ұлыңды да, бауырыңды да жіберіп, бірде-бір сәлеміңді жолдаған жоқсың. Одан кейін Шәдібек 8 жыл билік құрды, сен оған да барғам емессің..., сөйтіп, Шәдібектің билігі де өте шықты. Ал қазір тақта Булат-Салтан отыр, үш жыл болды билік құрғалы: тағы да не сенің өзіңді, не ұлыңды, не бауырларыңды көрмедік, боярларыңды да жібермедің. Ал сенің үлкен жерде отырған бас князь деген атың бар”.

Едіге мәскеулік князьге Ордаға салық төлеу қажет екенін ескертеді: “...сенің боярларыңның атынан салық түсетін болса, Жәнібек ханға төленгендей, сенің ұлысыңа да еш зиян келмес еді”. Бұдан әрі Едіге “ұлыстың қажығанына, салық төлеуге шамасы жоғына” сенетінін сөз етеді. Сосын сауал тастайды: “Ал егер сенің еліңдегі әр ұлыстан 2 жүз сом жиылса, сонда бұрынғы күміс қайда кеткен?”

Едіге өзінің сауалына жауап алмаған болса керек. Сөйтіп ол Мәскеуге жорық ұйымдастыруға кіріседі. Бұл уақиғаға қатысты Никонов жылнамасында қызық мәлімет баяндалады. Онда автор Мәскеу мен Орда арасындағы жанжалдың қалай өрбігенін өз білгенімен жан-жақты жазады.


* * *

Жылнамашы алтынордалық әміршілерді айлакер, қатал басшылар бейнесінде суреттейді. Олардың дипломатиялық амал-шарғылары оқырманды бей-жай қалдырмасы анық: “қай жерде қалай әрекет ету керегін жақсы біледі, алдап, арбайды, мейірім, шапағатын төгеді, сый-құрмет, атақ-шен береді, ар жағынан зұлымдығын ойлап, заһары мен зарарын

ішіне бүгеді, тыныштық уәде ете тұрып, жылпостықпен орыс князьдерінің арасына от тастайды, бір-біріне айдап салып, әрқайсысына жасақ құрғызады, дұрдараз елге өздері басып кіріп, христиандарды қасқырдай талайды”.

Орыс жылнамасындағы нұсқа бойынша, Едіге мәскеулік князь Василий Дмитриевич пен литвалық князь Витовт екеуін ұрыстыруға тырысады: “Бас князь Василий Дмитриевичті жақсы көретіндей болып бауырына тартып, үлкен атақ берді, мол тарту-таралғы сыйлады”.

Мәскеу князін алдап, оны қарсы қоя алмайтынның көрген Едіге литва князіне астыртын кісі жіберіп, сәлем айтады: “Сен менің досым бол, мен де сенің досың боламын; өзіңнің күйеуің Мәскеу князі Василий Дмитриевичті жете таны, оның бөтен жерлерге шығып, басып алмақ ниеті бар, тіпті сенің жеріңе де жорыққа аттанбақ, жауламақ; сен одан сақтан... маған да, ханға да алтыны мен күмісін жіберіп, Орданың бүкіл қосындарын қосып алып, саған қарсы аттанбақ, халқыңды тұтқындап, жеріңе өрт қоймақшы”.



Ақыры Едіге өз дегеніне жетеді. Василий Дмитриевич әскер жиып, оның ішінде көмекке келген татар қосындары да бар, Литваға жорыққа шығады. Сөйтіп, литвалық князь бен мәскеулік князь арасында бітіспес теке тірес басталады.

Ал мына жақта зымиян Едіге Мәскеу князьдігін бір соққымен-ақ шаруасын тындыруды ойлап, оған тағы да елші жіберді, сәлемін айтты: “Хабарың болсын, Василий, мына жақтан Булат-Салтан патша бүкіл үлкен Ордамен Витовтқа өш алуға бара жатыр, сенің жеріңе істегені анау, ал сен патшаға құрмет көрсетерсің”.

Бұл жолы Едіге айласын асырып, дегеніне жетеді. Оның Алтын Орда әскері Литваға бара жатыр дегеніне алданып – шын мәнінде олардың көздегені Мәскеу болатын – мәскеулік князь қам қылмады. Жылнамашы “бас князь Василий Дмитриевич мүлде қол жиып үлгірмеді” деп жазады. Сондай-ақ, жылнамашы орыс жеріне жау жетіп, қалай ойраны шыққанын суреттеуге келгенде, аянбайды. Соның арасында Едігенің Руське жорыққа шығатыны бас князь Василий Дмитриевичке бір ай бұрын жеткені мәлім болып отыр.

1408 жылдың желтоқсан айында Едіге жолдағы тұтастай аудандарды талан-таражға салып, Мәскеу түбіне жетіп, қаланы қоршауға ала бастады. “Князь Едігенің өзі Мәскеу кентіне кірмейді, ешкімін жібермейді, бірақ сонда қыстап шығу үшін қалай да алғысы келеді, мақтанады, марапаттанады, Тверьге бас князь Иван Михайловичке ханзада Булат пен князь Еріклібердіні аттандырады, оған дереу зеңбіректермен, мылтықтармен, дүмлі садақтармен Мәскеуге жетуді тапсырады”.

Тверь князі сатқындыққа барғысы келмей, Едігенің айтқанын қалай да орындаудан қашқақтайды. Көптеген қалалар мен елді мекендер отқа оранады. Мәскеу түбегейлі қоршауға алынып, тікелей шабуылға көшкенде, Едігеге ойламаған жерден Берке Сарайда қалған Болат ханнан жаушы жетеді. Ол Жәлел-әд-Дин Литва князі Витовттан көмек алып, көп әскермен Алтын Ордаға келе жатқанын хабарлайды.

Орыс жылнамасы бұған орай былай жазады: “...осы кезде Ордадағы патша Булат-Салтаннан жедел жаушы келеді, ешқайда аялдамай тезірек Ордаға жетсін деп бұйрық жібереді”, өйткені ол жақта тағы “бүлік” бой көтереді. Едіге Мәскеуді қоршауын тастап, оларға 3000 сом айып төлетіп, Алтын Орда тағынан үміткерлермен күресу үшін Еділге қайтып кетеді. Жәлел-әд-Дин тағы жеңіліп, қайтадан Литваға қашады.

Шығыс жазба деректері Едігенің Руське жорығы туралы ештеңе демейді, есесіне, олар Алтын Ордадан Гераттағы сұлтан Шахрухқа елшілік келгенін жазады. 1409 жылы ол жақта “Темір мұрагерлігіне” талас дауы бітіп, бүлік басылады. Самарқандқа жеңімпаз ретінде Шахрух келеді, жанында Әмір Темірдің немересі, өзінің баласы Ұлықбек болады. Шахрух Мәуереннахр билігін осы Ұлықбекке тапсырады.

Осы оқиғаның құрметіне Самарқандта үлкен мереке-той ұйымдастырылады. Әбді-әр-Раззақ Самарқандидің айтуынша, Шахрух Гератқа оралғаннан кейін, оған “Дешті Қыпшақ пен өзбектер елінің билеушілері” Пулад хан мен әмір Едігеден елшілер барады.

Шахрух елшілікті шығыстың дипломатиялық қағида, әдебіне сай қабылдайды. Екі жақ та тарту-таралғыларын ұсынады. Алтынордалық елшілер сұлтанға Иран мен Орталық Азиядағы патша сарайларында аса жоғары бағаланған лашын, тағы басқа саятшылық құстар табыстайды. Ал Шахрух елшілерге “патша сыйы – қалпақ, белбеу” тарту етеді. Ол сондай-ақ Пулад хан мен әмір Едігеге қымбат сыйлықтар беріп жібереді.



Шамасы, Алтын Орда елшілігі Темір мен Тоқтамыс кезінде үзілген Мәуереннахрмен байланысты қалпына келтіруді көздеген болса керек. Шахрух елшілер арқылы Болат ханнан алтынордалық бір ханшаны өзінің баласы мырза Мұхаммед Жәке баһадүрге әйелдікке беруін сұрайды.

Олармен қатар Алтын Ордаға Мысырдан елшілік келеді. Болат хан елшілікті қабылдап, әл-Мәлік өз-Захыр Беркуктың ұлы, Мысыр сұлтаны әл-Мәлік ан-Насыр Фараджаның ұсынысын тыңдайды. Түптеп келгенде, бұл дипломатиялық қатынастар Алтын Ордада өз билігін орнатып, тізгінді қолына алған Болат ханды мемлекеттің заңды әміршісі ретінде танудың белгісі еді.

Дала империясының билеушісі мықты одақтастарымен байланысын орнатып жатқанда, қашып жүрген ханзада Жәлел-әд-Дин мен Литва князі Витовт Тевтон орденімен бірігіп күресу үшін әскери одақ құрады. Келіссөз 1409 жылы қыста Брест-Литовскіде өтті. Осы келісім бойынша, Жәлел-әд-Дин 1410 жылы шілде айында болған Грюнвальд шайқасына қатысады. Ол үш мыңдық атты әскерді басқарады. Және бір айта кетерлігі, неміс ғалымдары осы шайқастың барысын алтынордалық салт аттылар шешті деп есептейді.

Литва мен Польшаның біріккен әскері Тевтон орденінің рыцарьларын тас-талқан етеді, содан былай олардың Балтық бойындағы үстемдігі жойылды. Немістер Витовтпен “Торунь бітімі” деп аталған келісімге келуге мәжбүр болды, шарттың ауыр жағы солардың мойнына түсті.

Әбді-әр-Раззақ Самарқандидің айтуынша, 1410 жылы Пулад хан⁸⁵ қайтыс болып, оның орнына жаңа хан келеді, тақты Темір-Құтлұғ ханның ұлы Темір хан иеленеді. Орыс жылнамаларында да бұл оқиға аталып өтіледі: “Сол жылы қыста Ордада патшалық тағына Темір патша отырды”.

Едіге би Темір ханға бір қызын ұзатады. Алайда, Алтын Орданың асау тағына мықтап отырып алған соң, жаңа әмірші қайынатасына қарсы астыртын әрекетке көшеді. Осыған орай “Ескендір анонимінің” авторы былай дейді: “Едіге оған өзінің қызын берді, жегжат болып, араға түсер арандатушылықтың алдын алғысы келген болу керек. Солай біршама уақыт өткесін, Темір сұлтан көп жұрттың көңілін тауып, олар Едігенің көзін құртудың жолын іздеді. Араларында араздық туындап, өшпенділік бас көтерді, бір-екі мәрте қақтығысып та қалды. Өзбектер қашан да ел тұтқасын Шыңғыс хан ұрпақтарының ұстағанын қалады, сондықтан да, біреулері еліктеп, енді біреулері құрметтеп, қызмет көрсетуге Темір сұлтан сарайына қарай ағылды, сөйтіп ол күшейді”.

Бұл үзіндіден бастапқыда Едіге мен Темір хан арасында өшпенділік болмағанын, тек кейін келе, Темір хан алтынордалық шонжарлардың ықыласын алып, өз жағына шығарғанын, содан соң ғана ол Едігеге қарсы шыққанын түсінеміз.

Алтынордалық түменбасы Хорезмді паналауға мәжбүр болады. Бірақ артынан Темір хан жасағы қуып жетіп, Едіге осы ұрыста жеңіледі. Дегенмен, ол аман құтылып, Хорезмге жетеді. Сол жерден ол бірден сұлтан Шахрухқа кісі жіберіп, Темір ханға қарсы әскери одақ құруды ұсынады.

Оқиғаның бұдан әрі қалай өрбігені “Ескендір анонимі” қолжазбасында баяндалады. Онда былай делінген: “Едіге мәжбүр болғандықтан елін тастап, Хорезмге қашты. Темір сұлтан келді, оны қоршады, араларында бірнеше рет кескілескен ұрыс болды. Осы кезде Тоқтамыстың ұлдары Жәлел-әд-Дин сұлтан, Сұлтан Хүсейін және Мұхаммед күтпеген жерде ел шетіне басып кірді. Билік құрған кезінде әкелерінің

⁸⁵Пулад хан атымен басылған теңгелер хижраның 810 – 816 жылдары (1407 – 1413) Сарай әл-Жәдид, Бұлғар, Бұлғар әл-Жәдид, Орда, Кафа, Азақ, Әл-Махрус, Хорезм, Сарайшық, Қажы-Тархан және Раджан қалаларында шығып тұрған.

қайырымын көрген кейбіреулер және соларға ергендері бар – бәрі жаңағыларға барып қосылды”.

Сөйтіп, Жәлел-әд-Дин інілерімен бірге Алтын Орда астанасын басып алды. Орыс жылнамасында бұл туралы былай деп хабарлайды: “Тоқтамыстың ұлы Салтан (Жәлел-әд-Дин – авт.) ордалық ұлыстарды күшпен басып алып, тонады”. Ол билікті қолында ұстап тұрады, тіпті бас князь Василий Дмитриевич оның билігін мойындап, Жәлел-әд-Динге мол тартуын ұсынып келеді. Шамасы, ол Алтын Ордадан Тверьге қарсы соғысу үшін көмек беруін сұраған болса керек. Тап осы уақытта Тверь князі Александр Витовттан қолдау іздеп, Литваға барады.

Бірақ Жәлел-әд-Дин мәскеулік князьге көмек бергісі келген күннің өзінде, бере алмас еді, өйткені бұл кезде Темір хан өз әскерін Тоқтамыстың ұлдарына қарай бұрғанды. “Ескендір анонимі” қолжазбасында бұған қатысты мынадай жолдар бар: “Сөйтіп, Темір хан Хорезмді қоршауын тастап, соларға қарсы шықты. Мәселе ушығып, ұлыс Темірден тайқып, Тоқтамыстың ұлдары жағына ауып кетті. Амал жоқтықтан, жол айырығында қалған ол қашуды жөн көрді, қашып жүріп дүниеден өтті”. Нақтылап өтер болсақ, Темір хан қуғында жүріп, өз ажалынан өлген жоқ. Сатқындықтың құрбаны болды, өзінің әскербасы, кейіннен Жәлел-әд-Диннің қызметіне өткен, Хасанның қолынан ажал тапты.

Темір хан көз жұмғаннан кейін, тарих сахнасында Алтын Орданың бір-ақ әміршісі қалды. Жәлел-әд-Дин Тоқтамыстың ұлы болғандықтан да, марқұм әкесінің тағын иеленуге қақылы еді. Бұған қоса, ол Жошы әулетінің үлкені Орда Еженнен тарайды. Оны жақтайтын ықпалды адамдар тек Ордада ғана емес, шет елдерде де болды. Князь Витовт Жәлел-әд-Динді қолдады, соған орай, оның жетістіктерінде Литваның рөлі аз болмады.

Алтын Орда тағын иеленіп әрі басты бақталасынан құтылғаннан кейін, Жәлел-әд-Дин Едіге биді де бір жақты етуді ойлады. Қаджулай баһадүрді бас етіп, оған қарсы әскер аттандырды. Алайда алтынордалық түменбасы ұрыста оны жеңіп шығады. Әбді-әр-Раззақ Самарқанди өз еңбегінде бұл оқиғаға жан-жақты тоқталады.

Едіге ежелгі айласына басады. Ол өз қосындарын екіге бөледі: бір бөлігін ұрысқа салады, екіншісін торуылға пайдаланады. Бірінші бөлікке ұрыс қызған шақта майдан

Мысал үшін, тағы бір Алтын Орда тағынан үміткерді XVI ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Гаффари Кепек-хан атайды, ал поляк дереккөздері оны латын тілінде Betsabul (Бетсабул) деп көрсеткен.

Қалай десек те, Кирил-Бердей (Керімберді), бәрібір, Алтын Орда тағын тақымында ұстай алмады. Онымен билікке таласқа бауыры Кепек-хан түсті. Керімберді оны жеңді, бірақ Едіге бидің шабуылын тойтару оның қолынан келмеді. Тоқтамыстың ұлдары әуелі Руське, сосын одан әрі Литваға қашты. Витовт оларға тұрақтайтын жер бөліп берді.

* * *

Түменбасы Едігенің басынан бағы қашан тая бастағанын дәп басып айту қиын. Шамасы, бұл сұлтан Шахрух бай өлке Хорезмді өз иелігінің құрамына қосу үшін әскер аттандырған кезде басталған болар. Алайда ол кезде сұлтанның әскері қайта-қайта жеңіліп, кері қайтып жүрді. Шахрух ақырында тәжірибелі қолбасы, Ұлықбектің аталығы Шах-Мәлікке әскерін басқартып тағы да жіберді. Ол Үргеніш халқын өз жағына шығаруға қол жеткізді. Әбді-әр-Раззақ Самарқандидің айтуынша, “қаладағы сейдтер, оқымыстылар мен төрелер оның алдынан сый, тарту алып шығып, қаланы соның қолына тапсырды”. Осыдан кейін Едіге қосындары қаланы тастап шығуға мәжбүр болады.

Алтынордалық түменбасының Алтын Ордада ықпалы зор болатын, ол 1414 жылы оның тағына жаңа әмірші – Шыңғысты хан қойды. Сол жылы Едіге Дон бойындағы рязань жерін шапты, Елец қаласын басып алды және князін өлтірді. Поляк тарихшысы, XV ғасырда өмір сүрген Ян Длугош 1416 жылы Едіге Киев пен соның төңірегін шапты, өртеп, тонап кетті деп хабарлайды.

1416 жылы тағы бір атап өтер оқиға болған. Оны XV ғасырда өмір сүрген мысырлық тарихшылар да көрсетеді. Әл-Макризидің айтуына қарағанда, сол жылы Едігенің әйелі Дамаскіге барады, сол жерден 300 нөкерімен Меккеге қажылыққа аттанбақ. Әл-Аскалани ол әйел қасиетті қалаға сириялық керуенмен бірге барғаны жайында дерек қосады.

Меккеге қажылыққа 300 нөкермен бару кім көрінгенің қолынан келмейтін іс, император болмаса да, ең жоқ дегенде

күшті әміршінің әйелі болуға керек. Бұл Едігенің сол кезде тек Алтын Орданың ішінде ғана емес, одан тысқары жерлерде де маңызды тұлға болғанын анық көрсетеді.

Ал тап осы әйелі қажылықта жүрген уақытта Едігенің өзі Киев қаласын қоршаумен айналысып жатқан-ды. Ал Еділ бойында билік басында төңкеріс жүріп жатты. 1416 жылы Тоқтамыстың Жаппарберді деген бір ұлы Едіге қойған хан – Шыңғысты өлтіріп, Алтын Орда астанасын басып алды. Келесі жылы (1417) Едіге би Жаппарбердіні Еділ бойынан Қырымға қуды. Ал Алтын Орда тағына жаңадан әмірші тағайындады, сөйтіп Дәруіш хан сайланды. Салтанатты рәсімнен кейін Едіге би әскерін алып, Жаппарбердінің артынан қуып Қырымға жетті, сол жерде оны өлтірді. Басқа бір деректе бұл оқиға 1419 жылы болды деп көрсетілген.

Орта ғасырларда өмір сүрген поляк тарихшысы Ян Длугош 1419 жылы Едігенің Витовтке мол тартумен елшілік жібергенін, тарту ішінде қырмызы жабумен әспеттелген 3 түйе, таза қанды 27 арғымақ болғанын жазады. Елшілік бейбіт одақ құруға ұсыныс айтып келеді. Бұл – Еуропа қолжазбаларында Едіге жайында кездесетін ең соңғы дерек.

Ал шығыс дереккөздерінде Едігенің 1419 жылы о дүниелік болғаны айтылады. Оның өлімі жайлы екі түрлі мәлімет кездеседі. Бірі ибн Арабшахтыкі, екіншісін әл-Айни қалдырған.

Ибн Арабшах Едіге өлген жерді атайды: “Қыпшақ жеріндегі бүліншілік те, әміршілер арасындағы қырқыс та Едіге өлгенше тынбады: ол бір ұрыста жараланып, суға кетіп өлді. Оның денесін Сарайшықтың тұсынан Сейхун⁸⁶ өзенінен алып шықты да, далаға тастай салды”. Тағы бір көңіл аударатын жері, ибн Арабшах Едігенің өзін суреттеп жазады: “Өңі қарасұр, орта бойлы, мығым денелі, ер жүрек, түрі аса сұсты, тереңнен ойлайтын, қолы ашық, тартымды күлкісі бар, ұшқыр ойлы, сөз тапқыш адам болды”.

XV ғасырда өмір сүрген Мысыр тарихшысы әл-Айни Едігенің замандасы, сондықтан да, оның мәліметтеріне көпшілік сеніммен қарайды. Оның айтуынша, Едігені 1419 жылы Тоқтамыстың Қадірберді деген ұлы өлтіреді, ол Едігемен,

⁸⁶Сейхун – Әмудария. Шамасы, ортағасырлық автор қателескен болу керек, өйткені Сарайшық Жайықтың бойында.

өкесі өлгелі, үнемі қақтығысумен жүрген. Олардың соңғы ұрыстары Сарайшық қаласында өтеді, ибн Арабшах та осыны құптайды. Қадірберді қосындарымен кездесу алтынордалық түменбасының тағдырын шешеді. Тоқтамыстың ұлының бұйрығымен оны шапқылап өлтіреді.

Алайда, мұндай қаталдыққа барған Қадірбердінің өзі де бұдан кейін көп өмір сүрмеді. Оның қалай өлгені белгісіз, жұмбақ күйінде қалды. Едіге қойған хан – Дәруіш те билікті қолында ұстап тұра алмады.

Аталып өтілуі тиіс бір мәселе, Едіге би Алтын Орда тарихында өшпес із қалдырды. Халық жадында да ол жақсы сақталды. Көзінің тірісінде-ақ оны жұрт “азуын айға білеген арыстан” атады. Едіге би қазақ халқының жыр-аңыздарында “ер Едіге”, “тура би Едіге”, “халық мүддесінің қорғаны Едіге” түрінде суреттеледі. Ол дүниеден өткен соң, Алтын Орданың аспандаған даңқы да өшті. Дегенмен, оның ұрпақтары Ұлы даланың кейінгі тарихына белсене араласты. Қазақтың “Қобыланды батыр”, “Орақ батыр”, “Ер Тарғын”, “Қарасай – Қазі” секілді батырлық жырларында олардың өмір жолдары, атқарған қызметтері жырланады.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҮДЫРАУЫ

Едіге Алтын Орданың үлкен бөлігін аз ғана уақытқа болса да, өз қол астына бағындырған ең соңғы алтынордалық әмірші болды. Ол дүние салғаннан кейін, елде үдыраудың жаңа кезеңі басталды. Далалық құдіретті де алып империяның халқы бір хан сайлап, бір билікке бағынуды мақсат етуді ұмытады. Үздіксіз бүлік, тынбаған дүрбелең елді әбден қажытқан-ды. Халық мықты көсемдерінің соңынан еріп, жік-жік болып, бөлінуге кірісті. Бірақ ол басшылардың билігі шектеулі болатын.

Едіге ұрпақтары, кезіндегі түменбасы Ноғай әскерінің негізін құраған, маңғыт тайпасын басқарды. Сондықтан, олар өздерін “ноғайлармыз” деп атады, Қара теңіздің теріскейін, Арал маңын қоныс етті. Алтын Ордада олардан басқа “өзбектер” болды. Олар, негізінен, Жайық пен Еділдің аралығын және Ақ Орданың батыс бөлігін мекен етті.

Ал Еділдің арғы бетіндегі жерлерді бірнеше хан өзара бөліп биледі. Олардың арасында Ұлұғ-Мұхаммед ерекше көзге түседі. Ол Жошының Тоқа-Темірден тараған кіші әулетінен шыққан. Ұлұғ-Мұхаммед үлкен әулет Орда Ежен ұрпақтарын биліктен шеттетті. Тарихтың тап осы кезеңінде Орда Ежен ұрпақтарының жағдайы мәз емес еді.

Ұлұғ-Мұхаммед есімі орыс жылнамаларында XV ғасырдың 60-жылдарына дейін аталады. Билік тізгінін қолына алғаннан бастап ол литвалық князь Витовтпен достық қарым-қатынаста болды және оған әскери көмек берген кездері де болды.

Ұлұғ-Мұхаммедтің ол кезеңдегі бір бақталасы Дәулетберді⁸⁷ хан болды, ол да Жошының ұлы Тоқа-Темірден тарайтын кіші тармағына жататын. Оның есімі де XV ғасырдың 20-жылдарындағы жазба деректерде ұшырасады.

Еділдің арғы бетінде олардан басқа тағы бір ықпалды ақсүйек, Тоқтамыстың ұлы Кепек хан көшіп-қонып жүрді. Ол Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпағының сол кездегі бірден-бір басшысы еді. Алайда оның алтынордалық шонжарлар арасында беделі айтарлықтай күшті болмады және ол өз қолында жеке аймақ билігін ұстап қалуға ғана барын салды.

⁸⁷Дәулетберді – Қырымды басқарған Тас-Темір ханның ұлы.

Дей тұрғанмен, бір ақиқат жай – сол замандағы Алтын Орда тарихында ең жарқын ізін қалдырған ақордалық ханзада Барақ⁸⁸ сұлтан болғандығы. Оның тарих сахнасына шығуының өзі Ұлы дала өмірінде ерекше маңызға ие.

Әбді-әр-Раззақ Самарқанди 1419 жылы сәуір айының соңына таман Самарқандтағы Ұлығбек сарайына Ақ Ордадан қашып, кезінде Әмір Темір Алтын Орда тағына отырғызған Құйыршық ханның ұлы Барақ ханзада келді деп хабарлайды. Ұлығбек қашқынды жылы қабылдап, билік үшін күресінде оған көмек береді.

Бұған дейін Барақ сұлтанның қайда болғанын көрсететін нақты мәлімет жоқ. Шамасы, өзінің жездесі

Едіге бидің қызметінде жүрген болуы әбден мүмкін. Даңқты жездесі өмірден өткесін, Барақ сұлтан Ұлығбекке қашып, билікті қолына алу үшін содан көмек сұраса керек. Әмір Темірдің немересі көмек қолын созып, әскерін жарақтандырады да, Сығанаққа жорыққа аттандырады.

1419 жылдың тамызында Ұлығбектің өзі де қалың қолмен Самарқандтан шығып, Барақ сұлтанның ізімен жүреді, Ақ Орда билігін алуына жәрдемдеспек болады. Ташкентке жетіп қалғанда, Ұлығбектің жорық шатырына жаушы келіп, Барақтың Сығанаққа басып кіріп, Ақ Орда аймағындағы билікті өз қолына алғанын жеткізеді. Ұлығбек мына хабарға қуанып, ат басын кері, Самарқандқа қарай бұрады.

Ақ Орда тағына мықтап орныққан Барақ сұлтан онымен тоқтап қалмады. Бұдан әрі ол Жайық пен Еділдің аралығына жорық ұйымдастыруды мақсат етіп, атқа қонды. Алтын Орда билігін басып алуды ойлады. Бұл үшін оған күшті одақтас керек еді, ол мұндай адамды да тапты. Ол маңғыт тайпасының басшысы Едігенің үшінші ұлы Мансұр би болатын.

Мансұр би әкесінің ісін лайықты жалғастырған тұлға болды. Ол күшті билікті жақтады, әрі мұндай биліктің бір адамның қолында болғанын қалады. Оның бұл мақсатына



«Монғолиядағы бір күн». Ортағасырлық қытай суреті

⁸⁸Барақ – түркі тілінде “арлан ит” деген мағынаны беретін атау.

жетуі үшін, атақты Ұрыс ханның ұрпағы бала ханзада Күшүм-Мұхаммедтің ержеткенін күткеннен басқа амалы жоқ-ты. Бала Жошы өулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тарайды, Темір ханның ұлы, Темір-Құтлұғқа немере болып келеді. Шыққан тегі жағынан оның ертең алтынордалық ақсүйектер арасында жоғарғы орынға ие болуы мүмкін еді. Бірақ ол кезде оны билік үшін таласар бақталас ретінде ешкім бағалай қоймады.

Күшүм-Мұхаммед тым жас болатын, тіпті атқа да өзі міне алмайтын жастағы бала еді. Мансұр би оған адал көңілден қызмет етті, бір жағынан қамқоршысы болды. Дегенмен, қу мүйіз Мансұр жас баланы бағып, ақырын күткеннен гөрі, тәжірибелі әрі пісіп-жетілген Ақ Орда билеушісі Барақ ханды қолдағанды жөн көрді.

Мансұр би сол кезде “бүкіл өзінің халқымен” Қазақ Йайлағы (йайлағ – жайлау) деген жерде көшіп-қонып жүрген Барақ ханға өзі іздеп барады. Мұсылман тарихшы әл-Хадж Әбд әл-Гаффар Кирими маңғыттардың биі мен “жау жүрек ер және асқан жігерлі адам” екеуінің арасындағы кездесуді баяндайды.

Мансұр бидің қолдауымен Ақ Орда әміршісі Барақ хан Арал аймағын аз уақыттың ішінде өзіне қаратып, Еділ өзеніне дейін жетті. Күшті және қауіпті көршінің бұлай жақын келуі, Жайық пен Еділ арасын билеп тұрған хандарды асығыс қам жасауға итермеледі.

XV ғасырдың 20-жылдарында мұсылман тарихшылар Алтын Ордада болған кейбір іс-шараларды атап өтеді. Солардың бірі сұлтан Шахрух пен Ұлұғ-Мұхаммед хан (мұны Әбді-әр-Раззақ Самарқанди Мұхаммед хан атайды) арасындағы елшілік алмасу рәсімі еді.

1421 жылы Қарабағтан Ұлұғ-Мұхаммедке Шахрухтың елшісі Сұлтан-Құшшы келеді. Алтын Орда ханы оны аса қуанышпен, құрмет көрсете қарсы алады, мұны елші қайтып барғасын Шахрухтың сарайында мәлімдейді. Келесі жылы Гераттағы Шахрухқа Ұлұғ-Мұхаммедтен де елшілер жетеді. Елшілікті ықпалды алтынордалық шонжарлар Алим-шейх оғлан мен Пулад бастап барады. Тарту-таралғы берісіп, Шахрухпен екі жақ ресми алыс-берістерін бітіріп, сол жылы қайтып кетеді.

Ұлұғ-Мұхаммедтің батыста Витовтпен, шығыста Шахрухпен қарым-қатыныс жасап тұрғанының өзі оның сол кезеңде Алтын Ордадағы ең негізгі тұлға болғанын көрсетеді. Алайда тап осы

уақытта оның мықты бақталасы да пайда болған еді, кешікпей Ұлұғ-Мұхаммедтің берекесі қаша бастайды.

Барақ сұлтан мен Мансұр бидің Берке Сарайға жорығы 1422 жылдың күзінде басталды. Ең әуелі олар Кепек хан әскерін талқандады, бұлардың тықсыруына шыдамаған ол Рязань жаққа қашты. Барақ сұлтан бұдан кейін Ұлұғ-Мұхаммедті де қуып шықты, сосын Алтын Орда тағын өзі иемденді.

Орыс жылнамаларында Барақ сұлтанның Руське де жорық ұйымдастырғаны туралы дерек сақталған. Шамасы, бұл қашқан Ұлұғ-Мұхаммедтің соңынан қуып барған шағын ғана жасақ болса керек. Бірақ ол қуғыншылардан аман құтылады. Литваға бой тасаламақ оймен қашып барып, көмек сұрайды. Оның 1423 жылы Витовтқа барғаны еуропалық деректерде жазылған.

Әбді-әр-Раззақ Самарқандидің айтуы бойынша, сол 1423 жылдың жазын Бадгисте өткізген Шахрух Барақтың Ұлұғ-Мұхаммед әскерін күйретіп, иелігін басып алып, өзі хан тағын иемденгенін естиді.

Барақ бұлардан басқа тағы бір алтынордалық ақсүйек – Дәулетбердіні де жеңеді, ол үй ішімен Қырымға қоныс аударады. Осы қоныс аудару кейін ерекше мәнге ие болды, себебі Дәулетбердінің Қажыгерей есімді бір туысы 1449 жылы Қырым хандығының негізін қалады.

Осы кезден бастап Алтын Орда жерінде өз билеуші әулеттері бар ұсақ мемлекеттердің құрылуы белең алды. Мұның бәрі тәуелді елдер мен бағынышты аймақтарға өз әсерін тигізбей қоймады, оның ішінде шындап тығырыққа тіреле бастаған Русь те бар.

Русьте бұл уақытта қысылтаяң күндер жақындап қалғанды. Өзінің көп өмірі қалмағанын сезген мәскеулік князь Василий Дмитриевич діни грамота жазып, қайынатасы Литва князі Витовтке хабар салды. Бұл кезде Ұлұғ-Мұхаммед хан сонда болатын. Осы тұрғыдан Литва мен Алтын Орда арасында жақындық болды. Екі жақтың пікірлері Русьте тоқайласты.

Василийдің орнын көмелетке толмаған ұлы иеленуі тиіс еді. 1425 жылы 27 ақпанда бас князь қайтыс болып, Мәскеу



князі болып ІІ Василий Васильевич тағайындалды. Ол билікке келгенде он жаста болатын. Оның бүкіл билік құрған жылдары әкесінің бауыры Юрий Дмитриевичпен және соның ұлдарымен күресумен өтті.

Ағасын жерлеген соң Юрий Дмитриевич ІІ Василийге ант беруден бас тартып, өзінің туған қаласы Галичке кетіп қалды. Дегенмен, 29 маусымда немере ағасы мен інісі бір бітімге келгендей болды, бірақ екі жақ та қызу соғысқа дайындалып жатты. Бұдан кейінгі 30 жылдан астам Мәскеу өзара қырқыстан көз ашпады, бұл жағдай оны әбден әлсіретті.

Тап осы кикілжіңмен тұспа-тұс Руське шешек дерті таранды, ол мұнда Псков арқылы Батыс Еуропадан келді. Қатерлі дерттен көп адам өлді, көптеген болыстар басшыларынан айырылды, сөйтіп, олар Мәскеу князьдігінің төңірегіне топтанып, оның жерін кеңейте түсті.

Дәл осы уақытта Литва князі Витовт Мәскеудің ежелгі бақталастары Тверь және Рязань князьдіктерімен келісімге келіп, күшейе түсті. Мұнымен қатар, ол орыс жерінің есебінен өз иелігін де кеңейтуді ұмытпады.

1426 жылы 29 маусымда Литва Псковпен келісімін бұзып, оған қарсы жорық ұйымдастырды. Витовт әскерінің құрамында немістер, чехтар, волохтар және Ұлұғ-Мұхаммедтің жасағы болды. Тамыздың басында Витовт Опочка бекінісін қоршады. Екі күннен соң қоршауды алып, басқа бекініс – Вороночканы алуды көздеді. Алайда, ол жақта да бекініс түбінде нәтижесіз үш күн өткізіп, ештеңе шығара алмаған Витовт ақыры Псковпен бітімге келді де, ат бастарын Литваға тіреді.

Ұлұғ-Мұхаммед уақытын босқа өткізбеді. Ол Витовттан әскери көмек алып, Жайық пен Еділ аралығына қайтып келді. Барақ ханнан Сарай қаласын тартып алды. Осылайша Ұлұғ-Мұхаммед ең бір ықпалды хан ретінде біраз уақыт Алтын Орда тағын иеленді.

Бұл оқиға Дәулетбердінің мәмлүк сұлтанына жолдаған хатында баяндалады. Осы хабарласудың өзі бұл уақытта Қырымның мәмлүк сұлтанымен дипломатиялық және саудасаттық байланысын орнатқанын көрсетеді.

Ортағасырлық автор әл-Айни 1427 жылы көктемде қырымдық елші мәмлүк сұлтанына Дешті Қыпшақта әлі бүлік басылмағанын, үш әмірші барын, олардың билікке таласуда

тайпалардан үзеңгілес серіктері де аз болмаған, олардың ұрпақтары да Алтын Орда жерінде өмір сүріп жатқан. Даңқты қолбасының құрметіне олар өздерін ноғайлықтар атайтын. Мұны білген Күшүм-Мұхаммед туының астына бүкіл ноғайлықтарды шақырып ұран тастады.



Халық бірден дүр сілкініп, ұранды іліп әкетті. Бұл хабар Ақ Ордаға да жетті. Тосын хабарды естіген Барақ хан “Мансұрмен еріп келген бүкіл халықты өз ықпалында ұстауды ойлады және мұның оңай жолын білгісі келіп, алшын тайпасының көсемі Құдұт бекпен кеңесті. Ол ханға өзі білетін ескі бір тәсілді айтып береді: егер халықты өзіңе бағындырғың келсе, оның қолындағы барын алып, қайыршы күйге түсір. Сосын Барақ хан болмашы бір сылтаутауып, қақағанқыстың ортасында Мансұрға еріп келіп, қалып қойған бүкіл халық Хорезм

көлінің маңынан Қайан арқасы тауы жаққа қоныс аударды. Ол тайпалардың малы қырылып, сұмдық аштық басталды, содан бері, егер күшті аштық бола қалса, “Қайан қахты”⁹⁰ дейді”.

Қысқасы, ноғайлардың Барақ ханға бағынғаннан басқа амалдары қалмаған. Бір үзім нан не істетпеген, бірақ олар өздерінің мұндай күйге душар болуына кім кінәлі екенін естерінен шығармады, сол себепті кеуделеріне өшпенділік мықтап орнады. Ақ Орда әміршісі болса, өз дегеніне жетті, ожданы алдында қинала да қоймаған шығар. Бұл кезде ол басқа ойлардың жетегінде жүрген.

Алтын Орда тағы үшін таласта жеңіліс тапқан Барақ хан енді күнгеіне көз сала бастады. Ол кешегі өзіне қорған болған Ұлықбекке елші жіберіп, атасы Ұрыс ханға қараған жерлерді қайтаруын талап етті. Анығырақ айтқанда, Барақ хан Сығанақ, Созақ, Сайрам, Отырар және Иасы қалаларын алуға ұмтылды.

Ұлықбек мұнымен келісе қоймады. Сосын Барақ хан әскер жиып, жорыққа шықты. Ол Сығанақты және Сырдарияның Мәуереннахрмен шектес аймағын басып алды. Ұлықбек оның бетін қайтармақ ниетпен атқа қонды. 1427 жылы

⁹⁰Қайан қахты – “Қайан аштығы” деген сөз. Мұны “Қазақстан: үш мың жылдың жылнамасы” атты кітаптың авторлары С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов солай аударды.

інісі Мұхаммедпен бірге Ақ Ордаға жорық ашты. “Ұлықбек әскерінің саны Барақ хандыкіне қарағанда, көп болды, бірақ соған қарамай, ол оңбай жеңілді”, – деп хабарлайды жылнама.

Ұрыста жеңіліс тапқасын, Ұлықбек Самарқандқа шегінді. Оның Сырдария аймағына бұдан кейінгі жасаған жорықтары да сәтсіздікке ұшырады. Иелігінің күнге шебін мықтап алған Барақ хан 1428 жылы қайтадан Жайық пен Еділ аралығына бет алды. Онда Күшүм-Мұхаммед Фази мен Наурыздың көмегімен ноғай жерлерінен күшті әскер жиып қойғанды.

Барақ хан әскері Жайықтан өтіп, қостарын тіккен соң, Күшүм-Мұхаммед ноғайлы Сайдалыны бас етіп барлау жібереді. Түн қараңғысын жамылып, ол жау әскерінің құрамындағы ноғайлармен кездеседі. Сөйтіп, Айнас, Мұхаммед және Мағрип бектермен Барақ ханның көзін құрту жолдарын кеңеседі. Оны ұрыс үстінде өлтіретін болып шешеді. Бұл астыртын қастыққа 30 адам тартылады.

Алайда ұрыстан бұрын Барақ хан олардың әрекеттерінің алдын алады. Ол ноғай қосынын таратып, басқалардың құрамына бөліп жібереді. Әскердің әр бөлігіне бытырап кеткен олардың қайта бас қосуы өте қиын еді. Бірақ оның да жолы табылады.

Қарсыластар 1428 жылдың бір күні майдан даласында бетпесті кездесті. Ноғайлы Сайдалы қызыл шекпен киіп алға шығады да, дауыстап белгі береді. Оған Ақ Орда әскерінің құрамындағы басқа ноғайлар жауап қатады. Осы белгі бойынша, олар астыртын іске қатысатын басқа ноғайлардың қай тұста екенін анықтап алады. Қарсыластар әскері бір-біріне шабуыл бастағанда, бүлікшілер бір жерге жиылып, хан шатырына қарай ұмтылады.

Қарлауыт руынан шыққан Мағрип бектің жебесі Барақ ханның иығына тиіп, жарақаттайды. Ақордалық әміршінің інісі Бөлек-Болат сұлтан сатқынның алдын кескестейді. Бірақ осы сәтте оның астындағы аты мертігіп құлайды, дегенмен, ол бәрібір тықсырып келе жатқан қастандық ұйымдастырушылармен шайқаса береді. Тек Мұхамбет бектің қылышы Бөлек-Болат сұлтанның басын шауып түскен соң ғана, ноғайлар хан шатырына қарай өтеді.

Бұл кезде жаралы Барақ хан майдан алаңын тастап, жақын төбенің басына қарай бет алғанды. Оның соңынан Айнас бек қуып береді. Жаралы хан жөнді қарсылық көрсете алмайды.

Айнас бек оның басын шауып алып, басқаларды ертіп, Күшүм-Мұхаммед әскеріне өтіп кетеді. Барақ ханның басын апарып тапсырады. Осылайша 1428 жылы Барақ ханның өмірі қайғылы жағдайда үзіледі.

Ақордалық ықпалды әміршінің өлімі Жұмадік ханды кек алуға итермеледі. Ол Аралдың солтүстігіндегі Жем өзеніне дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүретін. Жошы ханның төртінші ұлы Шайбанидің ұрпағы болатын. Оның ықпалды деген туысқандары, негізінен, Сібірді қоныс ететін.

Тобыл өзені алқабында Мұхамбет-қожа хан, ал Атбасар маңында Мұстафа хан билік құрды. Чимги-Тур өлкесіне Кебек би мен Әдеп бек иелік етті. Шайбанилықтар Көк Орданы биледі, олардың Ақ Орда тағын иемденуге құқықтары болмады. Әйтседе, Барақ ханның өлімі оларға бұған мүмкіндік берген еді. Бірақ олай ету үшін олардың шыққан тегі жағынан Ақ Орда тағын иеленуге толық негізі бар Күшүм-Мұхаммедке ашық түрде қарсы шығулары қажет.

Тап осы шайбанилықтар, Барақ хан өлген соң, маңғыттарға қарсы аттанған Жұмадік ханды қолдады. 1428 жылдың жазында сібірлік қосындар Жайық өзенінен өтіп, Күшүм-Мұхаммед әскерімен ұрысқа кірді.

Ноғайлар Жұмадік хан әскерін жеңеді. Өзін өлтіреді, ал жақын туысы, он алты жасар Әбілқайыр сұлтан тұтқынға түседі. Бұл оқиға Алтын Орда тарихындағы тағы бір бетбұрыс кезең болды.

Күшүм-Мұхаммед бөлшек-бөлшек болып кеткен дала империясын біріктіруді көздеді. Оған Едіге бидің немерелері – Ғази мен Наурыз көмек көрсетті. Олар біріктіруді шығыстағы ұлыстардан – Көк Орда мен Ақ Ордан бастады. Бұл аймақтардың басшылығын олар жас тұтқын – Әбілқайыр сұлтанға тапсырады.

Нұраддиннің ұлы, Едіге бидің немересі Оқас би 1429 жылы Әбілқайыр сұлтанды Чимги-Турға әкеледі, сол жерде оны хан көтереді. Аймақтың бұрынғы басшылары Әдеп бек пен Кебек би Әбілқайыр ханның билігін мойындайды. Қала мешіттерінде соның құрметіне дұғалар оқылып, хан ордасында жаңа әміршінің атымен теңге басылады. Оның таққа отыруының ерекше мәні болды, кейінірек ол Алтын Орда тарихында басты тұлғаға айналды.

Түмен (Тюмень) хандығының билігін қолына мықтап ұстаған Әбілқайыр өз иелігін кеңейтуді көкседі. 1430 жылы ол Тобылдың арғы бетіндегі Мұхамбет-қожа хан иелігіне жорыққа шықты. Қарсыластар Тобыл өзенінің бойында кездесті.

Мұхамбет-қожаның әскерінің тас-талқаны шығып, өзі қашып құтылмақ болды. Алайда Әбілқайырдың бұйрығымен ізіне қуғыншылар түсіп, ақыры ол ажал тапты. Жеңіске жеткен және Тобыл өңірін түгел өзіне қаратқан Әбілқайыр түскен олжаны тегіс сарбаздарға таратып, өзі Мұхамбет-қожаның сұлу жесірі Ағанақ-бикеге үйленеді. Сөйтіп, Әбілқайыр дала салты бойынша, жаулап алған жердің заңды қожайынына айналды.



* * *

1430 жылдың қазан айында князь Витовт дүние салды. Оның өлімінен соң Литваның бірлігі бұзылып, екі ұдай болып бөлінген топтар арасында қақтығыс басталды. Өзара қырқысушы екі топтың бірін Свидригайло Ольгердұлы, екіншісін Сигизмунд Кейстутұлы басқарды. Бұл тек Литваның өзіне ғана емес, көрші елдерге де, оның ішінде Алтын Ордаға да әсер етті.

Витовт дүниеден өткесін, Литвадағы Ұлұғ-Мұхаммедтің жағдайы нашарлап кетті. Ол Свидригайлоны қолдады және де өзінің күйеу баласы Айдарға Киевті басып алуды тапсырды. Бірақ ол 80 шақырымдай жерге жақындағанмен, одан әрі жүре алмады. Мценскіні де басып ала алмады. Бұл сәтсіздіктер Ұлұғ-Мұхаммедті Литваны тастап шығуға мәжбүрледі. Ол 1431 жылы Бұлғарға шабуыл жасаған орыс әскерінің қолдауымен Еділ бойына келді.

Ұлұғ-Мұхаммедтің алдынан айтарлықтай қарсылық шықпады, өйткені Күшүм-Мұхаммедтің әскері бұл кезде Алтын Орданың шығысында Әбілқайыр билігін нығайтумен айналысып жүрген. Ол жақтағы қарсылас – әмір Ұлықбек әлдеқайда күшті еді. Ұлықбек әкесі сұлтан Шахрухпен бірге күнгейде жорықта жүргенде, Әбілқайыр 1431 жылы Сырдария өңіріне басып кірді. Созақ, Үзкент және Сығанақ

қалаларын басып алды. Хорезм төңірегін тонап, Әбілқайыр ізімен өз иелігіне қайтты. Оның Әмір Темір ұрпақтарының иелігіне жасаған жорығы кедергісіз жүргізілді, тіпті жорықты одан әрі жалғастыра беруге де мүмкіндігі бар болатын. Алайда Еділ бойындағы оқиға Күшүм-Мұхаммедті өз жауынгерлерін жорықтан кері қайыруға мәжбүр етті.

Ал бұл кезде Ұлұғ-Мұхаммед бұйрық беріп, өмір таратып, өз билігін орнатып жатты. Ол тіптен орыс князьдерінің дау-дамайын шешуді қолға алды. Юрий Дмитриевич немере інісі II Василийге бас князь орнын Орданың мақұлдауынсыз иеленгенін көптен бері бетіне айтып, бұл мәселенің хан төрелігімен шешілуін талап етіп жүрген.

1431 жылы 15 тамызда он алты жасар Мәскеу князі II Василий бас князьдікке талас дауын шешу үшін, Ордаға келді. Оның артынан бір айдан соң князь Юрий Дмитриевич те жетті. Ол литвалық бас князь Свидригайло Ольгердұлының қолдауына және ордалық ықпалды мырза Тегиннің өзін жақтайтынына сенді.

Юрий мен Тегин Қырымда бірге қыстаған, олар, шамасы, бұл кездесуге шындап дайындалған болуы керек. Ал Василийді басқа бір ордалық мырза Мыңболат пен мәскеулік дарынды дипломат Иван Дмитриевич Всеволожский жақтады.

Алтынордалық ақсүйектер хан кеңесіне жиналады, жайғасып отырып, даугерлерді тыңдайды. Жоғарғы кеңестің алдына бірінші Юрий Дмитриевич шығады. Ол ұзақ және сеніммен нық сөйлейді. Ұзақ сөйлеген орыс князі ежелгі әулет дәстүрі мен әкесінің өсиетін негіз етіп, жеке өзінің бас князьдіктен талапты екенін жеткізеді. Юрий сөйлеп болғаннан кейін, алға бояр Всеволожский шығып, бір-ақ ауыз сөз айтады. Бірақ осы бір ауыз сөз дауды Василийдің пайдасына шешіп береді.

Мәскеулік дипломат ханға бұрылып: “Князь Юрий бас князьдікті әкесінің өсиеті бойынша алғысы келеді, ал князь Василий сенің шапағатыңа сүйенеді”, – деп басын иеді.

Ұлұғ-Мұхаммед елгезектене бас ұрып тұрған мәскеулік жас князьге риза екенін көрсетіп, жайдарылана күледі. Василийдің де құқығы князь Юрийдікінен кем болмағаны анық, бірақ Иван Дмитриевич Всеволожский оларды ауызға алмайды. Олар онсыз да мәлім еді. Ол бір ауыз сөзінде ең керегін айтып, неше жылғы дау-дамайдың басын ашты.

II Василий Ұлуғ-Мұхаммедтен бас князьдік жарлығын алып, 1432 жылы Мәскеуге оралды. Ал князь Юрийге, өтеу ретінде болса керек, Дмитров қаласы басқаруына берілді.

Ордаға барған II Василий өзіндік қорытынды шығарып қайтты: содан былай ол орыс князьдерімен арадағы шарттарында ханмен келіссөзді тек бас князь ғана жүргізетінін көрсетіп, бап жазатын болды. Бейбіт тірлік қалпына түскендей-ақ еді, Русьте де заңды билік орнады. Бұл осы күйі бұзылмай тұра да берер ме еді, бірақ 1432 жылы Еділ бойына Күшүм-Мұхаммед қосындары келді. Ол Ұлуғ-Мұхаммедпен тақ таласына кірді. Екеуінің арасындағы соғыс бірнеше жылға созылды, оның шарпуы Руське де тиді.



Ордада “бүліншілік” болып жатқанда, князь Юрий Дмитриевич ұлдары мен бауырларын ертіп, Мәскеу князьдігіне қарсы күресті. Дәл осы уақытта Литва мен Польша арасында соғыс жүріп жатты. Князь Свидригайло Ольгердұлын православ шіркеуі қолдады, сондықтан, ол Русь пен Алтын Орданы арқа тұтты. Алайда ішкі тартыспен әуре болып жатқан олар көмек қолын бере алмады. Сосын Свидригайло Ұлуғ-Мұхаммедпен байланысын үзіп, басқа бір Сайид-Ахмет есімді алтынордалық ақсүйектің қолдауына сүйенді. Бір атап өтер нәрсе, қазіргі тарихшылардың кейбірі оны “Тоқтамыстың ұлы” десе, енді біреулері “Ұрыс ханның немересі” деп жүр. Сайид-Ахметтің тегі жайлы бұдан анық бірдеңе айту мүмкін емес.

Қалай десек те, Сайид-Ахмет Алтын Орда тарихына хан ретінде кірді. Бір көңіл аударарлығы, оның билігін мәскеулік князь Василий Темный мойындаған. Олардың байланыстары екеуінің де Свидригайлоны жақтауына қатысты болса керек. Бұл тұрғыдан екеуінің арасында ортақ саяси мүдде туындауы әбден мүмкін.

Сонымен, Алтын Ордада тағы да дүрбелең басталды. Бұған үш бірдей бақталас қатар араласты. Олар – Ұлуғ-Мұхаммед, Күшүм-Мұхаммед және жаңадан қосылған Сайид-Ахмет. Дегенмен, оның Көне Қырымды басып алған соң, тасы өрге домалады.

Алтын Орда тағына талас бірнеше жылға созылды. Ақырында, 1436 жылдар шамасында Ұлуғ-Мұхаммед батысқа

қашты, ал Күшім-Мұхаммед дала империясының астанасын бағындырды. Ол Едіге бидің ұрпақтарының демеуімен, Алтын Орданың бұрынғы жерін қалпына келтіруге тырысты. Олар өз мақсаттарына жету үшін көп нәрсе жасап бақты. Бірақ мақсаттарына жете алмады.

Істің мәні – Жайықтың батыс бетіндегі оқиғалардан Әбілқайыр хан бейтарап қала алмады. Тіпті ол өзіне туған сәтті сағатты қалт жібермеді десе де болады. Ұлұғ-Мұхаммедпен үздіксіз соғысып, әбден қажыған Күшүм-Мұхаммедке қарсы жорық ұйымдастырды.

Әбілқайыр әскерінің алдынан Күшүм-Мұхаммедтің Махмұт және Ахмет есімді екі ұлы бастаған ноғайлы қосындары шығады. Екі әскердің қақтығысы Еділ мен Жайықтың арасында өтеді. Бұл соғыс Әбілқайырдың толық жеңісімен аяқталады. Орыс жылнамасында оның біраз уақыт Берке Сарайдағы хан тағын иеленгені жайлы мәлімет сақталған. XVI – XVII ғасырдағы бұхаралық авторлардың шығармаларында да Әбілқайырдың “Сайын хан тағына” отырғаны айтылады.

Алайда бүгінгі тарихшыларымыздың назарынан бұл деректер, неге екені белгісіз, тыс қала береді. Сөйтіп, олар Әбілқайырды Алтын Орда билеушілерінің қатарында атамайды. Қалай болғанда да, оның Ордабазар қаласын алғанын көрсететін дәйектер бар. Осы жерде оның құрметіне жұма намазы оқылып, атынан ақша басылып тұрған. Әбілқайыр тіпті өз ордасын Чимги-Турдан Ордабазарға ауыстырған, ал Сібірдегі иелігін Бақтыбек және Құтлұқ-Бұқа есімді екі қыпшаққа тапсырады.

Алтын Орда тарихының бұл кезеңіндегі тағы бір айтулы оқиғасы – Ұлы Даланы басып венециялық Иосафато Барбаро саяхаттап өткен. Оның жазбаларында Еділ бойына келгенде не көргендері жазылған.

Еуропалық саяхатшының алдынан қаласы қираған, дала-сы қаңыраған жұрт шығады. Тосын жай Иосафато Барбароға ерекше әсер етеді және ол бар кінәні сонау 1395 жылғы Әмір Темір жорығына тағады. Одан бері қырық жыл өтсе де, халық бүліншіліктен бір көз ашпай, кеше ғана ырысы тасыған өлкені қалпына келтіруге шамасы болмаған.

Бұл аралықта Ұлұғ-Мұхаммед Еділдің жоғарғы сағасына кетуге мәжбүр болды. Ол 1437 жылы күшпен Белев қаласын

алады. Алайда онда ұзақ тұрақтай алмайды. Бас князь II Василий оған қарсы Дмитрий Шемяканы бас етіп әскер жібереді. Ұлұғ-Мұхаммед орыс князьдерімен “солардың қалаған шартына” келісімге келуді ойлайды, алайда, бұған қарамастан, ол қаладан қуылады. Белевтен ол Қазанға қашады. Онда да тыныштық таптырмайды. Бірақ, бәрібір де, Ұлұғ-Мұхаммед бүкіл шабуылды тойтарып, ақыры Қазанда бекініп тынады.

Кей орыс жылнамаларындағы деректерге сүйенсек, Ұлұғ-Мұхаммед Қазан қаласын алып, Қазан хандығының негізін қалайды. Мұнымен қатар Литва Курск облысында Жоғалдай (Jogaldai) деген вассал князьдік құрады. Түштеп келгенде, мұның бәрі бір арнаға саятын, сол кездің өзінде-ақ Алтын Орда ұсақ мемлекеттерге бөлшектене бастағанын көрсететін.

Ұлұғ-Мұхаммед бас князь II Василийдің өзін Белевтен қуып шыққанын ұмытпады. 1439 жылы ол әскерімен Мәскеуге келді. Қала бекінісінің іргесінде он күн тұрып, ат басын кері бұрды. Жүрер алдында қала маңындағы кенттерді, төңіректегі болыстар мен ауылдарды өртке орады, мұның артынша Нижний Новгородты бағындырды. Шамасы, сол жерде орнығып қалған секілді. Мұны дәлелдеу қиын, бірақ Ұлұғ-Мұхаммедтің Мәскеу князьдігіне жақын бір жерде өмір сүргені анық дәлелденген және сол жылдарда ол Мәскеуге дүркін-дүркін шабуын тоқтатпаған.

Алайда бас князь II Василий күшейген үстіне күшейе түсті. 1443 жылы ол тіптен Псковке өз қолымен князь тағайындады. Чарторы князі Александр – Русь тарихындағы тек халық алдында ғана емес, бас князьге де ант берген алғашқы князь.

1444 жылы Нижний Новгородтан мырза Мұстафа Муром мен Рязаньге жорыққа шықты. Орыс қосындарымен бір қақтығыста ол мерт болды. Сол жылы күзде Мұстафаның кегін алмақ болып Ұлұғ-Мұхаммедтің өзі Муромды шауып, басып алды.

1445 жылы жазғытұрым хан II Василийге қарсы өзінің екі ұлы – Махмутек пен Жүсіпті (орыс жылнамасы Якуб деп атайды) аттандырды. Дмитрий Шемяка бас князьге көмек жіберемін деп сөз береді, бірақ уәдесінде тұрмайды. Бұл II Василийдің қаперіне де кіріп-шықпайды. Түнде алаңсыз ұйықтап, таң атқанда, шағын ғана жасағымен жаумен бетпе-бет қалғанын бір-ақ білді.

ЖАНТАЛАС

Каңырап қалған өлкеде Әбілқайырға ешкім кедергі болмады. Әбілқайыр қосындар жасақтап, 1446 жылы уысыма бұрынғыдан да молырақ олжа ілігер деген дәмемен Сырдария өңіріне жорық жасады. Ол жақта бұрын Ақ Ордаға қараған Сығанақ, Аркук, Созақ, Аққорған және Үзкент секілді қалаларды басып алды. Сол жылы Әбілқайыр өз ордасын Ордабазардан Сығанаққа ауыстырды. Баяғыда Ұрыс хан тұрғызған ақ сарайды иемденді.

Әбілқайыр Жайық өзенінен Қаратауға дейін созылып жатқан байтақ жерге билігін жүргізді. Тап осы жерде ол тарихқа Көшпенді өзбектер мемлекеті деген атпен енген өз хандығының негізін сала бастады. Мұндай атқа ие болуларының себебі – Әбілқайыр әскерінің басым бөлігі Жайық пен Еділ арасын жайлаған тайпалардан құралғанды. Олар өздерін өзбекпіз деді, шамасы, бұл атау арқылы олар өздерінің аталары Өзбек ханмен үзеңгілес болғандығын көрсеткісі келген шығар. Әрине, егер басқа бір мәні жоқ болса.

Жайық пен Еділ арасындағы жауынгерлер Әбілқайыр ханға еріп кетісімен, құдіретті Алтын Орданың да соңғы демі жақындады десе болады. Жалпақ тілмен айтқанда, әбден қансырап, қаусаған дене тағы біраз уақыт жанталасып жатты.

Еділ бойының билігі Күшүм-Мұхаммед пен ноғайлы мырзаларының қолына өтті. Аймақ толық солардың билігіне көшті, сонда олардың дербес ордалары құрылды. Жазба деректерде бұл Маңғыт жұрты, Оқас ордасы немесе Ноғай ордасы аталады. Бұл басшысы дербес билікке ие князьдік еді, халқы көшпенді тірлік кешті, қалалық орталықтары Қажы-Тархан мен Сарайшық болды.

Бұлғарды өкесін өлтірген Махмутек иеленіп, туған бауырлары – Жүсіп пен Қасымға қарсы соғыс ашты. Екі бауыры одан қашып, Русьтегі бас князь ІІ Василийге барды. Ол бұл кезде Темный (Түнек) аталатын. Бұған 1446 жылы Дмитрий Юрьевич Шемяка ІІ Василийді тұтқынға түсіріп, ақпанның 13-нен 14-не қараған түні көзін ойып, содан кейін Угличке жер аударады. Алайда бас князьді жақтастары тұтқыннан

аман алып шығып, 1447 жылы қайтадан “бас князьдік” тағына әкеліп отырғызады.

Василий Темный Мәскеуге Қасым ханзаданың арқасында қайтып келеді. Адал қызметі үшін оған Ока бойындағы бір қала басы бүтін беріледі. Содан былай оның төңірегіндегі бүкіл жер Қасым хандығы аталып кетеді. Қасым хандығы тікелей Мәскеуге бағынды және көшпенді тайпалардың шабуылын тойтаратын аймақ қызметін атқарды.

Ал Сайид-Ахмет хан болса, Литва мен Польшаға тонаушы жорықтарын жалғастыра берді. Бар тірлігі тонау болған ол басқа бірдеңе істеуге ықылас та танытпаған секілді. Әйтеуір, жазба деректерде оның құрылыс жүргізіп, не болмаса, басқа бір пайдалы іс тындырғаны аталмайды. 1447 жылы ол Подолияға тағы басып кіреді.

Сол 1447 жылдың күзінде бұлғарлық хан Махмутек те Русь-ке жорық ұйымдастырады. Муром мен Владимир қалаларын басып алмақ болады, бірақ II Василий оның шабуылын тойтаруға қол жеткізеді. Шамасы жетпеген Махмутек Қазанға құр қол қайтып келеді.

Әбілқайыр хан да тап осылай әрекет жасады. 1447 жылы көшпелі өзбектер әмір Ұлықбек Хорасанда әкесі сұлтан Шахрухтың жаназасында жүргенде, Самарқандты шапты. Басқыншылар қаланы әбден тонап, мол олжамен Сығанаққа көңілді оралды.


Дегенмен, тонаушылықты пайда көзіне айналдырған тек алтынордалық шонжарлар ғана болған жоқ. 1449 жылы Дмитрий Шемяка Костроманы басып алуға ұмтылды, бірақ сәті түспеді. Оның бұл әрекетіне бас князь Василий Темный бірден қол жиып қарсы шықты, Дмитрий Шемяка одан Галичке қашты.

Алтын Орданың төңірегінде алауыздық өршіп, соғыс жүріп жатқанда, Еділ бойы тып-тыныш, бейбіт еді. Алайда Күшүм-Мұхаммед өлкені қалпына келтіріп, қираған қалаларды жөндеуге құлық танытпады. Өйткені, онда тұратын халық та қалмаған еді. Халықтың көбі елді тастап кетті, оралуды ойлаған жоқ, жат елде жаңа өмір бастады.

1449 жылы айтулы оқиға болды. Дәулетбердінің Қажыгерей есімді бауыры литвалық князь IV Казимирдің қолдауымен Қырым хандығын құрды. Қажыгерей Жошы әулетінің

кішісі Тоқа-Темірден тарайды. Оның бойына ата-бабасынан тек жауынгерлік дағды ғана емес, сонымен бірге нағыз әміршіге тән даналық та дарыған-ды.

1453 жылы Меңлігерей Хакім Яхия есіміне тархан жарлығын шығарады. Бұл құжаттың тарих үшін маңызы зор. Өйткені, онда әр түрлі міндет атқарған лауазым иелерінің толық тізімі берілген. Мұнда “түменбасылар”, “мыңбасылар”, “жүзбасылар”, “онбасылар”, даруға-бектер”, “мудассирлер”, “қазылар”, “миухтасибтер”, “шайқылар”, “бас тамғашының хатшылары (бітікшілер)”, “тамғашылар”, “таразышылар”, “қоймашылар”, “яфтадшылар” (алым-салықты жариялаушы тұлғалар), “йасақшылар”, “қаланшылар” (қалан жиюшылар), “бұқауылдар”, “шекарашылар” (тұтақауылдар), “қабақшылар” (қала қақпаларының күзетшілері), “қарауылдар”, “құсбегілер” және т.б. Лауазым иелерінің бұл тізіміне қарап, Қырым хандығы сол кездің өзінде жақсы ұйымдасқан мемлекеттік құрылым болғанын аңғаруға болады.



* * *

1455 жылы Күшүм-Мұхаммед хан қайтыс болып, ноғайлы елін оның ұлы Махмут басқарды⁹¹. Сол жылы орыс әскері Ока өзені маңында Сайид-Ахметтің шабуылын тойтарады. Жеңіліс тапқан ол өз әскерін Киевке қарай бұрады. Алайда алдынан киевтік князь Семен Олелькович шығады. Ол Сайид-Ахмет әскерін тас-талқан етіп, өзін тұтқынға алады. Екі жыл тұтқында отырып, ақыры ол қашып құтылады.

Ал бұл уақытта Көшпелі өзбектер мемлекеті ақырындап әлсірей бастады. Мұның мәні – Әбілқайырдың қарақшылық саясаты олжа үшін жорыққа шығып әдеттенбеген жергілікті халықтың көңілінен шықпады. Бұған қоса, Ақ Орда жері ежелден Орда Ежен ұрпақтарының иелігі саналды. Олардың арасында, әсіресе, Ұрыс хан халықтың ерекше құрметіне бөленген.

⁹¹Махмут билікке 1459 жылы келді деп есептеледі.

Ал Әбілқайырдың шыққан тегі болса, Жошы әулетінің Көк Орданы басқарған Шайбаниден тарайды. Сондықтан да, оның жергілікті халық арасында айтарлықтай беделі жоқ болатын. Ол қызметке Ноғай ордасы мен Сібірден адамдар



Әбілхайыр хан.
Ортағасырлық миниатюра

шақыруға мәжбүр болды. Сөйтіп, Ақ Ордаға батыс пен солтүстіктен ынталылар үй іштерімен көшіп келе бастады. Олар біртіндеп жергілікті халықпен араласып, бұл жұрттың наразылығын одан бетер арттыра түсті.

Ашу-ызасы тасыған наразы жұрт Ұрыс ханның немерелері – Керей және Жәнібек сұлтандардың төңірегіне топтана бастады. Және де Керей Бөлек-Болат сұлтанның, ал Жәнібек Алтын Орда ханы Барақтың ұлы болатын. Басқаша айтқанда, олардың әкелері 1428 жылы ноғайлармен ұрыста қатар мерт болған.

Әбілқайыр билігінің әлсірегені, Уз-Темір тайшы бастаған ойраттардың шабуылы кезінде-ақ мәлім болған-ды. Бұл бұрынғы Шағатай ұлысы мен Юань империясының аралығында көшіп-қонып жүрген ойраттардың әлі мемлекет ретінде құрылмай тұрған кезі еді. Алайда сол кездің өзінде олар нақты әскери күшке ие болды және оны дер кезінде пайдаланды да.

1457 жылдың жазында ойраттар Уз-Темір тайшының бастауымен батысқа жорық ұйымдастырды. Олар тура елдің астанасына ұмтылды. Сырдария өңіріндегі Көккесене деген жерде Әбілқайыр хан жеңіліп, Сығанаққа шегінді. Ойраттар қалаға шабуылдамады. Оның есесіне, Түркістан мен Ташкентті және сол аймақты түгел тонады. Қайтарында Уз-Темір тайшы Әбілқайырға шарты ауыр бейбіт келісім ұсынады.

Әбілқайырдың ойраттардан жеңілісі және олармен жасасқан масқара бітімі оны жергілікті халық алдында абыройдан біржола жұрдай қылады. Әрі-сәрі күйде қалған Әбілқайырдың тіпті ақылға салып ойлануға да шамасы жетпеді. Ол қатал шаралар қолданып, өз иелігінде күшпен тәртіп орнатуға кірісті. Бұл наразылықты өршітіп, халық Ақ Орда тағының

занды мұрагерлері – Керей мен Жәнібек сұлтандардың маңайына бұрынғыдан да көп жиыла бастады.

Қысқасы, бір қақтығыстың болары жақын қалған, оның жүзеге асуына бірінің артынан бірі қайталанған, әйтеуір, қандай да болса қатысы бар бірнеше оқиға ықпал етті. Мұның басы Темір әулетінің билігіндегі мемлекетте Әмір Темірдің бір ұрпағы Әбу Саид билік басына келіп, елді бір ту астына біріктіруінен басталды. 1458 жылы ол Хорасанға жорық ұйымдастырып, бұл өлкені Самарқандқа бағындырды.

Жорық кезінде Әбу Саид Герат қаласында аялдап, Моғолстан әміршісі Есенбұға ханның ағасы Жүніспен кездеседі. Кезінде Жүніс әкесінің тағы үшін Есенбұғамен күресіп, жеңіліс тапқан болатын. Бұдан кейін ол Темір әулетімен ұрыс кезінде тұтқынға түседі. Оны Гератқа жөнелтеді, онда ол сыйлы тұтқын есебінде саналды, басқаша айтқанда, Жүніс аманатта ұсталады.

Тұтқында отырып ол еш пайдасын тигізген жоқ, сосын Әбу Саид оны өз мақсатында пайдаланғанды жөн көрді. Ол Жүніске Моғолстан тағын алып беруді көздеді, сөйтіп, оған қалың қол беріп, інісі Есенбұға ханға қарсы аттандырды.

Қауіптің бетін білген Есенбұға Ұрыс ханның екі немересі – сұлтан Керей мен Жәнібектен көмек сұрайды. Ол екеуіне Моғолстан мен Темір әулеті иелігіндегі жердің аралығын қоныс етуді ұсынады. Жүністің алдынан қалқан қылғысы келеді.

Керей мен Жәнібек шешімді тез қабылдайды, бұлай етулеріне басқа бір оқиға да түрткі болады. Әбілқайыр хан Ноғай Ордасынан қарақыпшақ Қобыланды батырды шақыртады. Көшпелі өзбектер мемлекетінің билеушісі оны әскерінің бас қолбасшысы етіп тағайындайды.

Бір күні Қобыланды батыр, неге екені белгісіз, далада арғынның Ақжол би атанған атақты биі Дайырқожаны өлтіреді. Ардақты кісісінен айырылған жұрт Әбілқайыр ханға наразылығын ашық айтады. Оның бүлікті басатындай шамасы жоқ еді. Сондықтан, ол Сығанақтың қорғанысын үлкен ұлы Шахбұтаққа табыстап, өзі шағын жасақпен көмек алуға Ноғай Ордасына аттанады.

Бұл уақытта жергілікті халық Ақ Орда астанасы Сығанақ қаласын қоршауға алады. Қарулы қақтығыс кезінде Шахбұтақ мерт болады. Істің бұлай бет алысы Керей мен

Жәнібек сұлтандарды шұғыл шешім қабылдауға итермелейді. Бұлар дереу Есенбұға ханға елші жіберіп, ұсынысын қабылдап, Моғолстан аймағын қоныстануға дайын екендерін жеткізеді.

Елшілікті Керей сұлтанның үлкен ұлы Бұрындық бастап барады. Ол Есенбұғаға қоныс аударатын халық санын айтады. Есенбұға сол жерде олар қоныстанатын аймақ Талас өзенінен бастап, Балқаш көліне дейінгі аралық болсын деп белгілейді. Бір айта кететін нәрсе, кезінде Жошы ханның ордасы да осы Балқашта болған. Есенбұға қонақтарын күтіп алуға, Шу өзеніне жақын тұстағы Қозыбасы тауына келеді. 1459 жылы қоныс аударушылар Шу өзені мен Қордай тауының төңірегінде Қазақ хандығын құрды. Ертістен Еділге, Сібірден Қызылқұмға дейін созылып жатқан байтақ жерді иеленген Қазақ елінің Ұлы Дала тарихында алар орны ерекше. Түптеп келгенде, бұл аймақ кезінде Жошы ханның ұлдарына мұраға қалған жер болатын. Сол себепті де, қазақ хандарының бәрі Жошы әулетінің үлкені Орда Еженнен тарайды.

Тағы бір айтарлықтай маңызды оқиға бұл кезде Русьте болып жатты. 1462 жылы Темный атанған бас князь II Василий қайтыс болды. Мәскеуде оның орнына III Иван Васильевич отырды. Ол Алтын Ордамен қатынаста дұрыс бағыт ұстанды. Алтын Орда XV ғасырдағы орыс жылнамаларында Үлкен немесе Ұлы Орда аталады. Ол бұл кезде Қазан мен Қажы-Тархан аралығындағы пұшпақтай ғана жерді алып жатқан. Дегенмен, ондағы билік еткен хандардың белгілі бір дәрежеде күштері болатын.

III Иванның ең жақын жауы Қазан хандығы еді, бірақ басты қауіп оған дала жақтан төнетін. 1465 жылы Сайид-Ахмет хан соңғы рет Мәскеуге шабуылдап көреді. Алайда оның ту сыртынан Қырым ханы Қажыгерей хан ұрыс ашады. Бұл сәтсіздіктен кейін Сайид-Ахмет тарих сахнасынан түседі. Бірақ алтын тақ қашан да бос қалмаған, оның орнын кешікпей Күшүм-Мұхаммедтің ұлы Ахмет басады.

1466 жылы Қырым хандығында Қажыгерей дүние салды. Ол тарихқа атақты қырымдық Герейлер әулетінің негізін салушы ретінде енді. Басында екі жылдай Қырым билігі оның үлкен ұлы Нұр-Дәулеттің қолында болды. Сосын оған туған інісі Меңлігерей қарсы шықты. Олар біраз уақыт өзара қырқыспен

жүрді, ақыры Нұр-Дәулет Литваға қашты, ол жақтан сосын Руське келіп тұрақтады. Русьте ұзақ тұрды, III Иванның жанында болды, 1491 жылдар шамасында дүниеден озды.

1466 жылы орыс жерінде тағы бір аты шулы оқиға болып өтті. Көпес Афанасий Никитин сауда жасап Үндістанға бет алды. Оның саяхаты алты жылға созылды. “Үш теңіздің ар жағына саяхат” деген еңбегінде ол жолдағы көрген-білгендерін жазып қалдырды.

Афанасий Никитин мына жақта халықаралық саудаға алғаш қадам жасап жатқанда, III Иван Қасым ханды жақтап, Қазан хандығының ісіне араласты. Олардың жорығы сәтсіздікке ұшырады. Сосын бас князь ықыласын Қырымға аударды, онымен тек бейбіт келісімде болуды көздеді.

1474 жылы Меңлігерейге III Иваннан бояр Никита Васильевич Беклемишев бастаған елшілік келеді. Мақсаты – Алтын Орда ханы Ахмет пен литвалық князь IV Казимирге қарсы одақ құру. Бұған қарсы жақтың жауабы кідірмеді. Ахмет хан әскерімен келіп, Кафаны қоршады. Қалаға басып кіріп, өз тәртібін орнатты. Меңлігерейді қапасқа қамап, орнына Жәнібекті өз қолымен хан қойды. Ахмет хан әскері Ордаға оралысымен, Меңлігерейге түрік сұлтанының Кедүк Ахмет паша бастаған флоты көмекке келеді. Шамасы, паша ұрысқа кірмеген, тек тұтқынды босатуын талап еткен тәрізді. Жәнібек хан оның талабын орындайды, сөйтіп, түріктер Меңлігерейді өздерімен ала кетеді.

Мәскеу князінің Қырымға жіберген елшілігіне қарсылық 1476 жылы жалғасты. Ахмет ханның Бошық есімді елшісі III Иванға келіп, оның хан ордасына баруын тапсырады. Бір қызығы, хан елшісімен бірге жылқы сатушы адамдар да келген. Сауданың қалай жүргені жайында жылнамалар ештеңе демейді. Оның есесіне, III Иван ханға барудан бас тартып, өзінің орнына бояр Бестужевті жібергені белгілі. Оның Ахмет ханмен келіссөздері қалай өткені, бас князьге қандай талаптар қойылғаны беймәлім. Көбіне III Иванның көнген болуы әбден мүмкін. Өйткені, бұл Руське қара бұлт үйіріліп-ақ қалған кез еді.

Мәскеуге қарсы Литва, Үлкен Орда, Ливон ордені және Балтық жағалауындағы неміс қалалары бірігіп, нәтижесінде үлкен одақ құрылады. Ал III Иванның бұл уақытта

жалғыз жақтасы – Қырым хандығының әміршісі Меңлігерей болатын. Түрік сұлтанының еліндегі оның да қолынан келер ештеңе жоқ-ты.

Алайда 1478 жылы түрік сұлтаны Меңлігерейдің Қырым хандығы тағына отыруына қол ұшын береді. Жәнібек хан тақтан қуылады. Әрине, бұл белгілі бір шарт аясында жүзеге асады және Қырым хандығы Осман империясының вассалына айналып шыға келеді.

III Иван оңтүстіктегі болған жайды біліп, елшісі Иван Звенец арқылы Меңлігереймен келіссөздер жүргізді. Осы кезде III Иван бауырларымен келіспей қалып, алауыздық шықты. Әбүйір болғанда, Ахмет хан шабуыл бастар кезде олар татуласып үлгірді.

Ахмет хан әскері Ока өзеніне келіп жеткенде, Ливон ордені мен неміс қалаларының шабуылдары тойтарылып та тасталғанды. Оған көмекке князь IV Казимир келуге тиіс болған. Алайда бір себептермен ол келмей қалады. Өйткені, 1480 жылы Қырым ханы Меңлігерей IV Казимир иелігінің күнгей жағына жорық ашып, бүкіл Подолияны басып алу қаупін тудырады. Төніп тұрған қатер алдында IV Казимир жіпсіз байланады. Сөйтіп, князь Казимир Руське басып кірген Ахмет ханмен бірге соғыс қимылдарына белсене кіре алмады.

Ахмет ханның жорығын тарихшылар жете зерттеген. Бұл оқиға тарихқа “Уградағы теке тірес” деген атпен енді. Онда Ахмет хан да, III Иван да ұрысты бастауға батпаған. Өзеннің екі бетінде екі әскер бір-біріне қарсы қарап тұрады. Екі жақ та майдан ашпайды. Ахмет хан IV Казимирден келетін көмекті одан әрі күтпейді. Босқа тұра беруді пайдасыз санап, хан ат басын Ордаға қарай бұрады.

Ат басын кері бұрарда, Ахмет хан III Иванға хат жолдайды. Бұл 1480 жылы қазанның аяғы, не қарашаның басы еді. Хатта мынадай жолдар бар: “Егер қазір өзен жағасынан кетіп бара жатсам, менің адамдарымда киім, аттарымда тоқым жоқ. Мына тоқсан күн қыс өтсін, сосын мен саған тағы келемін, сен сонда лай су ішкен қандай болатынын ұғасың”.

Хат қоқан-лоқыға толы. Ол III Иванға былай дейді: “Сен 40 күн ішінде маған салық жиюың керек: 60 000 алтын, 20 000-ы көктемде, 60 000-ы күзде, ал өзің Бату байрағын қалпағыңның үстіне қойып жүруің керек. Егер 40 күнде менің алы-

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

Мемлекет пен халықтың тарихы сол елді басқарған билеушімен және оның билік құрған уақытымен тікелей байланысты. Алтын Орданың бай әрі қарамақайшылыққа толы тарихы ерекше таң қалдырады. Және хронологиялық кесте бізге сол кезде ел билеген ұлы әмірлер мен жеке билік құрған тұлғаларды тарихи тұрғыдан көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жай ғана хандар мен олардың билік құрған уақытын көрсету, Алтын Орда тарихының бүкіл күрделі әрі шиелініскен тұстарын жалпы суреттеу ғана болып қалмақ. Әрине, тіс қаққан оқырмандар біздің жасаған кестемізбен келіспеуі әбден мүмкін, соған қарамастан, оқырман осы кестеге қарай отырып, өзінің кестесін жасауға мүмкіндік алады. Айтарлықтай маңыздысы – тарих ғылымындағы неше түрлі дау біткенді жою немесе тосын жаңалықтар ашып таңдай қақтыру.

* * *

Шыңғыс хан – Моңғол империясының 1206 – 1227 жылдар аралығындағы тұңғыш билеушісі. Шыңғыс өулетінің негізін қалаушы.

Жошы хан – 1223 – 1227 жылдар аралығындағы Дешті Қыпшақ билеушісі. Шыңғыс ханның үлкен ұлы, Жошы өулетінің негізін салушы.

АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫ

1. Бату хан – Дешті Қыпшақтың 1227 – 1243 жылдар аралығындағы билеушісі. 1243 жылы Еділ мен Жайық арасында Алтын Орда хандығын құрды және онда 1255 жылға дейін билік жүргізді. Ол – Жошы ханның ұлы, Шыңғыс ханның немересі.

2. Сартақ хан – 1256 жылы Алтын Ордада билік жүргізді. Алтын Орда билеушісі Бату ханның ұлы, Жошы ханның немересі.

3. Ұлақшы хан – 1257 жылы Буракчин-хатун кезіндегі Алтын Орда әміршісі. Алтын Орда ханы Сартақтың ұлы, Бату ханның немересі.

4. Берке хан – 1258 – 1266 жылдар аралығындағы Алтын Орда ханы. Жошының үшінші ұлы, Шыңғыс ханның немересі.

5. Менгу-Темір хан – Алтын Орданың 1266 – 1281 жылдардағы билеушісі. Тұтықанның ұлы, Алтын Орда ханы Батудың немересі.

6. Туда-Менгу хан – 1281 – 1287 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. 1283 жылы оны Төле-Бұға тақтан құлатып, 1287 жылға дейін Туда-Менгудің атынан билік құрды. Тұтықанның ұлы, Алтын Орда ханы Батудың немересі.

7. Төле-Бұға хан – 1287 – 1291 жылдар аралығындағы Алтын Орда ханы. Шыққан тегі анық емес. Болжам бойынша, оның әкесі Тарбу немесе Алтын Орда ханы Менгу-Темір болуы мүмкін. Бір анығы, Төле-Бұға – Тұтықанның немересі.

8. Тоқта хан (Гиас әд-Дин Тоқтай) – 1291 – 1311 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Менгу-Темірдің ұлы, Тұтықанның немересі.

9. Өзбек хан (Гиас әд-Дин Мұхаммед) – 1311 – 1341 жылдардағы Алтын Орда ханы. Тоғрылжының ұлы, Менгу-Темірдің немересі.

10. Тыныбек хан – 1314 – 1342 жылдар аралығындағы Алтын Орда билеушісі. Өзбек ханның ұлы, Тоғрылжының немересі.

11. Жәнібек хан (Жәнібек-Махмұд) – 1342 – 1357 жылдардағы Алтын Орда ханы. Өзбек ханның ұлы, Тоғрылжының немересі.

12. Бердібек хан (Бердібек-Махаммед) – 1357 – 1359 жылдар аралығындағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Жәнібектің ұлы, Өзбек ханның немересі.

13. Құлпа хан – 1359 – 1360 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Шыққан тегі белгісіз. Жәнібек ханның ұлы деген болжам бар. Бірақ ол тек немере інісі секілді, ал әкесі Ерен-бек болуы мүмкін.

14. Наурыз хан – 1359 – 1361 жылдар аралығындағы Алтын Орда ханы. Шыққан тегі анықталмаған.

15. Хузра хан (Қыдыр) – 1360 – 1362 жылдар аралығындағы Алтын Орда билеушісі. Ақ Орда ханы Сасы-Бұғаның ұлы, Баян ханның немересі.

16. Келдібек хан – 1360 – 1362 жылдардағы Алтын Орда ханы. Жәнібектің ұлымын деген жалғанмен ел билеген. Бірақ, шындығында, тек інісі болған, әкесі Ерен-бек.

17. Халфай хан – 1362 жылы Алтын Орданы тек 9 айдай ғана басқарған. Ақ Орда ханы Сасы-Бұғаның ұлы, Баян ханның немересі.

18. Темір-Қожа хан (Темір-Ходья) – Алтын Орданы 1362 жылы басқарған. Ақ Орда сұлтаны Орда-Шейхтың ұлы, Ерзен ханның немересі.

19. Абдаллах хан – 1362 – 1370 жылдар аралығында Мамай Ордасын басқарған. Шыққан тегі анық емес. Алтын Орда ханы Жәнібектің ұлы деп саналады. Шындығында, тек інісі ғана, әкесі Қызыр-бек болған. Бір белгілісі, Алтын Орда ханы Өзбектің немересі.

20. Мурид хан (Мурут, Амурат) – 1362 – 1363 жылдар арасындағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Қыдырдың ұлы, Сасы-Бұғаның немересі.

21. Болат-Темір хан – 1362 – 1367 жылдары Бұлғарды билеген. Шыққан тегі анықталмаған. Көк Орда ханзадасы Менгу-Темірдің ұлы болар деген болжам бар, Бадақұлдың немересі, Жошының Шайбани тармағынан тараған.

22. Тоғай хан – 1362 – 1367 жылдары Наручадта билік жүргізген. Тегі белгісіз. Шайбанидің, не Тоқа-Темірдің ұрпағы деген сөз бар.

23. Мір-Болат хан – 1362 жылы бірнеше ай Берке Сарайды басқарған. Шыққан тегі белгісіз.

24. Әзиз хан – 1363 – 1367 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Темір-Қожаның ұлы, Ақ Орда сұлтаны Орда-Шейхтың немересі.

25. II Жәнібек хан – 1364 жылы солтүстік жерлерді басқарған және бұлғарларға билік жүргізген. Шыққан тегі анықталмаған.

26. Қажы хан – 1367 – 1368 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Ақ Орда билеушісі Ерзеннің ұлы, Сасы-Бұғаның немересі.

27. Хасан хан (Осан) – 1367 – 1375 жылдарда Бұлғарда билік жүргізген. Тегі белгісіз. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірдің ұрпағынан шыққан деген болжам бар.

28. Мұхаммед-Бұлақ хан (Мамат Салтан) – 1370 – 1379 жылдары Мамай Ордасын басқарған. Шыққан тегі белгісіз. Алтын Орда ханы Жәнібектің ұлы дейді, бірақ әкесі Тыныбек хан болуы мүмкін.

29. Толынбек хатун ханым – 1370 – 1372 жылдар аралығында Берке Сарайды басқарған. Шыққан тегі анықталмаған.

30. Шеркес хан – Қажы-Тарханда 1361 жылы тархан ретінде билік құрған. Ал 1372 жылдан бастап оның есімі қолжазбаларда хан деп көрсетілген. Сол жылы ол түменбасы Мамайдан Қажы-Тархан мен Берке Сарайды тартып алған болатын. Шыққан тегі анық емес. Тоқа-Темірдің ұрпағы болуы мүмкін деген болжам бар.

31. Айбек хан – 1373 жылдан бастап Берке Сарайда билік құрған. Өлген жылы белгісіз. Шыққан тегі анықталмаған. Көк Орда ханзадасы болуы мүмкін, өзін Шайбаниден тараған деп есептейді.

32. Қари хан – 1373 – 1376 жылдарда Берке Сарайда билік құрған. Алтын Орда ханы Айбек ханның ұлы.

33. Жошы-Ильбан хан – 1373 жылы Сарайшықта билік құрған. Шыққан тегі белгісіз.

34. Ала-Қожа хан – 1373 жылы Сарайшықта билік құрған. Шыққан тегі белгісіз.

35. Арапша хан – 1375 жылдары Бұлғарды билеген. Ал 1377 жылы Берке Сарайды басып алған. Шайбаниден тараған Бұлғар ханы Болат-Темірдің ұлы.

36. Қазан-бек хан – 1377 – 1379 жылдар аралығында Алтын Орданы билеген. Шыққан тегі белгісіз. Шайбаниден тараған көкордалық ханзада Ильбектің ұлы деп санайды.

37. Орыс хан – 1368 жылдан Ақ Орда ханы. 1373 жылы Алтын Ордаға қарсы соғыс ашып, 1375 – 1376 жылдары өз билігін орнатты да, қайтадан Ақ Ордаға қайтып кетті. Ақ Орда билеушісі Шымтайдың ұлы, Ерзен ханның немересі.

38. Тоқтақия хан – 1377 жылы Ақ Орданы билеген. Алтын Орда билеушісі Ұрыс ханның ұлы, Шымтай ханның немересі.

39. Темір-Мәлік хан – 1378 жылы Ақ Ордада билік жүргізген. Алтын Орда билеушісі Ұрыс ханның ұлы, Шымтай ханның немересі.

40. Тоқтамыс хан – 1378 жылдан бастап Ақ Орданы басқарған, 1380 жылы Алтын Ордаға қарсы жорыққа шығып, сонда 1406 жылға дейін билік құрған. Шыққан тегі нақты емес. Тек, анығы, ол ақордалық ханзада Тойқожа оғланның ұлы. Кейбір деректерде Тойқожа оғланды Ақ Орда ханы Шымтайдың ұлы десе, кейбіреулерінде Жошы әулетіндегі Тоқа-Темірдің кіші тармағынан тараған Құттық-қажының ұлы дейді.

41. Тілеубек хан – 1379 – 1380 жылдар ішінде Мамай Ордасын басқарған. Шыққан тегі анықталмаған. Алтын Орда ханы Бердібектің ұлы деген топшылау бар.

42. Құйыршық хан – 1395 – 1396 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Ұрыстың ұлы, Шымтай ханның немересі.

43. Шынтөк оғлан – 1396 жылы Алтын Орданы билеген. Шыққан тегі белгісіз.

44. Темір-Құттық хан – 1396 – 1400 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Ақ Орда ханы Темір-Мәліктің ұлы, Ұрыс ханның немересі.

45. Шәдібек хан – 1440 – 1413 жылдар аралығындағы Алтын Орда ханы. Ақ Орда ханы Темір-Мәліктің ұлы, Ұрыс ханның немересі. Дегенмен, кейбір деректерде оны “ Құттық бектің ұлы” дейді.

46. Булат хан (Пулад хан) – 1408 – 1410 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Шәдібектің ұлы, Ақ Орда ханы Темір-Мәліктің немересі.

47. Темір хан – 1410 – 1412 жылдар аралығындағы Алтын Орда басқарушысы. Алтын Орда ханы Темір-Құттықтың ұлы, Ақ Орда ханы Темір-Мәліктің немересі.

48. Жәлел-әд-Дин – 1412 – 1413 жылдар аралығындағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы, Ақ Орда ханзадасы Тойқожа оғланның немересі.

49. Керім-Берді хан – 1413 – 1414 жылдары Алтын Орданы басқарған. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы, Ақ орда ханзадасы Тойқожа оғланның немересі.

50. Шыңғыс (Шекіре) хан – 1414 – 1416 жылдардағы Алтын Орда билеушісі. Шыққан тегі нақты емес. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірден тараған Гиас әд-Диннің немересі, Ақ Орда ханзадасы Дәруіштің ұлы деген болжам бар.

51. Жаббарберді хан – 1416 – 1417 жыл аралығындағы Алтын Орда билеушісі. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы, Ақ Орда ханзадасы Тойқожа оғланның немересі.

52. Дәруіш хан – 1417 – 1419 жылдардағы Алтын Орда ханы. Шыққан тегі анық емес. Алтын Орда ханы Құйыршықтың ұлы, Ұрыс ханның немересі деген болжам бар.

53. Қадірберді – 1419 – 1420 жылдардағы Алтын Орда әміршісі. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы, ақордалық ханзада Тойқожа оғланның немересі.

54. Ұлығ-Мұхаммед – 1420 – 1446 жылдар аралығындағы Алтын Орда әміршісі. Жошы әулетінің Тоқа-Темірдің кіші тармағынан тараған бұлғар әмірі Хасанның (Осан) ұлы.

55. Кепек хан – 1420 – 1422 жылдардағы Алтын Орда әміршісі. Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы, Ақ Орда ханзадасы Тойқожа оғланның немересі.

56. Дәулет-Берді хан – 1420 – 1423 жылдардағы Алтын Орда әміршісі. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірден тараған қырым сардары Тас-Темірдің ұлы.

57. Барақ хан – 1420 жылдан Ақ Орда ханы, 1423 – 1428 жылдар аралығындағы Алтын Орда әміршісі. Алтын Орда ханы Құйыршық ханның ұлы, Ұрыс ханның немересі.

58. Жұмадік хан – Арал теңізі мен Жем өзендерінің арасын жайлаған Көк Орда ханзадасы. Кейін келе бұл жер Алтыұй Ордасы деген атпен белгілі болады. Шыққан тегі белгісіз, тек Шайбани ұрпағы екені ғана аян.

59. Сейіт-Ахмет хан – 1432 – 1465 жылдар аралығында Еділ өзенінің батыс жағында көшіп-қонып жүрген. Шыққан тегі нақты емес, Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ұлы деген болжам бар.

60. Күшүм-Мұхаммет хан (Кіші-Ахмет) – жылнамаларда 1420 жылдан бері ноғай көшпелілерінің әміршісі ретінде таныс. 1432 жылы Алтын Орда тағына таласып, жеңіп шығады да, оны 1436 – 1455 жылдар аралығында басқарған.

61. Әбілқайыр хан – 1428 жылдан Көк Орда әміршісі. 1436 жылы таққа таласқа түсіп, оны сол жылы жеңіп шығады. Бірақ 1446 жылы өз ордасын Ақ Орда астанасы – Сығанаққа көшіреді. Сол жерде Көшпелі өзбектер мемлекетін құрады. Шайбанилерден шыққан көкордалық ханзада Дәулет-шейхтің ұлы.

62. Қажы-Керей хан – 1449 жылы құрылған Қырым хандығының негізін қалаушы. 1466 жылға дейін билік жүргізген. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірден тараған қырым сардары Тас-Темірдің ұлы.

63. Махмұд хан – 1455 жылдан көшпенді ноғайлардың әміршісі. 1459 жылы Үлкен Орданың ханы болды, оны 1465 жылға дейін басқарды. Алтын Орда ханы Күшүм-Мұхамметтің ұлы.

64. Жәнібек хан – 1460 жылдары Жетісуда Керей сұлтанмен бірігіп, Қазақ хандығын құрған. Ол 1473 жылға дейін билік жүргізген. Жошы әулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тараған Алтын Орда ханы Барақ ханның ұлы.

65. Ахмет хан – 1465 – 1481 жылдар ішінде Үлкен Орда әміршісі. Жошы әулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тараған Алтын Орда ханы Күшүм-Мұхамметтің ұлы.

66. Нұрдәулет хан – 1466 – 1469 жылдардағы Қырым хандығын басқарды. 1491 жылы қайтыс болды. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірден тараған Қырым ханы Қажыгерейдің үлкен ұлы.

67. Меңлігерей хан – 1469 – 1515 жылдарда Қырым хандығын басқарған. Жошы әулетінің кіші тармағы Тоқа-Темірден тараған Қырым ханы Қажыгерейдің кіші ұлы.

68. Керей хан – 1473 – 1480 жылдар аралығында Қазақ хандығын басқарған. Жошы әулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тараған ақордалық ханзада Бөлек-Болат сұлтан-ның ұлы.

69. Жәнібек хан – 1475 – 1478 жылдардағы Қырым хандығының әміршісі. Шыққан тегі белгісіз.

70. Бұрындық хан – 1480 – 1511 жылдар аралығында Қазақ хандығын басқарған. Жошы әулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тараған қазақ ханы Керейдің ұлы.

71. Шахмат хан (Шік-Ахмет) – 1465 – 1502 жылға дейін туған бауырларымен бірге Үлкен Орданы басқарған. Жошы әулетінің үлкен тармағы Орда Еженнен тараған Үлкен Орда әміршісі Ахметтің ұлы.

Орта ғасыр тарихшысы Қадырғали Жалайыр өзінің “Шежірелер жинағы” еңбегінде Едіге туралы былай дейді: “Шежіренің бастауында Аллаһтың сүйікті құлы Әмір әл-Момын Әбубәкір әл-Садық⁹² тұр, Аллаһтың қалауымен оның төрт ұлы болыпты. Кенжесінің аты Мұхаммед екен, ұлы адам, Шам елінің патшасы болған деседі. Оның ұлы Сұлтан Қайып та – Шамның патшасы. Оның ұлы Халид – Сарсардың патшасы. Оның баласы Қайдар болса, Сарсардың патшасы болған. Оның ұлы Әбу-л-фана – Антакияның патшасы. Әбу-л-фананың ұлы Махмед сұлтан да – Антакияның патшасы, оның ұлы Сәлім сұлтан да атасы секілді Антакияны билеген, оның ұлы Садық сұлтан да Антакияның билігін ұстаған. Оның ұлы Әбу-л-хак Мәдиненің патшасы болған. Әбу-л-хактің ұлы Жәлел-әд-Дин Константинопольдің патшасы болған. Оның екі ұлы бар, біреуінің аты – Баба Туклас. Баба Туклас Қағбаның билігін ұстапты. Баба Тукластың атақты үш ұлы болған. Біріншісі – Аббас, екіншісі – Әбдірахман-қожа. Үшіншісінің аты – Тырма. Сол Тырма (Терме – авт.) Еділ – Жайықта қаза тауыпты. Оның ұлының аты – Қарашы. Ол да Еділ – Жайықта дүние салған. Оның ұлы – Исламқия, ол да Еділ – Жайықта көз жұмыпты. Оның ұлы – Құттықия⁹³ Құмкентте қайтыс болыпты. Оның ұлы – Едіге, Аллаһтың нұры жаусын оған”.

“Едіге” туралы халық аузындағы аңызда өзінің дүниеге келуі туралы басты қаһарман былай дейді:

*– Атам атын сұрасаң,
Ала тайлы Аңшыбай,
Баба тұкті Шашты Әзиз –
Аңшыбайдың баласы.
Шашты Әзиздің баласы –
Парпария сұлтан хан еді,
Өз әкемді сұрасаң,
Құттықия бек еді,
Өзім атым – Едіге...*

Едіге Алтын Орданы бір ханның қол астына біріктіру саясатын жүргізген. Бірақ ол бұрынғы дала империясын қалпына келтіре алмады, сонда да Алтын Орданың жалғасы іспеттес Ноғай Ордасының негізін қалап кетті. Ол ұзақ уақыт Ұлы Далада ерекше рөл атқарды.

⁹²Әмір әл-Момын Әбубәкір әл-Садық – пайғамбарымыз Мұхаммедтің сүйікті әйелі.

⁹³Едігенің әкесі Балтышақ аталады, мұның лақап есім болуы әбден мүмкін.

ПАЙДАЛЛНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии. -М.;-Т.;-Б.; 1996.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. -Алматы: Гылым, 1995.
3. Бегалин К.И. Мамлюки. -Алматы, 2004.
4. Веселовский Н.И. Хан из темников Золотой Орды Ногай и его время. -П., 1922.
5. Вильгельм де Рубрук. Путешествие в восточные страны. -Алма-Ата: Гылым. 1993.
6. Гаев А.Г. Генеалогия и хронология Джучидов. К выяснению родословия нумизматически зафиксированных правителей Улуса Джучи // Древности Поволжья и других регионов. Вып. IV. – Нумизматический сборник. Т. 3. -Нижний Новгород, 2002. С. 9 – 55.
7. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и её падение. -М., 1998.
8. Григорьев В.В. О достоверности ярлыков, данных ханами Золотой Орды русскому духовенству. // О скифском народе саках. -Алматы, 1998.
9. Гумилев Л.Н. От Руси до России. -М.: Рольф, 2000.
10. Д'Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана. -Алматы: Санат, 1996.
11. Егинбайулы Ж. Археологические исследования комплекса Жоши-хана // Отан тарихы, 2001, № 2. С. 90 – 106.
12. Карамзин Н. История государства Российского. Т. I – XII. -М., 1903.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Летопись трех тысячелетий. -Алма-Ата, 1992.
14. Козин С.А. Сокровенное сказание. -М. – Л., 1941.
15. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей. -Алматы: Санат, 1996.
16. Лубсан Данзан. Алтан Тобчи («Золотое сказание»). -М., 1973.
17. Почекаев Р.Ю. Батый. Хан, который не был ханом. -М.: АСТ; СПб.: Евразия, 2006.
18. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I: Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.
19. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II: Извлечения из персидских сочинений. -М.– Л., 1941.
20. Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния. Сост., обр. и подг. текста Рахманалиева Р. -М., 1992.
21. Утемиш-хаджи Чингиз-наме. Исследование и перевод Юдина В.П. -Алма-Ата, 1992.
22. Уэзерфорд Дж. Чингисхан и рождение современного мира. -М.: АСТ, 2005.
23. Фахретдин Р. Ханы Золотой Орды. -Казань, 1996.
24. Филлипс Э.Д. Монголы. Основатели империи Великих ханов. -М.: ЗАО Центрполиграф: ООО «Внешторгпресс», 2003.
25. Хаара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. -Алма-Ата, 1992.
26. Чингисхан. История завоевателя мира, записанная Ала ад-Дином Ата-Меликом Джувейни. -М., 2004.